

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ мен ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ
КАФЕДРАЛАРЫ, «ЛИНГВОАРНА» ҒЗЖОӨ ОРТАЛЫҒЫ,
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЖАЙ-ҮЙІ
«ҰЛТ БОЛМЫСЫ» ЖУРНАЛЫ



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**G-Global платформасында өткізілген ғылыми-әдістемелік
онлайн-семинардың**

МАТЕРИАЛДАРЫ

2017 жылдың 12–19 қаңтары

АЛМАТЫ 2017

ӘОЖ 811.512.122: 821.0
КБЖ 81.2Каз : 83.3(5Каз)
А94

Баспаға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасын басқарған:

Өмірхан Әбдиманұлы – Факультет деканы.

Күркебаев Кенжетай Құрманбайұлы – Деканның ғылыми инновациялық және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі.

Редакция алқасы:

Темірболат Алуа Берікбай – Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі.

Имаханбет Райхан Сахыбекқызы – Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы – Факультеттің әдістемелік кеңес төрағасы.

Гүлжанар Амантайқызы – «Ұлт болмысы» журналының бас редакторы.

Жауапты шығарушылар:

Аширова Анар Тишибайқызы – «ЛИНГВОАРНА» филологиялық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталықтың жетекшісі.

Егізбаева Назыкен Жаненқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті.

«Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы»:

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай ғылыми-әдістемелік G-Global платформасындағы онлайн-семинар материалдары (2017 жылдың 12-19 қаңтары). – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017 –165 бет.

ISBN 978-601-04-2586-6

ISBN 978-601-04-2586-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология және әлем тілдері
факультеті Қазақ тіл білімі кафедрасы,
2017 ж.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	5
--------------	---

ЖАРЫССӨЗ БАЯНДАМАЛАРЫ

Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы	6
Ұлиұлы Н. Ұлттық жазудың ұлы диқаншысы	9
Смағұлова Г. А.Байтұрсынұлы қазақтың шешендік сөздері жайында.....	14
Салқынбай А.Б. Ақымет Байтұрсынұлы – қазақ грамматологиясының атасы	18
Жұбаева О. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттардың А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көрінісі	21
Ақымбек С.Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ графикасы мәселесі	29
Бұлдыбай А.С. А. Байтұрсынұлының шешендік сөздердің жанрлары туралы толғамдары.....	34
Имаханбет Р.С. «Оқу құралы: қазақша алифба», «Әліб-бій: жаңа құрал» оқулықтары туралы аңдату және кейінгі басылымдарына жалпы шолу.....	37

I. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ, ЖАЗУ, ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амантайқызы Г. Қазақ көсемсөзінің қалыптасуындағы Ахмет Байтұрсынұлының қызметі.....	45
Аширова А.Т. Тіл білімінің алтын діңгегі – Ахмет Байтұрсынұлы	47
Ахметалиева Г., Зайсанбаев Т. А. Байтұрсынұлы және қазақ тілінің дыбыстық жүйесі	50
Әміров Ә. А. Байтұрсынұлы ұсынған лингвистикалық терминдер	53
Егізбаева Н. Ж. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі рай категориясының жіктелу ерекшеліктері	56
Есболаева И.А., Базарбекова Н.Ш., Бектаева С.О. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы	59
Жұбаева О. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам ұстанымдары.....	61
Иманалиева Ғ.Қ. Экспрессия, эмоция терминдерінің А. Байтұрсынұлы еңбектерінде берілуі	67
Имангазина А. А. Байтұрсынұлы және семасиология мәселелері	71
Иманқұлова С. Ахмет Байтұрсынұлы және тілді меңгертудегі берік ұстаным	74
Күдерінова Қ.Б. А. Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері	77
Күдерінова Қ.Б. А. Байтұрсынұлы жазуының графика-орфографиялық ерекшеліктері	83
Қондыбай К. Ахмет Байтұрсынұлы және жазу мәселесі	88
Мамырбекова Г.М. А. Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты қоғамда орын алған пікірталастар	91
Мамырбекова Г. М. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін (алфавитін) жасаудағы қызметі.....	95
Мұратбек Б.Қ. А. Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі тіл қисыны(стиль), сөз мәдениеті, сөз өнерінің ғылымы мәселелері.....	101
Садуақас Н.А. А.Байтұрсынов еңбектеріндегі жазуы мәселесі	104
Саткенова Ж.Б. Тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының тілдік талдау жүйесіне қатысты әдістемелік көзқарасы туралы.....	108
Турабаева Л.К., Әбдікерімова Г.А., Сайлаубеков А.Н. А. Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясын қалыптастырушы	110
Түсіпқалиева Р.Қ. Білімнің бастауы – ұлт тілінде.....	113
Шыныбекова А.К. А. Байтұрсынұлы және қазақ терминдері	114

II. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ, ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Айтжанова Г.С.</i> А. Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа» мысалы	121
<i>Әбдікерімова Г.А., Турабаева Л.Қ., Бектаева С.О.</i> А. Байтұрсынұлының мол мұраларының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы	123
<i>Базарбекова Н.Ш., Есболаева И.А., Көшербаева Г.М.</i> А. Байтұрсынұлы – бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрескер	125
<i>Бектаева С.О., Әбдікерімова Г.А., Мадалиева А.Б.</i> Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет теориясы саласындағы еңбектерінің маңыздылығы.....	127
<i>Бекназаров Б.А.</i> Ахмет Байтұрсынұлы және Алаштың айбынды тағылымы.....	129
<i>Бөгенбаева Ә.Б.</i> Ахмет Байтұрсыновтың креативті көзқараста туған тәржімалары	133
<i>Жаметова Ж.</i> А. Байтұрсынұлы мысалдарын орта мектепте оқыту.....	138
<i>Матенова Ғ.Ж.</i> Ахмет Байтұрсынұлы шығармасы арқылы өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту	142
<i>Мұқашев Т.</i> А. Байтұрсынұлы публицистикаларындағы халық тағдыры	149
<i>Мұқашева А. Б.</i> Момышұлының Ахмет Байтұрсынов жайлы көзқарастары	151
<i>Оспанова А.</i> Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік күрес бағыты	154
<i>Рамазанова Ш.Ә.</i> Ахмет Байтұрсынұлы және шығарма тілі	158
<i>Смағұлова С.Ә.</i> Ағартушының қазақ әліпбиі және оның қазақ тарихындағы маңызы	161

АЛҒЫСӨЗ

Халқымыздың ұлттық ғылым тілінің дамып, терминологиялық қорының қалыптасуы, әдебиеттануда теориялық ұғымдардың зерделенуі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен тікелей байланысты, бұған қоса оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеуде ерекше рөл атқарған. Ұлы ғұлама ғалым, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің қалыптасуына ұйытқы болуы, оның ұшан-теңіз еңбегі жайлы Тәуелсіздік жылдары көптеген іргелі ғылыми зерттеулер жүргізілгені белгілі және бүгінгі ұрпақ ғалым еңбектерін сан қырынан тани бермек. Осы жинаққа енгізілген ғылыми-әдістемелік мақалалардан ұлт ұстазының асыл мұраларының тіл білімі, әдебиеттану, тарих, әдістеме бойынша зерделенуін түйсінуге болады.

Жинаққа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылған Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай G-Global платформасындағы ғылыми-әдістемелік онлайн-семинар материалдары топтастырылып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай G-Global платформасындағы ғылыми-әдістемелік онлайн-семинар филология және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасы, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы, «Лингвоарна» ҒЗЖОӘ орталығы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі, «Ұлт болмысы» журналының ұйымдастыруымен Республикалық деңгейде өтті. G-Global платформасындағы онлайн-семинарға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушы-профессорларымен қатар, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушы-профессорлары, колледж, мектеп мұғалімдері, тарихшылар, журналистер, студенттер қатысты. Онлайн-семинар барысында сөз алған ғалымдар ұлылығын ғасырлар бойы ұлықтауға болатын ұлт ұстазы еңбектерінің құндылығы жайлы, бүгінгі таңдағы қазақ тіл білімі, әдебиеттану, білім беру ісіндегі өзекті мәселелердің басын ашудағы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің құндылығына тоқталды. Ғалымдар ойларының тұжырымдары жинақталып, осы жинақтың құрастырылуына негіз болды.

А. Байтұрсынұлының тіл білімі, терминология, жазу мәселесіне қатысты еңбектері бойынша жазған ғалымдардың зерттеулері жинақтың бірінші бөліміне топтастырылды. Жинақтың екінші бөлігінде ұлт ұстазы еңбектерінің әдебиеттану саласы бойынша зерттеулеріне, шығармашылығының жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталған мақалаларға орын берілді. Жинаққа енгізілген ғылыми-әдістемелік мақалалардың Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған құнды мұрасының сан қырынан танып, ойға ой қосып, оның өміршеңдігін көрсететініне сеніміміз мол. Осы мақсатпен онлайн-семинар материалдарымен танысқысы келетін зиялы қауымға электронды жинақ ретінде ұсынып отырмыз. Жинақ Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері бойынша өз білімін кеңейткісі келетін зиялы қауымға, ғалымдар мен ұстаздарға, магистранттарға, студенттерге арналады.

Жинақ бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ тіл білімі кафедрасына хабарласуларыңызға болады: 8 727 3773339, ішкі 1327.

ЖАРЫССӨЗ БАЯНДАМАЛАРЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Сыздық Рәбиға

*Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қоғамының саяси, мәдени өміріндегі орны айрықша ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы, алдымен, халқының өз тұсындағы рухани көсемі, өз сөзімен айтқанда, «адалдықтың тұқымын себуші» парасатты перзенті деп танылады. Ол – бүгінде тұтас бір институттың немесе ондаған авторлар ұжымының жұмысын бір өзі істеген еңбек иесі, атап айтсақ, А. Байтұрсынұлы – сол кезеңдегі алты миллион қазаққа ұлттық жазу жасап берген реформатор; қазақ балаларының ана тілдерінде оқуына күш салған қоғам қайраткері; ұлттық мектептерде балалардың өз тілінде сауатын аштыратын «Әліпбилердің», әрі қарай оқытатын оқулықтардың авторы; ұлттық ғылым саласы – қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым; қазақ әдебиеттану теориясын тұңғыш рет ұсынушы филолог-ғалым; халқының мәдениет тарихын зерттеуші тұңғыш мәдениеттанушы-ғалым; ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы жаңашыл-педагог; осы күнгі ұлттық академиямыздың іргетасын қалап, Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі; қазақ тілі мен әдебиетінің тұңғыш профессорларының бірі. Осылардың барлығының үстіне ол – қазақ сөзінің құдіретін танытқан сөз зергері – ақын, кезінде «көсемсөз» деп аталған жаңа жанрдың көшбастаушысы, ірі публицист, қазақтың ән-күйін жақсы білген өнер иесі.

Бұл мақалада А. Байтұрсынұлының осындай көп қырының біріне – ұлттық жазу мен оқу-ағарту ісіндегі тарихта теңдесі жоқ қызметіне оқырман назарын аудартамыз. 1929 жылы «жаңа дәуірдің», «советтік мәдениеттің», қысқасы, коммунистік саясаттың тепкішімен латын жазуына алмастырылған қазақ әліпбиінің тарихы қалың жұртшылыққа аян. Ол әліпби (графика) араб таңбаларын пайдаланған, бірақ араб жазуы емес, **ұлттық қазақ жазуы** болатын. Кезінде мұны өзге түркі халықтарының, орыстың білімпаздары мен қазақ қауымы «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған еді [1], ал Ахаңның өзі мұны «Қазақ жазуы» деді. «Қазақ жазуы» деуінің орны бар еді. Бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, ол «араб жазуы» деп атала алмайды, өйткені қазақтың жазба дүниесіне арналған бұл алфавит қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген, яғни қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбалары шығарылып тасталған, ал араб алфавитінде жоқ кейбір таңбалар қосылған мүлде жаңа әліпби болды. Демек, көрсетілген екі атаудың екеуі де дұрыс еді: «Байтұрсынұлы жазуы» болып аталуы – ғалымның осы әліпбиді түзуде, қазақ тіліне икемдеуде, оның дұрыстығын дәлелдеуде сіңірген қыруар еңбегін, «маңдай терін» бағалау болса, «қазақ жазуы» деп аталуымен оның ұлттық мәдениеттің көрсеткіші екендігі танылады.

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім, жақын емес, алысқа.
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,
Дедім: «Сен де қатарынан қалыспа!» –

деп, халқының болашағын тереңірек ойлаған Ахаң 1910 жылдардан бастап қазақтың өз жазуын жасауды, сол жазумен оқытатын оқулықтар мен құралдарды тұңғыш рет дүниеге келтіруді қолға алады.

Қазақтың ұлттық жазуын түзу үшін сол әліпбидің қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай болуын көздеу керектігін ғалым жақсы біледі, ал қолданып отырған таңбалар жүйесі осы қалпында қазақ тіліне қолайлы емес екендігін де терең танып, оны ана тілімізге икемдеп, қайта түзуге кіріседі. Демек, халқымыздың бұрыннан сан ғасыр бойы пайдаланып келген араб әліпбиін негіз етіп алады. Мұның қисыны бар-ды: біріншіден, халық бұрынғы жазба

мұраларынан, бұрынғы жазу-сызу дәстүрінен және туысқан түркі халықтарының да мәдени қазынасынан қол үзіп қалмау мұраты көзделді. Қазақ халқының да XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарына дейін аз ба, көп пе жазба дүниесі болды, қазақтың мұсылманша сауаттылары бұрынғы-соңғы түркі жазбаларын еркін оқи алатын болды. Міне, осылардан бірден қол үзіп кету, яғни түр-тұрпаты мүлде басқа жазуға, айталық, латынға немесе кириллица деп аталатын жазуға көшу білім-ғылымға талпына бастаған, өзге елдермен терезе теңестіруге құлшына түскен, қысқасы, «қазан аузы жоғары тұрған» қазақ халқының мәдени-рухани дамуына кері әсер етуі сөзсіз еді. Екіншіден, Ахаң сияқты терең білімді, аса ақылды адам гәп жазу таңбаларының тұрпатында немесе оңға не солға қарай жазылатындығында емес, сол таңбалардың ұлттық тілдік дыбыс жүйесіне сай келуінде және осы әліпбимен жазудың дұрыс тәртібін, яғни емле ережелерін сәтті түзуде екенін жақсы түсінді. Сондықтан қазақ жұртының көзі үйреніп, қолы жаттыққан араб таңбаларының ішінен қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сай түсетіндерін таңдап алып, араб, парсы сөздеріне ғана тән таңбаларын шығарып тастап, араб жазуында жоқ бірен-саран таңбаны жаңадан қосып, мүлде соны әліпби түзді.

Әрине, ешбір құбылыс, оның ішінде ұлттық жазу сияқты ауқымды әрекет бірден, бір күнде, тіпті бірер жылда жүзеге аса қоймайтыны белгілі. Ұлттық әліпбиді жасау қолдан келгенмен, бұған ғалымның (түзушінің) білім-танымы жеткенмен, оның қажеттігін, жөн-жосығын, дұрыстық-түзулігін дәлелдеу, өзгелерге түсіндіру сияқты қыруар шаруаны жасау керек. Сондықтан Ахаң ғалым, зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер жайындағы пікірлерін 1912 жылдардан бастап «Айқап» сияқты журнал мен «Қазақ» сияқты газеттің беттерінде білдіре бастайды, өзгелермен айтысады, өз жобасын ұсынады, оны түсіндіреді. Ең үлкен жаңалығы — өз әліпбиіне «дәйекші» дегенді енгізгені. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекші белгісі сол сөздің тұтас жіңішке оқылатындығын көрсетеді, ал бұл — алфавитті қазақ тілінің ерекшелігі болып саналатын үндестік заңдары — сингармонизм дегенге икемдеу амалы екенін көреміз. Мұндай икемдестіру өте қажет, өйткені қазақтың төл сөздері тұтасымен не жуан, не жіңішке дауысты дыбыстармен келетіндігін осы дәйекші арқылы көрсетуге болады. Дәйекші тұрса, сөз ішіндегі дауыстылар жіңішке болғаны. Сондықтан Ахаң: «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана дәйекші белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады», — дейді [2].

Байтұрсынұлы түзген араб таңбалы қазақ жазуында әріптер саны аз, бірақ олар қазақ тілінің барлық дыбысын таңбалай алады. Мысалы, осы күнгі жазуымыздағы **е, ө, і, ү** сияқты төрт дыбысқа Байтұрсынұлында таңба жоқ, олар не дәйекші арқылы, не сөз ішіндегі **е, к, г** сияқты жіңішке дыбыстарға қарап оқылады. Бұл да қазіргі біздерге жаңа графиканы таңдағанда ескеруге болатын амал сияқты: ретін (сөздің «оң шеке», «сол шекесін») тауып, жүзеге асыра алсақ, дәйекші факторы уәжсіз болмас еді (әрине, жаңа жазу таңбаларын таңдау, оларға лайық емле ережелерін түзу — өз алдына арнайы қозғайтын әңгіме, біз бұл жерде «Байтұрсынұлы жазуының» ескеруге болатын пайдалы тұстарын атау үшін ғана сөз етіп отырмыз).

А. Байтұрсынұлы түзген әліпбиді оның алғашқы ұсынылған кезінен бастап қазақ жұртшылығы, әсіресе сол кезеңдегі мұғалімдер қауымы еш талассыз бірден қабылдады, оны іс жүзінде қолдана бастады. Мысалы, 1915 жылдың бір өзінде бұл жазумен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ Ахаң ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастайды. Бұған оңды ықпал еткен жайттардың бірі — А. Байтұрсынұлы 1910 жылдары жазу таңбаларын түсіндіретін «Баяншы» атты құрал мен кейінірек «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбектерді жарыққа шығаруы және 1914-1915 жылдардан бастап қазақ мектептері үшін «Оқу құралы» (қазіргі «Әліппе»), «Тіл — құрал» (қазіргі грамматика оқулықтары) атты құралдарды қоса ұсынуы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі түзген әліпбиін әрі қарай да қырнап, түзете түседі, оның полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін оқыту барысындағы тиімді-тиімсіз тұстарын салмақтайды. Сөйтіп, араб таңбалары негізінде түзіліп, қазақ тіліне лайықталған жазу 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланып, ресми түрде қабылданады.

А. Байтұрсынұлының бұл тәжірибесін өзге түркі халықтары сол кезде үлгі тұтып, олар да өз жазуларына өзгерістер жасай бастайды.

Ресейдің қол астындағы түркі халықтары 1929 жылы жаппай латынға көшкенде, оны қабылдау барысындағы жиын-жиналыстарда А. Байтұрсынұлы, М. Дулатовтардың араб таңбалы қазақтың ұлттық жазуын сақтап қалуға күш салғанын, айтыстарда дәлелдеп шыққандарын білеміз, бірақ саясат тоқпағы күшті болып, ұлттық дербестік, ұлттық мәдениет сияқты киіз қазықтар жерге кіргенін де ұмытқанымыз жоқ...

Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы түзген «Қазақ жазуы» Қазақстанда 17-18 жылдай жақсы қолданылып, енді тұрақтай бастағанда, күшпен тарих сахнасынан түсті, бірақ мүлде құрдымға кеткен жоқ: ұлттық араб жазулы мол мұра қалды, 1930 жылдарға дейін хат танығандардың күнделікті қолданысында орын алып келді. Мысалы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды ілгергі буын ақын-жазушылары қолжазбаларын ең соңғы күндеріне дейін осы жазумен жазып қалдырды.

Уақыт өте келе өткендегі жазба дүниелерімізді, тіпті XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында жарық көрген кітаптар мен газет-журналдарымызды оқып-білудің қажеттігін сезіне бастадық. Осы себептен 50-60-жылдардан бастап университеттер мен кейбір пединституттардың филология факультеттерінде «араб жазуы» деген атпен (ол кезде Байтұрсынұлын атауға болмайтын) Ахаң түзген жазу студенттерге үйретіле бастады. Әрине, ол студенттер үйренді, білді, бірақ бірен-сараны болмаса, көпшілігі оны күнделікті өмірде пайдаланған жоқ. Дегенмен шын асыл зат өз қасиетін жоймай, бір жерде болмаса екінші жерде, бір кезде болмаса екінші кезеңде кәдеге асатыны белгілі. Соның бір куәсі – Қытай Халық Республикасындағы, Иран мен Ауғанстандағы қандастарымыздың күні бүгінге дейін «Байтұрсынұлы жазуын» қолданып отырғандығы. Шыңжандағы бауырларымыз да саясаттың салқыны тиіп, он шақты жылдай латынға көшіп, араб таңбаларынан арылмақ болғанымен, тиімді-тиімсізді салмақтай білген өмір талабы қазақ халқының маңдайына біткен бірден-бір ұлттық жазуы – «Байтұрсынұлы жазуына» алып келді. Бұл күнде осы графикамен Шыңжандағы қазақ туыстарымыз бүкіл оқу-ағарту ісін, баспа дүниесін жүзеге асырып отыр. Ахаң түзген әліпби мен ол жасаған емле тәртібі мұнда өте жақсы қызмет етіп отырғанын айтуға болады. Қытайдағы қандастарымыздың еңбегімен жарық көріп жатқан қаншама дүние бүгінгі қазақтың тұтас жұртшылығының, яғни қазақстандық, монғолиялық, ресейлік, түркиялық, өзбекстандық қазақтардың да баға жетпес байлығы, жоғалмас қазынасы, алдағы рухани-мәдени азығының мол қоры болып табылмақ. Осындай қазынаның иелерін бір-бірімен табыстырып, таныстырып, жалғастырып отырған құралдың бірі – Ахаңның тер төккен еңбегі – араб таңбалы «қазақ жазуы», ұлттық жазу.

Әрине, әріп таңбаларының қай түрінің де бір-бірінен артық-кемі жоқ. Әңгіме таңбаның сырт пішінінде емес, әліпбидің дұрыс түзілуінде, оңтайлы қолданылуында. Әсіресе қазақ сияқты миллиондаған адамы бар ірі халықтың тұрақты ұлттық жазуын таңдағанда, бүгінгі ғылым дамыған заманда нағыз ғылыми негізге сүйеніп жасалуын, ұлттық ерекшеліктерді құрбан етпеу жағын қатты ескеруіміз керек.

Қазақ халқының аз мерзімнің ішінде «қолынан өткен» үш графиканың өз кездерінде қай-қайсысы да белгілі рөл атқарды, қоғамның сұранысын өтеді, қыруар мұра қалдыртты. Сондықтан осы мақаладағы көздеген мақсатымыз аталған жазулардың бірін мақтап, екіншісін даттау емес. Аз мерзім қызмет етсе де, қазақ қоғамында айтарлықтай із қалдырған, ұлттық жазудың ғылыми негіздеріне жөн сілтеген, ұлттық табыстарымыздың бірі болып танылған «Байтұрсынұлы жазуы» атты мәдени дүниелігіміздің сыр-сипатын, жасалу тарихын қысқаша түрде баяндап, оқушы, студент, аспирант жастар мен олардың ұстаздарының және көпшілік қауымның білім-танымын молайта түсуге көмектесу болды.

Қазақ қай елде жасамасын, бір жазуды қолданып, бір-бірінін жазба дүниесін оқып, біліп отырғаны абзал екенін мойындаймыз. Бірақ тарих тәлкегімен бұл күнде Қазақстандағы, Монғолиядағы, Ресейдегі, Өзбекстан, Қырғызстандағы қазақтар кириллица деп аталатын «орыс жазуын», Қытай, Иран, Ауған қазақтары араб таңбалы жазуды, Түркия, Батыс Еуропа қазақтары негізінен латын жазуын қолданып отырғанын да білеміз. Қайткен күнде де рухани

мәдениетімізді төмендетпей, көтере түсетін, жазба қазынаға деген сусынымызды қандыра беретін, жас ұрпақты сауатсыз қалдырмайтын жазу деген құдіреттен айырылмау керектігін сеземіз. Әзірге екі-үш түрлі әліпбиді қолданып отырсақ та, бүгінде қазақ халқының көзі ашық сауатты, көңілі ашық саналы халық қатарына көтеріліп отырғанымызды да білеміз. Сондықтан бүгінгі-ертеңгі қазақ жастары халқымыз пайдаланып отырған жазудың қай-қай түрін де біле жүрсе, артық болмас, бұған тиісті оқу орындары да, осы мақала сияқты танымдық материалдар да көмектеседі деп ойлаймыз. Бұл талап-тілекті жүзеге асыру барысында «Байтұрсынұлы жазуының» өз орны бар екенін бүгінгі оқырман қауымға айта отырып, бұл жазудың иесі – тарих құрбандығына шалынған Ахмет Байтұрсынұлындай арысымыздың есімін еске аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография. (Спорные вопросы киргизской графики и орфографии) // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. – Ташкент, 1924. - Вып. 7.
2. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. - Орынбор, 1914. - 13-б.

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҰЛЫ ДИҚАНШЫСЫ

Нүргелді Уәлиұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл, т.б. әліпбилері әр заманда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Олардың біреуі "жақсы", "керемет", екіншісі "түкке тұрғысыз", "нашар" деп үзілді-кесілді "үкім" шығаруға болмайды. Мұндай үкім әліпби туралы айтыс-таласта бұрын да көп айтылған, қазіргі кезде де аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне оңтайлы етіп беруде болып отыр.

XV-XVII ғ.ғ. қазақ мемлекеттігімен байланысты қазақ тілінде жазылған әртүрлі жазба мәтін, құжат нұсқалар болды. Демек жазба тіл болғаны хақ. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломатиялық қатынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары т.б. ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болып саналады. Академиктер Ә.Марғұлан, Р.Сыздық т.б. ғалымдар Қадырғали би Жалайыридың тарихи жазбалары, Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» ескі қазақ жазба тілінің бастау көздеріне жатқызады. Проф. Бабаш Әбілқасымов «Түркістан уәлаяты» (1870-1882), «Дала уәлаяты» газеттерін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп таниды. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің жазба мұраларында ескі қазақ жазба тілінің үлгілері молынан кездеседі.

Рас, ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі күрделі. Өйткені оның құрылымы әртекті (гетерогенді) болды: 1) қазақ тілінің элементтері, 2) ескі қыпшақ тілінің элементтері, 3) қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды. Осыған қарап кейбір зерттеушілер бұл тілді шағатай немесе ескі татар тілі деп қате тұжырым жасады. Қазақ топырағында жасалғандықтан, қазақ қоғамына, қазақ мемлекетіне қызмет еткендіктен, қазақтың халық тілі элементтері, әуелде аздау болғанымен, кейініректе молынан қолданылғандықтан, бұл тіл **ескі қазақ жазба тілі** деп арнайы терминмен аталып жүр.

Әрине, ескі қазақ жазба тілі бастан-аяқ қазақтың халық тілі болмағанмен, сауатты, хат танитын адамдардың қатынас құралы болып, қоғамның мәдени қажетін өтеді. Әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық

бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын таңбалар жиі кездесіп отырды. Міне, мұндай жайттар араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиін "жарамсыз" деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық көрінісі деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің ("тірі" тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесінің дәлме-дәл бейнелеген емес. Ол халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық жүйе болатын. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты халық тілі өз алдына, ал жазба тіл өз алдына жүйе деп тануға болады. XIX-XX ғ.ғ. мұндай гомогенді диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Бұқара жұртшылықтың сөйлейтін тілінен оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі - жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді.

Жазу-сызумен байланысты бұл екі бағыт қазақ қоғамының мәдени өмірінде жарыса жүрді. "Дала уалаяты", "Айқап", "Қазақ" т.б. мерзімді басылымдар мен кейбір баспа өнімдері тіліне халықтық тіл элементтері дендеп ене бастағанмен, ескі жазба тілге тән кейбір нормалар сақталып отырды. Оның бірнеше себептері болды. Солардың негізгілері, бір жағынан, дінге, екінші жағынан, жазудағы ортақ дәстүрлі норманы сақтау дегенге саяды: "[...] үш жүз миллион мұсылман халықтың арасында біз, қазақ та, бармыз. Біз де сол жүз миллион мұсылмандарша араб хәрпін қабылдап отырмыз. Біздің тіліміздегі бар дыбыстардың араб хәрпінде жоқтары бар, араб хәрпінде бар дыбыстардың біздің тілімізде жоқтары бар. Соның үшін араб хәрпін тілімізге дөп келерлік етіп бейімдемек, жазуды еркін бет-бетімен жаза бермей, белгілі бір соқпаққа салмақ бізге де міндет. Бұрын бұл мәселе ескерілмесе де, енді ескерілетұғын көрінеді. Соқпақ саламыз дегенде ескерілетін жерлер:

Біз, қазақ халқы, мұсылман дініндеміз, мұсылман болғанымыз үшін біздер мұсылман дінін үйренуге, шарифат hükimдерін білуге, ислам дінінше амал қылуға борыштымыз. Ислам дінінше амал қылу үшін біз "Құран" оқуға, үйренуге міндеттіміз. Соның үшін біз өзімізге арнап емле түзгенде, сол ислам дінін үйренуден алыстарлық емле қолданбауымыз керек. Балаларымыз діни рухта тәрбие алсын. Жұрттың бәрінің бірдей балаларын зор медреселерге жіберіп, ислам ғылымын түгел оқытуға парасатты бола қоймайды; бір қатарлары балаларын тезірек hükimет мектебіне береді; бір қатарлары намаздығын танып, жазу-сызу білетұғын болған соң ұй шаруашылығына айналдырады; соның үшін де балаларымыздың жасынан-ақ дін ғылымына түсініп, құран оқуға үйренуі, араб хәріптеріне жаттығулары тиіс. Қазақша "Әліппе" жазушылар осы жағын өте ескеру керек. Осы күнгі қалыпта hükimет мектептерінде оқып жүрген қазақ шәкірттерінің көбі-ақ бұл айтылған қалыпқа келіп жетпейді. Араларында құран аятынан екі жол қосып оқи алмайтындары да толып жатыр, бұл – бір.

Екінші, хәріп жаңа "Әліппе" жұртты қосуға да, айыруға да себепкер болғандықтан, біздің тұтынған хәрпіміз басқа түркі балаларының хәріптерінен ұзақтап бөлініп кетпеске тиіс; аталарымыз "саяқ жүрсең таяқ жерсің" депті ғой. [...] біз не де болса бізден көрі мәдениет дүниесіне бұрын аяқ басқан, бізден көрі ояуырақ діндес-қандасымыз ноғай жұртынан алыс жүрмелік. Соларменен ұрандасып, бірімізге біріміз шылбыр берісіп, бірге қимылдалық" (М.Сералин. Айқап. №4, 1914).

Ал екінші бағыт ескі кітаби тілдің грамматикалық жүйесінен (араб әліпбиінен) мүлде бас тартып, орыс жазуына көшу болатын. Бұл жөнінде кейбір қазақ оқығандарының арасында айтылып жүрген пікірлердің сыңайы мынадай: "Инспектором инородческих школ

Оренбургского ученого округа г.Катаринским, при участии учителей-киргиз, составлен и частью издан целый ряд книжек для чтения и элементарных учебников для изучения киргизами русской грамоты и русского языка...

Важной особенностью всех этих книжек является то, что киргизский текст напечатан в них русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчается возможность научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Это потому, что русская азбука гораздо лучше и точнее передает звуки киргизского языка, чем арабская, при том одна и та же арабская буква имеет несколько начертаний, что представляет главное неудобство арабского алфавита. При том же, при новом способе начертания киргизского текста, по одной и той же книжке могут с одинаковым успехом учиться как киргиз русскому языку, так и русский киргизскому. Счастливая мысль – заменить для киргиз арабский алфавит русским, как известно, впервые пришла в 70-годах известному Алтынсарину, применившему ее на деле, и с тех пор составляет мечту всех образованных киргиз, желающих облегчить своему народу путь к просвещению. Тем более эти книги достойны внимания, что они являются первой после Алтынсарина, попыткой освободить киргизский язык от арабщины и татарщины, которыми сплошь и рядом наполнены обыкновенные киргизские книжки" (О.Альжанов. Полезные книги для киргизов).

Қазақ тілін "арабщина", "татарщина"-дан "құтқару" идеясы шын мәнінде Н.Ильминскийдің миссионерлік саясатының "жемісі" болатын. Н.Ильминский қазақтарды ашықтан-ашық ислам мәдениетіне қарсы қою әрекетінен нәтиже шықпасын жақсы білді. Қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің түп тірегі жазуда екенін, бұратана халықтарды дәстүрлі дінінен айыру үшін ең алдымен олардың әліпбиін, жазу-сызуын аластау екенін жақсы түсінді. Қазақ қоғамындағы араб жазулы рухани дүниенің бәрін "татарша", "тілі шұбарланған", "таза емес", араб-парсы сөздерімен шұбарлаған деп қазақтың ескі жазба тілі (кітаби тілі) деп аталатын рухани-мәдени құндылықты халық тіліне қарсы қойды. Бірін даттап, екіншісін мактады.

"Алфавит служит обыкновенно признаком и памятником соотношений религиозных. Та почти историческая аксиома, что когда один народ принимал от другого народа веру, то вместе с верой принимал от него и алфавит.

...Если бы каким-нибудь чудом все подвластные России племена, исповедующие магометанство, вдруг приняли православную веру, то и русский алфавит вошел бы к ним без всякого затруднения. Но пока они остаются в магометанской вере, до тех пор русской азбуке будет крайне трудно бороться с алфавитом арабским. Если, в виду тех или других соображений необходимо ввести в языке магометанские племена русскую азбуку, то нужно найти или создать какую-нибудь опору для нее в симпатии магометан. За недостатком религиозного сочувствия, можно опереться, напр., на идею звукового преимущества. Арабский алфавит очень удобен для языков татарских, поэтому особенно, что бы беден знаками для гласных звуков, которыми напротив языки татарской группы богаты" деп.

Н.Ильминский араб әліпби түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әсіресе дауыстыларын бере алмайды деп, қазақ оқығандарын иландыруға тырысады. Қазақтың ескі кітаби тілінің құрылым жүйесінде кездесетін а) архаикалық белгілерді, ә) қарлұқ, б) оғыз-қыпшақ, в) қыпшақ элементтерін, г) орфографиялық шарттылықтардың бәрін "татардікі", "қазақтікі" емес деп уағыздайды. Сол уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін "татарщина", "арабщина" деп жағымсыз реңмен атады.

Н.Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Ондағы көздеген мақсаты орыс әліпбиін қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп, араб әліпбиін "жарамсыз" етіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дүниелерін шеттетуге еді. Оны Н.Ильминскийдің мына сөзінен айқын аңғаруға болады: "Так и у нас в России единство алфавита, даже самое точное, не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я даже полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозную письменность, как, например, татары-магометане, или ламайцы-буряты, не примут русского

алфавита ни целиком, ни с какими угодно приспособлениями и прибавками. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного мирозерцания и руководствуются религиозными мотивами".

Н.И.Ильминскийдің қазақ тілі дыбыстарын орыс әліпбиіндегі әріптермен таңбалауы онша сәтті бола қойған жоқ. Араб әліпбиіндегі әріптер дауыстыларды таңбалауға кедей болса, орыс әліпбиі дауыссыздарды таңбалауға жеткіліксіз болып шықты. Н.И.Ильминскийден кейін де қазақ мәтіндерін орыс әліпбиімен берудің В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, В.Катаринский т.б. жасаған үлгілері болды. Бірақ сол үлгілердің бәріне ортақ кемшілік – қазақ тілі фонологиялық жүйесінің жыға танылмауымен байланысты еді.

Міне, осы қысқаша баяндаудан халық тілінің дыбыстық жүйесін белгілейтін жаңа типтегі әліпби түзуде, жазу үлгісін жасауда едәуір қайшылықтар мен қиындықтардың діни, азаматтық, дәстүрлі мәдениет пен ағартушылықтағы жаңа бағыт т.б. тәрізді аса күшті әлеуметтік факторлармен байланысты екенін байқауға болады.

Сонымен, қазақ жазуына реформа жасаушылардың алдында негізінен мынадай басты міндеттерді шешу күн тәртібінде тұрды: қазақ жазу-сызуы қай әліпбиді қолдану керек?

Графикалық жүйенің мазмұн межесі байырғы түркі жазба тіліне тән архаикалық элементтерді, қарлұқ, оғыз-қыпшақ (қыпшақ-оғыз), таза қыпшақтық, қазақтық белгілерден тұратын құрылымдық жүйені белгілеуі керек пе, әлде бірыңғай таза халықтық тілдің (сөйлеу тілін) жүйесін тірек етуге тиіс пе? Жазу жүйесі жалпы халықтық тілдің құрылымын арқау етсе, қай әліпбиге (араб әліпбиіне, әлде орыс әліпбиіне) негізделуге тиіс? Тілдегі фонемалардың құрамы дұрыс анықтала ма?

А.Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды аз ғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті.

Солдай еткенде ғана жазу-сызу ат төбеліндей аз ғана элитарлық топтың ғана емес, күллі халықтың игілігіне айналуға тиіс болды. Осымен байланысты ағартушылардың алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі – оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің бұқаралық сипат алуы үшін араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбиді негізге алып, ескі жазба тілдің графика емле дәстүрін сақтай отырып, қолданыстағы жазу дәстүрінен қол үзбей, тек азды-көпті оңтайландыру болды. Бұл Айқаптың ұстанымы еді.

Екіншісі – ескі жазба тілдің графикалық жүйесінен мүлде бас тартып, қара халықтың ауызша тіліне негізделген әліпби жүйесін жасау. А.Байтұрсынұлы екінші жолды таңдады. Мұның бірнеше себептері болды: біріншіден, күнделікті өмірде қолданылып жүрген тілдің дыбыс жүйесін арқау еткен жазу-сызуды халық тез игеретінін, екіншіден, Р.Сыздықтың айтуынша, XV–XVII ғғ. қазақ халқының мәдени өмірінде [...] қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әріден келе жатқан поэзия тілінің негізінде а у ы з ш а д а м ы ғ а н ә д е б и т і л қызмет етті. Осы аталған ауызша тілдің үлгілері болып саналатын шешендік сөздер, эпикалық туындылар, ақын-жыраулардың аса мол көркем дүниелері, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары т.б. түбінде жазба тілдің нормаларына тірек болатынына, сондай-ақ қазақ тілінің бірегей, біртұтас тіл екеніне Ахаң жете мән беріп, тереңнен түсінді. Бұл факторлар жазуды халық тіліне негіздеудің тиімділігін көрсетті. Ал өзбек, ұйғыр, татар тілдерінде диалектілік құбылыс басым болғандықтан, халық тілі біртұтас болмады.

Халық арасына аса кең тараған эстетикалық-тәрбиелік, танымдық мәні, көріктеуіш құралдары, азаматтық-қоғамдық үні айрықша ауызша әдебиет үлгілері бар екенін, оның қалыптасқан тілдік, стильдік нормалары жаңа сападағы жазу-сызу тузуге мықты тірек болатын әлеуметтік-тілдік фактор екенін А.Байтұрсынұлы терең түсінді.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді "Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның тоғызы дауысты, он тоғызы дауыссыз. Дауысты дыбыстар: /a/, .../o/, .../y/, .../ы/, .../e/ және ә, ө, ү, і. Дауыссыз дыбыстар мынау: .../б/, .../п/, .../т/, .../ж/,

.../ш/, .../д/, .../р/, .../з/, .../с/, .../ғ/, .../қ/, .../к/, .../г/, .../н/, .../л/, .../м/, .../н/. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ .../у/, һәм шолақ .../й/." Бірақ А.Байтұрсынұлы тоғыз дауыстының бас-басына таңба алмай, "Бес дауысты" жүйемен әліпби түзе келіп, олардың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішкелігін) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, төрт дауыстының бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. А.Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, сол кездегі және қазіргі жазу жүйесінен өзгешелігі әріптердің әрі дыбыстық мәнді әрі сөз әуезін (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. "Біте қайнасқан" бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: "Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айырылғаны" /А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы, 325-б./.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесінде фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 28 /фонема/: 24 /әріп/ болып шығады. Мұндай қатынас, "әліпбидегі әріптің саны фонеманың санына аз-кем төмен болуға тиіс" деген жазу теориясындағы ең жақсы әліпби шартымен үйлесіп жатады.

А.Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А.Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың реңктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады. «Байтұрсын әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жекелеген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. Байтұрсын жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды. Байтұрсын жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізіндегі ескі қазақ жазу жүйесінен, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен принципті айырмасы осында еді. А.Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңішкелік белгілерді дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнеледі, яғни дауыстылардың жуан, жіңішкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу болса, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңішкелігіне тән белгілерді жеке дыбыстармен "бөлшектеп" берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д. Поливанов, сондай-ақ Н.Ф.Яковлев тәрізді көрнекті фонологтер аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К. Юдахин мен А.М. Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының Байтұрсын әліпбиін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі Байтұрсын әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М.Дулатұлының мына пікірінен айқын аңғаруға болады: "Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов

қазақ емлесі[н] шығарды, оқу құралдары[н] жазды. Осы екі жылдың ішінде "Қазақ" газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана "Қазақ" нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. "Қазақ" емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы "Қазақ" нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншала, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор".

А.Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан ауызша әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуін зерделеп берді. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда А. Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпыхалықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан сол тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. А. Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасын жан-жақты зерттеп, арнайы монография жазған Өзбекстандағы қандасымыз, филология ғылымдарының докторы, проф. Махамбет Жүсіпов қазақ тіл білімі тарихында А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық бірліктер түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш *фонемографиялық жүйесін* жасағанын атап айтады.

Сөйтіп XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы қазақ жазу-сызуын демократиялық бағытқа (халық тіліне) бұрды; қазақ жазуы фонетикалық жазудан фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізгі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты лингвистикалық ой тереңдігі жағынан дәуірдің дара тұрған біртуар ұлы тұлғасы болды.

Алайда қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (*экономика, медицина, цех, футбол* т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезең де Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қос тілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диханшысы болған Ахаңнан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

Смағұлова Гүлдархан

филология ғылымдарының докторы, профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Өнердің бірнеше түрі болса, соның бірі – киелі де қасиетті сөз өнері. Шешендік өнер «бар өнердің биігі» ретінде саналған. Римдіктер сөз зергерлерін төрт топқа жүйелеген. Олар: шешендер, философтар, ақындар, тарихшылар. Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде шешендік өнер айрықша дамыған. Осынау өнердің үзілмес тарихы Көне Грекиядан басталады. Шешендер тек шешендік өнерлерімен ғана танылып қоймай, әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау, әрі философ бола білген.

Зерттеушілердің көпшілігі шешендік өнерді фольклордан бастау алатын тек қана қисынды да мазмұнды сөйлеу машығы мен шеберлігі ғана емес, бірнеше өнердің басын біріктіретін кешенді синкретті құбылыс деп таниды. Ертедегі қазақ өркениетінде де аузы әдебиеті, музыка, салт-дәстүр, тіл өзара тұтасқан синкретті өнер болғаны белгілі. Сөз өнері мен өлең-жыр, музыка өнерінің синкреттілігін дәлелдейтін жайт – бұрыннан аты қазаққа

мәлім болған Төле би, Қазыбек би, Жиренше, Бұхар жырау, Махамбет кейінгі буын Абай, Естай, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сияқты тұлғалар өз уақытында әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер, әрі шешен болған.

А.Янушкевич өзінің «Қазақ даласындағы күнделігі мен хаттары» атты еңбегінде: «...Осының бәрін мен дүние жүзі тағы және жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойынша осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады» [1]

Ертедегі ділмәр шешендердің көсем де, шешен сөздері кім туралы, кімге, не мақсатпен айтылғаны әртүрлі жағдайларда жүзеге асқан. Би-шешендердің құнды ойлары тегіннен тегін айтыла салмаған, орынды жерде, белгілі бір мақсатта жүйелі қолданыс тапқан. Мәселен, келелі мәселелер үлкен жиын-топтарды, тіпті отбасы, ошақ қасын да қамтыған. Онда тез арада шешімін табуы тиіс мәселелер дидактикалық ақыл-өсиетке толы философиялық ой-түйіндер де молынан кездеседі.

Қазақ халқы сөздің құдіретіне табынып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасаған. Ұшқыр да ұтымды, мағыналы сөздерді негізгі ойдың арқауы еткен. Ел ішіндегі түрлі дау-жанжал, шешімін таппас мәселелерді де қуатты оймен астасқан сөз арқылы, көрегендіктерімен, тапқырлықтарымен шешіп, әділ бағасын беріп отырған. Бүгінге дейін жалғасын тауып отырған асыл қазына шешендік сөздер тарихи оқиғаларды, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, оның ішінде жер дауы мен жесір дауын, құн дауын қазақтың ұлттық мәдениеті мен ментальдық өмірін тайға таңба басқандай дәл, әрі шебер, әрі қисынды бейнелеуімен ерекшеленеді.

Шешендік өнердегі негізгі тірек ұғым шешендік сөзге зерттеушілер мазмұндық идеясына, қолдану қызметіне, прагматикалық ерекшелігіне қарай түрліше анықтама беріп жүр.

Ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың, ғасырлар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен, этномәдениетімен, ментальдық ерекшелігімен сабақтастыра зерттегенде ғана этностың шынайы болмысы ашылады.

Бұл ретте, Алаш қайраткері, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сараптаулар бар.

Алдымен қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарам байымдама деп аталады» деп анықтама береді. Осы «байымдама түрлерін» төмендегідей бөледі:

- ❖ Пән «ғылым»
- ❖ Сын
- ❖ Шешен сөз
- ❖ Көсем сөз

А.Байтұрсынұлы шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлеккей бір түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

✓ Байымдамада жазушының пікірі - негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап, анық түсіндіріп беру.

✓ Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады. [2.353б.]

Бұл ретте, автордың негізгі ой-пікірін, тарата, талдап айтсақ, қазіргі ғылыми терминге жүгінеміз. Сөз құдіретіне сену - қазақ ұлтына тән қасиет, ерекшелік болып табылады. Мысалы, «жақсы сөз – жарым ырыс», «батаменен ел көгереді» деген аталы түсініктер сол сөздердің сиқырлы құдіретіне сеніп, сөз арқылы пәлені, қырсықты кетіруге, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады деген сенімнен туған.

Тіл білімінде сөзбен адамды сендіру, иландыру тіпті ұйытып тастау сияқты тілдік қасиеттер *суггестиялық лингвистикада* қарастырылады. «Суггестизм» латын тілінен аударғанда «сендіру» мағынасын береді. Тіл білімінде суггестияға байланысты мынадай анықтама берілген:

1. *Поэзияда жеке тақырыптағы ритмикалық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқушының қиялына, эмоциясына, санасына әсер ету.*

2. *Иландыру. сендіру* [3.47б]

Суггестивтік лингвистикада әсер ету мен ықпал ету ерекше тірек ұғым ретінде танылады.

«Суггестия» терминінің негізі, сөздің құдіреті, сөзбен сендіру дін, психология, медицинада да ерекше орын алады. Мәселен, медицинада мынадай қағида қалыптасқан: адамның ауруына шипа болатын үш нәрсе бар. Олар: шөп, сөз, пышақ.

Адамның ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Сөзбен сендіру, иландыру, яғни суггестия қазақ халқында түрлі тұрмыстық жағдайларда:

- көңіл айтып жұбатқанда,
- бата бергенде,
- бал ашқанда,
- ауруды емдегенде,
- бала тербеткенде тағы басқа жағдайларда көрініс тапқан.

Сендіру – психологиялық құбылыс болып табылады.

Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екендігін айта келіп, А. Байтұрсынов шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

- шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері *саясат шешен сөзі* деп аталады;
- шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері *билік шешен сөздері* деп аталады;
- біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі *қошемет шешен сөзі* деп аталады;
- білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері *білмдар шешен сөз* деп аталады;
- дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталады [2, 354б.]

Шешендік өнер тек тарихи құбылыс қана емес қоғамдық құбылыс, өйткені әрбір қоғамның даму тенденциясына сәйкес шешендік өнер де сол тенденцияға икемделіп қоғам мұқтаждығын атқару мақсатында өзгерімпаздық қасиетке ие болған. Осындай қоғам жүйесінің дамуына сәйкес шешендік сөздердің де өзіндік мазмұндық-тақырыптық, құрылымдық аясы кеңейіп толығып отырған.

Шешендік өнер тарихында шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық озық үлгілі классификациясын орыс зерттеушісі Г.З.Апресян есімімен байланыстырады. Әйтсе де қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы *саясат шешендік сөз, билік шешендік сөз, білмдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз* деп орыс ғалымы Г.З.Апресяннан жарты ғасыр бұрын алғаш рет тақырыптық-мазмұндық топтастыру ұсынып,

олардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме бергенін зерттеушілердің көпшілігі біле бермейді.

Сондай-ақ ұлы Ахаң, шешендік сөздердің *бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа* тәрізді құрылымдық бөліктерден тұратындығын да алғаш айтқандардың бірі.

А.Байтұрсынұлы «Салт сарынымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады; мәселен: мысалар, ділмар сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер. «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер ділмар сөз (европаша - афоризм) деп аталады» деген анықтамаға сәйкес, ел аузында жүрген атақты би-шешендердің сөздерінен мысалдар келтіреді.

«Өр Дулат - ұлы жүздегі бір ханға барып отырып, Қоңырат Мырзахан би ханаға сөз бермей жалғыз сөйлей беріпті. Мырзан баласыз кісі екен. Соны тоқтатпақ ниетпе, Дулаттың бір шешені айтыпты:

-Жалтақтап сөйлейсің – жалғыз-ақ адамша, көтеріліп сөйлейсің - көмегі жоқ адамша; құйрығы жоқ, шолақ Мырзан, құлағы жоқ шұнақ Мырзан, жалғыз өзің сөйлейсі бе? - деп. Сонда Мырзан айтыпты.

- Сен жалғыз деп сөксең, Құдайға тілің тиеді. Жарлы деп деп сөксең, пайғамбарға тілің тиеді. Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын, құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын. Құйрығы ұзынды біз итке меңзейміз; құлағы ұзынды біз есекке меңзейміз; ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа тоғыз табады. Сенің бабаң егіз еді, өзің тоғыз едің; сенің тоғыздыңды алса, Құдайдың шамасы жоқ па? Маған бала берейін десе, баласы жоқ па депті? – депті.

Халық: мынағын тас атыңдар депті. Дулаттың биі: «Айтқанын қылып, бітімін беріңдер», - деп шыға жөнеліпті»

Қазақ халқы шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Шешендіктің арнайы мектебі дегенді білмеген қазақ даласында «би» мен «шешен» атанудың жазылмаған өзіндік қағидалары мен ережелері болған. Мәселен, «Би-шешен» дегендегі «би» сөзінің өзінің беретін мәні, атқаратын қызметі ерекше болған.

Қазақ би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, “Өнер алды - қызыл тіл”, “Шеберден мін, шешеннен тіл қалады”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” “Тілмен байланған, қолмен шешілмес” “Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады”, “Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып”, “Қас шешендер сөз айтар”, “Тілі мірдің оғындай” т.б. сияқты көптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, сөз оралымдары мен тұрақты теңеулерді тілдік қолданысқа кеңінен енгізіп, келер ұрпаққа шешендік өнердің мол мұрасын қалдырды. А.Байтұрсынұлы «Тіл құралы» еңбегінде мысал ретінде алған талдау жаттығуларының мазмұнында Абай өлеңдерінің үзінділерімен қатар, «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» құралады. [4,2876]. Бұл біріншіден, қазақ тілінің бай, оралымды сөз өрнектерін насихаттау болса, екіншіден, терең мағыналы, тәрбиелік мәні бар ойлы сөздермен тіл ұстарту жағын қаперге алған сыңайлы.

Сондай-ақ, Ахаң оқу құралдарын жазғанда жаттығулар мәтіні қазіргідей тасқа басылып дайын әрі көп болмағаны белгілі. Бүгінгі көзқарас бойынша, жалпыхалықтық ауызекі сөйлеудің көркем үлгісін осы «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» келтіруі ұлт тілінің этноменталдық ерекшеліктеріне айқын дәлел болатын тілдік деректер жинағы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар Алматы. «Жалын», 1979
- 2 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы. «Абзал-ай», 2013. 637б.
- 3 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә.. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы. «Қазақ университеті», 2012. 168 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі», 1992.444б.

АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫНЫҢ АТАСЫ

Салқынбай А.Б.

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Жазу – адамзат қоғамы жасаған мәдениеттің биік шыңы. Пиктографиялық және идеографиялық жазулардан бастау алатын жазу тарихы адамзаттың жүріп өткен жолынан мол ақпарат беретін басты құндылық. Жазу болған жерде тарих - бар, білім – жүйелі, ой – тиянақты, ғылым – сапалы, рухани қазына – жинақы. Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі. «Біздерде мынадай бар, мынадай бардың» нақты дәлелі болады. Жазумен таңбаланып, анықталмаған тарихқа мұрагерінді қалай сендірмексің, бабадан қалған мұрам еді деп кімді иландырарсың? Қандай формада болса да, жазумен қалған тарих – еліңнің еншісін бөлмей сақтауының басты кепілі. Жазусыз тарих көптеген талас-тартыстарға жол ашып, Елдің кешегісін көз алдына келтіре алмай, ертеңіне деген кемел сенімін әлсіретері даусыз. Осындай аса бір қажеттіліктің мәнін терең ұғып, төл жазу туғызып, төл әліпби жасаған ХХ ғасыр басындағы қазақ көсемі, біртуар кеменгер ғалымы – Ақымет Байтұрсынұлы еді.

Алдымен, мәмілеге келетін нәрсе – А. Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды; барлық емлелер нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді; бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында).

«Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деп жазған Ақымет Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалауына, оқуға және жазуға жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударады [1]. Ғалым жасаған әліпбидің басты ерекшелігі ретінде қазақ сөзін дәл таңбалап, әрбір таңбаның мәні мен ерекшелігін нақты сипаттап, әрі осы дәлдік пен нақтылықты ғылыми тұрғыдан терең талдауында дер едік.

Қазақ жазу ілімі теориясында әріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым “қ” мен “ғ” дыбыстарының ылғи жуан, “к” мен “г”, “е”-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: “Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, .. онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын “қ” мен “ғ”-ны қосқанда дайым жіңішке айтылатын “к” мен “г”, “е”-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек” [2].

“Дауысты дыбыстар сөздің жаны, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні есебінде” деп санаған Ахмет Байтұрсынұлы әрбір әріп пен оның айтылу жолын тәптіштеп түсіндіріп, жазу емлесін жасайды. “Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде” (Сонда, 328-бет) деп түсіндірген ғалым қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекше қасиетін айта отырып, оның айту мен жазудағы нақты әрі табиғи қалпын сақтап, дауыссыздың өзі, шындап келгенде, осы заңға бағынатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми шындықты кейінгі ғалымдардың мойындағаны, теориялық-тәжірибелік тұрғыдан анықтағаны тағы шындық (Ә. Жүнісбек).

“Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз” деуінде үлкен мән бар [3]. Демек, ғалым үшін қазақ тілінің айтылымындағы фонема саны мен әріп саны шамалас, дәл келуі керек.

Қазақ жазу үлгісіндегі тыныс белгілеріне де А. Байтұрсынұлы ерекше мән береді. “Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді” – дей келіп, негізгі тыныс белгілеріне қазақша ат қойып, бірінші рет айдар тағады: “тыныстық (.), жапсарлық (,), қосарлық (=), тастарлық (–), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!)” [Сонда, 337-бет]. Мұнан байқалатыны, қазақша тыныс белгілерге ат беру, олардың қойылу жолын түсіндіру автор үшін маңызды болған. Қазіргі кездегі *тыныс белгі, қосу (+), сұраулық, лептік белгі, нүкте, үтір* терімсөздерінің алғашқы жасаушы да А. Байтұрсынұлы болғанын аңғарамыз.

Ғалым дауысты дыбыстардың графемалық қасиетін – “буыншы әріп” ретінде танытады да, олардың мәнін, сөз құрамындағы мазмұндық сипатын ерекше талдайды. Сөз мағынасын анықтайтын дәйекші белгінің маңызын жіті түсіндіреді.

Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы “Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды” деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, “дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті” екенін анықтайды [Сонда, 359-360-беттер]. “Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса”, тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады [Сонда, 380-бет].

Қазақ жазу үлгісін ағылшын, американ, француз, қытай жазуларымен салыстыра отырып, олардан ерекше екенін дәлел келтіре отырып анықтап, айтылу мен жазылу арасындағы сәйкестігі мол жазулардың қатарына төте жазуды да жатқызады.

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А. Байтұрсынұлы емле тәртібіне де мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. “Сауаттылық негізі жазу” деген жолды берік ұстана отырып [Сонда, 362-бет], “жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу” екенін нақтылайды.

Ғалым емленің төрт негізін атап көрсетеді:

- таңба жүйелі (негізі - ынтымақ);
- тарих жүйелі (негізі - дағды);
- туыс жүйелі (негізі - тегіне қарай);
- дыбыс жүйелі (негізі - естілуіне қарай).

Оларға жеке-жеке талдау жасай отырып, әрбірінің ерекшелігі талдап, оң тұсы мен қазақ сөзіне сәйкес келмейтін жағын ғылыми тұрғыдан саралап зерделеді. Ең бастысы, қазақ сөзінің дұрыс жазылуына ерекше мән береді, ауызша айтылғанның бәрін сол қалпында жаза салуға да болмайтынын атап көрсетеді.

Қазақтың төл жазуы деген түсінікті А. Байтұрсынұлы еңбектерінен кейін қолдануға мүмкіндік туды. Өйткені қазақ сөзінің өзіне тән айтылым, жазылым ерекшеліктері мен сипаты осы еңбекте жан-жақты анықталып, грамматология ғылымы талап ететін заңдылықтарға басты көңіл бөлініп, негізгі ғылыми жауабы берілді.

Жазу туралы ғылым өзінің дербес пәнін нақтылау үшін, тілдің табиғи қалпын таңбалайтын, ғылыми сипатын іздеуі керек десек, А. Байтұрсынұлының қазақ жазуы туралы жазған ғылыми пікірлері осы талаптарға толықтай жауап береді. Төте жазудың сөздің дыбыстық табиғатына жақын келіп, оқуға және жазуға оңай болуы үшін Ақымет түсіндіруіне қарап отырып, осы жазудың қазақ сөзінің болмысын таңбалау үшін барын салғанын аңғару қиын емес.

Қазақ сөзінің дұрыс жазылуы үшін «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай, екеуінің арасынан жол тауып беретін» Байтұрсынұлы ұсынысы бүгінгі күнгі орыс жазуына негізделген әліпбиіміздің де басты талаптарының жасалуының теориялық негізі болған деп есептейміз. Бұл Ақымет ұсынған сегіз ұсыныстың ғылыми негізділігі мен жүйелілігін танытса керек.

Сонымен, А. Байтұрсынұлы қазақ жазу ілімі ғылымының негізгі ғылыми-теориялық тұжырымын жасап, тәжірибелік жолын қалыптастырған, фонема мен графема арасындағы қатынастың тереңдігін дәл тауып, айтылу мен жазу арасындағы сәйкестіктің мүмкіндігінше мол, нақты болуына басты назар аударған тұңғыш ғалым.

Грамматология ғылымына неге назар аударамыз?

Грамматология – жазу туралы, жазу жүйесі туралы, жазудың генеологиялық тарихы мен даму жолдары, мәдениеттегі жазудың рөлі мен орнын саралайтын тіл білімінің бір саласы. Бұл саланы алғаш жүйелеп, ғылыми тұрғыдан негіздеген америкалық ғалым И. Е. Гельб. Ол «Опыт изучения письма (основы грамматиологии)» атты зерттеуінде алғаш «грамматология» терім сөзін қолдана отырып, адамзаттың жазу тарихына терең талдау жасайды. [4].

Ф. де Соссюрдің пайымдауынша, сөйлеу тілі жазуға байланып қалмайды. Соссюрдің келтіретін қисынында ауызша сөйлеу, өз терім сөзімен айтсақ, «белгілеуші мен белгіленуші» ғана – тіл білімінің басты зерттеу пәні болып қала бермек. Жазу – Соссюр ұғымында, шартты белгінің жиынтығы.

Қазіргі Еуропа ғылымында жазудың маңызы мен рөлі жоғары бағаланады. Бұл туралы Жак Дериданың жазған ғылыми зерттеулерін келтіру орынды болмақ [5]. «Вопросы истории письма, процесс его постепенной фонетизации и линеаризации лежат в корнях и основаниях всех наук», - деп жазады Ж. Дерид. Жазудың табиғатын мәдени-философиялық бағытта таразылаған Жак Дерид оның мәдени дамудағы маңызды рөлін анықтайды.

Ал жазу-сызуы кеш дамыған деп танылып жүрген қазақ халқының тіл білімінде Ақымет Байтұрсынұлы арқылы тек жазудың өзі ғана емес, сонымен бірге оның ғылыми жүйесі негізделгенін, әрбір таңбаның сыры мен қыры анықталып, емлесі орныққанын және бұл жазудың сөйлеу тіліндегі дыбысталуына дәл және толық сәйкес келгенін көрсету орынды болмақ.

XX ғасырдың ең үлкен қасіреті қазақ сынды еркін көшіп, кең жайлаған дала халқының Ф.И. Голощекиннің қолдан жасаған «көшесінде» отырам деп, малынан айрылып, ашаршылыққа тап болуы ғана емес, жиырма-отыз жыл көлемінде жазуын үш рет ауыстыруы еді. Рухани құлдырау, түпкі шын тарихынан көз жазу, сауаттылық пен сауатсыздықтың арасын мөлшерлеуден ажырау – жазудың ауысуымен тікелей байланысты деп қарауымыз қажет. Адам өзінің сезімін, ойын, түсінігін белгілі қалыптасқан шартты таңбалар арқылы, яғни жазу арқылы бере алады. Бұл жазу не таңба барлығына түсінікті болуға керек. Ал өткен ғасыр басындағы жазудың ауысуы қазақ халқын осындай бір-біріне түсінікті болудан, бірін-бірі жазу арқылы түсінуден айырды.

Кешеге дейін жазылған ғылыми әдебиеттерде көшпенді қазақ халқының мәдениеттен, соның ішінде жазу мәдениетінен кейін қалып, кешеуілдеп дамығаны тілге тиек етілетіні жасырын емес. Ал XX ғасыр басында жазылған Ақымет Байтұрсынұлы жазған еңбектерде қазақ жазуының жүйесі талданып, төте жазу ұсынылып, оның грамматологиялық табиғаты ашылғанын көрсету арқылы қазақ мәдениетінде жазу туралы ғылыми зерттеулердің болғанын, оның кеңестік саясатпен тұншықтырылғанын нақты деректер арқылы таныта аламыз. Тек әліпбидің жайы мен емшелердің мәні жөнінде ғана Ақымет Байтұрсынұлының жиырма шақты ғылыми мақаласы бар. Мұнда жазылған мәселелер өзінің ғылыми сипаты жағынан әртүрлі болып келеді. Заманындағы айтыс-тартыстарға жауап ретінде, елге түсіндіру мақсатында жазылған ғылыми еңбектің бүгінде де өзектілігі бар. Қазақ ғылымында қазірге дейін шешілмей, үлкен полемика туғызып отырған жазу, жазу ауыстыру мәселесі сол Ақымет көтерген және жауап берген деңгейден жоғары аса алмаған.

Ғалым зерттеулерінде әліпбидің жалпы ғылыми теориялық мәселелеріне қатысты да өз пайымдауларын айтып отырады. Мәселенки, «жақсы әліпбидің сыпатын таныту» үшін, оның төрт түрлі қасиетін санамалап көрсетіп, түрік әліпбиіне, латын әліпбиіне қатысты өзінің көзқарасын білдіреді. Бұл көрсетілген талдаулар қазіргі грамматологияда талданып жүрген ғылыми зерттеулердегі қисындардан артық болмаса, кем емес дер едік.

Қорыта айтқанда, Ақымет Байтұрсынұлы түзген әліпбидің Қазақ әліпбиі ретінде, грамматологиялық негізі жүйелі зерттелгендіктен, қазіргі таңда да қолданыста бар болғандықтан да, әлемдік деңгейде жазу ғылымы тарихынан орын алуы керек.

Ал қазақ тіл білімінде жазу ғылымының (грамматологияның) негізін қалаған А. Байтұрсынұлы екені даусыз шындық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаштың тілдік мұрасы. -Алматы, 2009. 27-бет.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы, 324 –бет.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы 332-бет.
4. Гельб И.Е. Опыт изучения письма: Основы грамматологии/Перевод с англ. М., 1982.
5. Деррида Ж. О грамматологии/ Пер. с франц., Издательство: -М., 2000. С: 5

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Жұбаева Орынай

филология ғылымының докторы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Грамматика бөлімінің меңгерушісі

Қазақ тіл білімінің тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастырамыз:

I кезең – ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең: Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектері (1860-1912 ж.);

II кезең – ұлттық тіл білімінің қалыптаса бастаған кезеңі: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Ж.Аймауытов (1912-1930 ж.);

III кезең – ұлт зиялыларының қудалануына байланысты еңбектерін оқытуға тыйым салынып, тіл білімінде еуропоцентристік бағыттың белең алуы (1930-1988 ж.);

IV кезең – репрессия құрбандарының ақталып, олардың еңбектерін пайдалануға жол ашылуы (1988 жылдан бергі кезең).

А.Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, ғалымның көптеген категориялардың еңбектерінде басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің (ұлттық діл) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады» [1, 226-б.]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған.

III жақ адамға қатысына қарай I, II жаққа қарсы қойылады. Ол көбінесе нөлдік тұлғада келеді: *Мен студентпін, сен студентсің, ол – студент*. А.Байтұрсынұлы адамға қатысты қолданылатын III жақты *ол кісі* түрінде даралаған. Жақ категориясы өз ішінен оппозиция құрап, адамға қатысты қолданылуына қарай I, II жақ III жаққа қарсы қойылады. III жақ өз ішінен адамға да, затқа да қатысты қолданылуы бойынша жіктеледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *ол* есімдігі жіктеу есімдігі ретінде де, сілтеу есімдігі ретінде де қолданыла береді. Мысалы: *Ол бүгін келеді* деген сөйлемде *ол* – жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, *Ол ағашқа тиіспе* деген сөйлемде *ол* – сілтеу есімдігі ретінде қолданылып тұр. Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің арасында тұлғалық айырмашылық жоқ. *Ол* есімдігі *бұл, сол, анау, мынау* т.б. есімдіктермен қатар сілтеу есімдігі ретінде қолданыла береді. Бұл басқа түркі тілдеріне де тән.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз*, *біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Анайы жіктеудің I жақ көпше түрінің *біз*-ге ауыса алмайтыны тәуелдеудің анайы-сыпайы түрін салыстырғанда, ерекше көзге түседі.

Анайы түрі:

1 жақ *анам аналарым*
2 жақ *анаң аналарың*
3 жақ *анасы аналары*

Сыпайы түрі:

1 жақ *анамыз аналарымыз*
2 жақ *анаңыз аналарыңыз*
3 жақ *анасы аналары*

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу болатынын айтады. Сондай-ақ ғалым жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласып, III жақтың көпше түрінде ымырадан шығып кететінін ескертеді. Тәуелдеудің анайы түрі жекеше *менің атам* болса, көпшесі *менің аталарым* түрінде болады; соған сәйкес сыпайы түрі жекеше *біздің атам* болса, көпшесі *біздердің аталарымыз* түрінде болады. Осыдан-ақ айқын көрініп тұрғандай, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша *біз*, *біздер* түріне ауысып кете алмайды, ауысқан жағдайда бүкіл жүйе бұзылады. Ендеше, А.Байтұрсынұлының «анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісуге болады.

Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі:¹

Анайы жіктеу		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	мен келдім	—
II жақ	сен келдің	сендер келдіңдер
III жақ	ол келді	олар келді
Сыпайы жіктеу		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	біз келдік	біздер келдік
II жақ	сіз келдіңіз	сіздер келдіңіздер
III жақ	ол кісі келді	ол кісілер келді

Мен есімдігінің (I жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Сөйлеуші (I жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. I жақтың көпше түрі *біз*-ге ауысатын болса, оның құрамы *мен+мен+... + мен* емес, *мен+сен* немесе *мен*, *ол* т.б. түрінде келеді. I (сөйлеуші) жақ пен II (тыңдаушы) жақ ерекше референтті білдіріп, өзара қарсы қойылады. I, II жақтың көпше түрі бірдей адамдардың көптігін емес, әртекті референттердің жиынтығын білдіреді. Ендеше, *сендер* әртекті референттен құралуы мүмкін болғанмен, *мен* (I жақ) әртектілік құрай алмайды. Соған сәйкес *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Бұдан I, II жақ «бірегейлік/жиынтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз. Яғни сөйлеуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, I жақ (*мен*) референтінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі I жақ көптік формасы инклюзив/эксклюзив коррелятында қолданыла алмайды.

¹ Бұл жерде А.Байтұрсынұлының жіктеу парадигмасын негізге алып отырмыз.

Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) *я+не я* түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Қазақ тілінде *мен+мен емес* мәні *мендер* тұлғасында емес, *біздер* тұлғасында қолданыс табады. Сонымен қатар орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *сіздер* тұлғаларында бірдей қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) және көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде мен, сен есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап мен, сен есімдіктерінің орнына біз, сіз есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек», – дегенмен [2], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы*, *вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді.

Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде бірегейлік/жинақтылық корреляты бойынша *я*, *ты* есімдіктері бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен*, *сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз*, *сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады. *Біз*, *сіз* есімдіктері – Н.Ильминский дұрыс көрсеткендей, көптік ұғымда емес, жекелік ұғымда қолданылады, яғни сыпайы жіктеудің жекеше түрлері. Сол себепті де *біз* құрамына *мен*, *сен* есімдіктері, *сіз* құрамына *сен*, *сен* есімдіктері кіре алмайды. *Біз*, *сіз* сыпайы жіктеу тұлғалары *мен*, *сен* анайы жіктеу тұлғаларымен өзара сәйкес келіп, бірегейлік қатарын құрайды, жиынтық қатарында *біздер*, *сіздер* есімдігі танылады.

Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек II жақпен ғана шектелмейтінін тіл фактілері де көрсетіп отыр. Мәселен, ресми стильде *мен* орнына *біз* қолданылатын тұстар баршылық. Тіл — тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет деп ойлаймыз.

«Жіктеу» жалғаулары дегеннің орнына «айқындық» жалғаулары деп қолданғанмен, Қ.Басымұлының еңбектері де жіктеулерді анайы-сыпайы түрге бөлуі жағынан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерімен сарындас. Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегіне пікір жазушы Байменов пен Қасымов та автордың жіктеудің көпше түрі етістік түбіріне **-ыңыз** қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*алыңыз*) деген тұжырымына қарсылық білдіріп, *алыңыз* деген сөз сыпайы жіктеудің жекеше түрі болатынын, *ал* етістігінің анайы, көпше түрі, *алыңдар* болуы керектігін айтады [3, 45 б.].

Т.Шонанов тәуелдік жалғауларын түсіндіруде М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектерін басшылыққа алады да көпше түрі **-ыз/-із** қосымшалары жалғану арқылы жасалады деп (*баламыз*, *қаламыз*) түсіндіреді [4]. Осы үрдіс кейіннен І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлдары оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінсе, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн II жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында» [5, 168-178б.], А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» [6, 408 б.], С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» [7, 304 б.] т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні II жаққа байланысты ғана түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, Байменов, Қасымов сияқты ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде І жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен. Анайы жіктеудің І жақ көпше түрі (*мендер*) болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде етістіктердің жіктелу үлгісінде де осы ұстаным сақталған. Оны бұйрық райдың жіктелу үлгісінен де байқауға болады.

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
І жақ	-йын/-йін	-
II жақ	етістік түбірі	-ндар/-ндер
III жақ	-сын	-сын /-сін
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йық/ -йік	-лық/-лік
II жақ	-ңыз/-ңіз	-ныздар/-ңіздер
III жақ	-сын/-сін	-сын/ -сін

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің І жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтыңдар* болғанмен, *мен айтайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айтайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда І жақтың көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген **-йық/ -йік** жалғауы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *сыпайы жіктеудің І жақ көпше түрі* ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы жіктеулеріндегі сыпайы жіктеудің І жақ көпше түрі ретінде берілген **-лық/-лік** тұлғалары кейінгі грамматикаларда мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар жіктік жалғауының көпше түрі кейде **-лық/-лік** тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі көркем әдебиетте **-лық/-лік** формасы қолданыла беретінін айта келіп: «Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формадан гөрі **-йық/-йік** формасы көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты», – дейді [6, 73-б.]. Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан **-лық/-лік** формасы грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің І жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз. Тілде үнемдеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал **-лық/-лік** формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының кейінгі еңбектерден ерекшелігі:

а) ғалым анайы жіктеудің І жақ көпше түрі болмайтынын көрсетеді;

ә) билік райдың (бұйрық рай) сыпайы жіктеуінің түрі жекеше түрі І жақта **-йық/-йік**, көпше түрі **-лық/-лік** жалғаулары жалғану арқылы жасалатынын айтады;

б) басқа райларда сыпайы жіктеудің жекеше түрі мен көпше түрінің І жағы ерекшеленбейтінін (*жазамыз, жазсақ, жаздық* т.с.с.); II жағында ғана өзгерістері болатынын (*жазасыз – жазасыздар, жазсаңыз – жазсаңыздар, жаздыңыз – жаздыңыздар* т.с.с.) көрсетеді.

Ал кейінгі зерттеулер мен оқулықтарда анайы жіктеу мен сыпайы жіктеу деп сараланбай, сыпайылық жөн II жаққа қатысты ғана сөз болып жүр. Соған байланысты сыпайы жіктеудің II жағының ерекшеліктері көрсетілгенмен, I жағының өзгешеліктері ескерусіз қалған. Сол сияқты анайы түрінің I жақ көпшесі ретінде сыпайы жіктеудің I жағы көрсетіліп жүр.

А.Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы атауды арнайы қолданбағанмен, А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. Қазіргі оқулықтарда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен белгілілік/белгісіздік категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді **жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтық** деп жіктейді. «Шектеу есімдігі» деп аталатын есімдік түрін ғалым: «Нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*», – деп сипаттаса, танықтық есімдігі деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді», – деп айқындайды [1, 73-б.]. Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны – **белгілілік** мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтық есімдік деп аталатын есімдіктер – **белгісіздік** мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – **шектеу есімдігі** деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді **танықтық есімдіктері** деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни белгілілік/белгісіздік мәндерін негізге алған.

Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, белгілілік /белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуын айқындайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін белгілілік/белгісіздік мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, ғалымды өзіне ұстаз тұтқан Қ.Кемеңгерұлының еңбегінде [8] функционалды грамматиканың нышандары байқалады. Кейін ғалымдардың репрессиялануына байланысты еңбектеріне тыйым салынып, ғылымда көптеген бұрмалаулар, еуроцентристік бағыт үстемдік алғаны мәлім.

А.Байтұрсынұлы	Қ.Кемеңгерұлы
Жіктеу	Личные
Сілтеу	Указательные
Сұрау	Вопросительные
Шектеу	Определительные
Танықтау	Неопределенные

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде өздік есімдіктері есімдіктің бір түрі ретінде жеке шығарылмаған. А.Байтұрсынұлы есімдіктің бұл түрін *әркім, әрқайсысы, бәрі, барша* т.б. есімдіктерімен қатар шектеу есімдігі ретінде көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы оны анықтау (определятельные местоимения) есімдіктерінің ішінде түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы есімдіктерді жіктеуде белгілілік/белгісіздік оппозициясын негізге алған, яғни жеке адамды немесе топты көрсетсе – *шектеу* (А.Байтұрсынұлы), *анықтау* есімдігі (Қ.Кемеңгерұлы), нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдірсе – *танықтық* (А.Байтұрсынұлы), *танықтау есімдігі* деп атаған. Екінші сөзбен айтқанда, ғалымдар бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, *шектеу, анықтау есімдігі* деп атайды да белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін *танықтық, танықтау есімдігі* деп атайды. Есімдіктерді жіктеуде Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа алса, Т.Шонанов П.Мелиоранский еңбегіне сүйенген.

Кейінгі зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан. Яғни А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешкім, ештеңе, ешбір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер «болымсыздық есімдіктері», анық белгілі еместігін білдірсе, «белгісіздік есімдіктері», түгел еместігін білдірсе, «алалау есімдіктері» деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен:

Қ.Жұбанов	С.Аманжолов	Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев
Жіктеу	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу	Сілтеу
–	Сұрау	Сұрау
Болымсыз	Болымсыздық	Болымсыздық
Белгісіз	Белгісіздік	Белгісіздік
Алалау	–	–
–	Тәуелдеу (өз) Жалпылық	Тәуелдеу Жалпылау

Кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ.

«Қазіргі қазақ тілі»	«Современный казахский язык»	«Қазіргі қазақ тілі»	А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі»
Жіктеу	Личные	Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Указательные	Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Вопросительные	Сұрау	Сұрау
Белгісіздік	Определятельные	Белгісіздік	Белгісіздік
Болымсыздық	Отрицательные	Болымсыздық	Болымсыздық
Жалпылау	Обобщительные	Жалпылау	Жалпылау
Өздік	Возвратные	Өздік	Өздік

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы ұстанымдарын толық қуаттай отырып, өздік есімдігінің мағынасы, қызметі мен қолданысын тексеру нәтижесінде жеке сөзді (*өз*) есімдіктің мағыналық тобы ретінде танығаннан гөрі мағыналық ұқсастығына, қызмет ортақтығына, қолданысына байланысты басқа есімдіктермен біріктіру қажеттігін ескертеміз. Өздік

есімдіктеріне: «сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» түрінде берілген анықтамаға [9, 117-б.] жіктеу есімдіктері де, *әркім, әрқайсысы, әрбір* т.б. есімдіктер де толық жауап бере алады. Ендеше, сыртқы тұлғасына байланысты өздік есімдіктерін жеке топ ретінде танығаннан гөрі өзара мағыналас есімдіктер қатарына қосқан жөн тәрізді. Осыған байланысты өз тарапымыздан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлының есімдіктерді топтастыруымен толық келісе отырып, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін – танықтау; өздік, жалпылау есімдіктерін – анықтау есімдіктері ретінде топтастыра берген дұрыс болуы керек деп ойлаймыз:

А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал»	«Қазақ грамматикасы»
Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Сұрау
Шектеу	Жалпылау, Өздік (<i>өз, әркім, әрқайсысы, бәрі, барша</i>)
Танықтау	Белгісіздік, Болымсыздық (<i>ешкім, ештеңе, ешбір, әлдекім, әлдене, кейбір, қайсыбір</i>)

Кейінгі грамматикаларда белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйтқы болуымен жасалатыны сөз болады. Ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде *әр* сөзі анықтау (шектеу) есімдігі ретінде танылады. *Кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде² белгісіздік мәннен гөрі нақтылық басымдау сияқты. Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе* т.с.с *еш* сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеңе* қалмады – *бірдеңе* қалмады т.б.

Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс. Сонымен қатар *әлде, әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан* т.с.с. әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып жүрген сөздерді тек үстеу ретінде ғана танып, есімдік қатарынан шығару керек. Себебі бір сөздің екі түрлі категория аясында қарастырылғаны, яғни екі түрлі сөз табы ретінде танылуы дұрыс болмайды. Яғни А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі жіктеулердің өзіндік уәжділігі бар.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан мен шама онтологиялық категориялары өзара жіктелгенін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады: «Нәрсенің дәл **санын** білуге сұрағанда **неше?** деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, **шамасын** ғана білуге сұрағанда **қанша?** деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [1, 32-б.]. Ғалымның ойлары кейін М.Балақаевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан.

Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағыналық ерекшелігі назардан тыс қалса, А.Байтұрсынұлы оқулықтарында кейбір тұлғалардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері болатыны ескеріліп, соған байланысты жіктеліп отырған. Осындай ұстаным ғалымның сан есімдерді топтастыруынан да анық байқалады. Бүгінгі таңдағы оқулықтарда сан есімнің алты түрі көрсетіліп жүр. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің төрт түрі ғана берілген. Яғни қазіргі оқулықтардағы топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде аталмайды. Топтау сан есімдері мен болжалды сан есімдер сан есімге көптік жалғауы шығыс

² Бүгінгі таңда *әрқайсы, әрбір, әр нәрсе, әрнеше, әрнәрсе, әркім, әрне* есімдіктері белгісіздік есімдігі ретінде танылып жүр //Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 491-б.

септік жалғауы, **-лап/-леп** тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Аталған тұлғалардан басқа сан есімге **-нікі, -дағы/-дегі, -дай/-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік** т.с.с. қосымшалар да жалғана береді. Алайда ол қосымшалар жалғанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған *екеулеп, он-оннан, бір-бірлеп* т.с. с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау (я саралау) үстеулері, кейде мөлшер үстеуі ретінде беріліп жүр. Яғни бір форма екі түрлі сөз табының аясында қарастырылуда. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз таптарының қатарында, үстеу ретінде берілген. Яғни ғалымның оқулықтарында қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері, нақты табиғаты берілген. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым – Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекстке немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [10, 83-84-б.].

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде XX ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. - Семей, 1927. –27-32 б.
2. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860. –С.16.
3. Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1313-іс. - 43-46-б.
4. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. - Қызылорда, 1929. - 113с.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. -168-178б.
6. Ысқақов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. - 408 б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998.- 304 б.
8. Кемеңгерұлы Қ. Оқу құралы. I кітап – Ташкент, 1928. - 134 б.;
- II кітап - Қызылорда, 1929. - 194 б.
9. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.
10. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫ МӘСЕЛЕСІ

*Ақымбек Съезд Шардарбекұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әлем халықтарының тарихына үңілер болсақ, әліпби, жазу-сызу мәдениетін қалыптастырудың белгілі бір мемлекеттер үшін ғасырлар бойы қиындық тудырғанын байқаймыз. Себебі, жазу-сызу – ол, Біріншіден, әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың басты жолы болса, Екіншіден, әліпби арқылы белгілі бір ұлт немесе ұлыс тілінің лексикалық, фонологиялық, жалпы грамматикалық ерекшелігін байқауға болады. Үшіншіден, әліпби арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің кешегісі мен бүгінгісін, тіпті болашағын да болжауға болады. Төртіншіден, әліпбидің болуы – мемлекет тарихының көрсеткіші, соған қарап, ел мен елді өркениеттілік деңгейі тұрғысынан салыстыруға болады. Бесіншіден, ұлттық әліпби – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі-бір ұлттың символикалық бейнесін көрсетеді, ұлттық идеологиясының әлеуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі әліпбилердің пайда болуы халықтың өркениеттік дамуының нәтижесін көрсетеді. Жазу мәдениеті өркениеттіліктің негізгі өлшемі болып табылады. Адамзат баласы бүгінгі күнге дейін түрлі жазу, сызу, әліпби реформалары бастан кешті. Өйткені әр ұлттың өзінің ұлттық тілі болуы керектігі сияқты, сол тілдегі дыбыстарды таңбалайтын төл жазуының да болуы маңызды.

Әліпби, ең алдымен, сауат ашумен, оқыту ісімен және емле ережелерімен, жалпы айтқанда, сауатты оқып-жазумен тікелей байланысты. Олай болса, жазу – ұлттығымыздың бір белгісі болып табылады.

«Харіп – әліпбидің таңбалық бөлігі және тілдің жазылымдық әлеуетінің негізі болып табылады. Сондықтан да әліпби түзу харіп жасақтауға бірден-бір тәуелді. Харіп саны мен сипаты жағынан әліпбидің талабына қарай анықталып, заман талабына сай таңдалған кескіні болуы керек – деген С.Ерғалидің пікірі де көңілге қонымды.

Ең жақсы жазу деп емле-ескертпелері мейлінше аз жазуды айтады. Ондай жазу үлгісі тілдің төл дыбыстарымен төл таңбалар үйлесімін тапқанда ғана құрастырылады. Ендеше, әліпби құрамы дұрыс анықталып, оның таңбалары реттелсе, емле-ережені жөнге салудың төте жолы ашылады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері Қазақстан ұлттық саясатты демократиялық жолмен жүргізіп келеді. Түркітілдес мемлекеттер латын графикасына көшуді тез қолға алуға кіріссе, Қазақстан бұл мәселеде қоғамдық пікірдің әбден пісіп-жетілуін күтті. Бүгінгі қолданыстағы әліпбиіміз қазақ тілі білімі ғылымында үлкен қиындықтар туғызып, ережелер жанынан ескертпелер орын алып жатты.

Жалпы қазақ жазуы тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептерін талдап қарастырар болсақ, әліпби реформасына байланысты бұл кезде екі түрлі көзқарас болды. Бірінші топ – қазақ тілінің дыбыс жүйесін беруде араб жазуының мүлде жарамсыздығын дәлелдеп, оны басқа әліпбимен ауыстыруға шақырса, екінші топтағылар араб әліпбиін ғасырлар бойы пайдаланып икемдеу идеясын ұсынады. Сонымен қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастырудың алғашқы қадамындағы басты мақсаты, оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа әліпби қабылдау не қолданылып жүрген араб графикасын біраз жетілдіру болды. Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологы – Ахмет Байтұрсынұлы. А. Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдерден синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі тұлға. А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым мен мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым

сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесі кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оның тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Әліпбиде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз. Ғалым араб әліпбиіндегі бірнеше мазмұнда қолданылатын таңбалардың бір ғана тұрпатын алған. Бұл әліпби жүйесі 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында ҚазақАССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында тұңғыш құрылтайда талқыланады. Құрылтайда жазу ережелерін нақтылау, әліпби мәселесі, қазақша пән сөздерін жүйелеу, әдеби тілді қалыптастыру, бастауыш мектептің бағдарламасын даярлау, *у* мен *и* дыбыстарының дауысты не дауыссыз екенін анықтау, қысандардың жазылуы және т.б. мәселелер қарастырылды [Уәлиұлы Н. А. Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы. Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, –1999. -566 б]. Осы жиын турасында «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы мамырдың 23-індегі санында мынадай комментарий берілген: «Бұл жиылыс еріккеннің ермегі емес, топалаң уақытындағы той емес, мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерде іс қазақ тілінде жатқан дәуірде үлкен сапырылыс болып, пікір, өрнек, жазу-сызу, програмдар, жобалар майданы ашылған дәуірде өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы».

Съездің күн тәртібінде 5 мәселе қойылады: «1. Жазу ережелері (яғни орфография мәселелері); 2. Әліпби (яғни алфавит мәселесі); 3. Қазақша пән сөздері (терминология); 4. Ауыз әдебиетін жию шаралары; 5. Бастауыш мектептердің бағдарламалары».

Съезде латын графикасына көшудің қажеттілі жөніндегі негізгі баяндаманы қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов жасаса, ал оған қарсы ұстанымдағы баяндаманы қазақ тіл білімі теориясының негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынов оқыды.

Филология ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Серікқали Байменше сол кездегі жағдайға байланысты пікірін былайша жеткізеді: «1912 жылы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов 24 әріптен тұратын жаңа әліпби жасап, мұны «қазақ жазуы» деп атады. Бірақ ол халық үшін «Байтұрсыновтың әліпбиі», «төте жазу» болып қалды. XX ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде осы әліпби реформаланып, жетілдірілді. Сол кезде «Біздің заманымыз жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық тұрған заман» деп А.Байтұрсынов көрегендікпен айта білді.

Араб әріптеріне негізделіп жасалған және заман талабын ескере отырып жетілдірілген қазақ жазуы Қазақстан өміріндегі ірі мәдени құбылыс болғанына қарамастан, 20-жылдардың соңына таман қазақ әліпбиі латыншаға көшіріле басталды. Ахмет Байтұрсыновтың атақты «Араб әліппесін жақтаған баяндамасы», міне, осы кезеңге арналып еді»

А. Байтұрсынұлы осы съезде латын әрпін алудың мұқтаждық туғызып отырмағандығын алға тарта келе: «Біріншіден, түрік жұртының 90 пайызы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының хат мәдениеті бар. Бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Үлкен қаржы, адамдардың күші, ісі керек. Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл, түріктің қай жұртында да болса жоқ» дей келе, латын әрпінің дыбыстық, әріптік, оқылу, жазылу, жазу машинасы теру, таңбалық қиындықтарына жеке-жеке тоқталады да, сөз соңында: «Орыстар аяқ баспай отырғанда бізге не жорық, алу қиын болғандықтан алмай отыр. Аз күшімізді керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін» деп қорытындылайды.

Ал осы съезде жасаған баяндамасында Нәзір Төреқұлов: «Біз латын әрпін қазаққа күшпен алдырғалы отырғанымыз жоқ. Әріптің сыртқы пішініне, ажарына қызығып, сән үшін алғалы отырғанымыз жоқ. Латын әрпі үйрену, жазуға тым пайдалы, жеңіл. Мысалы, газетке 15 пұт араб әрпі керек, латын әрпімен 2/2 пұт керек. Түрік әрпі үшін 174 ұя керек, латынға 24–25 қана ұя керек. Жазу жеңілдігін алғанда да осылай қолайлы. Түрік әрпінің біреуі 4 түрлі, латындікі бір ғана түрлі» – деген деректер мен дәйектер келтіреді.

Латыншылдардың да, арабшылдардың да уәждері мен дәлелдерінің әлде де пісіп-жетілмегендігін, сол себепті де съезге қатысушылар Қарақалпақ және Астрахань

қазақтарының басын қосып, толық съезд шақыруға келіседі. Нәзір Төреқұловқа – 9 дауыс, Ахмет Байтұрсынұлына – 8 дауыс беріледі.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі өткеннен кейін араға 2 жыл салып, 1926 жылдың наурыз-ақпан айларында Баку қаласында Түрік білімпаздарының съезі өтеді. Бұл съезге Қазақстан тарапынан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақтың жетекші ғалымдары қатысады. Осы оқиға жайында ізденуші М. Майлықұтова былай деп жазады: «1926 жылы ақпанның 26-сында бастылып, наурыздың 6-на дейін өткен Түрікшілдердің құрылтайында түрік нәсілді ұлттардың көбінің өкілдері болды. Түрік оқымыстылары Көперлі-Зада мен Құсайын-Зада, неміс профессоры Менсель, Бартольд, Олденбург, Крымский т.б. ғалымдар қатысты.

Қазақ зиялыларының арасындағы пікірталас ұзаққа созылды. Олардың көпшілігі латын таңбаларын енгізуге қарсы болды. 1927 жылы Қызылордада өткен айтыста арабшыл Ілияс Ахметұлы латын әрпін алу мәселесі Қазан төңкерісінен кейін туып отырған жоқ, патша отаршылдық саясатты күшейткен заманда туындады. Орыс патшасы татарды жеңіп, Азияны өзіне қаратып, латын әрпінің бір тарауына орыс әрпін алдыруға лайықтап дербес әріп шығарды. Латын әрпі түсін бояп келген орыс әрпінің дәл өзі деген пікірін ашық айтты. Ал, Смағұл Сәдуақасұлы «латын әрпін алудың саяси қорқынышы бар. Молдалар қарсы болады. Араб таңбалары ислам дінінің таянышы, әріптен қол үзсек, діннен де қол үземіз» деген көзқарасын латыншыл Н. Төреқұлұлы мен Ә. Байділдаұлы өткір сынайды. Оларды «ескішілдер», «діншілдер» деп кінәлайды.

Қалай дегенмен де «арабшылдар» мен «латыншылдар» арасындағы айтыс-тартыс «латыншылардың» жеңісімен аяқталды. 1929 жылдың 24 қаңтарында Қазақстан Орталық комитетінің IV-сессиясының қорытындысы бойынша «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстанда мемлекет әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыстарға тарихи тұрғыдан талдау жасай келе, түркітілдес халықтардың, оның ішінде Қазақстанның латын қарпіне көшуіне ресми Мәскеудің зор ықпалы болғанын аңғару қиын емес. Түркітілдес халықтарды латыншаға, одан соң кирилл әліпбиіне қайта көшірту арқылы Ресей туысқан халықтардың ортақ жазу мәдениетін үлкен өзгеріске ұшыратып қана қоймай, зиялы аға буын қалдырған әдеби және ғылыми мұраның кейінгі ұрпақ тұрғысынан уақытылы игерілмеуіне, осылайша, тарихи ақтаңдақтардың қалыптасуына ұйытқы болды. 1940 жылдың аяғында елімізде «Латындандырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 1940 жылғы 10 қарашасында өткен V сессиясының шешімімен қазақ әліпбиін кирилл негізінде қайта түзеу жұмыстары қолға алынды. Осылайша тарихта қазақ халқы өз әліпбиін 2 рет ауыстырды.

Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы:

Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1. – тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. – қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады?
3. – қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. – қайсысы баспаға қолайлы? (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда).
5. – үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. – көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Латын әрпінің асылы – екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. Латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан нәрсе сияқты болып көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады. Немістің Майман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексе- ріп, тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдиып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер, немесе үстіне

қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып, шапшаң оқылады екен. Араб әріптері өз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әріп те болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік, бір беткейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әлпіне айрың-үйрің ашық сүгірет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады. Әріптердің бір өңкей, бір беткей тұру-тұрмауы оқуды ауырлату-жеңілдету жағына қанша сеп болатынын мынау мысалдан көруге болады. Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіп тұрған бірнеше таяқша сүгіреттерін алайық та, сонымен саны да, алатын орны да, бойы да бірдей бірақ қойылуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан олар өңкейленіп тұрмаған екінші таяқша сүгіреттерін алайық та, аналардың астына мыналарды қойып санап қарайық, ||||| Қайсысы санауға оңай болар екен. Әрине, төменгісі санауға оңай. ||||| //|| //|| Латын әрпінен басылған кітап я газетті алып, араб әрпінен басылған кітапты я газетті алып қарасаң, қайсысындағы сөздердің әріптерінің әлпі таяқшалар сүгіреттерінің қайсысының әлпіне ұқсайды? Әрине, латындікі жоғары, арабтікі төменгі әліпті – деп қорытындылайды.

Біз А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбиді өзімізге белгілі дереккөздерге сүйене отырып салыстырмалы кесте түрінде бергенді жөн көрдік. Әрине ғалымның жасаған әліпбиі сол замандағы қазақ тілінің қажеттелігін толық қанағаттандырғанына көз жеткізуге болады.

1-кесте. Қазақ тіліндегі әріптер мен дыбыстар қатынасы.

Қазіргі қазақ фонологиясындағы дыбыстардың саны	«Қазақ тілінің айтылым сөздігіндегі» дыбыстар	П.М.Мелиоран -скийдің алфавиті	Н.И.Ильминск ий-дің алфавиті	Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әліпби
1	2	3	4	5
[a]	А	А	a (ä)	ا
[ä]	Ә	Ä		
[o]	О	О	О	و
[ö]	Ө	Ö	Ö	
[y]	Ы	Ы	Ы	ى
[i]	І	І	І	
[u]	Ұ	У	У	ۇ
[ü]	Ү	Û	Û	
[e]	Е	Е	Е	ه
Барлығы-9	Барлығы-9	Барлығы-9	Барлығы-9	Барлығы-5
[b]	Б	Б	Б	ب
[g=ɣ]	Г	Г	Г	گ
	Ғ	ğ	ğ	غ
[d]	Д	Д	Д	د
[ž]	Ж	ж=ÿ	Ж	ج
[z]	З	З	З	ز
[j]	Й	J=İ	J	ي (жарты дауысты)
[k=q]	К	К	К	ك
	Қ	К	қ	ق
[l]	Л	Л=I	Л	ل
[m]	М	М	М	م
[n]	Н	Н	Н	ن

[ŋ'=ŋ]	Ң	Ң	Њ	ڭ
[p]	П	П	П	پ
[r]	Р	Р	Р	ر
[s]	С	С	С	س
[t]	Т	Т	Т	ت
[w]	У	Ū(ұу, үу)	W	ڤ (жарты дауысты)
[š]	Ш	Ш	Ш	ش
Барлығы-17	Барлығы-19	Барлығы-19	Барлығы-19	Барлығы-19
Жалпы-26	Жалпы-28	Жалпы-28	Жалпы-28	Жалпы-24

Кестені сараптай келе қазіргі таңда латын графикасына көшу кезінде ескерілуге тиіс факторлар қандай болмақ деген сауал өздігінен пайда болады. Жалпы кез-келген нәрсені қабылдауда, әр түрлі әсер етуші факторларды ескеру маңызды болмақ. Сол сияқты, латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, оны жасауда бірнеше ескерілетін факторлардың болуы заңдылық. Жасақталған әліпби құрылымы лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, графикалық және полиграфиялық талаптарды сақтауы қажет. Сондықтан, аталған факторлар арқылы жан-жақты қарастырылуы қажет.

Лингвистикалық фактор арқылы әліпбилердегі әріптер тілдің табиғатын, құрылымын толық бейнелеуі, бір-біріне жақын, ұқсас таңбаларды алмау, вокализм, консанонтизм сияқты фонетикалық белгілерді барабар мағынада қолдануы, бір мағынада жұмсалатын көп әріпті таңбаларды алмауы яғни бір единица бір таңба болуы және жиі кездесетін фонемалардың таңбалары қарапайым әрі жеңіл, ал сөзде немесе сөйлемде жиі кездеспейтін таңбаларды күрделі таңбамен беру сияқты мәселелер қарастырылады.

Психологиялық фактор арқылы диакритикалық белгілерді шектеу, яғни психологиялық тұрғыда диакритикалық белгілер тіл тұтынушылардың таңбаларды хатқа түсіруінде кідіруіне әкеліп соқтыратындықтан, әріп үсті, әріп асты белгілерді шектеп қолдану, сонымен қатар әріптерді қабылдау рационалды болуы зерделенуі қажет.

Педагогикалық фактор арқылы әріптерді таңбалағанда, оларды тез тану және жазу оңтайлы болуы ескеріледі.

Полиграфия-техникалық тұрғыдан әріптердің берілуі мынадай мәселелерге көңіл қоюы қажет:

а) әріп кескіні;

ә) диакритикалық белгілерді мүмкіндігінше шектеу.

в) жазу экономиясына зиян келтіретін диграф, триграф (sh, sch) тәрізді белгілерді алмау;

г) экономикалық, өндірістік жағдайларға тиімді болуы көзделеді. Ал әріптердің графикалық тұрғыдан безендірілуі мынадай міндеттерге құрылады:

1) әр таңбаның өзіне тән белгілі бір ерекшелігі болуы тиіс;

2) таңба қарапайым әрі оңтайлы болуы тиіс;

3) таңбалар мәтінде үйлесімді құрылуы тиіс.

Қорыта айтсақ, әліпби құрудағы жоғарыда аталған факторлардың ескерілуі аса маңызды болмақ. Себебі, қазіргі өткен ғасырдағы латын графикасын құру барысында кеткен кемшін тұстарды болдырмау және ұлттық тілдік заңдылығымызды сақтай отырып, тіл дыбыстарын белгілеудегі қиындық туғызатын таңбалардан сақтана отырып, әріп қайталаушылыққа ұрынбай, өзіндік таңбамызды қалыптастыру бүгінгі тіл білімі ғылымының әліпби мәселесімен айналысатын ғалымдарына басты мақсат болмақ.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ЖАНРЛАРЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫ

Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген.

«Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми - зерттеу.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Б. «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті «Әдебиет танытқыш» — Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының орны ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы - тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Ғасырлар тоғысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту шаралары жедел жүзеге асырылған кезең. А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Байтұрсынұлы болды» дейді.

Оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі-ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге-деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады. Академик З.Қабдолов 1988-ші жылы ғалым есімі, ақталғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» - тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде

бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты

Академик Р.Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр»-, деп жазған еді

Қазақ ауыз әдебиетінің айрықша жанрының бірі – шешендік өнер. Шешендік өнер - ақындық, жыраулық, жыршылық, айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрлардың бірі. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы осы бір жанрға ерекше көңіл аударғанына таң қалуға болмайды. Шебер сөйлеу, айтқан сөзің нысанаға дөп тиюі үшін шешендік сөзді жаттап жаттығу, оның қыр-сырын білу керектігін ғалым өз еңбегінде үнемі айтып, жазып отырған.

Шешендік сөздерді А. Байтұрсынұлы көркем әдебиеттің негізгі жанрлары: ертегі, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, қара өлең, термелермен қатар қойып зерттеп ол адам ойын өрістетіп, тапқырлыққа баулитын, адамның таным дүниесін кеңейтетін, биік адамгершілік қасиеттерге үндейтін, қазақ даласында әлеуметтік қызмет атқарған жанр деп біледі. Сондықтан да қазақ халқы шешендікті терең меңгерген адамды ерекше бағалап, жүйелі сөзге тоқтаған, тапқыр оймен түйіндей білген адамды қасиет тұтқан.

Шешендік сөз парасатты ойға, ұшқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Шешендік дегеніміз айтылған сөзге әрі қисынды, әрі ұшқыр, әрі ұтқыр жауап қайтару дейді ғалым өз топшылауларында.

Жалпы, жанр дегеніміз даму үстіндегі ұғым, әрбір тарихи дәуірде әр жанр өзінің негізгі тұлғасын сақтай отырып, сол кезеңге сай ерекшеліктерді бойына сіңіріп дамиды. Бұл халықтың салт-санасы мен сол жанрды пайымдаушы көзқарасынан туындайды. Жанр қимыл-қозғалыстағы тіршілік жүйесі. Ол жаңадан туады, өседі, дамиды, кейде, тіпті, өшеді, яки жоғалып та кетеді. Мұны әдебиеттің тарихи тағдырымен ұштастыру керек-ақ, сондай-ақ оның түрі де әлеуметтік жағдайға сай, әр кезеңде құбылып отырады, бірақ нақты шағын ба, әлде көлемді ме әйтеуір көркем шығармаға тәуелді болады.

Шешендік сөздердің жанрларын анықтауға, оған жан-жақты талдау жасауға алғашқы талпыныс жасаған ғалымдарымыздың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздерді былайша бөледі: «Шешен сөздер бес түрлі болады: а) Шешендер жиынды ауызынан қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегенде саясат шешен сөзі деп аталады. ә) Шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатпен сөйлегенде сот билігінде әсер ету үшін айтқан сөздері билік шешен сөзі деп аталады. б) Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады. в) Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнына байланысты сөйлегені білімгер шешен сөзі деп аталады. г) Дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі, уағыз деп аталады». [2.405]

Көріп отырғанымыздай, А.Байтұрсынов шешендік өнер, шешендік сөз туралы пікір айтып қоймаған, тың анықтамалар да бере білген. Сол анықтамаларына дәлел ретінде ділмар сөзге бірнеше мысалдарды да алдымызға тосады. Біз бұдан шешендік сөз деп жүрген терминді кезінде А.Байтұрсынов ділмар сөз деп атағанын көреміз.

Ғалым «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздердің қыры мен сыры туралы: «Шешен сөз қара сөз шығармалардан бөлек сөз емес, онда да пайымдама болады. Шешендік пайымдаманың бөлектеу жері мынау ғана. Пайымдамада шешен негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен түсіндіріп қана қоймайды, ол тыңдаушыны пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіргізу секілді әрекетке бастайды. Шешен сөзде айтушының мақсаты – ойды баяндап, сипаттап анық түсіндіру. Оны істеу үшін шешендер жай пайымдаушыларға айтқан сөзі ақылға қону жағымен қатар оның жанына, қанына әсер ететіндей болуы керек, сөз арбау секілді адамның ойын да, бойын да балқытып ерекше әсер етуі керек. Сондықтан шешен сөздің «Қыздырма», яғни «Қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын

келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мән істеп болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, елітіп алып кететін күшті, көрікті, сәнді, мәнді тіл болады. Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы (2.405.).

Бұл пікірден шешендік сөз қалай болса солай айтылмайтын, белгілі бір әлеуметтік, философиялық, логикалық, психологиялық заңдылықтарға бағынып айтылатын сөз екенін көреміз.

Жалпы осы кезге дейін шешендік сөздерді жанр жағынан жіктегенде негізгі ауызға алынатыны шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау. Бұл бір қарағанда дұрыс болғанымен жанрдың ішкі қыр-сырын толық ашып бере алмайды. Сондықтан да шешендік сөздерді бірнеше түрге бөле отырып, оның әрқайсысын бірнеше салаға жіктеуде А. Байтұрсыновтың салып кеткен жолын басшылыққа ала отырып бүгін шешендік сөздерді: 1. Шешендік арнаулар: а) бата, ә) әзіл-оспақ, б) сыни сөз, в) естірту, г) көңіл айту, д) жұбату, ж) сәлем сөз. 2. Шешендік толғаулар: а) нақылдар, ә) мақал-мәтелдер, б) жұмбақтар, в) мысалдар, г) жауаптасу, ғ) қанатты сөздер. 3. Шешендік даулар: а) ер құны дауы, ә) жер дауы, б) жесір дауы, в) мал дауы, г) ар-намыс дауы, ғ) халықтың намыс дауы. 4. Шешендік суырып салмалық: а) айтыс, ә) суырып салмалық, б) бірқақпайлар, в) аңыз бен қалжың-оспақ [5.67] деп ғалымдар тұжырым жасаса, ол да А. Байтұрсынұлының терең ойы, тапқыр пікірлерімен ұштасып жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне (1923 жыл, 30қаңтар) "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: "А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдық қақ өніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді -, деп жазуы А. Байтұрсынұлына өз кезінде берілген үлкен баға.

Шешендік сөздер ертегі, аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөлініп шығып әдеби тіліміздің қалыптасуына жағдай туғызды. Шешендік сөздер әдеби тілдің сөздік қоры екенін А. Байтұрсынұлы өз кезеңінде – ақ анық айтты. Оның нақты мысалы ғалым айтып отырған шешендік сөздердің сөздік құрам, сөйлем құрылысы жағынан қазіргі әдеби тіл нормаларынан ешқандай алшақтығы жоқ екенін көреміз. Демек шешендік сөздер басқа жанрлар секілді әдеби тілдің ұйытқысы болған. Шешендік сөздің сөйлеу құрылысын, сөйлеу ережесін бойға сіңіру әдеби тілімізді байытады, ой-өрісімізді кеңейтеді А. Байтұрсынұлының әдебиет теориясына байланысты ойларын алға апарушы академик З. Қабдолов өзінің «Әдебиет теориясы негіздері» еңбегінде ғалым ойларын тереңдете былай дейді: «Әдеби тіл – жай тіл емес, көркем тіл, демек сұлу сөз. Ал осы көркем, сөз сұлулығы дегенді қалай түсіну керек? ». Бұл А. Байтұрсынұлы сынды ғұлама ғалымның қазақ шешендік өнеріне тектен тек қызыға қарамағандығын, шешендік сөздің артында халық байлығы, халық тілі, мәдениеті, пәлсафасы бар екенін көрсетеді

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. - 379 бет.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1991. - 372 б.
3. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жазушы, 2001. - 572 б.
4. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1990 ж. - 240.

**«ОҚУ ҚҰРАЛЫ: ҚАЗАҚША АЛИФБА», «ӘЛІП-БІЙ: ЖАҢА ҚҰРАЛ»
ОҚУЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ АНДАТУ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЛПЫ
ШОЛУ**

(Ахмет Байтұрсынұлы емлесіне 105 жыл толуына орай)

Имаханбет Райхан Сахыбекқызы

филология ғылымдарының кандидаты

А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

rayhanymahanbet@gmail.com

Ұлттық әліппе: Қазақша әліппе немесе Байтұрсынұлы құралдары. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының оқулықтары – қазақ балаларына ана тілін оқытып-үйретудегі қажеттілікті өтегені соншалық, өз заманында үлкен сұранысқа ие болып жиі басылым көрген. Ахмет Байтұрсынұлы 1913-ші жылы «Оқыту жайынан» деген өзекті мақаласында мектептегі оқу жұмысының үш нәрсеге тәуелді екенін айтады: бірінші – ақша (қаражат), екінші – құрал (пән кітаптар), үшінші – мұғалім. Осы үш негізгі мәселені шешпей, бала оқыту ісі алға жылжымайды дейді. Ахаңша айтсақ, осы «...үш тіреуі тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай, түзу жүреді. ...тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай, қалт-құлт етіп оқытқан білім үйретіп жарытпайды» екен [1].

Ағартушының айтқандары дәл бүгінгі күнгі бала оқыту ісіндегі мәселелермен өзектес. Жалпы, оқу-білім тақырыбы қашанда күн тәртібінен түспейтін әлеуметтік тақырып. «...Әуелгі тіреу – ақша, ол жұрттан шықпақ. Екінші тіреуі – оқуға керекті құралдар. Ол құралдардың ішінде ең қымбаты – оқу кітаптары. (...) оқу құралдары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. (...) құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды» - дейді әдіскер-ұстаз, сонан соң мектепке қажет оқулықтарды жазуды өзі бастап, айналасындағыларға дұрыс, түзу жол салып берген [1]. Әлбетте, бұл күнгі орта мектептерде бала оқыту ісі, мемлекеттік қазына есебінен жүргізілетін шешімі табылған мәселе.

Ал, Ахметтер оқытушылықты бастаған тұста Ресей патшалығы қазақ мектебі үшін қазынадан қаржы бөлмеген, ол жергілікті халықтың бай-манаптарының қолының кеңдігіне орай шешілетін толқымалы мәселе болатын. Кейін Кеңес үкіметі орнаған тұста, бұл мәселе оң шешімін тауып, барлық саладағы бала тәрбиесі, баланы оқыту істері тегін атқарылды. Енді Байтұрсынұлы оқулықтарының өміршендігіне қайта оралсақ.

Мемлекеттік мұрағаттарда қатталған тарихи деректермен қатар, өмір тәжірибесінде оқу-ағарту саласы бойынша ұрпақтың сауатын ашу үшін үнемі қолданып жүрген, бірнеше рет басылым көрген әліппелік еңбектерін ретімен баяндасақ:

- 1). Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап, 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2), 1923, 1925 – 9 рет;
- 2). Оқу құралы. Алифбаға жалғасты. 2-кітап, 1913 (2), 1923, 1924 – 4 рет;
- 3). Оқу құралы. Усул сотие жолымен, әліпбиге байаншы. 1913, 1921 – 2 рет; 4). Оқу құралы. 1-ші кітап: Үлкендер үшін. Семей, 1921 – 1 рет;
- 5). Әліппе астары. Қазақша әліп-би үйретушілерге баяншы. 1924 – 1 рет;
- 6). Әліп-би. Жаңа құрал. 1926, 1927, 1928 – 3 рет;
- 7). Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін. 1924, 1926 – 2 рет;

Бұл мәлімет Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар қорынан алынды әрі осы туындылардың түпнұсқалары қорда сақтаулы. Бұл күні сандық жүйеге көшіріліп, кітапқұмарларға қолжетімді жағдай жасалған [2]. Және ең ғажабы сол, не бір қилы аласапыран тұста осы кітаптар жойылмастан жасырын сақталып келген. Алаш зиялыларының кітаптарын «жыртты, өртеді, жойды» деген дақпырт сөздер бекер. Ақиқаты, бұл туындыларды елге «жойылды» деп, «көзбояушылықпен» тәркілеген де, шын мәнінде оқу-ағарту саласы

бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізгі оқулықтарын жазу үшін қажеттіліктеріне қарай, өзгертіліп, жетілдіріліп, пайдаланып отырған.

Өйткені, осы тәркіленген кітаптардың орнын жаңа жүйе – кеңестің жасақтаған тобының оқулықтары ауыстыра алмаған. Осы қараңғыда «құлыптаулы жатқан» Ахметтің оқулықтары негізінде орта, жоғары мектептердің қазақ тілі мен әдебиетінің жазылып әрі оқытылып келгені 1990-шы жылдардан бері ғана әдебиетші, тілші мамандар өз зерттеулерінде жазып жүр. Бұдан көрінетіні: Кеңес үкіметінің Ахметтің есімін айтуға тыйым салғанымен, затын қолдануға тыйым сала алмаған. Оған дәлел: ғалымның қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атауларға анықтама беріп, қисынын қалыптастырған жүйесінің аз ғана өзгертулермен кеңес мектептерінде оқытылып келгені.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис бүтін бір бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылысын зерттеп-зерделеп, қалаудан басталды. Мұны өзі өмір сүрген тұстағы замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, тәуелсіздік кезеңдегі ғылымның тілші-мамандары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр [3, Б. 3-13].

Ғасырдың басында *«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»* - деп жазды реформатор-ғалым өзінің тіл туралы зерттеу мақаласында [4]. Сондықтан ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, аса жауапты жұмысты қолға алған. Реформаланған араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпал еткені туралы замандастары жарыса жазды. Мәселен, өз ұлтымыздың зиялылары ішінен алғаш қалам тербегендер – М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, С.Сейфоллаұлы және М.Әуезов т.б. болғанын алдыңғы бөлімде сөз еткенбіз. Яғни, тұлғаның ұшан-теңіз атқарған жұмыстары ғасыр басында-ақ айырықша аталып, жоғары бағаланды.

XX ғасыр басындағы қазақ елінің ұлттық ғылымында жүргізілген жұмыстардың бір саласы – оқулықтар жасау болғаны белгілі. Сол тұста елімізде жаңадан ашылып жатқан жоғары оқу орындарын есептемегенде, мектеп оқулықтарының өзі де жоқтың қасы болатын. Қазақ тіл білімі мен әдебиетте сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге, түрлі оқулықтар жасаудың да қажеттілігі сезіліп, маңызды мәселе ретінде алға қойылған тұста – А.Байтұрсынұлы оқулықтар жазу мәселесіне өте жауапкершілікпен ұлт мүддесі тұрғысынан қараған. Ол патша заманында қазақ жұртының қажетін өтеген кирилл таңбасындағы қазақ алфавитіне мойынсұнбаған, төтеден жол іздеген. Қазақ жұртының төл, ана тілін саф қалпында сақтау үшін қандай таңбаны «әліпби» етіп алу керектігіне зор мән берген. Әрі осы жолда тыңнан түрен салды.

А.Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды.

Атап айтсақ, 1991-ші жылы Ө.Айтбаев «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (докторлық диссертация) [5], 1994-ші жылы Н.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы» [6], 1995-ші жылы А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» [7], 2005-ші жылы Қ.Ибрайымов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» [8] атты кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды. Тілші-мамандар өз

еңбектерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таныммен байланыстыра қарастырды. Зерттеушілер А.Байтұрсынұлының айшықтары мен тұжырымдарын қазақ тіл білімінің бастауы деп таныды. Бұл күні ағартушының қайраткерлігін педагогикалық қырынан да зерттеген ғылыми еңбектер едәуір.

Мәселен, 1999-шы жылы Р.Үсембаева «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» [9], 2000-шы жылы Б. Иманбекова «А.Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» атты ғылыми еңбектер қорғады [10].

Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. М.Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да А.Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Әрі осы жолда қазақ баласы үшін түрен жол салып берді. «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманиша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманиша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар дәуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» - деп, «ана тіл» деген пәнсөздің негізгі мәні атау тұлғадағы ұғым екеніне салмақ салып, әрі төл тілдің бастау көзін ашып алады [11]. Осы мақаладағы асты сызылған тіркестердің мән-мағынасын ашып жатудың өзі артық, бірақ осы «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманиша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деп, таза арабшамен тіл сындырушылардың да төл тілінен ажырайтынын, қазақша қалпын жоғалтатынын айтып отыр. «Қазақтың тіліменен оқытуды» көксейді, сол қазақ тілінде оқытудың амал-тәсілдерін, «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетіп те берді. Ең бастысы «әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген ағартушы қазақ әрпін әрлеуді қолға алады. Енді Ахаң түзген әліпбидің кестесі ұсынамыз.

Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесі

№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы
1	2	3	4	5	6
1.	ا	ا	A	А	а
2.	اُ	اُ	-	Ә	ә
3.	ب	ب	B	Б	бы/бі
4.	پ	پ	P	П	пы/пі
5.	ت	ت	T	Т	ты/ті
6.	ج	ج	J	Ж	жы/жі
7.	د	د	D	Д	ды/ді
8.	ر	ر	R	Р	ры/рі, ыр/ір
9.	ز	ز	Z	З	зы/зі, ыз/із
10.	س	س	S	С	сы/сі, ыс/іс
11.	ش, چ	ش, چ	c, c	Ш	шы/ші, ыш/іш
12.	غ	غ	-	F	ғы

13.	ق	ق	Q	Қ	қы
14.	ك	ك	K	К	кі
15.	گ	گ	G	Г	гі
16.	ڭ	ڭ	-	Ң	ың/ің
17.	ل	ل	L	Л	лы/лі, ыл/іл
18.	م	م	M	М	мы/мі, ым/ім
19.	ن	ن	N	Н	ны/ні, ын/ін
20.	و	و	O	О	о
21.	و	و	Ö	Ө	ө
22.	ۇ	ۇ	u	Ү	ү
23.	ۇ, ۋ	ۇ, ۋ	ü, w	У, Ұ	у, ұ,
24.	ە	ە	E	Е	е
25.	ى	ى	-	Ы	ы
26.	ى	ى	I	І	і
27.	ي	ي	Ü	И	й
28.	ى :	ە	E	E	ие
	ء	ء		дәйекше	

Сонымен реформатор-ғалым әліпбидің ғылыми сипаттамасын: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты» деп жіктеп жүйелейді. Дауысты дыбыстар: ا (а), و (о), ۇ (у), ى (ы), ە (е). Дауыссыз дыбыстар: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н). Жарты дауысты дыбыстар: ۇ (у)±, ى (й)±. Бұл дыбыстардың ішінде қ һәм ғ дәйім жуан айтылады, г, к, һәм е дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстың һәр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде «...бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: «ت, س» сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ق менен غ-ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын «ك, گ» һәм харіптерді қосқанда, һәммасына 43 харіф керек болар еді» деп жазған алғашқы ана тілінің жүйесін салушы. Міне, осы қазақ тілінің табиғатына қарай дыбысталу жүйесін басшылыққа алған Байтұрсынұлы пайымын кейбір жазушылар «42 әріпті түзген» деп бұра тартып жарнамалап жүр.

Реформатордың зерттеуіндегі тереңдетіле түсіндіретін танымдарға зерде-зейін дұрыс қоя білсек, араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ екенін, өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайтынын жазады. Ислам әліпбиінің қазақ арасына қалай келгеніне тоқталады. «...Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфлерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? деген өзекті сауалды өзі көтереді, әрі оның жауабын да өзі айтады. Мұның амалы ойлауымша мынау деп дыбыстарды жүйелеп береді [11]. «...Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың харіфлерінің жуан иа жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан иа жіңішке айтылмағын айырғанымыз жөн» дейді [11].

Ғасыр басында ғалым түрлеген, әрі түзген әліпби таңбасының қазақ ұлтын сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегінде кеңес үкіметі тұсындағы зиялылардың көзқарастары мен пайым-танымына үңілсек. Тура сол тұстағы санаткер-

азаматтардың алдына қойған ұлы міндеттерінің бірі – ол бұдан әрі «қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бет-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында жүріп, өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма» деген өзекті мәселе болатын. Ұлттық тіл ғылымы саласындағы Ахмет Байтұрсынұлының әліпби түзудегі жетістіктерін лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов өте жоғары бағалаған. Және ол кім көрінгенге әліпбиді, тілді таптатпауға бар күш жігерін жұмсаған. Мысалы: «...возрежение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам нашими врагами – это наше законное наследие (...) Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан қазақтың қай-қай оқығандарының, оның ішінде қалам ұстап, қазақ намысын жыртқан әрбір еңбектің қадір-қасиетін біліп қана қоймай, «заңды мұра» деп таныған және ұрпаққа тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [12, 35-б.].

Енді Ахмет жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен даралығына үнілсек. Қазақ даласында қазақ мектебінің негізін салған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [13, 227-б.], А.Байтұрсынұлы оны «Зат есім» деп атады [14, 160-б.]. Ал «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына тұңғыш ағартушы «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп балама берсе [13, Б. 238, 243], кейінгі оқытушы «Сын есім», «Сан есім» деген атау-ұғым берді [14, 162-б.]. «Местоимение» деген орыс терминіне алғашқы ұстаз «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [13, 248-б.], кейінгі әдіскер «Үстеу», «Демеу» дейді [14, Б. 165-166]. Бүгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдарды білдіретін пәнсөздер. Бұл қазақ тілінде қисындардың қалыптасуы үшін, алдыңғы буын өкілдерінің жіберген кемшіліктерін түзеп-түрлеу арқылы ХХ ғасырдың басында қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтарының заңдылықтарын жасаушы, Ахмет Байтұрсынұлы болғанын айғақтайтын дәйектер.

Қазіргі бастауыш мектептерге арналған 1-сынып әліппесіндегі «Қазақ алфавитінің» авторын ажырата алмайтын оқытушылар бар екені де жасырын емес. Ақиқатында, есімі аталмаса да Байтұрсынұлының төте жазудағы «28» таңбамен түзілген әліпбиі аз ғана өзгеріспен кеңес кезеңіндегі мектепке, яғни, бірінші латын, сонан соң кирил әрпіне қопарылып, көшіп отырды... Осылайша ағартушы түрлеген ана тіл ұрпағына жылдар бойы қызметін көрсете берді. Мұны бүгінгі қазақ ғылымы жоққа шығара алмайды, тек аракидік жаңсақ пікірлерге, мәселен, «А.Байтұрсынұлы 42 әріпті жасаған» дейтін кейбір қате ойтұжырымдардың баспасөз беттерінде белең алуы ойландырады. Сондықтан «Қазақ әліпбиі, қазақ жазуын жетілдірудегі Ахмет Байтұрсынұлының рөлі» деген тақырып аясында мектеп бағдарламасына арнайы сағат бөліп оқыту өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиіне 1924, 1931-ші жылдары «Байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» деп атап, түркі әліпбилері ішіндегі ғылыми жүйеленген ірі жетістік деп қабылдаған. Мәселен, Мәскеуде 1931-ші жылы жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-ші томына осы Ахат реформалаған әліпбиі «Казахский (Байтурсуновский алфавит)» енгізіліп, орыс ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болған [15, 23-б.]. Біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі А.Байтұрсынұлы емлесі негізінде жасалғанын ескере бермейміз. Және ғасыр басында Байтұрсынұлы таңдаған төте жолдың байыбын дұрыс ұғынбаудан жазу мәдениетінде өркениетті елдерден кейін қалып, әлі күнге «қай жазуды алу керек» деген тартысты-айтысты мәселенің жетегінде жүрміз.

Негізінен, төте жазуға тұрақтамауға сол тұстағы саясат та әсер еткен болуы керек. Дегенмен өркениетті елдердің ғалымдары жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы емлесінде тұрақтылық танытқан болсақ, оңынан жазылатын хариіптің қасиетін басқаша ұғар ма едік. Ислам дінімен бірге келген «әліптің» адамзат баласын игілікке жетелері хақ екенін ойтүйсігімізбен қабылдағанмен, ұзақ жылдар кирил әрпімен құрсауланған сана шырмауынан

шыға алмай жүргеніміз де шындық. Десек те орыс ойшылдары аса жоғары бағалаған «Байтұрсынұлы әліпбиінің» астарына әлі де үңіле түсу – біздің ұрпақтық парызымыз.

Сонау қиын қыстау, сын сағаттың өзінде қазақ зиялылары елінің, жерінің мақсатына бағытталған игі істерді қашанда бағалағанын және мүмкіндігінше сақтап қалуға өз басын өлімге тіге отырып, батыл шешімдерге бір «тәуекел» арқылы барғанын – олардың артында қалған мұралары айғақтайды. Кейде сол тұстағы заман ағымына қарай бұра сөйлеуге партия алдында мәжбүр болғандарымен, ұлттық нақыштағы мәдени мұраларды, мейлі олар «халық жауының» қолынан шыққан жетістіктер болса да, бұл «біздің заңды мұраларымыз» деп қорғаған. Олардан «бас тартуға болмайды» деп, сол тұстағы оқу-ағарту саласына керегінше жаратудың тиімді жолдарын қарастырған. Олар айтқан өзекті ойлар – бүгінгі тіл танымындағы құнды ойлар болып қала берері де хақ. Өйткені, ғасырдан ғасырға заман алға озған сайын заманауи саясаттың жетегінде кетпей, ұлттық болмыстың бірден бір белгісі – әліпбиді қаймағы бұзылмаған күйде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді – ұлттық мүдде деп түсінген жөн.

Тілұстарту: Оқу құралы. Қазақша алифба (1912). Бұл кітап алғаш рет 1912-ші жылы Орынбордағы жарық көрген. Автордың «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген [16]. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «*Би исми-иллаһи-рахмани-рахим*» шырағдандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, соңына қазіргідей шұбыртпалы ұзыннан-ұзын мәтіндер емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық мәселен: Туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады. Оқу құралының екінші кітабы алғашқы әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 1913-ші жылы шықса, «Әліппе – астары» атты әліппеге жетекші құралы 1924-ші жылы жазылған. Осы оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925-ші жылдары жиі басылым көруі айғақ. Кітап ғалымның аяулы есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҰҒА-ның Тіл білімі институтының дайындауымен 1992-ші жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді [16, Б. 33-47].

Сондай-ақ, Қырғыз республикасының филолог-ғалымы Дыйканов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914-ші жылғы басылымын 1991-ші жылы 5000 данамен қайтадан бастырды [18]. Кітап қаз-қалпында, яғни төте жазумен жарияланды. Ал кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмады. Ұлттық кітапхананың сирек қорында бұл 1912-ші жылғы кітаптың қандай да данасы сақталмаған. Бұл оқулық тек Тіл білімі институтының мұрағатында ғана сақталса керек.

Әліп-би. Жаңа құрал (1926). Оқулық 1926-шы жылы бұрынғы Оқу құралы Қазақша алифбаға жалғасты кітап ретінде жазылған [16]. Кітап 14 жылдан соң қолданылған тәжірибе сынақтан өтіп қайта өңделіп, 1926-шы жылы Қызылорда баспаханасынан шыққан, 1928-ші жылы тағы басылды. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927-ші жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928-ші жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-нші рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927-ші жылдары жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. Бірақ, ол басылымдардың мәтінімен толық танысудың мүмкіндігі болмады. 1926 және 1928-ші жылғы басылымдарды салыстырғанда өзгерістер байқалмады.

1928-ші жылғы нұсқа 1992-ші жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді [16, Б. 49-89]. 1992-ші жылғы басылымда түпнұсқадағы суреттер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сурет болу керектігіне ескертпе айтылады да төте жазумен қатар кирилше жазылуын берген. Мәселен, 1926-шы жылғы нұсқада әр тақырыпқа қажетті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың қабылдауына жеңіл болатынын негізге алған әдіскер-ұстаз кейінгі басылымда да суреттердің көрнекті болғанын

назарда ұстаған. 1992-ші жылғы басылымда өкініштісі суреттер басты назарда болмаған, түпнұсқадағы 32-беттегі: «Кім табады?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 суреттің тақырыпқа сай орны, «Тіл тағылымы» жинағында басқа 54-бетке ауысып кеткендіктен суреттің төменгі жағында берілген жұмбақты шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығында «түсініксіздеу» болып тұр. Осы сынды кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мысалы, сүгірет-сурет, қаріп-әріп, қадымше-қадымша, бүтін-бөтен т.б. сөздер өзгеріске ұшыраған.

1928-ші жылғы түпнұсқа – 1998-ші жылы ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай, әрі соңғы басылымның 70 жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен қайта жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолданған жазуды дөп басып, нақ тануға мүмкіндік береді. Және төте жазуды үйренгісі келген оқырманға бірден бір көмекші құрал іспетті. Бұл кітаптың 1928-ші жылғы басылымнан шартты баспа табақ жағынан айырмашылығы жоқ. Екеуі де 114 бетпен аяқталып тұр. Тек кейбір тұстары мәселен, ішкі мұқабадағы: «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіңдер!» деген ұранды тіркес түсіп қалса, шығарушыдан берілген аңдатпаның ретімен тізбектелген төртінші азат жол үшінші жолға қосылып берілген. Ал 7-бетте: «мұғалімдерден-мұғалымдардан», «жанастырыб-жамастырыб», «жүзіндегі-жөніндегі» деген сөздер өзгерген.

Келешекте бұл оқулықтарды салыстырып, әр жылдары қайта жарық көрген оқулықтардың аражігін: айырмашылығы мен жаңалықтарын салғастыра қарастыру филолог мамандарға парыз.

Қорыта айтқанда, Қазақ тілінің пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетті оқытудағы қолданылып жүрген оқулықтардың басым көпшілігі «іргетассыз үйлер» сықылды. *Үйренуші* былай тұрсын, *үйретушінің* өзі *түсіндірме сөздіксіз* түсінбейтін мәтіндерден құралған. Хакім Абай айтқандай: «...*Бас басына би болған өңшең қиқым*» дегендейін, айналдырған 2-3 жылда оқытушы «оқулық авторы» болып шығуда. Шындығында, сапасы сын көтермейтін 90 оқулықсымақтан гөрі, білім министрлігінің арнайы тапсырысы бойынша тәжірибелі әдіскер-оқытушылар тарапынан жазылған 9 оқулық маңызды болмақ.

Ал, министрлік нағыз қазақ тілінің нағыз әдіскер-ғалымдарынан қалған *нағыз ұлттық мұраларды* – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алса, «сөз бұйдаға салынған қазақ тілі мен асыл сөз өнері» бүгінгі замануи *дәрісхана* тыңдармандарына ғана емес, барша қазақстандықтарға оқытып-үйретуде оң әрі оңтайлы нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап №1, Б. 12-13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ №29, 7 қыркүйек 1913.
2. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.
3. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Тілтаным №2, 2001, Б. 3-13.
4. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі // Айқап № 4, Б. 84-86, 1911.
5. Айтбаев Ө. Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1991.-350 б.
6. Машканова Н. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы 1994.
7. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Автореферат. – Алматы, 1995.-25 б.; Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Орал, 1998.-132 б.

8. Ибраймов Қ. А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2005.-27 б.
9. Үсембаева Р. Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. Автореферат. – Алматы, 1999.-26 б.
10. Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Автореферат. – Алматы, 2000.-25 б.
11. Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // Қазақ №34, 16 қазан 1913.
12. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп» №7-8, 1933., 35-б.
13. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.-288 б., Б. 227-248.
14. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 33-47.
15. Казакский (Байтурсуновский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв. ред.: Луначарский). Т. 5., – Москва, 1931., С. 23.
16. Байтұрсынов А. Оқу құралы. Қазақша алифба. – Бишкек: Периодика, 1991.-97 б.
17. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Қазақ тілінің тілінің сарфы. 1-нші жылдық: Дыбыс жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1914.-53 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 141-171, 173-198.

І. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ, ЖАЗУ, ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Амантайқызы Гүлжанар

*«Ұлт болмысы» журналының бас редакторы
gulzhanaramantai@mail.ru*

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық жағдайлары туралы мақалалар жариялай бастады. «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналы арқылы қазақ публицистикасы дүниеге келді. Әдебиетте де жаңа жанр түрлері өркендей бастады. Соның ішінде өркендеген, кең құлаш жайып, күрес құралына айналған публицистика болды.

Осының барлығы жинақтала келіп, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін туғызды, олар осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналды, ұлттық публицистиканы дамытты. Ақаңның аты аталған жерде «Қазақ» газеті қоса аталады. Ахмет Байтұрсыновтың тыныс тіршілігіндей болып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газеті халқына үлкен қызмет жасады. «Қазақ» газеті — Ақаң көсемсөзінің айнасы іспеттес. «Қазақ» газеті Ахаң көтерген идеяны публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды.

Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы — надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», — деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етті.

Жалпы Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзі төңірегінде және ол кісінің сөз саптаудағы шеберлігі жөнінде ой қозғар болсақ ойымызға бірден Мұқаң оралады.

Мұхтар Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы /юбилей/» деген мақаласында «сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын» деген сөздері «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсыновтың болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғанын байқаймыз

Ал, қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық, әдеби-теориялық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, қазақ поэзиясы туралы ғылыми мәндегі жаңа әдеби-теориялық көзқарасты туғызды. Қазақ баспасөзі бетіндегі бұлар тәріздес және тікелей әдебиет мәселесіне арналған сыни мақалалар ұлт әдебиетін тануға деген ұмтылыстың ілгерілей түскенін дәлелдейді. Сөзімізді түйіндей айтсақ, әдеби-теориялық ұғым-түсініктер қазақтың жазба әдебиетінің дамуымен тығыз байланыста көрініп, қазақ баспасөзі бетіндегі мақалалар арқылы өркен жая бастады. Олардың ішінде А.Байтұрсыновтың мақалаларының маңызы ерекше екені, айтпаса да түсінікті. Қорыта келгенде, әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікір А.Байтұрсынов ғылыми жұмыстарға араласқанға дейін-ақ ұлт әдебиеті тарихы мен теориясының мәселелерін танымдық тұрғыда батыл көтере алғанын көреміз. Ахмет Байтұрсыновтың — қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа

жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты. Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр.

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім-тәрбиелік маңызы ашылған. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», — деп жоғары бағалайды [1; 219]. Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», — деген Ақан сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [1; 220]. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынов өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады. Мұның бәрі азаттық туын қазақ көсемсөзінде желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деген Абай дәстүрін тарихи сабақтастықпен дамытқан. XX ғасыр басындағы көсемсөз өзіндік Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзіндегі ... Серия «Филология». № 2(62)/2011 77 ерекшелігімен жаңа бір қырынан танылды.

Ақан сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақан және Ақан мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ядринцев Н. Заселение киргизских степей // Восточное обозрение . – 1882. – № 19.
2. Чермек Л. К. Исчезновения киргизов // Қазақстан. – 1911. – 11 қараша.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 35б.
4. Бөкейхан Ә. Мұсылман съезі // «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 118-119бб.
5. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 195 б.
6. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарасының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 181 б.
7. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 414 б.
8. Байтұрсынов А. Орынбор. 2 ақпан // «Қазақ»

ТІЛ БІЛІМІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Аширова Анар Тишибайқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
anara_314@mail.ru

Біз қазақ тіл білімінің дамуы, негізі қалануы туралы, білім беру жүйесінің әдістемелік құралдарының пайда болуы туралы, ұлттың ғылыми-теориялық көзқарастарының қалыптасуы туралы, және осы өзгерістердің барлығына қарамастан ұлттық ерекшелігінің сақталып қалуы туралы сөз қозғағанда жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңіне қараймыз. Және сол кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне үңілеміз. Сосын осы кезеңнің қазақ әдебиеті мен мәдениеті тұрғысынан ғана емес, педагогика, психология, филология, тарих, қысқасы ғылымның бар саласы бойынша қазақ өркениеті дамуының алтын ғасыры болғандығын түсінеміз. Ал сол Алашорданың ішінде өз заманының қайраткер тұлғасы ғана болып қоймай, өзінен кейінгі күллі ұрпаққа рухани көсем болған азамат – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – қазақ халқына мәңгілік азық боларлық еңбектердің иесі.

А. Байтұрсынұлы – қазақ әліппесінің авторы. Ол қазақ тілінің тілдік ерекшелігін сақтай отырып, төте жазудың және біраз уақыттан кейін латын әліп-биінің қазақ тіліндегі нұсқасын жасап шықты. Тілдегі әріппен дыбыстың тең, фонемамен графеманың сәйкес болуы керектігін баса айтып, сол жолда көптеген ізденістерге барған. Мәселен, тілдегі жуан айтылатын әріптермен жіңішке айтылатын әріптер барын ескере отырып, ол былай жазады: «...Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек. Бұған дайым (ылғи) жуан айтылатын «к» мен «ғ»-ны қосқанда, дайым жіңішке жазылатын «к» мен «г»-ні қосқанда, бәріне 43 белгі(әріп) керек» [1. 324].

Ол тек қазақ тілінің ғана емес түркі тілдерін оқытудың жолдарын қарастырады. Оған мысал ретінде түркі халықтарының ана тілін оқу жөніндегі қарарды баптарға бөліп қойғанын көреміз. Өз ойын қорытындылай келе былай аяқтайды. «Тіл білімі ереже жаттатау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана(мағына -), қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске(кірмеуі -) керек» [1. 416].

Сонымен қатар түркі тілдеріндегі оның ішінде қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекшелігін көрсете отырып, тек дауысты дыбыстар ғана емес, дауыссыз дыбыстардың да осы заңға бағынатынын таныта келіп, «Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» екенін көрсетеді [1. 328]. Және осы үндестік заңы әсерінен әріптің фонемадан аз болатындығын түсіндіреді.

Қазақ жазу ілімінің негізін қалаушы: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз» дейді [1. 322]. Бұл ғылыми терминологияны қолданбай-ақ қарапайым оқушыға түсінікті тілмен жазылған теория. А. Байтұрсынұлының тағы бір ерекшелігі әр терминді қазақыландырып отыруы. Бұл туралы оның өзі: «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кемітіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. ...Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ: қазақ тілінің табиғатына хилаф (жат -) келетін емле жоқ. Еділден Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір» дейді [2. 308].

Ол жазу тілінің жұп-жұмыр болып шығуы үшін көп ізденген. Өзге ғалымдардың үлгісіне қарай отырып, тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі болса, тәртіпті жазу болатынын түсінген және осы арқылы сөйлеу мен жазуда нақтылық болатынын түсінген тұңғыш ғалым. Сонымен қатар жалғаулардың дұрыс жалғануына алғашқы боп мән берген. «Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. ...«Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп кәнә өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды» [2. 309]. Яғни ғалым қазақ тілінің жазу үлгісін ғана жасап қоймаған. Ол тілдің әдемі айтылуы, тыныс алу жолдарынан еркін шығып, құлаққа

жағымды естілуінде қалаған. Қазақ тіл білімінің өзге түркі тілдес елдерден озық кеткен тұсы да осында.

Әлемдегі көптеген тілдер тіл біліміндегі терминдерді латын, ағылшын, француз тілдеріндегі нұсқасымен пайдалана береді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін алдымен қазақтың өзіне түсінікті ету үшін оларды біздің тілге ыңғайластырып аударады. Мәселен, тыныс белгілердің атауына тоқталайық. «тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (=), тастарлық (-), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!)» [1. 337].

Қазақ тіл білімінің негізгі әрі алғашқы оқулықтарының бірі – «Әдебиет танытқыш». Ғалымның бұл кітабы туралы З. Ахметов өз пікірін былай білдіреді: «Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» [3. 168]. Қарап отырсаңыз біздегі қазір қолданып жүрген өлең құрылысы, әдебиет теориясының барлығында осы терминдер қолданылады. Және біз қазір әр шығармаға тиесілі деп айтып жүретін «кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды» деген терминдердің А. Байтұрсынұлы ұсынған нұсқалары тіптен айшық көрінеді. «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [4. 165]. Ғалымның «Тіл құралы да» аса үлкен зерттеулер арқасында жазылып шыққан. Бұл туралы профессор Ө. Айтбаев өз зерттеуінде былай дейді: «А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда, оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды» [5. 32].

А. Байтұрсынұлы біздің заманымызда өмір сүргенде қазіргі білім саласындағы реформалардың көбін сынар ма еді деген ой келеді. Оның «Қазақша оқу жайынан» аталатын мақаласын алып қарайық. Алдымен біздегі көптеген оқулықтардың өзге тілдерден тікелей аударылғанын ескеріп: «Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс (дұрыс белгілеу керек -)» осылай дер ме еді [2. 52]. Біздегі үш тілдік оқыту жүйесіне қатысты ғалымның «Бастауыш мектеп» мақаласындағы ойды жүйелеп жеткізуге тырысайық. Оның пікірінше әуелі бала ана тілінде оқуы қажет. Оның ана тілінде оқығаны өзге тілді оқып үйренуге бастама ғана болуы керек. Оқушы бастауыш мектепті бітірген соң өзге тілді оқуды қажет деп тапса оқуы керек. Осы кезде тағы бір айта кетерлік жай. Ғалым қазақ әліппесін латын қарпімен жасады. Неліктен кирилл әріптерімен емес. Оның сөзімен айтқанда: «қазақты орысқа аударамыз(айналдырамыз -) деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді» [2. 55]. Демек ол қазақты орыстанып кетуден сақтағысы келген. «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. ...Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [2. 53]. Бүгінгі күні әр мекеменің тұрарлық сөз осы болар.

А. Байтұрсынұлы жай ғана ағартушы, ақын, ғалым ғана емес. Ол - өз заманының ұлы ойшылы. Ол – қазақ мәдениетін көтеруге бар күш жігерін жұмсаған тұлға. «Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады. ... Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. ...Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» [6. 80-81]. Осылайша ол қазақ әдебиетін көтеру арқылы білімін көтеруді білімін көтеру арқылы танымын жоғарлатуды, ол арқылы азаттыққа жетуді көрсетеді. Және осы жолда қазақ қаламгерлерінің аянбай жұмыс жасауын талап етеді.

А. Байтұрсынұлының әдеби шығармаларының ішіндегі өзгелерден озық тұратыны «Маса» мен «Қырық мысал». «Маса» деген атты қоюының өзі ызындап елін оятудың мақсаты екенін бізге белгілі. М. Әуезов «Қазақ» газеті туралы сөз сөйлегенде: «Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп,

ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын» дейді [3. 157]. Бұдан артық түсіндірудің қажеттілігі де болмас. Ал «Қырық мысал» Абайдан, Ыбырайдан бастау алған аудармашылардың жолын жалғады. Қазақ ақындарының ішінде Крыловты аударғандар көп болды. Алайда А. Байтұрсынұлының аудармалары ерекшеленіп тұрады. Көптеген әдебиетшілер оның Крылов аудармаларын қазақиған және түйінделген деп жазады. Біз бұған аударманың тағы бір қырын көрсетелік. Олардың барлығы қазақтың ішіндегі сол кездегі кері кеткендерді сынауға бағытталған. Мәселен, «Маймыл мен көзілдірік» аудармасында көзілдірікті көзге тағу керектігін ұғынбаған маймыл оны құйрығына байлап, тіпті иіскеп, жалап та көреді. Сосын «мұның қай жері жақсы көруге көмектеседі» деп түсінбей дал болады. Аяғында көзілдірікті шағып тынады. Крылов мұны осы күйінде қалдырады. Ал А. Байтұрсынұлы оның мәнін ашып, оқырманға түсініктеме бере кетеді:

«Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,
Маймылша іс ететін көп надандар.
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?» [7. 62]

Ғұлама ойшыл ғылымның әр саласына қазақ тілінде анықтама беріп, олардың атасы пайымдама яғни біз қазір оқып жүрген философия деп бекітеді. Бұл сөздерге дәлел ретінде ғалымның өз сөзін келтірелік. «Нәрселер арасында қандай сабақтастық, іліктестік, құрмаластықтың бар екенін ашу жағын, олардың бар болуы қандай себептер мен қандай заң бойынша екендігін айыру жағын пайымдап, ғалым адамдардың шығарған сөздері пән шығарма деп аталады. Пән шығарманың асылы пайымдама болады. Сондықтан пән шығарманың жалпы аты да пайымдама болады» [8. 401-402].

Қорыта келгенде айтарымыз оның тұла бойы, ой-санасы қазақилық, әрбір сөзі, шығармасы елдің мұң-мұқтажын көрсетіп, азаттығын көксейді. Ол – қазақ тіл білімінің атасы. Оның мұрасы бүгінгі күнге дейін қандай құнды болып келсе, бұдан кейін де құнды болып қала бермек. Кешегі Кеңес Одағы кезеңінде оның шығармаларын тануға мүмкіндігіміз болмады. Соның кесірін көріп те, сезініп те жүрміз. Ол туралы З. Қабдолов: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік болады деп келдік...» дейді [3. 167]. Ендігі мақсат уақыттың есесін қайтарып, оның шығармаларының тереңіне үңіле түсу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, - 1992.
2. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. Т 2. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, - 2014.
3. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, - 2009.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, - 2003.
5. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі, - Алматы, 1991.
6. Күзембаев В.Қ. Ұлттың ұлы ұстазы, - Алматы: Комплекс, - 2001.
7. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы, 5-том, - Алматы: Алаш, - 2003
8. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, - 1991
9. Әбдиманұлы Ө. А.Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. - Алматы: Арда, - 2007
10. Мағыпарұлы С., Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті. - Алматы: Фолиант, - 2011
11. Тілешов Е, Әріпбекова Г. Алаштың ардағы. - Астана: Зерде, - 2008
12. Рымғали Н. Қазақ әдебиетінің Алтын ғасыры. - Астана: Күлтегін, - 2002
13. Байтұрсынұлы А. Маса. - Алматы: Раритет, 2005

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Ахметалиева Гүлишат

аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Зайсанбаев Төлеубек

филология ғылымдарының кандидаты

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Күнделікті өмірде адам баласы бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды. Қоғам үшін аса маңызды бұл құбылыстың сырын ашуға адамзат ерте кезден бастап-ақ талпыныс жасаған. Тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттеу бірден қалыптаса қалған жоқ. Тіл дыбыстарының жасалуын жолдарын, дыбысталу ерекшеліктерін зерттеуде бір-біріне қарама-қайшы пікірлер көп болды. Ондай талас-тартыстар қазақ тілін зерттеуде де орын алды. Мәселен, қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны, жасалу жолдары туралы пікір қайшылықтары әлі де бар. Бұл мәселелерді ашып көрсету үшін қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы бұрын-соңды жазылған зерттеулердің негізгілеріне аз-кем тоқтала кетейік.

Қазақ тілін ғылыми түрде зерттеу XIX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысынан басталды. Ресей империясы қазақ жерін саяси-әскери басқарудың бір жолы ретінде қарап қазақ тілін зерттей бастады. Миссионерлік мақсатта жазылса да бұл еңбектердің қазақ тілі білімі үшін маңызы зор. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп жіктеуде бұл еңбектерде көптеген кемшіліктер болғанына дауысты, дауыссыз дыбыстарға арнайы тоқталу барысында көз жеткізуге болады. Ал қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуде бірден-бір дұрыс жолда болған адам – ұлы ғалым А.Байтұрсынұлы болды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары Е.Омарұлының, Кемеңгерұлының, Х.Досмұхамедұлының т.б. қазақ тілі туралы жазғандарынан А.Байтұрсынұлының еңбектеріне сүйенгенін байқауға болады. Әсіресе Х.Досмұхамедұлы өзінің еңбегінде «Тіл – құралда да осыны айтады» деген сияқты сөйлемдер арқылы сілтеме жасап отырған. Сол кездегі қазақ зиялылары әр түрлі мамандық иелері болса да, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуге, халықтың сауатын ашуға барынша ат салысқан. Олардың тіл, әдебиет жайлы, ғылымының түрлі саласында терминдерді қалыптастыру туралы жазған еңбектері әлі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ, себебі олардың ұстанған бағыты – ұлттық бағыт еді. Сол кездегі қазақ зиялылары ұлт тілінің тазалығын сақтауға тырысты, ғылыми терминдерді ұлт тілінің негізінде қалыптастырмақшы болды, басқа тілден кірген сөздерді ұлт тіліне бейімдеп алуды қолдады.

XIX ғасырдың орта тұсында қазақ тілін зерттеген Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радловтар қазақ сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естілсе, солай жазып алып отырғандықтан, қазақ тілі дыбыстарының сөйлеу барысындағы өзгерістерін дәл таңбалады. Олар сингармонизм құбылысының сырын түсініп, ол туралы теориялық пайымдаулар жасаған [1, 5-6]. Дегенмен, олардың зерттеулерінде азды-көпті қателіктер де болған. Мәселен, Н.И.Ильминский қазақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деп есептеген (**а–ä, е, ы, і, о, ö, у, ү**). «Н.И.Ильминский тіл алды ашық **ä** (э) дауыстысын дербес фонема түрінде қарамай, **а** дауыстысының варианты ретінде түсініп, оны дауыстылардың тобынан шығарып тастайды» [3, 28]. Ал В.В.Радлов болса **w** (**у**), **j** (**и**) дыбыстарын жартылай немесе аралық дауысты дыбысқа жатқызады [3, 29]. Сондай-ақ бұл үш ғалым да қазақ тілінде қос дауыстылар бар деп қате тұжырым жасаған [3, 6].

Ұлы ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін нақты анықтады. Ол бұған дейін орыс ғалымдарының назарынан тыс қалған, қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін көкірек көзімен түйсініп, дұрыс тұжырымдар жасады. 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» деген мақаласында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 дыбыс бар, олардың бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыс деп жазады. Сөздердің жіңішке екенін білдіру үшін дәйекші белгіні ұсынады. «Сөздің алдында тұрған

жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың қаріптерін жіңішке оқимыз; дауысты жіңішке оқылса, олармен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады» [4, 239-240],– деп, қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар толықтай дауысты дыбыстың ықпалында болатынын дұрыс көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы да, сондай-ақ өткен ғасырдың 20-30-жылдары қазақ тілі дыбыстары туралы зерттеу еңбектер жазған Е.Омаров та, Қ.Кемеңгерұлы да қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыз дыбыстарға жатқызып жүрген дыбыстарды жартылай дауысты дыбыс деп таныған. А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы шыққан «Тіл құралы» мен 1925 жылғы «Тіл - құралын» салыстырып қарағанда оның жартылай дауысты дыбыстарға деген көзқарасын аздап өзгерткенін профессор О.Жұбайдың зерттеуінен көруге болады. Профессор О.Жұбай А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров және Қ.Кемеңгерұлының қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы көзқарастарын мынандай кестемен көрсетеді:

А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1915	А.Байтұрсынұлы Тіл – құрал 1925	Е.Омаров Қазақ тілінің дыбыстары	Қ.Кемеңгерұлы Грамматика Казахского языка
Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е	Дауысты: а, о, ұ, ы, е
Жарты дауысты: у, и	Жарты дауысты: у, и, р, л	Жарты дауысты: ымыралы: у, и, р, л ымырасыз: м, н, ң	Жарты дауысты: у, и, р, л

[3, 6].

Кестеден өткен ғасырдың басында қазақ тілін зерттеушілер қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыз деп аталатын дауыссыздарды жартылай дауысты деп танығанын көреміз. Ал Е.Омаровтың «ымаралы», «ымырасыз» деп атағандары қазіргі қазақ тілінде ызың, шұғыл үнді дауыссыздар деп аталып жүр.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар туралы А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары осындай пікірлер айтқа. Ал қазақ тіліндегі дыбыстарға артикуляциялық сипаттама бергенде орыс тілінің фонетикалық зерттелуін басшылыққа алған І.Кеңесбаев орыс тіліндегі фонетикалық заңдылықтарды, құбылыстарды қазақ тілінің бойынан да іздестіруді басталды. Нәтижесінде, көп жағдайда, фонетикалық құбылыстарды орыс тіліндегідей етіп түсіндіру дәстүрге айналды. І. Кеңесбаев орыс тіліндегі **и** мен **у** дауыстыларын қосып қазақ тіліндегі дауыстылар санын 11 дауыстыға жеткізді. Кейінірек І.Кеңесбаев, А.Ысхахов, К.Аханов «Қазақ тілі грамматикасы» деген еңбектерінде орыс тіліндегі **э** дыбысын қосып, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар санын он екіге ұлғайтты [5, 12]. Осыдан бастап мектептерге, орта және жоғары оқу орындарына жазылған оқулықтар мен, оқу құралдарында қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар деп жазылатын болды. [6, 23; 7, 53; 8, 37 т.б.]. Ал профессор Мырзабектен Сапархан қазақ тілінің байырғы төл сөздерінің құрамында 9 дауысты дыбыс бар, ал **у** мен **и** орыс тілінен енген сөздердің құрамында ғана дауысты болады деп есептейді [9, 12-20]. Әрине Мырзабектен Сапархан орыс тіліндегі **у** мен **и** дауыстылары қазақ тіліне сіңбегенін жақсы білген, бірақ сол кездегі саясат солай жазуға мәжбүрлеген. Еліміз тәуелсіздік алып, ұлт мәселесін батыл айтуға мүмкіндік туған кезде жазған «Қазақ тілінің айтылым сөздігі» деген еңбегінде былай деп жазады: «Соңғы мың жылда, Ақымет опат болғанға дейін, сырттан бір дыбыс енді дегенді білмейміз. (Орыс тілінде де соңғы 200 жылда жаңа дыбыс енгенін оқи алмадық). Олай болса, тілдің дыбыстық құрамы ғаламат тұрақтылығымен ерекшеленеді. Сол үшін де ол – тілдің жаны, өзі. Тіл мәңгі болса, ол да мәңгі. Оның қатары бұзылса, тіл де бұзылады» [10, 8].

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев т.б. сияқты ғалымдар салған жолға түсіп, саясаттың ықпалымен кеткеннен бастап, тіліміздегі барлық фонетикалық құбылыстар орыс тілінің фонетикалық заңдылығымен салыстырыла зерттелетін болды. Ал қазақ фонетикасының зерттелуіне профессор Ә.Жүнісбек түбегейлі өзгеріс енгізді. Профессор Ә. Жүнісбек қазақ тілі фонетикасының орыс тілінің үлгісімен зерттелгенін, көптеген

тұжырымдардың орыс тілінің үлгісімен жасалғанын сөз етеді. Сөйтіп, фонетика туралы зерттеудің мұндай бағытын «еуропоцентристік» немесе «еуропа-өзімшіл» бағыт деп атайды. Үндіеуропа тілдері үшін *фонема*, тай-қытай тілдері үшін *тонема*, түркі тілдері үшін *сингема* терминін қолданған дұрыс болады дейді. Осыған байланысты түркі тілдері үшін аллофон термині де келмейді деп Ә. Жүнісбек түркі тілдері үшін аллосингема терминін қолданады. Ә. Жүнісбектің талдауы бойынша қазақ тілінде үш тірек дауысты бар бар. Олар: жалаң дауысты **а** (екі аллосингемадан тұрады **а, ә**), жалаң дауысты **ы** (төрт аллосингемадан тұрады **ы, і, ұ, ү**), құранды (дифтонг) дауысты **о** (үш аллосингемадан тұрады **о, ө, е**) [3, 47-48]. Ә. Жүнісбек қазақ тілінің дыбыстық құрамын зерттеген көптеген зерттеушілердің **ә** дыбысы араб тілінен енген деген тұжырымдарын жоққа шығарады. Бұдан басқа тілден сөз алмайтын тіл болмайды, бірақ ол сөздерді өзінің тілдік заңдылығына бағындырып алады деген қорытынды жасауға болады. Ал тіл атаулы басқа тілдерден дыбыстарды қабылдамайды. Ал тілге тән емес дыбыстар жазудың әсерінен, жасанды түрде енуі мүмкін. Қазақ тіліне ешбір тілден дыбыс енген жоқ. Оны А. Байтұрсынұлының: «Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған» [16, 248], – деген сөзімен түсіндіруге болады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар туралы зерттеулерге қысқаша шолу барысында қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс (4 жуан, 5 жіңішке) бар деген тұжырымды қолдаймыз. Ал орыс тілінен енген сөздерде дауысты деп қазақ тілінің дыбыстық құрамына енгізіліп жүрген **у, и, э** дыбыстарын қазақ тілді адам тура орыс тіліндегідей етіп дыбыстай алмайды. Арнайы дайындықпен ғана айтуға болатын дыбыстарды тілімізге сіңісіп кеткен дыбыстар қатарына жатқызудың ешбір жөні жоқ. Жат дыбыстарды мүлтіксіз айтуға қазақ тілінің артикуляциясы мүмкіндік бермейді және ешбір елде басқа тілден енген сөздерді дыбыстау үшін деп әліпбиіне тілдің табиғатында жоқ дыбыстарды қоспайды.

Қай тілде болмасын дауыссыздардың санының дауыстылардан әлдеқайда көп болуы және олардың жасалу жолының күрделілігі оларды жіктеуде біраз қиындықтар келтіреді. «Дауыссыздардың кейбіреулері дауыстың (үннің) қатысуымен жасалса, қайсыбіреулері дауыстың қатысуынсыз жасалады. Осыған орай, дауыссыздар екі топқа бөлінеді: оның бірі – *қатаң дауыссыздар*, екіншісі – *ұяң дауыссыздар*. Қатаң дауыссыздар деп дауыстың қатысуынсыз жасалған дауыссыздарды айтамыз да, ұяң дауыссыздар деп дауыстың қатысуымен жасалған дауыссыздарды айтамыз» [11, 316]. Профессор К. Аханов дауыссыздарға осындай анықтама берсе, профессор Мырзабектен Сапархан дауыссыздар салдырдан жасалады, тонның қатысуы да қатыспауы да мүмкін, дауыссыздарды айтқанда ауа кедергіге ұшырап қарқынды шығады, дыбыстау мүшелерінің кейбіреулері ғана қатысады, дауыссыздар буын құрай алмайды деп дауыссыздардың басты-басты ерекшеліктеріне осыларды жатқызады [9, 11-12].

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны мен сапасы әлі күнге дейін толық анықталған жоқ деп айтуға толық негіз бар. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, н), екі жарты дауыссыз (шолақ **у**, шолақ **й**) бар деп нақты көрсетіп кетсе [9, 270], Кеңес Өкіметі кезінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерді орыс тіліндегідей етіп жазу үшін орыс тіліне тән дыбыстар қазақ әліпбиіне енгізілді. Осыдан бастап қазақ тілінде неше дауыссыз бар дегенді анықтай алмайтын дәрежеге жеттік. Тіпті қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы жазылған еңбектерден әріп пен дыбысты ажырата алмау сияқты кемшіліктер де кездесіп қалады. Мәселен, Ғ. Әбуханов: «Қазіргі қазақ тілінде 37 дыбыс бар да, 42 әріп бар. Қазақ тіліндегі сөз мағынасын және сөз тұлғасын түрлендіруге жарайтын фонемалар мыналар: **а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э**» [8, 35], – деп **щ** әрпін бірде фонемалар қатарына қосса, бірде: «**Щ** әрпі қазақтың *ащы, тұщы, кеңсе* деген байырғы сөздерінде ғана жазылады да, *ашишы, қашшы, шашшы* сияқты сөздерде **щ** әрпі жазылмайды. Ол сөздер морфологиялық принцип бойынша *аш, қаш, шаш* деген түбір тұлғасы мен **шы** жұрнағының тұлғасы сақталып жазылады» [8, 45], – деп әріп ретінде қарайды. Ал дауыссыз дыбыстарды жіктеген кезде **щ** әрпін қатаң дыбыстар қатарына қосады [12, 36].

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде неше дауыссыз дыбыс бар деген сұраққа жауап беру үшін тағы да профессор Ә.Жүнісбекке жүгінуге тура келеді. Ол қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыспен тіркес құрай алуын басшылыққа алады. Осы тұрғыдан келгенде **к, ғ** дыбыстары тек жуан дауыстылармен, **к, г,** дыбыстары тек жіңішке дауыстылармен тіркесетінін ескеріп, **қ-к** дыбыстарын бір ғана қатаң дауыссызға және **ғ-г** дыбыстарын бір ғана ұяң дауыссызға жатқызады. Сөйтіп ол қазақ тілінде 17 (**б, ғ-г, д, ж, й, қ-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ұ, у (w), ш**) дауыссыз дыбыс бар деп санайды [1]. Сөйтіп ол А.Байтұрсынұлы көрсетіп кеткен 19 дауыссызды қазақ тілінің төл дауыссыздары деп негізге алады.

Қазақ тілінің табиғи қалпын сақтап, болашаққа таза күйінде жеткіземіз десек А.Байтұрсынұлы салған, профессор Ә.Жүнісбек қостап нақты санын анықтаған әріптерден басқа бөтен бірде-бір дыбыс қазақ әліпбиінде болмауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
2. Аралбаев Ж. «Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі жайында». Кітапта: Фонетика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1969 г. –167 стр.
3. Жұбай О. «Қазақ тілінің фонетикасы бойынша Қ.Кемеңгерұлының танымы». «Ізденіс», №3, 2000 ж.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 320 б.
5. Кеңесбаев І., Ысқақов А. Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1966. – 188 б.
6. Бейсенбаева Қ. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 70 б.
7. Исхаков. Ф.Г. Общая характеристика тюркского вокализма. Кітапта: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Москва: «Издательство Академии наук СССР», 1995. –342 стр.
8. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. –Алматы: «Мектеп», 1967. – 288 б.
9. Мырзабектен С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Мектеп, 1996. – 84 б.
10. Мырзабектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001 ж., –320 б.
11. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1965 ж. – 592 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Әміров Әбдібек Жетпісұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

А.Байтұрсынұлы қаламынан туындаған еңбектердің барлығының дерлік өзіндік орны ерекше және солардың қатарында «Тіл – құрал» атты оқулығы да өзіндік мәнге ие. Бұл оқулық үш бөлімнен тұрады. Аталмыш оқулықтың фонетикаға арналған бірінші бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көрсе, қазақ тілінің морфологиясына арналған екінші бөлімі 1915 жылы, ал синтаксиске арналған үшінші бөлімі 1916 жылы жарық көрген болатын. Бұл еңбектің үш бөлімі де жөнделіп, толықтырылып кейіннен бірнеше рет жарық көрді. Мақалада А.Байтұрсынұлының осы оқулығында берілген лингвистикалық терминдерге, олардың қазіргі кездегі қолданылу-қолданылмауына тоқталатын боламыз.

«Тіл – құрал» атты еңбегінің бірінші бөлімінде А.Байтұрсынұлы алдымен қарып, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын және т.б терминдерге тоқталады. Бұлардың ішінде «қарып» атауы қазіргі кезде әріп түрінде қолданылып жүргені белгілі болса, ал қалғандары сол бұрынғы қалпында қолданылуда.

А. Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды жарты дауыссыз дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар деп бөліп қарастырды. Мұндағы ымыралы, ымырасыз, жарты дауыссыз дыбыстар деген атаулар қазіргі кезде қолданылмайды. Автордың ымыралы (з, ж) және ымырасыз (д, г, ғ) дегендері қазіргі ұяң дыбыстар ретінде, ал жарты дауыссыз дыбыстар (р, л, у, и) мен ұяң дыбыстар (м, н, ң) деп көрсеткендері үнді дауыссыздар болып қолданылуда.

Еңбектің екінші бөлімінде А.Байтұрсынұлы сөз таптарына тоқталған, онда оларды зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сияқты топтарға бөледі, яғни осындай лингвистикалық терминдерді жасай отырып және олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктейді. Мәселен, ол зат есімнің деректі және дерексіз, жалқы және жалпы түрін көрсете келе, олардың түрленуіне қатысты оңаша және ортақ түрде тәуелденетіндігі, септік жалғауын, көптік жалғауын жалғайтынын айтады. Септік жалғауына қатысты алты септікті, атап айтқанда атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктері сияқты терминдерді де жасаған. Бұл атаулар да қазіргі кезде дәл сол қалпында қолданылып жүр, мұнда тек септік жалғауының бір түрі – көмектес септігі ғана берілмеген.

Автор сын есім жөнінде сөз қозғағанда оның үш түрлі шырайын атайды. Біріншісі жай шырай, екіншісі талғаулы шырай. Автордың айтуынша талғаулы шырай нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсетеді және ол -рақ, -рек қосымшалары арқылы жасалады екен. Бұл шырай қазіргі кезде салыстырмалы шырай болып қолданылуда және салыстырмалы шырай А. Байтұрсынұлы көрсеткендей -рақ, -рек жұрнақтарынан ғана емес, өзге жұрнақтардан да (лау, леу, шыл, қылт, ғылт т.б.) жасалып жүргені мәлім. Ал енді үшінші шырай түрін А.Байтұрсынұлы таңдаулы шырай деп атаған. Бұл шырай атауы қазір күшейтпелі шырай атауымен алмастырылған, яғни таңдаулы шырай деген атау қолданыстан шығып, оның орнын күшейтпелі шырай басқан.

Сөз таптарының келесі бір түрі сан есімді мағыналық ерекшеліктеріне қарай есептік, реттік және темілдік (жарты, жарым, ширек) сан есім деп бөле отырып, осындағы есептік сан есімді жай есептік (бір, бес, алты) және жадағай есептік (біреу, үшеу, төртеу) деп бөліп қарастырған. Бұл арадағы жадағай есептік деген атау қазіргі қолданыстағы жинақтық сан есімі. Және осы жинақтық сан есімі есептік сан есімнің аясында емес, жеке беріліп жүр. Ал А. Байтұрсынұлы жасап, қолданған темілдік (жарты, жарым, ширек) сан есімі қазір бөлшектік сан есімі термині ретінде қолданылуда. Сан есімнің қазіргі қолданыстағы өзге түрлері (топтау, болжалдық) А. Байтұрсынұлының еңбегінде көрсетілмеген.

А. Байтұрсынұлының есімдіктерді мағыналық ерекшеліктері жағынан жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі және танықтық есімдігі сияқты топтарға бөледі. Бұлардың ішінде танықтық есімдігі деген атау қазіргі кезде қолданыста жоқ. Оның орнына болжалдық және болымсыздық есімдігі деген атаулар қолданылатын болды. Яғни А. Байтұрсынұлы ұсынған танықтық есімдігіне *ешкім, ештеңе, дәнеме, біреу, әлдекім, әлдене* сияқты сөздердің *біреу, әлдекім, әлдене* дегендері белгісіздік, ал *ешкім, ештеңе, дәнеме* сияқтылары болымсыздық есімдіктеріне қатысты.

Қазіргі қазақ тілінде ең күрделі сөз табының бірі саналатын етістік атауы да А. Байтұрсынұлы қаламынан туындаған. Сол сияқты етістіктің етіс, рай, болымды-болымсыз категориясын, көсемше, есімше атауын да қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы жасап, енгізген.

Етістіктің ерекше категориясы болып табылатын етісті автор сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс және өзгелік, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс және өсіңкі етіс деп бірнеше түрге бөліп берді.

Мұндағы беделді етіс (істі біреу арқылы істеу, мысалы, хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды); шығыс етіс (елді табыстырдым, балаларды күрестірдім); дүркінді етіс (қайта-қайта істелетін істі, мәселен, хат жазғылады, қолынан жұлқылады); өсіңкі етіс (күшейген істі, мәселен, ат жүріңкіреді, су тасыңқырады) атаулары қазіргі еңбектерде кездеспейді. Автордың бұл арада айтып отырған беделді етісі мен шығыс етісі қазіргі кезде өзгелік етіс ретінде қолданылып жүр. Яғни, А. Байтұрсынұлы бөліп қарастырған беделді етіс (-дыр/дір,

-тыр/тір) пен шығыс етіс - (-дыр/дір, тыр/тір) жұрнақтары қазіргі өзгелік етістің құрамында, өзгелік етіс жасаушы жұрнақ есебінде жұмсалады.

А. Байтұрсынұлы «рай» терминін жасай отырып оның 15 түрін бөліп көрсеткен. 1) тұйық, 2) билік, 3) ашық, 4) шартты, 5) ереуіл 6) реніш, 7) қалау, 8) сенімді, 9) сенімсіз, 10) мұң, 11) көніс, 12) қайрау, 13) азалы, 14) теріс, 15) болжау.

Бұлардың ішінде қазіргі кезде ашық рай, шартты рай, қалау рай сияқты түрлері ғана қолданылып жүр. Сондай-ақ осы арада айта кететін жайт автор ұсынған билік рай (Билік рай дейміз – істі істеуге-істемеуге кесіп айтқандағы сөз түрін. А.Б.Тіл тағлымы.235.б.) қазіргі қолданыста жүрген бұйрық райға сәйкес келеді, яғни А. Байтұрсынұлы бұйрық райды билік рай ретінде атаған. Сондай-ақ автордың жеке бөліп көрсеткен сенімді рай (алғаймын, тұрғайсың, болғай) мен теріс райы (барса игі еді, алса игі еді, жүрсе игі еді) қазір жеке-дара берілмей, қалау райдың аясында қарастырылуда.

Ал енді «көсемше» терминіне тоқталар болсақ, бұл терминді де А. Байтұрсынұлы өте сәтті жасап, қолданған, әрі оны үнемді, үнемсіз және ниетті көсемше деп үшке бөледі. Автор үнемді көсемше созымды істі (айта бердім), үнемсіз көсемше созымсыз, бірден бітетін істі (айтып бердім) білдіреді дей келе, ал ниетті көсемше істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі (барғалы тұрмын) дейді.

Мұндағы үнемді, үнемсіз көсемше атауларын кейбір ғалымдар (мәселен, Н.Сауранбаев) өз еңбектерінде қолданғаны мәлім. Сондай-ақ осы терминдерді алғаш Н.Сауранбаев жасаған деген де түсініктің болғаны белгілі жайт. Бірақ бұл терминдердің авторы А. Байтұрсынұлы. Соңғы кезеңдердегі еңбектерде бұл атаулар (үнемді, үнемсіз, ниетті) қолданылмайды, әйтсе де, -а, -е, -й; -ып/іп/п; -ғалы/гелі, -қалы/келі тұлғалары көсемше жасаушы жұрнақтар ретінде қызмет етеді.

«Есімше» атауына тоқталғанда оны осы шақтық есімше (өлең айтушы), өткен шақтық есімше (өлең айтқан), ұйғарынды есімше (сөйлейтін сөз, көретін көз) сияқты түрлерге бөліп көрсеткенімен мұндағы ұйғарынды есімше терминін де қазіргі қолданыстан кездестіре алмаймыз.

А.Байтұрсынұлы сөз таптарының ендігі бірі – үстеудің нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік сияқты бес түрін көрсетеді.

Нықтаулық үстеу дейміз – басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздерді дей келе, оған мысал ретінде ең, тым, өте, нақ, нағыз, қасақана, әдейі сияқты сөздерді ұсынады. Алайда «нықтаулық» деген атау қазіргі кезде қолданылмайды, ал оған қатысты берілген мысалдар күшейтпелі (ең, тым, өте, нақ, нағыз) және мақсат (әдейі, қасақана) үстеулерінде қолданылуда.

Автор ұсынған сынаулық (істің сынын көрсететін сөздер) үстеуі және ондағы мысалдарға (шалқасынан, етбетінен, адамша, бұлайша) келер болсақ, бұл қазір сын-қимыл (бейне) үстеуі. Ал А.Байтұрсынұлының өлшеулік үстеу (сынның я істің шамасын көрсететін сөздер: сонша, мұнша, онша т.б.) термині қазір мөлшер үстеуі болып аталады.

А.Байтұрсынұлы демеу, жалғаулық, одағай, сияқты терминдердің де авторы. Әрине, мұнда берілген жалғаулық, одағай, атаулары қазіргі кезде кең қолданыста, алайда «демеу» дегеннің орнына қазір «демеуліктер» атауы қолданылып жүр және ол сөз таптарының бірі – шылаудың бір түрі. Қазіргі қолданыстағы шылаудың ендігі бір түрі септеуліктерді автор жеке-дара бөліп қарастырмай, оны «жалғаулықтар» деген тараушаның аясында қарастырады. Оны А.Байтұрсынұлының мына сөздері арқылы дәлелдеп көрсетуімізге болады: «Жалғаулық сөздер қазақ тілінде аз. Болғаны мынау-ақ: мен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, гөрі, арқылы, тақырыпты, туралы» (А.Байтұрсынұлы. 260 бет). Демек бұдан шығатын қорытынды А.Байтұрсынұлы септеулік терминін жасай қоймағандығы.

Ал енді «одағайға» келер болсақ А.Байтұрсынұлы оның үш түрін көрсетеді.

- 1). Ілездік одағай: лап, жалт, жұлт, дүрс, күрс, мырс, қалт, кілт, шак, зырқ, дүңк т.б.
- 2). Еліктеу одағай: шыр-шыр, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, күлдір-күлдір, қарқ-қарқ, қаңқ-қаңқ, дүңк-дүңк, сүңк-сүңк, маңқ-маңқ, күмп-кмп т.б.

3). Шақырыс одағай: құру-құру, ау-қау, шөре-шөре, мыс-мыс; тәйт, тек; өк-өк, шәйт-шәйт; қарағым, сәулем, алақай, апырым-ау, я, аруақ, қап, әттегене-ай, ой, пәлі, бәрекелді т.б. [1, 261-262].

Автор ұсынған ілездік одағай мен еліктеу одағай деген атаулар қазіргі кезде кездеспейді, дей тұрғанмен оларға қатысты берілген мысалдар еліктеу сөздері есебінде жұмсалады. Ал А.Байтұрсынұлы көрсеткен шақырыс одағайларында шақыру одағайларынан бөлек жекіру одағайлары мен көңіл-күй одағайлары араласып берілген, яғни жекіру, көңіл-күй одағайлары одағайдың жеке бір түрлері ретінде бөлініп берілмеген. Қазіргі кезде көңіл-күй одағайлары, жекіру одағайлары және шақыру одағайлары одағайдың мағынасына қарай түрлері ретінде жеке-жеке қарастырылады.

А.Байтұрсынұлы өз еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші бөлімінде сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлеріне тоқтала, сондай атауларды жасай отырып, олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктей келе тағы біршама терминдерді ұсынады. Мәселен, сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деп екіге бөле келе, ондағы тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты, ал тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты жатқызады және пысықтауыштың 1) мезгіл, 2) мекен, 3) сын, 4) себеп, 5) мақсат сияқты түрлерін көрсетеді. Бұлар қазір осы қалпында қолданылады.

Автор сөйлемнің жалпы түрлеріне мыналарды жатқызады:

- 1) Болымды сөйлем, 2) Болымсыз сөйлем, 3) Толымды сөйлем, 4) Толымссыз сөйлем, 5) Жалаң сөйлем, 6) Жайылма сөйлем.

Ал айтылу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады дейді: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем және жай (сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деп аталады А.Б. 300-б.) сөйлем. Қазіргі кездегі еңбектерде сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер деп топталады.

Сонымен қатар автор сөйлемді (құрылымына қарай) іргелес сөйлемдер (мағына жағынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер) мен құрмалас сөйлемдерге, әрі құрмаластың өзін салалас және сабақтас құрмаласқа бөлген. Мұндағы іргелес сөйлем деген атау қазіргі қолданыста кездесе қоймайды, ал құрмалас сөйлем, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас деген атаулар қазір белсенді түрде қолданылып жүргені мәлім.

А.Байтұрсынұлы осы үшінші бөлімде қыстырма сөз бен қаратпа сөзге де тоқталады, әрі бұл атаулар да қазір сол қалпында өзгеріссіз қолданылып келеді.

Сонымен, қорыта келгенде сонау XX ғасырдың бас кезінен қазіргі кезге дейін тұрақты түрде қолданылып келе жатқан лингвистикалық ғылыми терминдердің басым бөлігін жасап, олардың қалыптасуына өзіндік үлес қоса білген белгілі алаш азаматы А.Байтұрсынұлының еңбегі ерекше бағалануы тиіс деп білеміз. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдігі олардың талапқа сай, сәтті жасалуының көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 448 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РАЙ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЖІКТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Егізбаева Н. Ж.

*филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақ тіл білімі ғылым саласы ретінде XX ғасырдың басында қалыптаса бастады десек, осы кезеңдегі тіл ғылымының бастауында ұлы ғұлама ғалым, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы тұрғандығы белгілі. Жарты ғасырдан аса уақыт оның асыл мұрасын көруге зар болған бүгінгі замандастарымыз А. Байтұрсынұлының

еңбектерімен таныса бастағаннан-ақ ол туралы аз жазған жоқ. 1990-2001 жылдар арасында А. Байтұрсынұлының өмірі, саяси қызметі, ғылыми еңбектері туралы 400-ге жуық еңбек жазылыпты. 2001 жылдан кейін де қаншама еңбек, мақала жазылды десеңізші. Бұл оның қазақ елі үшін істеген зор еңбегінің бір көрсеткіші болмақ.

Қазақ тіл білімінің барлық салаларының іргетасын қалаған ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлының морфология саласының қалыптасуына да сіңірген еңбегі орасан. Қазақ тілін оқыту әдістемесі мен теориясының негізін салған ғалым қазақ тілінің қай саласы болмасын, ғылыми зерттеу жасағанда оларды оқыту жолдарын нысанға алған. Мәселен, оларға анықтама беріп түсіндіре отырып, дағдыландыру, меңгерту жолдарын да көрсетіп отырған.

А. Байтұрсынұлының морфология саласына арналған «Тіл-құрал» (2-жылдық) [1, 199 б.] еңбегіндегі етістіктің рай категориясын жіктеуінің тілді оқытуда бүгінгі күнге дейін құндылығы жоғары зерттеу екенін осы мақалаға арқау етпекпіз. Оның рай категориясын жіктеуі туралы жазған жас ғалымдардың мақалаларын кездестірдік. Е. Арын «А. Байтұрсынұлының рай түрлерін жіктеудегі көзқарасы» атты мақаласында («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1999, № 7) А. Байтұрсынұлы рай түрлерін сөйлеушінің көңіл-күй реңктеріне қарай топтастырған деген пікір білдірсе, Д. Ақынова: «Біздің ойымызша, ғалым жекелеген модальділік мағыналарды реңктеріне қарай жіктеп, оларды рай категориясы ретінде қарастырған. Біз ғалымның рай түрлерін көрсетуде негізінен олардың мазмұнына көңіл аударғанын аңғарамыз. Ал мұның өзі функционалды грамматиканың негізгі зерттеу әдісінің бірі болып табылады» [2, 6 б.] деген ой тастайды. Қазақ тілінің дамуымен қатар қолданыс аясы кеңі түсуіне байланысты функционалды грамматика қазіргі қазақ тілінде жан-жақты зерттеліп, зерделеніп жатқаны белгілі. Ал оның негізі сол А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алатынын ғалымдар дәлелдеуде. Мәселен ф.ғ.д. О. Жұбаева: «Ғалым функционалды грамматика атауын, оған қатысты терминдерді қолданбаса да, осы мәселенің нышандары еңбектерінде айқын көрініс тапқан» [3, 2 б.] деп оған А. Байтұрсынұлы еңбектерінен көптеген дәлелдер келтіреді. Мұндай зерттеулер А. Байтұрсынұлы еңбектерінің тағы бір қырын аша түседі. Функционалды грамматиканың басты қағидаларының бірі грамматикалық тұлғаларды мағынасына қарай зерттеу болғандықтан А. Байтұрсынұлының рай категориясын жіктеуде осы бағытты ұстанғанын пайымдауға болады. Ал тіл үйретуде бұл бағытты ұстанудың тиімділігі жоғары.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда үйретуде коммуникативтік құзыреттілікті меңгерту мақсатында адамның тілегін білдіру, өкінішін білдіру, қамығу, қарсылық білдіру, болжам жасау т.б. интенцияларды қолданамыз. Кейде олардың жасалу жолдарын морфологиялық талдаулар жасау арқылы түсіндіретін кездеріміз болады. Осындай тұстарда А. Байтұрсынұлы еңбектерінен жауап табылып жатады. Мәселен, *көрсемшіі*, *білсемші* деген сөздерді сөйлеуші өкінішін білдіру үшін қолданады. Ал А. Байтұрсынұлы мұны реніш рай деп атап, «Реніш рай дейміз - істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз түрі» деген анықтама береді. 1966 жылы жарық көрген еңбегінде И.Е. Маманов рай категориясын 6 түрге жіктеп, адамның өкінішін білдіру формаларын «өкініш рай» дейді. Онда *алсам етті*, *баруым етті* сияқты форманттарды мысал ретінде жіктеп көрсетеді, анықтамасы А. Байтұрсынұлына ұқсас «істі істегендігі, не істемегендігі туралы сөйлеушінің өкіне сөйлегенін білдіретін етістіктің түрі» [4, 154 б.]. Жоғарыдағы *көрсемшіі*, *көрсемшіі*, *көрсемші* мысалдарын бірінші жақта өкіну, екінші жақта өтіну, үшінші жақта тілек мәнді білдіретін шартты рай формасына *-шы/-ші* формасы жалғану арқылы жасалған шартты рай қызметінің бірі ретінде көрсетеді. Ал 1964 жылы жарық көрген Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаевтің «Қазақ тілі (практикалық курс)» атты еңбегінде райдың қазіргі қазақ тіліндегідей төрт түрі көрсетіледі. Ал И. Мамановтың өкініш рай деп көрсеткен мысалдары қазір етістіктің аналитикалық форманттары ретінде оқытылып жүр.

1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте А. Байтұрсынұлының ереуіл, реніш рай, теріс рай, азалы рай деп атаған тұлғалары шартты райдың әртүрлі мағыналарды білдіруі деп көрсетіледі [5, 196 б.]. Ал Н. Оралбаева «теріс

райды» (*барса игі еді, білмесе игі еді*) етістіктің тілек мағынасын білдіретін аналитикалық форманттарының бірі деп көрсетеді және олардың синонимдік қатары ретінде *-са екен, -ғай еді, -са еді* форманттарын атайды [6, 176 б.]. Осы форманттар «Қазақ тілінің грамматикасында» қалау мәнді білдіретіндіктен қалау райдың бір форманты деп те көрсетіледі. А. Байтұрсынұлы бұл формантты теріс рай деп атап, «... істелетін іске айтылатын сөздің теріс түрі» деген [1, 245 б.] анықтама береді. Ғалым бұл формантты білдіретін мағынасына қарай атап, жіктеген.

Ғалымның мағынасына қарай атау беріп жіктеген рай категориясының бір түрі сенімді және сенімсіз рай. *Тұрғайсың, тұрмағайсың, болғай, болмағай* сөздерін мысалға келтіреді. Бұл тұлға туралы ғалым М.Томанов оның архаикалық элемент екенін айта келе: «*-ғай* тұлғасының ежелгі қолданысы шақ мәнін беру. Орхон-Енисей жазбаларында сирек, бірақ қалау, тілек мәнінде келер шақ жасайтын тұлға ретінде қолданылған. Ал Махмуд Қашқари *-ғай* тұлғасын келер шақ жасайтын тұлға деп түсіндірген» - дейді [7, 237 б.]. Бұдан пайымдайтынымыз бұл тұлғаның ертеден қолданыста болуы және мағыналарының әлсірей келе әртүрлі мағынаны беруі. Хакас, тува тілдерінде келісім мәнін білдіретін тұлға ретінде қолданылады. Ал қазіргі қазақ тілінде пәрменсіз сөз қолданысы болып табылатындықтан болар, райдың түрі ретінде қолданылмайды. М. Томановтың зерттеуінше *-ғай+мын>(ғ)ай+(м)ын>ай+ын>а+йын* болып қалыптасқан, яғни тілдің эволюциялық дамуы барысында морфемалардың жылысуынан болған морфонологиялық құбылыс екенін аңдау қиын емес.

А. Байтұрсынұлы сенімсіз райға *барар ма екенсің, көрмес пе екенсің, жүрер ме екен* деген мысалдар келтіреді. Коммуникативтік қарым-қатынаста жиі қолданылатын формант, бұл формант арқылы сөйлеуші өзінің күмәнін нақты білдіре алады. А. Байтұрсынұлының бұл жіктеуі қазіргі қазақ тілінде қолданылмағанымен, маңыздылығы сол мағынасына қарай атап, форманттарды топтастырып беруі.

А. Байтұрсынұлы жіктеп көрсеткен тағы бір рай түрі болжал рай. Ғалымның анықтамасы бойынша «Болжал рай дейміз – істі шартқа қарайлап болжалдағандағы сөздің түрін». Мысалға *оқыр едім (ақшам болса), ішер едің (су болса)* деген сөздерді келтіреді [1, 243 б.]. Ал И. Маманов еңбегінде дәл осы формант «шарттылық рай» деп аталады [4, 151б.]. Көркем әдебиетте немесе коммуникативтік қарым-қатынаста жиі қолданылатын бұл форманы қазақ тілін оқытып үйретуде жоғарыда аталған ғалымдардың теориясына сүйене отырып, мысалдар, жаттығулар, жағдаяттық тапсырмалар арқылы меңгерту өз тиімділігін көрсетері сөзсіз.

Коммуникативтік құзыреттілікті меңгерту үшін сөйлеушінің көңіл-күйін, іс-әрекетке деген көзқарасын, қатысын білдіретін форманттарды үйретуде А.Байтұрсынұлының рай категориясын жіктеуін дәл солай 14 түрге бөліп қолданбасақ та, белгілі бір форманттарды дайын күйінде, қарсылықты, ренішті, қалауды, көнуді, сенімді, сенімсіздікті білдіруде бағыт көрсететін құнды дүние демекпіз. Осылайша А. Байтұрсынұлының рай категориясын жіктеуінің қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда тиімді тұстарының болғандығын байқап жүрміз.

Қазақ тіл білімінде рай категориясы барынша зерттеліп, жүйеленген деуге болады. Қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытуда тіл үйренушілерге рай категориясының аналитикалық форманттарын толық қамти отырып меңгерткен жөн.

Қазақ тілінің оқып, үйренетін аудиториясы кеңейіп жатқан тұста ұлы ғұламалар көрсеткен сара жолдарға тағы бір үңілетін тұстарымыз бола беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 447 б.
2. Д. Ақынова. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. ... дис. авторефераты – Алматы, 2010. – 24 б.
3. О.Жұбаева. А. Байтұрсынұлы мұрасындағы функционалды грамматика. // Жас қазақ. – 2010. – № 43. Б. 2.

4. И. Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 263 б.
6. Н. Оралбаева. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 192 б.
7. М. Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Есболаева И.А.

магистр, аға оқытушы

Базарбекова Н.Ш.

магистр, оқытушы

Бектаева С.О.

магистр, оқытушы

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

«Өнер алды–қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің акелешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен,

ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллегенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап-түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны -халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп -қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан атқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Мұхтар Әуезов былай депті:

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық–күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003-2006.
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса-Алматы:Ақарыс,2009.
- 4.Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған.- Алматы: Атамұра, 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМ ҰСТАНЫМДАРЫ

Жұбаева Орынай

филология ғылымының докторы

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Грамматика бөлімінің меңгерушісі

Тарихқа үңіліп, өткенге көз жүгіртер болсақ, ХХ ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін игі бастамаларға, үміт артар шараларға толы болғаны көрінеді. Қазақ елі дербестік алып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болып құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды [1].

Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады [2, 3-б.]. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарды, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті. А.Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912-1929 жылдар аралығында бірнеше рет басылып шығып отырғаны белгілі. Академик Р.Сыздық А.Байтұрсынұлы еңбектері негізінен мектеп оқушыларына арналуына байланысты тілінің мейлінше түсінікті болғанын ескертеді [3, 251-б.]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз.

Ғалым зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. А.Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар

таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді. Сол себепті ғалым: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [4, 343-б.].

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [4, 142-б.].

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен *бейвербалды түзілім* болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлы репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [5]. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін мектеп оқулықтарының авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз. Бұл орайда «Қазақ тілі» оқулықтарында деректі және дерексіз зат есімдерді тануда сенсорлық қабылдау түгел ескерілмей жүргенін ескерткіміз келеді. Мұнда *көз түйімі* мен *тән түйіміне* (А.Байтұрсынұлының атауы – О.Ж.) мән берілгенмен, қалған қабылдау түрлері (дәм, мұрын, құлақ түйімдері) назардан тыс қалып келеді. Сол себепті қолмен ұстап, көзбен көруге болатын нәрсе атаулары деректі зат есім ретінде, «көзбен көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер» ретінде сипатталған.

Сөз таптары адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтірендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер беретіні, яғни түрліше сипаттайтынын, түрліше ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі –

субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа категорияларында көрініс табады. А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [5, 160-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерді шәкірт болашағына арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика «дыбыс жүйесі мен түрлері», морфология «сөз жүйесімен түрлері», синтаксис «сөйлем жүйесі мен түрлері» деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни, морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. Шылау сөздер, оның ішінде үстеу, демеу, жалғаулықтарға берген анықтамасында А.Байтұрсынұлы морфологиялық концептінің метатілін пайдаланған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки, екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [5, 54-б.]. Ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқанын көреміз. Яғни, ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Т.Шонанов т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

XX ғасыр басындағы зерттеушілер тіл білімінің қай саласында болса да, негізінен, А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алған. Бұл, ең алдымен, терминдерді қолдануынан байқалады. Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлының *етіс, салт, сабақты, тұйық, беделді, есімше, көсемше, қосымша, жұрнақ, жалғау, септік, ілік, табыс...*, *сан есім, сын есім, есімдік* т.б. терминдерді сол күйінде қолданған. Көптеген категорияларды танып-танытуда А.Байтұрсынұлы тұжырымдарын қуаттап, сол үлгіде түсіндіріп отырған. Алайда зерттеушілер А.Байтұрсынұлы ойларын сол күйінде қайталаған деген ойдан аулақпыз. Ғалымдар өз тарапынан да бірқатар толықтырулар енгізіп, тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосып отырған. Зерттеушілердің жекелеген категорияларды тануы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен өзгешелеу. Мәселен, А.Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы 6 түрін, Қ.Жұбанов 7 түрін атайды. А.Байтұрсынұлы 15 түрлі райды келтірсе, Қ.Кемеңгерұлы райдың 6 түрін көрсетеді. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тұйық рай ретінде танылған етістік түрін Қ.Кемеңгерұлы рай қатарында қарастырмай, «неопределенная форма» деп жеке қарастырады. А.Байтұрсынұлы етіс қатарында түсіндірген дүркінді етіс, өсіңкі етіс түрлерін Қ.Кемеңгерұлы сыпат категориясына байланысты сөз етеді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көптік жалғауды Қ.Кемеңгерұлы жалғау емес, жұрнақ деп таниды т.с.с. Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралы» орыс топтарына қазақ тілін үйрететін еңбек болғандықтан, кітаптағы етіс атауларының бәрі орысша берілген: возвратный, страдательный, взаимный, действительный, средний, понудительный залог [6]. Алайда «Қазақ тілі грамматикасында» орысша атаулардың қасына қазақ тіліндегі баламасын ұсынуға А.Байтұрсынұлы ұстанған атауларды пайдаланады. Тіпті етіс ретінде танымай, вид (сыпат) деп көрсеткен «многократный вид», «прогрессивный вид» деген атаулардың баламасын беруде де А.Байтұрсынұлы терминдерін сол күйінде (*өсіңкі етіс, дүркінді етіс*) пайдаланады [7]. Оның себебі – А.Байтұрсынұлы терминдері ол кезде көпшілікке әбден танылған, орныққан терминдер болды да оқушының материалды тез игеріп, меңгеріп алуы үшін әрі түсіндіріп отырған нәрсесі тілімізде бұрыннан бар екені, тек оларды

енді басқаша танытып, көрсетіп отырғанын білдіру үшін Қ.Кемеңгерұлы аталған терминдерді әдейі қолданған деп ойлаймыз. Етіс атауларын (өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік) қолдануда кейінгі ғалымдар арасында да алшақтық байқалмайды.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылады да оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [8].

XX ғасырдың басында қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе* (принцип) таңдау мәселесі қызу талас тудырды. Осыған байланысты басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы «Емле туралы», Т.Шонанов «Шет сөздерінің імлесі жайында», А.Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы», Б.Шобанзаде «Қазақ тілі емлесінің ірге кезеңдері», Е.Омаров «Емле мәселесі», Ж.Аймауытұлы «Емле, әріп жайында» т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады. 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда да осы мәселе сөз болады. Емле, жүйе (принцип) таңдау мәселесіне қатысты мақалаларында да А.Байтұрсынұлы тыңдарманға түсінікті болу жағына ерекше мән беріп, атаулар (терминдер) үшін негізінен қазақ тілінің төл сөздерін алған: «Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай)... [9].

«Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі» деген мақаласында Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің сөздік қорына иек артқанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді. Атап айтқанда: а) А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – техника саласының терминдері емес, білім-ғылым саласына қатысты атаулар болғандықтан, ұғымға ерекше мән берілгендігін, ал ұғым атаулары әр тілдің өз сөздерінен жасалатынын немесе калька жолымен басқа тілдерден аударылатынын; ә) термин үшін қазақ тілінің өз сөздік қорын пайдалану қазаққа әлдеқайда түсініктірек болатынын ескергенін; б) еңбектер ғылым салалары дүниеге келмеген, олардан бейхабар қазақ жұртшылығына, оның ішінде шәкірт балаларға арналғандықтан, оларға жеңіл де түсінікті болу жағын көздегенін нақты мысалдармен дәлелдейді [3, 250-262-б.].

Академик Ө.Айтбаев «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі қазақ жазуы жайындағы мақалаларындағы атау сөздерді (*дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, сөз аяғы, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш, дәйекші* деген т.б.) ете келіп, А.Байтұрсынұлы қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолданғанын айтады. Яғни, ғалым қазақ тілінде бұрыннан бар сөздерді алғаш рет белгілі бір ғылыми ұғым ретінде терминдік мәнде пайдаланғанын ескертеді [10, 35-б.]. Елдес Омаров «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбысты – дауыс, тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбысты «жай дыбыс» деп атай отырып, дыбыстардың топтастырылуын былайша түсіндіреді: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек: 1) біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс та болады, жай дыбыс та болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыс аз болады да басқа дыбыстардан дауысы артық болады. Қатаң дыбыстардың б-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайды» [11, 67-б.]. Бұл сөздерден де академик Ө.Айтбаев тұжырымдарының шынайылығына көз жеткіземіз. Терминолог ғалым А.Байтұрсынұлының термин жасауда ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенгенін ескерте келіп, оны іске жарату барысында түрлі амалдар қолданғанын (ең әуелі, заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктегенін (*әріп, сөз, сөйлем*) немесе оларға терминдік қызмет жүктегенін, екіншіден, сөздерді тіркестіре қолдану арқылы терминдер жасағанын (*түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше*), сондай-ақ түрлі қосымшаларды пайдалана отырып, сан алуан терминдер

жасағанын (*бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік* т.т.) ескертеді.

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [3, 92-б.]. Ғалым *е-* (*емек*) етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалудың нәтижесінде етістік мәнінен айырылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын деп басып анықтауымен қатар, оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алғаны байқалады.

Салт, сабақты атауларын қолдануда да осы ұстаным ескерілген. *Сабақты* сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [12, 511-б.] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп *сабақты ине* деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [12, 640-б.] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ.Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр», – дейді [13].

А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары да терминжасамда уәжділік ұстанымдарына ерекше мән бергені байқалады. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ [6].

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу, әліппе мәселелері, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шараларымен қатар термин (пән сөзі) мәселесі де арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған байланысты Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе,

А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [14].

Атауларды беруде А.Байтұрсынұлы олардың тұлғасына да ерекше мән бергені байқалады. Терминнің түсінікті, қысқа, дәл, ықшам болуы т.с.с. талаптарымен қатар тектес мәндердің бірыңғай тұлғада келуін ескерген. Ондай атаулардың қатарында *есімше, көсемше; бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, нысықтауыш, толықтауыш; жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау* т.с.с. Бүгінгі таңдағы *субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену* терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар еңбектерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ, бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұрсынұлы осылайша **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде «үстеусімек» атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімек** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, үстеу сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз. Бұл орайда филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының бүгінгі таңда терминтанудағы жаңа міндеттерді абыройлы түрде жүзеге асыру үшін өткенімізді саралап, қазақ терминологиясының дамуында ерекше орын алатын ХХ ғасырдың 20-жылдарын арнайы қарастыру қажеттігі туралы ойларын әбден құптаймыз [15].

А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты зерттеулері, ұстанымдары мен тұжырымдары бүгінгі таңда да өзектілігін жоймады. Ғалымның ұлттық терминологияның дамуын зерттеу ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы терминжасам үрдісінен хабардар етеді. Ірі тіл білімпаздарының қудаланып, еңбектеріне тыйым салынуы, жазудың өзгеруі қазақ тіл білімінің өз деңгейінде дамып жетілуіне кері әсер еткені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақатаев С. Тұңғыш декреттің түйткілі // Ана тілі. 10.01.91.
2. Орталық Мемлекеттік мұрағат. - 81-қор. - 1-тізім. - 1314-іс. - 3-б.
3. Сыздық Р. Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. -250-262-б.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
5. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 3-том. - 384 б.
6. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 2-том. - 262 б.
7. Грамматика казакского языка. Составил Г.В.Архангельский. Под редакцией Кеменгерова. - Ташкент, 1927. - 62 с.
8. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
9. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ. 27.03.29.
10. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. -624 б.
11. Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп. - 1927. - №2 (17). - 61-67-б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - XII том. О - С. - Алматы, 2011. - 511-б.
13. Жұмсалымды грамматика. - Алматы, 2016. - 508 б.
14. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
15. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1030 жылдар). - Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 240 б.

ЭКСПРЕССИЯ, ЭМОЦИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ БЕРІЛУІ

Иманалиева Ғ.Қ.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

imanalieva.gaziza@mail.ru

А. Байтұрсынұлының ғылыми-шығармашылық мұрасын үлкен үш салаға бөліп қарастыруға болады. Біріншісі А. Байтұрсынұлының тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында жазған еңбектері, екіншісі аудармашылық творчествосы, үшіншісі ақындығы. Әрине бұл А. Байтұрсынұлының творчествосы мен қайраткерлігі осы үш саламен шектелді деген тұжырым емес. Қайраткер-ғалымның публицистика, тарих, эстетика, мәдениеттану т.б. салаларына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы – қазақ музыкасы мен өнеріне де терең ой жіберген ғалым. Ш. Сәтбаева А. Байтұрсынұлының шығармалар жинағына жазған алғы сөзінде: «А.В. Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әрі әнші болған. Қазақ халқының 1000 әні» атты еңбегінде А.В. Затаевич былай деп жазады: «А. Байтұрсынов өз халқының әндерін жақсы біледі және оларды тамаша орындайды, ол – жақсы домбырашы. Қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын терең білетіндіктен, Тоғай, Ақтөбе, Бөкей ордасы, Қарқаралы өлкесінің әндерін жазғанда маған көп жәрдемдесті, тамаша екі күйді тіпті өзі орындады». Қазақ халқының мәдениеті, оның тарихы, қалпы, келешегі туралы толғаныстар А. Байтұрсынов еңбектерінде көп ұшырайды. Бірсыпыра жыл қатар өмір сүріп, қызмет еткен жазушы М.О. Әуезов бір мақаласында А. Байтұрсынов 1923 жылы «Мәдениет тарихы» атты кітаптың қолжазбасын тәмамдағаны туралы да хабарлаған. Бірақ ол қолжазбаның тағдыры әлі күнге белгісіз», - деп жазады [1, 10 б].

Біздің баса назар аударатынымыз А. Байтұрсынұлының тіл білімі мен әдебиеттану саласында жазған еңбектері. Біз бұл мақалада объективті шындықтың бейнелену, танылу және бағалану формалары, қазіргі тіл білімінде *эмоционалдылық және экспрессивтілік* деп танылып жүрген ұғымдар А. Байтұрсынұлы еңбектерінде қалай берілді, аталған құбылысты тануда ғалым көзқарасы қандай деген мәселелерді шолуға тоқталмақпыз.

Экспрессивтіліктің жалпы міндеті айтылған жайға субъективті қатынасты көрсету немесе айқындау. Сөйлеуші немесе жазушы тарапынан бұл – баяндаудың күшейтілуі, даралануы, айтылуға ерекше мән берілуі, сезімді, эмоцияны, көңіл-күйді білдіруде тілдік стандарттардан, нормалардан бас тарту, баяндаудың күшті эмоциямен берілуі, образдылықтың және эстетикалық әсердің жасалуы. Ал оқушы немесе тыңдаушы тарапынан бұл – назар аударуды күшейту және баяулату, рефлексияның күшейтілуі, эмоция мен сезімдердің пайда болуы.

Қазіргі тіл білімінде *эмоционалдылық және экспрессивтілік* ұғымдары тілдің көркемдеуші құралдары деген мәселеден келіп туындайды. Орыс тіл білімінде де *эмоциональность, экспрессивность* деген мәселелер «*выразительные средства*», «*изобразительно-выразительные средства*» деген мәселенің ішінде қарастырылады. Л.В. Цыбина эмоцияны білдірудің лексика-грамматикалық құралдары туралы жазған еңбегінде: «К вербальным способам выражения эмоций относятся лексические способы, морфологические, грамматические, стилистические, синтаксические, *изобразительно-выразительные средства*, речевые интонации», – деп жазады [2, 37 б]. Орыс тіл білімінде *выразительность* деп қарастырылып жүрген ұғым А. Байтұрсынұлы еңбегінде *тіл көрнектілігі* деп беріледі. А. Байтұрсынұлы «Сөз талғау» атты еңбегінде: «шығарма сөзі өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын шарттары мынау», – деп бес түрлі шартты атап көрсетеді [1, 150 б]. Олар:

1. Сөз дұрыстығы.
2. Тіл тазалығы.
3. Тіл (лұғат) анықтығы.
4. Тіл дәлдігі.

5. Тіл көрнектілігі.

А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі сөз дұрыстығына қойылған талаптар: «1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп әрқайсысын өз орнына тұтыну. 2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру. 3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [1, 150 б]. Шығарманың сөзі өнді, ұнамды болуы үшін қойылатын талаптың екіншісі – тіл тазалығы. «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» [1, 154 б]. Тіл (лұғат) анықтығы туралы А. Байтұрсынұлы: «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз», – деп жазады [1, 151 б]. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе амәндес сөздер. Амәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* деген сияқты сөздер» [1, 153 б]. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы *амәндес сөздер* деп қазіргі қазақ тілінде *синоним сөздер* деп қолданылып жүрген терминді айтып отырғандығын пайымдауға болады. А. Байтұрсынұлы *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* сияқты сөздерді мысалға келтіре отырып: «Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай бірін бірінің орнына айтса лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді», – деп жазады [1, 153 б].

Тіл көрнектілігі туралы А. Байтұрсынұлы: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. Осы сияқты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді», – деп жазады [1, 154 б]. А. Байтұрсынұлы тіл көрнекі болуы үшін түрлі әдістердің қолданылатындығын айта келе, ол әдістерді негізгі түріне қарай үш тапқа бөледі: 1.Көріктеу. 2.Меңзеу. 3. Әсерлеу. А. Байтұрсынұлы атап көрсеткен үш таптың ішінен *әсерлеуге* арнайы тоқталмақпыз. Себебі *әсерлеу* біздің пайымдауымызша қазіргі тіл біліміндегі *эмоционалдылық-экспрессивтілік* термині.

Экспрессивтілік термині латын тілінен аударғанда «*айқындылық*» мағынасын беретін *expressio* сөзінен қалыптасқан. *Экспрессивтілік* термині қазіргі тіл білімінде сөйлеушінің сөз мазмұнына немесе адресатқа субъективті көзқарасын беруді қамтамасыз ететін белгілі бір тілдік бірліктердің жиынтық қасиеті мағынасында қолданылады. Сонымен қатар, осындай тілдік бірліктер негізінде қалыптасқан сөйлеудің немесе мәтін қасиеттерінің жиынтығы деген мағына да береді. Экспрессивтіліктің пайда болуына эмоция мен сезімді білдіруге және оларды қабылдауға байланысты психологиялық заңдылықтар негіз болды.

Қазақ тілі лексикологиясында мәнерлеу «экспрессивтілік» және «эмоционалдылық» түсініктерінің байланыстары арқылы түсіндіріледі. А. Болғанбаевтың пікірінше, оның кейбір жағдайларда шектелуі, қандай да бір қиындықтар туғызады [3]. Нюсупова Ж.А. орыс және қазақ тілдеріндегі мәнерлегіш құралдар турасында жазған мақаласында орыс тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі экспрессивті лексиканың берілуінің бірнеше түрін бөліп көрсетеді [4].

С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов авторлығымен шыққан лингвистикалық терминдер сөздігінде аталған терминге «*Экспрессия* – мәнермен бейнелеп айту» деген, *экспрессивті сөздерге*: «ерекше стилистикалық мәні бар, бейнелі, мәнерлі сөздер», – деген анықтама беріледі. Ал сөздің эмоциялық мәні «сөздердің дара мағынасына қоса адамның көңіл-күйін, ой-пікірін білдіретін сөз мәні» деп түсіндіріледі [5, 181 б].

А. Байтұрсынұлы: «*Әсерлеу* деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлетуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтеріңкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды. Әсерлеудің асылы осыдан шығады деп жазады [1,167 б].

Ғалым еңбегінде әсерлеудің «1. Арнау. 2. Қайталақтау. 3. Шендестіру. 4. Дамыту. 5. Түйдектеу. 6. Бүкпелеу. 7. Кекесіндеу» деп аталатын жеті түрі беріледі [1, 167 б]. Арнаудың өзін: А.Сұрай арнау. Б. Зарлай арнау. В. Жарлай арнау деп үш түрге бөледі. «Сұрай арнау мысалдары:

*Не жазып ем құдай-ау, мен қазаққа?
Мүбтәла қып салғандай мұнша азапқа.
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегеніміз бе азатқа?
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаптым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді?
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.*
(«Маса»))»

Зарлай арнау мысалдары:

*Ойпырым-ай, алла-ай, жасаған!
Қысылды ғой шыбын жан!
Қуат кеміп барады
Көл болды мынау аққан қан.
Тәңірі, өзіңе жылайын!
Хал жоқ қалай тұрайын?!
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!
(Мағжан)*

Жарлай арнау мысалдары:

*Еркіңді қу қайғыға берме, көңілім!
Күйленіп бұрынғыдай керне, көңілім!
Қамығып, жабырқадың неге мұндай?
Талпынып көкке құлаш серме, көңілім!*

А. Байтұрсынұлы көрсеткен әсерлеудің екінші түрі – қайталақтау. Қайталану процесі адамның сөйлеу қабілетінің даму нәтижесінде бірте-бірте тілдік құбылысқа айналған. Қайталаудың пайда болу себептері тек ойды жеткізу процесімен ғана байланысты емес. Қазіргі қазақ тілінде *қайталау* тілдегі көркемдегіш құралдардың бірі болып табылады. Айтылар ойдың әсерін күшейту үшін қолданылатын бұл әдіс стилистикалық құрылымдық тәсілдердің ішіндегі ең негізгісі болып саналады. *Қайталама* түрінде де қолданылады. І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов авторлығымен шыққан лингвистикалық терминдер сөздігінде аталған түсінік А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі қолданыспен үндесе қайталақтау түрінде берілгендігін байқауға болады: «Повторы слов *сөз қайталақтауы*. Сөйлемдегі сөз мағынасын күшейту немесе стилистикалық мән беру үшін қолданылатын тәсіл. Индоевропа тілдерінде оны *редупликация* деп те атайды. Бұл латынның *reduplication* – «*еселеу*» деген сөзі» [5, 124 б].

А. Байтұрсынұлы қайталақтау туралы: «Бір сөзді яки лебізді қайта-қайта айту қайталақтау деп аталады. Ондай қайта-қайта айту – нәрсенің өзіне я ғамалына көбірек назар салғызу үшін істеледі. «*Кітапты әпер деймін, кітапты*» дегенде кітапқа назар салғызу үшін кітапты қайта-қайта айтамыз. «*Бар деген соң, бар*» дегенде барды қайта-қайта айтамыз. Бару ғамалына көбірек назар салғызу үшін. «*Қарай-қарай көзім талды дегенде*» яки «*Сұрай-сұрай мезі қылды*» дегенде көздің талуының, мезілеудің себебіне көбірек назар түсіру үшін «*қарау*» мен «*сұрау*» қайта-қайта айтылып тұр», – деп жазады [1, 169 б].

А. Байтұрсынұлы көрсеткен *әсерлеудің* үшінші түрі – *шендестіру*. «Екі нәрсе қатар яки қарама-қарсы келгенде, арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын анық көреміз. Жайдағы қайғыдан қуаныш үстінде көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан көріктінің бетіндегі дақ көзге көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді. Сөздің әсерін күшейту үшін табиғаттың бұл заңын сөз шығарушылар көп қолданады. Байдың аса байлығын анық көрсету үшін елін кедей қылып көрсетеді. Батырдың халық үшін жанын қандай бәйгеге тігетінін көрсету үшін өлдім-талдым дегенде көрген шал мен кемпірдің аяулы баласы қылып, оның үстіне байлығын да қоса көрсетеді. Алпамыс, Қобыланды, Сайын – бәрі де байдың жалғыз балалары».

Әсерлеудің төртінші түрі – *дамыту*. Пікірінді сөйлегенде алдыңғы сөзіннен артқы сөзіннің қуаты асып отырса дамыту болады. Әншейін сөйлегенде дамыту мысалы мынау:

1. *Бар! Жүгір! Ұш!*
2. *Мен саған он рет, жүз рет, мың рет айттым.*

«Бар» дегеннен «жүгір» деген күштірек. «Жүгір» дегеннен «ұш» деген күштірек. Екінші мысалда: «Он рет айттым» дегеннен «жүз рет айттым» деген күштірек, «Жүз рет айттым» дегеннен «мың рет айттым» деген күштірек. Дамыту негізі сөздің осы табиғи заңына тіреледі. Сөз шығарушылар да сөздің осы табиғи заңын пайдаланып, керекті жерінде сөзін бірден-бірге күшейтеді. Мысалы, *Халықты қаңсылату – обал, халықты зар жылату – мейірімсіздік, халықты тамақ үшін сату – иттік*» [1, 175 б].

А. Байтұрсынұлы көрсеткен *әсерлеудің* бесінші түрі – *түйдектеу*. А. Байтұрсынұлы: «Әр сөзге көп ой сыйғыза сөйлеу – түйдектеу деп аталады. Түйдектеп сөйлегенде сөздің әсері күштірек болады. Себебі сөйлем ішінде сөз аз болса, әр сөзге көбірек назар түсіп, ілтипатқа көбірек айналады. Көп нәрсеге адам назар салғанда ілтипаты ыдырап, сирей түседі. Мәселен, топ адамды көргенде назар топқа түсіп, бас-басына аз түседі. Сондықтан әрқайсысының түрін-түсін, киген киімін, мінген атын байқамай қаласың. Аз адамды көргенде назар әрқайсысына көбірек түсіп, түр-түсін де, киген киім, мінген аттарын да байқап қаласың. Сөйлем ішіндегі сөз де сол сияқты. Түйдектей сөйлеудің мысалы, мынау: *1.Бақ – ерікте, ерік – ерлік пен бірлікте, ерлік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын (Шырша).*

2.Адамына оқ!

Қаласына от!

Мұнан басқа бітім жоқ (Темірше).

А. Байтұрсынұлы көрсеткен *әсерлеудің* алтыншы түрі – *бүкпелеу*. «Сөзді ашып айтпай ұшығын ғана көрсетіп айту – бүкпелеу деп аталады». Мысалы,

Отыр ем бала зой деп жүзің жарқын,

Сөз – кілт, кеуде – сандық, ақыл – алтын.

Ақылың көп болғанмен шашың ұзын,

Жібердің келістірмей сөздің артын. (Жарлығасын).

А. Байтұрсынұлы көрсеткен *әсерлеудің* жетінші түрі – *кекесіндеу*. «Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз. Қорқақ кісіні «*Батырым*» деу, қара кісіні «*Әппағым*» деу, ақымақ кісіні «*Данышпаным*» деу – осылардың бәрі де кекесін сөздер. Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады. 1. Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл). 2. Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа)» [1, 176 б].

І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев: «Эмоционалдық лексика белгілі бір құбылысқа қауымның беретін бағасын аңғартады, ...сөздердің эмоционалдық мәні сөздің лексикалық мағынасына сүйенеді, ал кейде лексиканың эмоционалдығы сөздердің тіркесіне байланысты болады», – деп жазады [6, 176 б]. Эмоционалдылық пен экспрессивтілік бірқатар ғалымдар еңбектерінде көрсетілгенімен, қазақ тіл білімінде әлі күнге дейін жете зерттелмеген мәселелердің бірі. Эмоционалдылық пен экспрессивтілікті көрсететін тілдік құралдар мен тәсілдер, тіпті «эмотивтілік», «бағалаушылық», «экспрессивтілік», «интенсивтілік», «образдылық» деген терминдер әлі күнге дейін белгілі бір анықтамаға ие бола қойған жоқ. Сондай-ақ, «эмоция» мен «экспрессияның» мағыналық ара жігін ажыратып, «эмоционалдық, экспрессивтік мән», «экспрессивтік реңк» ұғымдарын анықтау да ғылыми талдауды қажет етеді.

Біз шағын мақалада қазіргі тіл білімінде *тілдің көркемдегіш құралдары, эмоционалдылық пен экспрессивтілік* деп аталып жүрген мәселелерге А.

Байтұрсынұлының еңбектері бойынша шолу жасап шықтық. Аталған мәселелерді қазіргі филологияның даму деңгейі тұрғысынан ғалым еңбектерімен салыстыра зерттеу – болашақтың ісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
2. Цыбина Л.В. Лексико-грамматические средства выражения эмоции // Лингвистические и экстралингвистические проблемы коммуникации: теоретические прикладные аспекты: Межвуз. Сб. Науч.тр. / МГУ им. Н.П. Огарева; редкол.: Ю.К. Воробьев (отв.ред.) и др. – Саранск: Красный Октябрь, 2004. – Вып.3. – С. 33-40.
3. Болғанбайұлы Ә., Ғ. Қалиұлы. Қазіргі қазақ лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.
4. Нюсупова Ж.А. О выразительных средствах казахского и русского языков // Филологияның өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1997. С. –65-68.
5. Кенесбаев С., Жанұзаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Наука, 1966. – 208 с.
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 235 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ СЕМАСИОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Имангазина Айгүл Әбидуллақызы
филология ғылымдарының кандидаты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценті*

Тіл білімінің қалыптасуы, бүгінгі кемел шағына жетіп, биіктерге көтерілуі оның іргетасын қалап, іргелі ғылым деңгейіне жеткізе білген, ғылыми-теориялық негізін салып, кейінге із қалдыра білген ардақты есімдермен тығыз байланысты. Себебі жеке ғалымның мұрасын зерттеу – ғылымның тарихын зерттеу.

Осымен байланысты, кез келген ғалымның ғылыми мұрасын зерттеудің ғылым тарихы үшін маңызы, мәні өте зор екені белгілі. Себебі ғалым мұрасын зерттеу тек жеке ғалымдарымыздың еңбектерін оқып-үйрену үшін ғана емес, ғылымның әр кезеңіндегі даму деңгейін анықтау үшін де қажет.

Еліміз егемендік алып, өткенімізді түгендеп, ұлттық дүниетанымға қайта үңіліп жатқан кезеңде тіл білімінің қалыптасып, дамуы жолында аянбай еңбек еткен, қазақ тілі білімі мен әдебиеті теориясының негізін қалаушы ғалым, қазақ халқының «рухани көсемі» болған Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын зерттеудің маңызы зор. «Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісінде-ақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған еді», – дейді бір мақаласында проф. Б.Әбілқасымов: «1923 жылы қазақ топырағында, қала берді бүкіл шығыс халықтарында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үрдіс – Ахаңның 50 жасқа толған мерейтойының өткізілуі оның мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпы халықтың мойындауы

іспетті болғаны белгілі. Бұл мүшелтой алдында, оны өткізу үстінде халқымыздың біртуар ұлдары М.Әуезовтің, М.Дулатовтың, С.Сәдуақасұлының, Е.Омаровтың, С.Сейфуллиннің, Т.Шонановтың, орыс түркітанушылары Е.Поливанов пен А.Самойловичтің Ахмет Байтұрсынұлының көп қырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ғылымының алғашқы іргетасын қалады деуіміз керек» [1].

Шығармашылық күш-қуаты толысқан дер шағында сталиндік қан-қасаптың құрбаны болып кете барған Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын жинап, жариялап, жұртшылыққа таныстыруда, оны кешенді зерттеуді қолға алуда көшбасшы болған ғалымдардың еңбегінің де маңызы зор екенін айта кеткен жөн. Соның бір дәлелін А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонановтың бірігіп жазған «Оқу құралы» туралы айтқан проф. Р.Сыздықтың мына пікірінен анық аңғаруға болады: «Ахмет Байтұрсынұлының есімі мәдениет көгімізге қайта оралған бойда, 1988 жылдардан бастап, оның мұрасын жинастырып, сол тұстарда табылғандарын мүмкіндігінше толық түрде жарыққа шығара бастаған болатынбыз. Сол кезде-ақ оның Телжан Шонановпен бірігіп құрастырған «Оқу құралы» деген көлемді кітабы бар екендігі мәлім еді. Бірақ оны «Ақ жол», «Тіл тағылымы» сияқты жинақтарға енгізуге болмады, өйткені кітап өте көлемді болды және оны жеке басылым етіп ұсыну қажеттігін байқадық. Бұл еңбек біздің топшылап жүргеніміздей, жай хрестоматия болмай шықты» [2]. Осындай еңбектерін тереңірек зерделеген сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, рухани санамыздың өсе түскені мәлім. Өйткені, аса көрнекті ғалым, ұлттық тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ баспасөзінің ұлттық үлгісін көрсеткен көсемсөзші-публицист, ойшыл ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы мен тағылымды тұлғасы өсер ұрпаққа үлгі.

Алаш басшылары ақталмай тұрып, алғашқы болып Ахмет Байтұрсынұлы туралы сөз еткен ғалымдардың бірі проф. Р.Сыздық екенін акад. Ә.Қайдар мына сөздерімен: «Рәбиға Сыздық Ахаңның атын тікелей атап, ол кісінің қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегін де қорықпай айтып берген» деп дәйектесе, ал проф. Б.Әбілқасымовтың: «1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына арналып, Тіл білімі институтында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда негізгі баяндама жасаған профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздықова өз сөзіне азамат, ғалым, коммунист ретінде өзі жауап беретінін ескертіп алып, өз баяндамасында қазақ совет тіл білімінің 60 жылдық тарихын сөз ету үстінде сол ғылымды қалыптастыруда аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлын, оның еңбектерін атамай кету өз ары алдында кешірілмес күнә деп есептейтінін айтып, Ахаң еңбектеріне қысқаша шолу жасады. Бұл біздерге, сол тұстағы жас ғалымдарға, үлкен батылдық, тіпті ерліктей көрінді. Жұрт үн-түнсіз, ешкім, не аға ғалымдар, не жастар тіс жарып, пікір айтпады. Бірақ КГБ ұзамай-ақ Р.Сыздықовадан бұл мәліметті қайдан алғанын сұрапты. Ғалым бұл мәліметтерді А.Н.Кононовтың кітабынан алғанын айтып құтылыпты. Алайда конференция материалдары жарияланғанда, әрине, ол баяндама жинаққа кірмей қалыпты» деген сөздеріне қарап, ақталмай тұрып ауызға алған ғалым апамыздың батылдығына тәнті боласың [1].

Қазақ тіл білімінің шаңырағын көтерісіп, іргесін қалаған, өлшеулі ғұмырында артына мол мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы терең, құнды әрі ауқымды. Ғалым мұрасымен толық таныса отырып, арнайы зерттеу барысында өз кезеңінде қазақ тіл білімінің ғалым араласпаған, ойлары мен тұжырымдары арқылы өзіндік дара қолтаңбасын қалдырмаған саласы кемде-кем екенін А.Байтұрсынұлының ғылыми-шығармашылық тұлғасының қалыптасу, даму барысына қысқаша шолудан көруге болады.

Қазақ тіл біліміндегі семасиология саласы негізін қалаушылардың бірі ретінде А.Байтұрсынұлын атауға болады. «Әдебиеттанушысындағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген тарауында А.Байтұрсынұлы *сөз, ұғым, мағына* табиғатын қарастырады. Сөзді *жалаң лебізді, көрнекі лебізді* деп бөліп, жалаң лебізді сөзді *қара сөз*, көрнекі лебізді сөзді *дарынды сөз* деп атайды. «Қара сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ болған, сол күйде және бар нәрсе деп білу керек те, дарынды сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ сол күйде болып өтпегенмен, яки бар болып тұрмағанмен, дүниеде болатын және боларлық нәрсе деп білу керек» [3;210] дегендегі қара сөзі нақты сөзге, дарынды сөзі абстрактілі сөзге келеді де, қазіргі

тіл біліміндегі қалыптасқан *нақты денотат* пен *идеалды денотаттық* мағынасы бар сөз деген терминдерге сәйкеседі.

Нақтылы затқа тән болса материалды сема болады да, ой-сана арқылы танылатын дерексіз ұғымға тән сема идеалды сема болады. Мысалы, *жатақхана* – тұрмысқа қолайсыз, тар. Бұл материалды семаға жатады. Ал *кітап* – оқитын құрал, рухани қазына десек идеалды сема болады.

А.Байтұрсынұлы ойлаудың екі түрін көрсетеді: «Ойлау екі түрлі сипатта болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін *жылы*, бірін *суық*, бірін *тегіс*, бірін *бұдырмақ*, бірін *қатты*, бірін *жұмсақ* дейміз. Бұл сипаттар нәрсенің бойында бар сипаттар. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар» [3;209]. Мұндағы нәрсе, сипат, ұнау, ұнамау қазіргі семасиологияда *зат*, *предикат*, *белгі*, *жағымды*, *жағымсыз* деген ұйымдармен түсіндіріледі.

Ал ұғымды екіге бөледі: «1. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2. Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз» [3;211]. Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлының қазақ тілі семасиологиясының пайда болуына қосқан үлесі зор екендігін және сол кездегі пікірлері осы күнмен үндесіп жатқандығын айтқымыз келеді.

Қазіргі қазақ тіл білімі деңгейіне сәйкес қазақ тілінің зерттелу дәрежесін осы күнгі қарқынмен, қол жеткен ұшан-теңіз табыспен ешбір салыстыруға келмейді. Ғылым әрі қарай дамып, тереңдеген сайын, оған қояр талап та күшейе бермек. Семасиологияның орнын анықтау қазіргі тіл білімінде ең күрделі мәселе болып табылады. Оның себебі семасиология бір ғана ғылым саласында қаралмай, бірнеше ғылымның төңірегінде қаралды. Ол бірде философияның қарамағында болса, бірде психологияның, бірде логиканың зерттеу көзі болды.

Себебі семасиологияның қарастыратыны сөз бен оның мағынасы болғандықтан, сөз бен мағына тілдің бір бөлшегі болып табылады. Бірақ сөз ұғыммен байланысты, ал ұғым – ежелден бері философияның бір категориясы. Сонымен бірге сөз сөйлеудің элементі ретінде коммуникативті қызметке сай психологиялық фактордың да ықпалында болады.

Семантика пән ретінде өзінің зерттеу объектісі етіп мағынаны алады. Бірақ мағына түсінігі де өте кең, бірнеше бағыттағы кешенді зерттеуді талап ететіндігі анық. Осымен байланысты ономашиология, диалектология, терминология, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, текстология және когнитивті лингвистика, функционалды грамматика, фоносемантика т.б. жаңа салаларда семантикаға қатысы кең өріс алуда. Ал тікелей семантика мәселесінің қазақ тіл білімінде арнайы зерттелуі Е.Қажыбеков, К.Хұсайынов, М.Оразов, А.Салқынбай, Ө.Жұмағұлова, С.Өткелбаева, Ғ.Хасанов еңбектерімен байланысты.

Қазіргі кезде семасиология кең көлемде түсініледі де бірнеше пәндердің (тіл білімі, философия, психология, логика, кибернетика т.б.) түйіскен жерінде сөз болып, талданып жүр. Бұл жағдай бір категорияны әр ғылым өкілдері түрліше түсінуіне, бірнеше бағыттағы қорытынды шығаруына, бірнеше зерттеу, талдау методтарын қолдануына жағдай жасап жүр. Сондықтан да бір пәннің жетістігіне сүйеніп семасиологияның өзекті мәселесін жан-жақты зерттеп, пікір айтуға болады деу дұрыс болмайды.

Сөз мағынасы – тіл білімінің еншісіне тиетін категория, сол үшін де оны жан-жақты талдау тіл білімінің үлесіне тиеді. Сөз мағынасын тіл білімі аясына да бірнеше бағытта талдау жасауға болады [4]. Мысалы, сөздердің дыбысталуы мен мағына арасындағы байланыс, мағына мен ұғым арасындағы байланыс, сөз мағынасының құрылымы мен құрылымдық элементтері арасындағы байланыс, лексиканы белгілі бір заңдылықтар негізінде байланысқан жүйе деп санап, сол жүйе мүшелерінің (сөздердің) өзара қарым-қатынасын анықтау сияқты толып жатқан мәселелер бар.

Сөз семантикасы тек тілшілердің пікір таласына ғана арқау болып қоймастан, ол философтардың да, психологтардың да, семиотиктердің де ойларына арқау болып жүр. Жалпы сөз семантикасы философияның кей категорияларымен байланысты екендігін ғалымдар ерте

кезден-ақ айтқан болатын. Мысалы, заттарға қалай ат берілген, сөз бен заттың арасындағы байланыс қандай заңдылықтарға негізделінген (таным теориясымен байланысты), тілдің пайда болуы және адамзат тарихы (глотогенез бен мифология), ой мен тілдің байланысы т.б. Тіпті бұл мәселелерге байланысты алғашқы пікірлер көне грек философтарының еңбектерінде кездеседі, олар да өздерінше қорытынды шығарған. Мысалы, Парменид (біздің эрамызға дейінгі 540/539 не 515 жылдары туылған): «Бұлардың (заттардың) әр қайсысына адамдар ат қояды, ол адамдардың ажыратушы таңбасы», – деген болатын [5,31].

Бұл мәселенің қазіргі тіл білімінде теориялық негіздері номинация, мотивация салаларында анықталуда (Б.Қалиев, Ж.Манкеева т.б.).

Ж.Манкееваның жоғарыда аталған еңбегінде материалдық мәдениет лексикасына қатысты атаулардың номинациялық қағидаларына тоқталады: «Қандай да болмасын заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ал тану, ия анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әр түрлі болады. Әр түрлі ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде кездесіп қолданылатын жағынан танып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әр түрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды» [6,248].

Ал Б.Қалиев «Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке» деген еңбегінде өсімдік атауларына қатысты мотивация проблемасына кеңінен тоқталады.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлының семасиологиялық теориялық концепцияларының нышандары қазіргі тіл біліміндегі когнитивті лингвистика, этнолингвистика, социоллингвистика, функционалды грамматика т.б. салаларында жүйелі сипатта жалғасқан сабақтастығын көрсетеді.

Ахметтану ғылымының іргетасын кеңейтіп, оның мұраларын халқымыздың, әсіресе жас ұрпақтың игілігіне айналдыру – қазіргі таңда басты мақсат болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымов Б. Ахметтану тарихының кейбір тұстары (өткені мен бүгінгісі) // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. – Алматы: Арыс, 2004. 10-12 бб.
2. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлының «Оқу құралы» атты көлемді еңбегі жайында // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. – Алматы: Арыс, 2004. 5-8 бб.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиеттанушы. – Алматы, 1989. -210 б.
4. Качеева А.А. Об основных типах значения слов // Филологические науки. 1978, №6.
5. Античные теории языка и стиля. – М.-Л., 1936.
6. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. -272 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ БЕРІК ҰСТАНЫМ

Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Saltanat.Imankulova@kaznu.kz

Тілдің халықтың рухани-мәдениетін көтерудегі орнын, ұлтты ұйыстыратын қасиетін Алаш зиялыларының жетекшісі Ахмет Байтұрсынұлы өз кезінде-ақ байыптап, оның қолданыс аясының кеңеюіне, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берген. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1, 332 б], – деп оны сақтау үшін тер төккен. Сөйтіп ол қазақ тілінің әліпбиін,

емлесін жасаған. Қазақ тіл білімінің ішкі заңдылықтарын ғылыми түрде дәйектеу арқылы оның қалыптасуына сара жол салған. Ерен еңбегі үшін «Қазақ тіл білімінің атасы» атанған. Сонымен қатар, тіл табиғатының бұзылмауы, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, сөз мәдениеті, оқыту әдістемесі жөнінде тамаша тың ойлар тастап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп кеткен. Ахмет Байтұрсынұлының ізбасары, қазақ тіл білімін қалыптастырушылардың бірі, әдіскер-ғалым Телжан Шонанұлы: «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тіл мен сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ» [1, 342 б], – деп оның идеясын ары қарай жалғастырған.

Ал қазіргі таңда тілге қатысты (әсіресе өз ана тіліміз – қазақ тілі туралы) айтылып жатқан дәйексөздер де, жазылып жатқан кітаптар да көп. Алайда олардың көпшілігі Алаш зиялыларының еңбектері сияқты жүрегімізге жол таба бермейді. Бүгін оқысақ, ертең ұмыт болады. Есімізде сақталмайды. Ал арыстардың сөйлеген сөздері, айтқан өсиеттері құлағымызда жаңғырып тұрады. Алаш зиялыларының еңбектері сонысымен құнды, өміршен.

Шынында да тіл арқылы ұлттың тұтас бітім-болмысы, мінезі мен келбеті көрініс табады. Тіл арқылы қарым-қатынас жанданады, адамның өресі айқындалады. Осындай күшті әлеуетке ие тіліміздің қасиетін солғындатып алғанымыз, қауқарсыздығымыз қатты алаңдатады.

Тәуелсіздік алған тұстан бастап ана тіліміздің жағдайын зерделеп қарасақ, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі орнын әлі де нақтылай алмай отырғанымыздың өзі көп жайттан хабар береді. Алысқа бармай-ақ айналамызға көз салайықшы... Қай тілдің әлі де басым тұрғанын сөйлеушінің өзі аңғара қояды. Тіпті «Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды» демекші, біз биліктің тіліне қарасақ, сенім артып отырған күзіретті орындар жерге қаратады. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазуға ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе?» [1, 333 б]. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған мақалада ғалымның тіл жанашыры ретінде жан айқайы сезілсе, сол ұлы мәселе қазір де дәл сондай өзекті болып тұрғандығы таңдандырады.

Қазіргі таңда елімізде қазақ тілі мемлекеттің тілі ретінде нық орныға алмай жатып, үштілділік оқыту жүйесі еніп жатыр. Үштілділік жағдайындағы қазақ тілінің мәселесіне алаңдаушылық тектен-тек болмаса керек. Қазақ мектебінде физика мен математика, биология мен химия және информатика пәндері шет тілде оқытылмақ. Аталған нақты ғылымдар мен жаратылыстану саласында қазақ тілі өзінің маңызды қызметін атқара алмайды. Ғылым тілі бола алмайды. Ал енді осындай тұжырым қаншалықты қисынға сай келмек?!

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту балабақша жасынан қалыптасады десек, біз сол кезден бастап балаға тілдік тәрбие беруде қателеседі екенбіз.

Америкалық профессор Дэвид Харрисон тілдің аман қалуы немесе жоғалып кетуі алты жасар балаға байланысты екенін айтады. Ол үшін күнделікті қолданыс қажеттілігін тудыра отырып, тіл үйрету талабын қанағаттандырып отыру керек. Алты жасар баланың тілді үйренуге деген бейімі де, жадысы да өте жоғары деңгейде болатыны ғылыми дәлелденген пікір. Демек, әлем лингвистері бекерден-бекер дабыл қағып отырған жоқ.

Бала жастайынан солқылдақ жас тал сияқты көрінген нәрсеге қызыққыш, еліктегіш келеді. Діңгегі қатаймаған талды қалай тартсаң, солай иіледі. Қазіргі үштілділік оқыту жүйесі бойынша санасы әлі пісіп-жетілмеген баланы біз ертең қандай азамат етіп шығармақпыз?! Олардан біз не үміт күтпекпіз?! Өз елінде, өз жерінде жүріп мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеруге құлықсыз, өз тілінің қадірін білмей жүргендердің санын арттырмақпыз ба?!

Тағы да А. Байтұрсынұлына жүгінейік: «Орысша оқығандар – орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар – ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине ол нағыз қазақша болып шықпайды.

Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Бізде өз тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, содан соң басқаша оқытуға тиіспіз». Бұл идея біздің тілді меңгертудегі берік ұстанымымыз болу керек. Оң-солын танытып алған соң балаға (бастауыш сынып) ақырындап өзге тілдерді (орыс, ағылшын тілдері) үйретсек, еш кеш қалмаймыз. Өз тілін жетік меңгерген жеткіншек оны ешқашан ұмытпайды. Осындайда Елбасының: «Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы. Бірақ ол шетел тілінде орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә, Сол себепті де мемлекеттік тіл – біздің мемлекетімізді құлатпай ұстап тұратын мықты діңгек екенін ұрпақтарымыз біліп өсуге тиіс», – деген сөзін жадымыздан шығарып алмасақ болғаны. Көп тіл үйрену өмір қажеттілігі екеніне ешкімнің таласы жоқ, алайда алдымен өз ана тілімізді жарылқап алуымыз керек. Кезінде «жалпақшешейлікке» салынып, кез келген қонаққа төрімізді ұсынып, өзіміз босағада қалғанымыз ащы сабақ болуға тиіс. Ендігі кезек күттірмейтін мәселе – қазақ тілі мәселесі болуы керек. Және оны мемлекеттік тұғырына қондырып, төрге оздыруға бар күш-жігерімізді салуға тиіспіз. Ол үшін ең алдымен ұлт көсемі айтқандай, «Біз әуелі елді түзетуді – бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» [1, 335 б].

Балабақша жасынан бастап, мектептің бастауыш сыныбында тілді бар мүмкіндіктерді тудыра отырып меңгертуге кірісу керек деген ойдамын. Ол үшін сол тілді дендей оқыту әдісін (метод полного погружение) қолдана отырып үйрету керек. Сол жаста айналамыз, қоршаған орта баламен тек таза қазақ тілінде қарым-қатынас жасауы керек. Себебі, жоғарыда айтылғандай, ана тілін үйренуге алты жастағы балалар қызығушылық танытпаса, тіл тіршілігін тоқтатады. Сол тілмен бірге, дін, діл, дәстүр, білдей бір ұлт жоғалып кетуі мүмкіндігі басым тұрады екен. Содан кейін орыс, ағылшын тілдерін 3 сыныптан бастап үйретуді қолға алсақ та, кешікпейміз.

Ал айналасын танып-біліп қалған, өз пікірі қалыптасқан жаста қазақ тілін үйретудің нәтижесі алты жастан бастап үйреткен баламен салыстыруға келмейді. Адам неғұрлым санасы айқындалған сайын өзіне не қажетті екенін сезіне бастайды. Оған зорлықпен, мәжбүрлікпен тілді үйрете алмайсың. Айнала, қоршаған ортаның ықпалына қарай қажеттілік туындаған кезде, ешкімнен сұрамай-ақ (біздің Кеңес дәуірінде орыс тілін қалай үйренгеніміз сияқты), өзіне керегін тауып алады. Бұл кезде біз тіл үйренушінің қызығушылығын одан әрмен оятуымыз керек. Яғни, уәждеме (мотивация) тудыра алатындай дәрежеде болуымыз керек. Тілдік тұлғаның жан-жақты қырларын айқындап алып, оның қатысымда пәрменді қолданатын құрылымдарын жіктеп, саралап бере білуіміз керек. Оның жолдарын өз арамыздан шыққан мамандар болмаса, ешбір басқа ұлттың ғалымдары бізге тура жол ұсына алмайды. Ресей ғалымы Владимир Плунгянның айтуынша, «Ғалымдар қанша зерттеп, өз болжамдарын айтқанымен, сол тілдің төл өкілі болмаған соң, бұл ұлттың танымына терең бойлай алмайды» [2 б]. Сондықтан әлемдік тәжірибе былай деп кез келген жылтырағанға құмарта бермей, «өз жыртығымызды өзіміз жамауға» дағдылануымыз керек сияқты. (Озық елдердің тәжірибелерін ұлттық танымымызға сай етіп қолдана білу басқа мәселе). Қорыта келгенде, «... біз қазақ болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» [1, 333].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. /Құрастырған: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы, 2006. – 364 б.
2. Сабина Зәкіржанқызы. Тірексіз тілдер. «Айқын» газеті. 13.09.12.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕМЛЕ ҰСТАНЫМЫ, ОРФОГРАММАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Күдеринова Қ.Б.

*филология ғылымдарының докторы
Сулейман Демирель атындағы университеттің
қауымдастырылған профессоры
e-mail: kuderinova_70@mail.ru*

А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәлиев бір сөзбен былай деп түйген еді: “Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы” [1, 38б.]. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе.

А.Байтұрсынов әліпбиінің фонологиялық негіздері, ондағы “инвариант-вариант” қисыны бойынша “әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін)” білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігі туралы да бірегей зерттеу Н.Уәлиевтің “Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері” атты еңбегінен табылады [1, 43б.]. Онда Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба салған жалпы жазу теориясының фонологиялық негіздері А.Байтұрсынұлының “бес дауыстыға” құрылған жазуындағы әріптердің белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейтін сингарможазуында көрініс тапқаны толыққанды дәлелденгендіктен, біз А.Байтұрсынұлының жазу теориясына қатысты өзге де пікірлері мен ұсыныстары туралы сөз қозғағанды жөн көреміз.

Ең бірінші, А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуі [2, 361б.] жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес келетінін айтқан жөн. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді [3, 52б.].

Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны.

Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер [4] де ғалымның осы көзқарасын растайды [3, 100б.]. Л.В.Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген [5, 104б.]. Сонда таңба жүйелі емле (Байтұрсынұлы) – тарихи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (Байтұрсынұлы) – этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (Байтұрсынұлы) – морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті ғалым “туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін” төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

- “1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз онаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу” [6].

Бұл “полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать” деген Л.В.Щербаның сөзімен үндеседі [7, 50б.].

Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сай келеді. Жалпы, бәрімізге белгілі 70-80жж. фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бұл Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ұғымын басқа бағытта қарастырып кеткен беделді ғалымдардың (Л.Л.Щерба, Л.В.Зиндер) еңбегіне де байланысты. Алайда бұл жайында кейінгі зерттеулер мен пайымдаулар арасында қайшылық көріне бастайды. Соңғы уақытта “Фонематический принцип предполагает мотивированность написания звуковым обликом обозначаемого слова или морфемы без учета их словообразовательных связей. Действие фонематического принципа проявляется там, где в разных словоформах одна и та же морфема пишется по разному, если в ней происходит живое позиционное чередование: *игра – розыгрыш, безделье – беспокойство*” [3, с.82] деген және “Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и, сверх того, объясняет те факты, которые не могла быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований” [8, с.10] деген тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, қазақ орфографиясының негізгі принципі фонематикалық екенін алғаш дәйектеген Н.Уәлиев қазақ емлесінің негізгі ұстанымын белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады [1, 72б.].

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдіс-тәсілдеріне жатады. Бұл әдісті кезінде А.Байтұрсынұлы: “Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді”, - деген екен: “Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Дыбыстар үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын ” деген ұсыныстар барын айтады ғалым [6].

“Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де “аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді ... сөйтіп сөз басына ереже жасайды ... ондай емле оңай болып табылар ма” дейді А.Байтұрсынұлы. [6,6б.].

А.Байтұрсынұлының орфограммасын шешіп алуды алдына мақсат еткен әріп қатары “үйлестікпен дүдәмал естілетін” **б-п, т-д, ж-ш, з-с, ш-з** фонемалары болды [6, 7б.]. Бұлардың ішінде б-п гиперфонемаларын ғана морфонологиялық негізге сүйеніп, қалай естілсе солай жазатын принципті ұстанамыз: *сап- сабы, сап-сапы; қақ- қағы, қақ- қақы*. Ал қалған гиперфонемалар фонематикалық принцип бойынша қалай естілсе де, инвариант нұсқасы сақталып жазылады.

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын бірнеше (әдетте жазуда 6-ға дейін, сөйлеуде 9-ға дейін) нұсқада жүреді.

Ал А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақ жалғауын ұяң вариантымен ғана жазуды дұрыс көрген. “Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: “*Қасекең сау күндегі әнге басты*” дегенде “*басты*” деген жіктік жалғауында “т” естіле ме, “д” естіле ме” – дүдәмал, ашық емес. Қасындағы “с” дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей тұр. Күңгейленіп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, “*Қас екең сау күндегі әнге салды*” десек, қай дыбыс екені

анық естіледі. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді [6, 76.]. Позициялық әсері болмайтын дыбыстарға **л, р, з** фонемаларын жатқызады. Мысалы: *балдың, қардың, қозда*. Бұл дыбыстардың неге позициялық әсері болмайтынынан бұрын, алдымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Яғни тілдің қатаң дыбысталуынан гөрі жұмсақ, үнді болып естілуін қалаған сыңайлы. Осы дәйексөз алған мақаланы жазған жылы А.Байтұрсынұлы *Алма-Ата* қаласының атын *Алматы* етіп жөндеуді ұсынған Т.Шонанов екеуінің хатында “-ты вместо современной -лы, -ды свойственно тюркским языкам в частности казахскому ... -ты, в казахском языке является более древним чем другие формы этого рода” деп, қазақ даласында *Шідерті, Қалдығайты, Бұлдырты, Мойынты* деген жер атаулары ұяндамай сақталып отырғанын айтады.

Бұл арада мәселе ғалымның бір мәселеге екі түрлі көзқарасы болғанын көрсету үшін емес, болмаса жазу нормасын негіздеуде “дүдәмал” жерге иек артқанын қателікке шығару үшін емес, жалпы қазақ жазуында қосымшалардың немесе шылаулардың позицияға тәуелді реңктері таңбаланғандарын, морфонологиялық құбылыстар ғана емес, фонетикалық құбылыстар да таңбалағанын айтқымыз келді.

Ғалымның шартты рай жұрнағы *-са, -се* ме, әлде *-ша, -ше* ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде *қонса, сепсе, келсе, қуса, қанса* тұлғаларын таңдап алуы – *кешше* (кешсе), *пішше* (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны [6, 76.]. Сондай-ақ ғалым *Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген – сенген, күңге – күнге* тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі “*қорғам*”, “*арғым*” “*тасқым*” емес *қорған, арғын, тасқын* болады деп анықтайды. Сондай-ақ [н] дыбысын *қ, з, г* дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, “*қоныс*”, “*қондық*”, “*жону*”, “*жондым*”, “*жанып*”, “*жанды*”, “*көніп*”, “*көнді*”, “*өніс*”, “*өнім*”, “*мініп*”, “*мініс*”, “*сеніп*”, “*сенім*”, “*күнде*”, “*күндік*” дегенде, “ң” емес, “н” екені айқындалады [6, 76.] дейді ғалым. А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр [8, 166.].

Ғалымның келесі негіздеген мәселесі – жалғаулықтардың сөздің аяққы дыбысына қарап айнып келуі жайында [6, 86.]. Автор мұнда *мен, менен, бен, бенен, пен, пенен* шылауларының ұяң, үнді варианттарына артықшылық беріп, қатаң вариант позициялық өзгерістің әсері дегенді айтқан. Қайталап айтсақ, ғалымның қазақ сөздерін жұмсартып айту жағын қатты назарға алғанын байқаймыз. Оған дәлел: “*Аспан ба?*”, “*асбан ба?*” – дүдәмал екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: *дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен* тағысын тағылар. Бұлардың “п” мен “б” дүдәмал болған орындағы ашылуы ылғи “б” жағына болғандықтан, “б”-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі “б”-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: “*асбан*”, “*дұсбан*”, “*данышбан*”, “*кетбен*” деген сөздер “*асман*”, “*дұшман*”, “*данышман*”, “*кетмен*” деген сөздерден шыққан: “м” дыбысы “б” дыбысымен алмасып отырады. “*Қақбан*”, “*қақба*”, “*қақбақ*”, “*өкбе*”, “*оқыбан*” секілді сөздерде “*қақбан*”, “*қақба*”, “*қақбақ*”, “*екбе*”, “*оқбан*” дегеннен дыбыстары алмасу мен “б” дыбысты сөз екені көрініп тұр” [6, 96.] деген жолдар. Жалпы мұнда жазу тарихы, жазудың өзіндік ерекшелігі тұрғысынан келсек, А.Байтұрсынұлының араб жазу дәстүрін үзбеу, жазу дәстүрін сақтау жағына көбірек көңіл бөлгенін байқаймыз.

Қазіргі қазақ жазуының бір проблемасы **ы, і** әріптерінің емлесі болса, бұл жайында Ахаңның мына көзқарасы жазу тарихы үшін маңызды: “Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында һәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мысалы: *жаны – жанына*” дейді ғалым [2, 327б.]. Ал түбір ішінде, сөз басында **ы-ны** жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады [2, 327б.]. Мысалы: *қн* (қын), *қр* (қыр), *жлм*

(жылым), *жлтр* (жылтыр), *мсқ* (мысық), бірақ *мсығы*, *қы*, *жлымы*, *жлтры*. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің атауы туралы айтқан Н.Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: “Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды.., біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі *-бы*” [1, 50б.]. Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына **ы**, **і** (**к**, **г** – әріптерін атағанда) қосып айтамыз. Олай болса, Қ.Жұбанов айтқандай, бұл дауысты дыбыстарды буын, не тасымал үшін жазамыз деген дұрыс емес, “әр ережеге өзінің әдісін шығарып алуға болады”.

Бірақ ғалым **ы** әрпінің бітеу буындардан қалмай жазылатынын ескертеді: *қарт – қарыт*, *арт – арыт*, *жұрт – жұрыт*. “Бітеу буынға **ы** жазсақ, бірдей естіледі деген болып шығады” [6, 96.].

Тегінде А.Байтұрсынұлы жазу нормаларын тиянақтағанда ауызша тілге табан тіреп отырған: «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе [2, 395б.]. Олай болса тілді бұзып, емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [2, 328б.]. «Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағнасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағнасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу» [2, 329б.] деп, ауызша тілмен жазуды мейлінше жақындатуға тырысқан. Ендеше жоғарыдағы сөздердің қазақ тілінің бұрынғы сөз сазында солай айтылуы ғажап емес.

Енді лабиалды сингармонизмнің таңбалануы туралы А.Байтұрсынұлының көзқарасына қысқаша тоқтала өтсек, ғалымның қазақ тілі үндестігі тек екі түрлі: бірі жуан, екінші түрі жіңішке [2, 390б.] деп, тек лингвалды сингармонизмді қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі екенін айқындағанын көреміз. Ғалым: “**о** – дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында **һәм** дауысты дыбыстардан соң қазақ өзгеше **у** әрпі **ыу**, **іу** дыбыстарының тіркесінен тұрады дейді. “*Алып* демей сөзінде **һеш** орында естілмейді, сондықтан бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыстан соң (**о**) жазылса, (**ұ**) қылып оқу тиіс” [2, 150б.] дейді.

Қазақ жазуының кезеңдерінен <ү>, <у>, <у> дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау қиынға соққаны белгілі. Бұған араб графикасындағы **ұ**, **ү**, **у**, **о**, **ө** дыбыстарына бір таңба арналуы себеп болды. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жіңішкелік (**ұ-ү**, **о-ө**) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнайды. Олар жуан-жіңішке белгісі арқылы ажырайды:

Ғалым: “**о** мен **ұ** екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. *Қой* (*мал*) деген сөзбен *құй* (*шай құй*) деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы **һәм** сондай басқа. **Ұ** көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. **Ұ** *тұр*, *жұрт*, *құм* деген сөздерде **т**-ның **ж**-ның **қ**-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін **о**-дан айыру үшін, үстіне (**о**) қоямыз. **Ұ**-ны оқығанда **һәм** оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс” [2, 326б.] деген. Бірақ сонда да <ү> мен <у>-дың арасын айыру қиындығы болғанға ұқсайды: “**у** - *азу*, *қару*, *жабу* деген сөздерде **з**-ның **р**-дың, **б**-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. **У**, **ү**-сөздің бас буынында қысқа **һәм** көмескі естіледі. *Құрау*, *құлақ*, *құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын, **һәм** анық айтылады. **У**-дан **ұ**-ны айыру керек. Қысқасы, сөздің басқы буынында **у** ұзын **һәм** анық естілсе, екі әріппен жазарға *тұра*, *тұмас*, *буұн*, *бұуаз* дегендей. (**у**)-ды (**ұ**) дан айыру үшін үстіне (**о**) қоямыз. Себебі, (**у**) менен (**ұ**)-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес” [2,383]. Проф. М.Жүсіпов А.Байтұрсынұлы ілімінде қысаң езуліктің төрт түрі (**ы**, **і**, **ы^й**, **і^й**) қысаң еріндіктің төрт түрлі (**ұ**, **ү**, **ұ^у**, **ү^у**) варианты бар [10] деген. Оған А.Байтұрсынұлының “Сіздер **у** бар дерсіз, жоқ. Ол **у** ауға сәкін болады” [11, 125б.] дегені дәлел. “Ал сөз ортасында, **я** басында анық **һәм** ұзын естілетін жерлерде екі **/ұ/** жазуға тиіс. Мысалы, *тура*, *туыс* деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші **ұ** орнына **ғ** келеді. Мысалы, *туғра*, *туғыш*” [2, 325б.] деп **ұу**, **үу** тіркесін **ұұ**, **үү**

арқылы беру керек деп топшылайды. Сөз басында айтылса, екі таңба сөз аяғында қалай естілсе де, жалғыз /y/ әрпімен беруді ұсынады [2, 383б.]. Мысалы, *аиу, аиулану, тату, татулық, татуласу*. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, *аиулану* деген сөздегі бірінші /y/ әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол *аиу* сөзінде соңғы буында тұр деген сияқты.

У әрпі туралы қазіргі тұжырымдардан, *алуб* десек, келіп демей, *келуб* десек, онда *алуу, баруу* деуге болады. Оның үстіне *алыуды – алыс, барыуды – барыс, келіуді – келіс* деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше у-дың алдына *ұ, ү* әріптерін салудың еш қисыны жоқ” [6, 10б.]. Сонда ғалымның ойынша, дүдәмалдық **ы** жағына қарай шешіліп отырады. Алайда ғалым *уақыт* сөзін *ұақыт, уақ* сөзін *ұақ* деп айтылатынын ескертіп, өз пікіріне қарсы шығады.


Сөз басындағы үнділердің алдынан келетін қысандар туралы ғалым былай дейді: **р, л, у, и** әріптерінің алдында “ы” әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: *лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленин, Лепсі* деген сөздердің алдында келген “л” тап-таза “ы”-сыз естіліп тұр. Оған “ы” жазудың керегі жоқ. “*Блай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи*” деген сөздерде “л” алдында “ы” анық естіліп тұр [6, 10б.]. Ал күмәнданатын жердің тексеру әдісі өлең өлшеуі болады деген.

Ғалым **һ** әрпін қазақ тілінде бар дыбыстың таңбасы деген. Шаршағанда – *уһ, жақтырмағанда түһ, өкінгенде – аһ және әһ, үһлеу, үһлеген, аһламақ* дейміз деген.

Қолданылатын реті аз болса да, тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезіледі дейді. Ал **х** дыбысын **қ**-ның реңкі деп табады. Өйткені ғалым **х**-ның мағына айыратын қызметі шамалы дегенге саяды. Мысалы: *халық – қалық, құрметті – хұрметті, хажы – қажы* деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді [2, 88б.]. Автор көрсеткен бұл сөздердің ішінде тек *халық* сөзі ғана бүгінде **х** әрпімен таңбаланады. Ал *құрметті, қажы* сөздері негізгі реңкке көшкен. Бұл қатарды *дастархан – дастарқан, дихан – диқан, рахмет – рақмет* деген сияқты, екінші сынары жазуда кодификацияланып кеткен сөздермен толықтыра беруге болады. Ендеше, әліпби құрамын өзгертудің қазіргі қарсаңында **һ** әрпін алып тастау туралы ойлану керек. *Қақарман, жиқаз, гауқар* сөздерін алдын-ала дайындалған артикуляциямен айтсақ [9], қазақ тіліндегі басқа дауыссыздары сияқты төрт әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмаса [1, 29б.], оны **к** – фонема-инвариантының варианты деп тану, әрі **к, г**-ні инвариант-фонеманың варианттары деп тану бірауызды бола қоймай отырғанда ертелеу сияқты. Қ.Жұбанов одағайларды айтқанда небір дыбыс құбылыстары шығып отырады, оның бәрін таңбалай беру мүмкін емес деген. Болса да тілдік қызметі бар құбылыстардың жазуда таңбалану мүмкіндігі табылып отырса, ол графикамыздың жетістігі деп ойлаймыз. *Аһ, үһ, түһ, аһылау, үһілеу* сөздерін *ақ, ұқ, тұқ, ақылау, үкілеу* деп жазып, **һ**-мен айтамыз десек, онда жазба тіл мен ауызша тілдің айырмашылығын көрсететін басқа да көптеген құбылыстарды көрсетуге болады деген сөз. Мысалы, *мсқ* деп жазып, *мысық* деп айтамыз деген сияқты, болмаса *кол, гана* деп жазып *қол, гана* деп айтамыз дегендей (яғни **қ, ғ**-ны әліпбиден алып тастау).

Ал жарты дауысты **<й>** фонемасы туралы, зерттеуші “жарты дауысты тек дауыстылардың жанында ғана айтылады. Қай жерде /й/ тұрса, оның алдында **[ы], [і]**-нің біреуі болады” деді. Сондай-ақ **/й/-дің** алды, артынан да **ы** естілсе, алдыңғысы жазылмайды да, соңғысы жазылатынын көрсетті, мысалы: *қиын, тиын, киім, киік* [2, 327б.].

А.Байтұрсынұлы “**е** жазылады сөздің бас буынында. Мысалы *ер, ерік, еркін, мен, менің, менікі, ерке, серке, келеке*. Қосылмайтын харіфтердің соңынан **()** орнына **()** жазылады. Мысалы, *кіре, тізе, керек, кедей* сияқты жазылған сөздердің алдына дәйекше **()** қойылмайды. Себебі бұл дыбыс ол болмаса да жіңішке айтылатын дыбыс” деді [2, 328б.]. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде **/е/** графемасының үш мәні бар болып шығады:



Жалпы, ғалым дауыстылар жүйесінің таңбалануын былай бөлген. Бірінші, **<ы>** дыбысына қатысты жазу үнемділігін жасаған. Екінші, **<е>** дыбысының таңбасын үнемі бейнелеп отыру

керек, өйткені сөз мағынасына әсер етеді. <о>, <ө> қысаң еріндіктердің таңбасы сөз аяғында ресми түрі *е*-мен ауыстыру [11, 1256.]. Үшінші, **и** дыбысына екі таңба алу.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде <қ>, <ғ>, <к>, <г> фонемаларының арнайы таңбалары бар. Ғалым оның себебін “**қ, ғ** әрдайым жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. <к> һәм <г> дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. **қ** мен **ғ** жазылған сөздердің алдында дәйекші қойылмайды, оны қойғанмен бұл хәріптер жіңішке айтылмайды. **к** мен **г** алдында дәйекші қойылмайды, оны қоймаса да айтылатын болған соң” [2, 329б.] деп анықтайды.

Төте жазу орфографиясының бір өзгешелігі <ш> орнына **ч** әрпінің қолданылуы. Оның себебін А.Байтұрсынұлы былай ашады: “<ш> дыбысы <с>дан гөрі <ж>-ға жақын, олай болғанда **ш** әріпінің түрі де (ж-ға) жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тілінде /ш/ хәріпі алынбай /ч/ хәріпі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көп. Мысалы, *екінші, үшінші, бесінші* һәм басқа сондай /ш/ келетін сөздерді *екінші, үшінші, бесінші* деп жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді. Себебі, менің ойымша, мынау боларға: **ш** араб тілінде *с*-ға жақын дыбыс боларға керек, сондықтан басқа түркі тілінде біздің *с* орнына жұмсалады. Мысалы, *бас-баиш, тас-таиш, қас-қаиш* деген сөздерде” [2, 329б.]. Сонда ғалымның ойынша, араб тілі мен қазақ тіліндегі **ш**~*с* сәйкестігінен, <ш> дыбысын **ч** әрпімен таңбалап айыруға болады. “Әлбетте, хәріп тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, хәріпі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ хәріпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, хәріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола хәріпті бұзып өзгертеді” [2, 388б.]. Бұл **һ** дыбысы одағайларда ғана естілетін дыбыс болса да, әріп арналу керек деген пікіріне келеді.

XXғ. басында қазақ тіл дыбыстарының инвентарін анықтау қиындығы А.Байтұрсынұлының фонема-әріп теориясы арқылы шешімін тақпаны ақиқат. Өзге графиканың (араб графикасы) әліпбиін (араб әліпбиін) өз тілінің дыбыстарына арнау керісінше әрекеттің, төл дыбыстарды өзге тіл әліпбиінің құрсауына байлап беру қаупін төндіретін еді. Бірақ А.Байтұрсынұлы араб әліпбиі қазақ тілі үшін шығарылған жоқ, араб тіліне арналған әліппе сондықтан араб графикасына негізделген әліпби қазақ тілі фонемаларын ғана беруі керек деп топшылады. Кейбір оқымыстылардың <о>, <а>, <ұ> фонемаларын жарты дауысты, ал <ы> фонемасын мүлде жоқ деген көзқарастарына пайымды қарсылығын білдірді [2, 388б.].

Ғалым дәстүрлі жазуда қолданылған туыс жүйелі емледен гөрі “табиғат қалауынша” жазу, яғни *атасыға, атыға, қолыға* орнына *атасына, атына, қолына* деп жазуды дұрыс [12, 98б.] көрді. “Хасыл кәлем менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жолыменен ыспат етілсін” [2, 382б.] дейді. Сондықтан ғалым бірінші әліпбиді жөндеу керек, әліпби жөнделмесе емледе алақұлалық басталады. Ал “әліпби деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліпбиде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасақ тиіс” [2, 400б.] деп санады.

Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде “туысша” жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: “Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек” [2, 418б.] деді. Сондықтан “Көптік *лар*-ды қалған варианттарының орнына жазу *қараймын, сөйлеймін* деген соң *бараймын* болмаса, *малдай, малда* деген соң *малындай, малында* деп, болмаса *маллар, нанлар, атлар* деп неге жазбаймыз дегенмен бірдей” [2, 396б.] деп, тіл қатынастарын бір деңгейде қарастыру керектігін айтады. Ал ғалымның “Сауаты ашылған адам жазылған, я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады” [2, 412б.] дегенін тілдің

таңбалық сипатын жазуға да қолдану керек, ауызша тілдің өзгерістеріне сай жазу емлесін өзгертудің перспективасы жоқ деп түсінеміз.

Жалпы, А.Байтұрсынұлы әліпбиі туралы Н.Уәлиевтің: “Таңба теориясы тұрғысынан алғанда бұл жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпы халықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі” деген сөзінің маңызы бар [7, 269б.].

Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ грамматикасы мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін саралаған алғашқы лингвистердің бірі дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 1993.–162 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б.
- 3 Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. –111 с.
- 4 Амирова Т.А. К истории и теории графемики. М.:Наука, 1977.–190 с.
- 5 Щерба Л.В. Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. –134 с.
- 6 Байтұрсынұлы А. Емле туралы // ҚР БЖҒМ ҒА Хабарлары. 2000, №3.
- 7 Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М., 1957.- 189 с.
- 8 Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. – 264 с.
- 9 Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского слова: дисс... докт.фил.наук. Алма-Ата, 1988.–328 с.
- 10 Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма, Ташкент, 1995.–176 с.
- 11 Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 12 Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушылар диққатына сөз жазушыға // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖАЗУЫНЫҢ ГРАФИКА-ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Күдеринова Қ.Б.

*филология ғылымдарының докторы
Сулейман Демирель атындағы университеттің
қауымдастырылған профессоры
e-mail: kuderinova_70@mail.ru*

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп болды. Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай, - 43. Графеманың бесеуі (а, о, ұ, ы, е) дауыстының, 17-і (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н) дауыссыздың, 2-і (у, й) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дауысты, 34-і (б, б', д, д', п, п', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, г, ң, ң', л, л', м, м', н, н', у, у', й, й') дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, өз кезеңінде ең үнемді әліпби түрін жасады. Әліпби теориясында әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген жазу сипатын көрсетеді деген қағиданы қалыптастырған А.Байтұрсынұлының төте жазуы деп білеміз. Ғалым ерін үндесіміне қарағанда қазақ тілінде тіл үндесімі жетекші қызметте екенін пайымдап, лингвалды сингармонизмге жазуда доминанттық сипат береді. Сөйтіп, өзге түркі тілдері ішіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін анықтап, орнын айқындайды. Сөздің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны басқа дыбыстық заңдылықтарға қарағанда жаппай қамтитын құбылыс екенін пайымдайды. Және ол жуан-жіңішкелікке “жетекшілік” ететін саны аз дауысты дыбыстар болатынын біледі. Осы белгілерді байқай отырып, ғалым 43 дыбысты мүмкіндігінше аз әріпке сыйдыруды қарастырады: “Дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар

басқа дыбыстарды сондай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да солай айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айрылғаны. Дауысты дыбыстар **а, о, ұ, ы** осы тұрған күйінде жуан айтылады, мысалы: *аз, оз, ұр, сары*. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгі аламыз ()-ні дәйекші. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады, яғни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады, мысалы: *арман-әрмен, тор-төр, тұр-түр, жоны-жөні*. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады” [1, 325б.]. Мысалы: (*қала*), (*пәле*), (*иш*), (*шайнек*), (*ән*) т.б.

Қазақ жазуының кезеңдерінен <ү>, <ү>, <у> дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау қиынға соққаны белгілі. Бұған араб графикасындағы **ұ, ү, у, о, ө** дыбыстарына бір таңба арналуы себеп болды. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жіңішкелік (**ү-ү, о-ө**) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнайды. Олар жуан-жіңішке белгісі арқылы ажырайды:



Ғалым: “**о** мен **ү** екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. *Қой (мал)* деген сөзбен *құй (шай құй)* деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. **Ү** көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. **Ү** *тұр, жұрт, құм* деген сөздерде **т**-ның **ж**-ның **қ**-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін **о**-дан айыру үшін, үстіне () қоямыз. **Ү**-ны оқығанда һәм оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс” [1, 326б.] деген. Бірақ сонда да <ү> мен <у>-дың арасын айыру қиындығы болғанға ұқсайды: “**у** - *азу, қару, жабу* деген сөздерде **з**-ның **р**-дың, **б**-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. **У**, | -сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі. *Құрау, құлақ, құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын, һәм анық айтылады. **У**-дан **ү**-ны айыру керек. Қысқасы сөздің басқы буынында **у** ұзын һәм анық естілсе, екі әріппен жазарға *тұура, тұумас, буұн, бұуаз* дегендей. (**у**)-ды (**ү**) дан айыру үшін үстіне () қоямыз. Себебі, (**у**) менен (**ү**)-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес” [1, 383]. Проф. М.Жүсіпов А.Байтұрсынұлы ілімінде қысаң езуліктің төрт түрі (**ы, і, ы^й, і^й**) қысаң еріндіктің төрт түрлі (**ү, ү, ү^у, ү^у**) варианты бар [2] деген. Оған А.Байтұрсынұлының “Сіздер **у** бар дерсіз, жоқ. Ол уауға сәкін болады” [2, 125б.] дегені дәлел. “Ал сөз ортасында, я басында анық һәм ұзын естілетін жерлерде екі /**ү**/ жазуға тиіс. Мысалы, *тура, туыс* деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші **ү** орнына **ғ** келеді. Мысалы, *туғра, туғыш*” [1, 325б.] деп **үу, үү** тіркесін **үү, үү** арқылы беру керек деп топшылайды. Сөз басында айтылса, екі таңба сөз аяғында қалай естілсе де, жалғыз /**у**/ әрпімен беруді ұсынады [1, 383б.]. Мысалы, *аиу, аиулану, тату, татулық, татуласу*. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, *аиулану* деген сөздегі бірінші /**у**/ әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол *аиу* сөзінде соңғы буында тұр деген сияқты.

Ал <**ы**>, <**і**> фонемаларының орфограммасы туралы ғалымның өз сөзін тыңдағанымыз жөн: “**ы-жаны, малы, тары** деген сөздерде **н**-ның, **л**-дың, **р**-дың соңынан естілетін дыбыстың белгісі. Сөздің басында, ортасында **ы**-ны қысқа һәм көмескі естіп, бар-жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы *қн, қр, қрн, жлм, жлтр* деген сөздердің ішінде <**ы**>-ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп те айтуға болады. Бұл сөздерді /**ы**/ -ны жазғанда да жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқылуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. *Қаны, жаны, малы* деген сөздерді **ы**-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сондықтан

сөздің аяғында **ы** жазу қажет. Сөз басында **ы**-ның өзі жазылмаса да, сүйеніш харпі алиф жазылады. Мысалы: *ықтың, ынтық, ырғақ,* ” [1, 327б.].

Ғалым фонемалық мәні болғанмен, жазылған сөзді оқуға зияны тимесе, үнемдеп жазу принципін осы дауысты таңбасына қатысты айтқан. Бұл туралы кеңірек алдыңғы тарауда сөз етеміз.

Ал жарты дауысты <й> фонемасы туралы, зерттеуші “жарты дауысты тек дауыстылардың жанында ғана айтылады. Қай жерде /й/ тұрса, оның алдында [**ы**], [**і**]-нің біреуі болады” деді. Сондай-ақ /й/-дің алды, артынан да **ы** естілсе, алдыңғысы жазылмайды да, соңғысы жазылатынын көрсетті, мысалы: *қиын, тиын, киім, киік* [1, 327б.].

А.Байтұрсынұлы “**е** жазылады сөздің бас буынында. Мысалы *ер, ерік, еркін, мен, менің, менікі, ерке, серке, келеке*. Қосылмайтын харіфтердің соңынан () орнына () жазылады. Мысалы, *кіре, тізе, керек, кедей* сияқты жазылған сөздердің алдына дәйекше () қойылмайды. Себебі бұл дыбыс ол болмаса да жіңішке айтылатын дыбыс” деді [1, 328б.]. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы әліпбиінде /е/ графемасының үш мәні бар болып шығады:

$\begin{matrix} & \swarrow <\text{йе}> \text{йер, йерік, йеркін.} \\ \text{е} & \swarrow <\text{э}> \text{есэк, шелэк, кемэ, төбэ, келэке.} \\ & \searrow <\text{е}> \text{кіре, кедей, керек.} \end{matrix}$

Жалпы, ғалым дауыстылар жүйесінің таңбалануын былай бөлген. Бірінші, <**ы**> дыбысына қатысты жазу үнемділігін жасаған. Екінші, <**е**> дыбысының таңбасын үнемі бейнелеп отыру керек, өйткені сөз мағынасына әсер етеді. <**о**>, <**ө**> қысаң еріндіктердің таңбасы сөз аяғында ресми түрі *е*-мен ауыстыру [3, 125б.]. Үшінші, **и** дыбысына екі таңба алу.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде <**қ**>, <**ғ**>, <**к**>, <**г**> фонемаларының арнайы таңбалары бар. Ғалым оның себебін “**қ, ғ** әрдайым жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. <**к**> һәм <**г**> дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. **қ** мен **ғ** жазылған сөздердің алдында дәйекші қойылмайды, оны қойғанмен бұл хәріптер жіңішке айтылмайды. **к** мен **г** алдында дәйекші қойылмайды, оны қоймаса да айтылатын болған соң” [1, 329б.] деп анықтайды.

Төте жазу орфографиясының бір өзгешелігі <**ш**> орнына **ч** әрпінің қолданылуы. Оның себебін А.Байтұрсынұлы былай ашады: “<**ш**> дыбысы <**с**>дан гөрі <**ж**>-ға жақын, олай болғанда **ш** әрпінің түрі де (ж-ға) жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тілінде /ш/ хәріпі алынбай /ч/ харпі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көп. Мысалы, *екінші, үшінші, бесінші* һәм басқа сондай /ш/ келетін сөздерді *екінші, үшінші, бесінші* деп жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді. Себебі, менің ойымша, мынау боларға: **ш** араб тілінде **с**-ға жақын дыбыс боларға керек, сондықтан басқа түркі тілінде біздің **с** орнына жұмсалады. Мысалы, *бас-баш, тас-таш, қас-қаш* деген сөздерде” [1, 329б.]. Сонда ғалымның ойынша, араб тілі мен қазақ тіліндегі **ш**~**с** сәйкестігінен, <**ш**> дыбысын **ч** әрпімен таңбалап айыруға болады. “Өлбетте, харіп тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, харіпі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, харіпке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіпті бұзып өзгертеді” [1, 388б.]. Бұл **һ** дыбысы одағайларда ғана естілетін дыбыс болса да, әріп арналу керек деген пікіріне келеді.

XXғ. басында қазақ тіл дыбыстарының инвентарін анықтау қиындығы А.Байтұрсынұлының фонема-әріп теориясы арқылы шешімін тақпаны ақиқат. Өзге графиканың (араб графикасы) әліпбиін (араб әліпбиін) өз тілінің дыбыстарына арнау керісінше әрекеттің, төл дыбыстарды өзге тіл әліпбиінің құрсауына байлап беру қаупін төндіретін еді. Бірақ А.Байтұрсынұлы араб әліпбиі қазақ тілі үшін шығарылған жоқ, араб тіліне арналған әліппе сондықтан араб графикасына негізделген әліпби қазақ тілі фонемаларын ғана беруі керек деп топшылады. Кейбір оқымыстылардың <**о**>, <**а**>, <**ү**> фонемаларын жарты дауысты, ал <**ы**> фонемасын мүлде жоқ деген көзқарастарына пайымды қарсылығын білдірді [1, 388б.].

Ғалым дәстүрлі ЖТ-да қолданылған туыс жүйелі емледен гөрі “табиғат қалауынша” жазу, яғни *атасыға, атыға, қолыға* орнына *атасына, атына, қолына* деп жазуды дұрыс [4, 98б.] көрді. “Хасыл кәләм менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай

дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жолыменен ыспат етілсін” [1, 382б.] дейді. Сондықтан ғалым бірінші әліпбиді жөндеу керек, әліпби жөнделмесе емледе алақұлалық басталады. Ал “әліпби деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліпбиде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс” [1, 400б.] деп санады.

Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде “туысша” жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: “Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек” [1, 418б.] деді. Сондықтан “Көптік лар-ды қалған варианттарының орнына жазу қараймын, сөйлеймін деген соң бараймын болмаса, малдай, малда деген соң малындай, малында деп, болмаса маллар, нанлар, атлар деп неге жазбаймыз дегенмен бірдей” [1, 396б.] деп, тіл қатынастарын бір деңгейде қарастыру керектігін айтады. Ал ғалымның “Сауаты ашылған адам жазылған, я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады” [1, 412б.] дегенін тілдің таңбалық сипатын жазуға да қолдану керек, АТ-ның өзгерістеріне сай жазу емлесін өзгертудің перспективасы жоқ деп түсінеміз.

Жалпы, А.Байтұрсынұлы әліпбиі туралы Н.Уәлиевтің: “Таңба теориясы тұрғысынан алғанда бұл жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпы халықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі” деген сөзінің маңызы бар [5, 269б.].

А.Байтұрсынұлының әліпбиі көпшілік назарына ұсынылып, “Айқапқа” жарияланғаннан кейін зиялы қауым тарапынан талқыға салынды, әртүрлі көзқарастағы мақалалар жарық көрді. Мысалы, Ғ.Мусин А.Байтұрсынұлының қазақ тілінде бес дауысты бар деуі қате, дыбыс тоғыз, әрпі бесеу десе дұрыс деп, ЖТ мен ауызша сөйлеу жүйесінің шегарасын айыруды талап етті. Және /ы/ әрпі туралы: “Әпенденің **ы** харпін сөздің аяғына ғана жазып, басқа жерде жазбаймыз деуі де қызық емес пе? /Ы/ аяғында керегі болған сияқты басқа жерлерінде де керегі болса керек” [6, 113б.] деп, **ы**-ны барлық буында жазуды дұрыс көреді.

Ал М.Сералин емленің екі түрлі мәні бар екенін көрсетті: біреуі ауыздан шыққан дыбысқа әріп белгілеу, ол әліпби болса, екіншісі сол әріптерді қалай қолдану, ол емле болып табылады деп анықтады. Бізде осы екеуі қалыптасып қалды, оны өзгертудің қажеті жоқ деп санады [7]. Ш.Жияшев деген автор А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі 24 дыбыс таңбасы қате, әріп араб жазуындай 28 болу керек, оны өзгертудің қажеті жоқ деп санайды [8].

Ал енді бір мақалада **и**, **у** әріптерін қосармен беруге қарсы көзқарас айтылады. Сондай-ақ алғашқы буындағы қысқанды түсіріп жазуды ұсынады. Оны былай түсіндіреді: “*Бикеш, бауыр* деген сөздердегі **и**, **у** хәрпін Ильминский бір түрлі жазса керек дейді екі хәрпменен. Біздің фаһамымызша, айтылған **и**, **у**-дың орнына екі хәрп жазу дұрыс емес, *пышақ, кісе* деген реуішті сөздерді әуелгі хәрптерден соң жұмсақ әуез бағзы характер хәрптері жазылмаса керек” [9].

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі мен емлесіне қатысты еңбектерінде қазақ жазуының әріп-дыбыс қатынасы, <у>, <ұ>, <ү>, <ы> фонемаларының орфографиялық ерекшеліктері, қазақ орфографиясының негізгі принциптері айқындалды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі мен емлесі арнайы зерттеу нысаны болу керектігін ескеріп, біз мұнда қазақ жазуының хронологиялық тәртібін сақтау үшін және онтогенездік дамуын көрсету мақсатында аталған әліпбиге шолу ретінде тоқталдық.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ әліпбиінің ережелері мен принциптері алғаш 1924ж. 12-18 маусымында Орынбар қаласында өткен “Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде” көтерілді [10]. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлов, Т.Шонанұлы қатынасқан съезде қазақ орфографиясының негізгі принципі дыбыс жүйесінше болып, ал *қап-қабы, доп-добы* сөздеріндегі <б-п>

дыбысының асылы <п> емес, <б> фонемасы, ал *желп-желпі, серп-серпі* дегендегі дыбыстың асылы <п> фонемасы, бірақ қазақ емлесі дыбыс жүйесінше **б-п, қ-ғ** өзгерісін таңбалайды деп анықталады [10, 256.]. Емлеге қатысты баяндама жасаған Е.Омаров *қару, келу* сөздері *қаруу, келуу* емес, *қарыу, келіу, қарыуы, келіуі* деп жазылатынын олардың *қа-рыу, ке-лі-уі* болып буындалатынынан іздеу керек дейді. Автор “қазақ тілі түрік тілдерінен жігі ашылып, **ұ** дыбысы **ы**-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінде өз еркімен болған өзгеріс” дейді [10, 636.]. Съезде мынадай мәселелер сөз болып, шешімін тапқан: қысаң езуліктер барлық позицияда жазылсын; **қ-қ, ғ-ғ** фонемалары арнайы таңбалармен белгіленсін, өйткені “әрқайсысы ауыздың әр жерінен шығатұн дыбыс” (А.Байтұрсынұлы) [10, 596.]; “*қаныкей, қайткенде, бірақ* сықылды үндестік заңына келмейтұн сөздерді бөліп дәйекшемен жазу қиын” [10, 256.] (Е.Омаров); **х, һ, ф, ш** әріптері әліпбиден шығарылсын, **ш** орнына өзге түркі тілдерінен алшақтамас үшін **ч** әрпі қолданылсын (Е.Омаров) деген ұсыныс болғанмен <ш> фонемасы *ш* әрпімен берілді; **ә** әрпі сөз аяғында айтылмайтынын білдіру үшін жіңішке түбірге *паз, уар* кірме жұрнақтары жалғанғанда дефиспен жазылсын (*білім-паз, сөз-уар* [10, 346.]) (Е.Омаров) деген пікір болғанмен, сөз дефиссіз дәйекшемен жазылып, сөз аяғындағы **а** [ә] болып оқылмайды делінді; жалғау мен шылауды айыруда екпін қызметі пайдаланылды, мысалы, *атта жал бар, өгізде мүйіз бар* деген сөйлемде алты екпін бар, ал *ат та көлік, өгіз де көлік* деген сөйлемде *та, де* тұлғаларының жеке екпіні бар, сондықтан соңғысы шылау болып табылады [10, 346.]; *қарыз, мұрын* сөздерінің түбір тұлғасында да, тәуелдеулі тұлғасында да **ы, і** әріптері таңбалансын, *қарз-қарызы, мұрн-мұрыны* деп жазу сөз жүйесінше де, дыбыс жүйесінше де дұрыс емес [10, 696.]; **у, и** – дыбыстары үлкен пікір-таластан, жеке комиссия мүшелерінің қарауынан кейін дауыссыз дыбыс деп табылды (Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Қ.Досмұхамедұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы), Т.Шонанұлы, Р.Сүгірұлы, Н.Зәлиұлы **и, у** дыбыстарын дауысты қатарына жатқызды; Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы аталған дыбыстар дауыссыз болғанмен, бір таңбамен беру қолайлы деді, бірақ съезд қаулысында қосар әріппен таңбалау қабылданды. Сөйтіп, араб графикасына негізделген қазақ жазуының емле ережелері 1924ж. Орынбор съезінде қабылданды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б.
- 2 Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингорманизма, Ташкент, 1995.–176 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушылар диққатына сөз жазушыға // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 5 Уәлиұлы Н. А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999.-566 б.
- 6 Мусин Ғ. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993 –232 б.
- 7 Сералин М. Емле мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 8 Жияшев Ш. Бірге қозғалайық мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 9 Сұлтанғазин Д. Қазақ сөзін қалайша жазу турасы // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
- 10 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы. 2005.–144 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

Қондыбай Күлишат Әбдіғанымқызы

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани көсемі, Алаш қозғалысының көшбасыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында өз халқының мәдениеті мен әдебиеті, жазуы, оқыту әдістемесі және басқа да ғылым салаларын дамытуға атсалысып, өз мойындарына көп нәрсені арқалағанын айтып жатудың өзі артық.

Соның ішінде жазу мәселесіне байланысты жазылған мақалаларына тоқталуды жөн санадық. Себебі, жазу қазіргідей дамыған, жетілген қоғамның негізгі қажеттіліктің ең үздігі, келер ұрпаққа барлық мәдени мұраларымызды жазу арқылы мұра ретінде қалдырамыз. Мысалы, 1912 жылы «Айқап» журналының №4-5 санында жарық көрген «Жазу тәртібі» мақаласын алалық. Осы мақалада былай дейді: «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң, сол жөнмен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді деп, жұрт алдына саламын» [1, 538]. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы бұл жерде қазақ тілін араб ғарпімен жазудың тиімділігін, қалай сауатты жазу керектігін зерделейді. Тек өз ойы емес, басқалар пікірлерін де келтіре отырады, бұндағы негізгі мақсаты – жазуды қалай сауатты жазу керектігін бүкіл халыққа үйрету мәселесі. Әліпбидің мемлекеттік іс екенін, оны тек өзінің зерттеуіне ғана сүйенбей, халықтың пікіріне де мән беру керектігін айта отырып, өз ойын да ашық айтады. Яғни, дыбыстардың жуан және жіңішкелігін қалай ажырату керектігін дыбыстарды нақты дәлелдеп көрсетеді. Мақала соңында мынандай қорытынды жасайды: «Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб иә фарсы сөздері бар. Мысал: арабтан алған адал – халал, арам – харам, әл – хал. Фарсыдан алған ән – әһн, қожа – ходжа сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалыбында емес, өзгертілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Иә болмаса сақтау ма? Мұны кім білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Осы жобамен әліппемен бастырмақшымыз. Сол себепті оқушылардан ұнатпаған жерін көрсетіп, ұнағанын айтса екен деп өтінемін» [1, 543]. Яғни, бұл жерде өзге ғалымдар, көпшілік пікіріне де мән беру, санасу керектігін ескерте отырып, өз пікірін нақты дәлелдеп айтады.

1913 жылы жарыққа шыққан «Қазақ» газетінің № 35 санында «Жазу мәселесі» атты мақалада Ғ. Мусидің пікіріне сәйкес өз пікірін дәлелдеп көрсетеді. Ол екеуінің алғашқы айырмашылықтары у мен о дыбыстарын таңбалауда болып отырса, екіншісі – ы дыбысының харфі сөздің басында, ортасында қалмай жазылсын дейді. Үшіншісі – е дыбысын таңбалауға байланысты болып отыр. Демек, бұл жерде халықтың сауатты жазуына алаңдайды [1, 544-545].

Профессор Қ. Жұбанов араб әліпби жөнінде былай деген: «Араб жазуының негізі тарихи жазу. Ол арабтардың надандығынан емес, араб тілінің қасиеттерінен болған. Араб тілі ілімі өте шарыққа шыққан. Ж. Шонан ұлының көңілі өте құлап кеткен дыбыс жайындағы тіл ілімінің тарауы әлі арабтікін жөнді басып кете алған жоқ. Іріту, еліктіру заңы арабтарға қашаннан белгілі болған. Біздің оқытушыларымыз ідғам, ықпа дегендерді жақсы біледі. Бірақ араб емлесін жасаған бұл ғылымы емес, өзінің араб тілінің түбірі үш дауыссыз дыбыстан құралады да, дауысты дыбысқа өте кедей болады. Сондықтан емлесі туыс жүйеге сүйенген», - деген болатын Қ. Жұбанов [2, 265].

Енді Ахмет Байтұрсынұлының араб әліпбиін жақтаған баяндамасына тоқтала кетсек.

Баяндамада алдымен, әліпбиге берген анықтамасына көз жүгіртелік. Былай деп жазған екен: «Әліп-би деген – тілдік негізгі дыбыстарға арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, әліп-би жақсы болмақшы» [1,

552]. Байтұрсынұлының айтуынша, таңбалар жұмағы, яғни бұлай деп, Байтұрсынұлынан басқа адам айта алмайды. Себебі, әліпби алмастырудың қиындығын да ескертеді. Ол жайында ойын былайша түйіндейді: «Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек» [1, 554]. Сөйтіп, қоғам қайраткері бұл мәселенің оңай шаруа еместігін айтып отыр. Қанша қаржы мен күш кететінін де ескертіп отыр.

Сонымен қатар осы баяндамада араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан соң көптеген пікірлер мен екі әріпті салыстыра зерттеу жүргізілгенін айта келе, өзінің жеке зерделеуін былайша санамалап көрсетеді:

«Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселер мыналар боларға тиіс:

1-тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?

2-қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?

3- қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?

4- қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы о да сонда).

5- үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6-көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?» [1, 555].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің зерттеуі мен пікіріне сәйкес тіл дыбысына жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық деп қорытындылайды.

Одан кейін жазудың оқуға оңай жағына мән береді. Сауатты адамның таңбаны танып оқитынын, неғұрлым таңбасы елеулі болса, соғұрлым жылдам оқылатынын айтады. Екі әліпбиді салыстыруын көрелік.

Ғалым: «Латын әрпінің асылы – екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. Латын жүйелі әріптерінің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан нәрсе сияқты болып көрінеді. Әріптері біріне-бірі таяу келтіріп қатарынан қойған кірпіш сияқты көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады», - десе, араб әріптері туралы былай дейді: «Араб әріптері сөз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әліп те болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үсті белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әрпіне айрың-үйрің ашық сүгірет беріледі. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады» Демек, бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиін түзу барысында көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізгені, оны дәлелмен келтіріп, өз ойын нақты дәлелдермен келтіреді. Бұл тұста өз пікірін дәлелдеуде басқа ғалымдар пікірін де дәлдеп ұсынады. Неміс ғылымының пікірін былайша берген: «Немістің Майман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексеріп тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдыып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер немесе үстіне қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып, шапшаң оқылады екен» [1, 556]. Сөйтіп, өзі ұсынған әліпбидің тиімділігіне көптеген дәлелдерін айқын көрсетіп отырған.

Келесі мәселе - жазуға қайсысы қолайлы болады деген мәселе. Осы тұста екі әліпбиді салыстырып беру барысында,

Осы екі әліпбидің қайсысы жазуға жеңіл деген мәселе бойынша да тұшымды пікірлерін береді. Оқу кезіндегі дене мүшелерінің саулығына, оның кейбіріне күш қалай түсетінін айта отырып, екі әліпбидің жазылуындағы мынадай айырмашылықтарды береді: «Латын жүйелі

әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді». Сонымен, оңнан солға қарай жазғанда қолдың талмайтынын да зерттеп білгені көрінеді. Латын әрпімен жазған кезде қолдың қимылының бәрі ірі, толық болса, араб әрпін жазған уақытта қол қимылы ұсақ болып келетіндігін айтып кеткен екен. Араб әліпбиіне қарағанда латын әліпбиін жазуда тіпті қол сермеуі жағынан 25-30% кем болатынын ескерткен. Ахмет Байтұрсынұлының даналығын, білімділігін, көрегендігін осы баяндамадан тағы бір мәрте көріп, таңқалып отырмыз.

Содан соң жазудың жазу машинкасын пайдаланудағы өзіндік ерекшеліктерін де сөз етеді. Ол жөнінде ғалымның өз сөзін келтірелік. «Соңғы кезге дейін араб әрпін жазу машинасына орнату ісі былай болып келіп еді: бір жағынан, орыс машиналарының жүрісі араб жазуының бағдарына икемделуші еді де, екінші жағынан, араб әрпі созылып, жиырылып машина жүрісінің адымына икемделуші еді», - дей келе, өмір ағысына ілесу үшін, әрқашан да қиындықтан шығып, мұқтаждықтың лажын табу шарасы да жасалатынын, бұның өзі өмір талабынан туындап отырғанын да айта кетеді. Осындай танымал тұлғаның ұлтының болашағын, сауаттылығын ойлауы – заңды құбылыс болатын. Бұл мәселені де дұрыс шешудің тетігін таба білуі – отанының патриоты екенін дәлелдемей ме?

Қай әліпбидің үйретуге оңайлығы туралы да айтады. Бұл жерде де араб әріптерін үйрету латын әріптерінен үйренуге оңай деген шешімге келеді. Енді екі әліпбидегі әріптердің баспа ісіне қолайлылығы, өнер құралына үйлестіруге оңтайлылығы, баспаға сыйымдылығы, істі өндіруге икемді деген мәселені де дәлелдеуге тырысады.

Осындай мәселелерге тоқтала келе, екі әліпбиді салыстыра келе, мынандай қорытындыға келеді:

1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысы сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлылығы латын әрпінен артық.

3. Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4. Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5. Араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Ахмет Байтұрсынұлы екі әліпбиді салыстырғанда емле мәселесі мен жазудағы сауаттылық мәселесіне, яғни жалпы жұрттың, қоғамның сауаттылығын ойлап, болашақ ұрпақтың сауаттылық мәселесін көтеріп отыр.

Демек, бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының жазу сауаттылығын арттыру мен мәдениеті мен білім деңгейін жоғарылату мақсатында жұмыс қаншама жұмыс атқарғанын, қаншама зерттеу жұмыстарын жүргізгенін, өз пікірін дәлелдеуде көптеген құнды пікірлерді келтіре отырып, дәлелін аргумент келтіре отырып шегелеп кеткен.

Неткен көрегендік, неткен білім деп, тандай қағасың, таңғаласың!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құрас.: Ғ.Әнес.- «Абзал Ай» баспасы, 2013.- 640бет.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құрас.: Ғ.Әнес.- «Абзал Ай» баспасы, 2013.- 640бет.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘЛІПБИІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚОҒАМДА ОРЫН АЛҒАН ПІКІРТАЛАСТАР

Мамырбекова Гүлфар Мәжитқызы
филология ғылымдарының кандидаты

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі

Өз заманының өзекті мәселесінің бірі болған әліпби (алфавит) тартысы мен айтысы қазақ қоғамында төрт түрлі бағытта жүрген болатын:

Бірінші, бұрыннан қолданылып келе жатқан араб жазуын өзгертпей сол қалпында қолдану.

Екінші, керісінше, араб жазуына өзгерістер енгізіп тілімізге икемдеу.

Үшінші, араб әліпбиін тастап латынға көшу.

Төртінші, миссионерлердің орыс әліпбиін ендіруге деген талпынысы. «Әліпбиге» қатысты бұл бағыттағы қызу пікірталастардан ұлтым деген ұлы тұлғалардың ешқайсысы да сырт қалған жоқ. Себебі, жазу мәдени-рухани дүниенің негізгі кілті болатындығын, сондықтан әліпби халықтың болашағымен тығыз байланысты екендігін барлық зиялылар ұғынып, оны өз пікірлерінде ашық түрде білдіріп те отырды. Десек те, қазақ халқы үш түрлі әліпби жүйесін бірінен соң бірін қабылдауына тура келді. Бір халықтың бұлайша үш алфавит жүйесін басынан өткерудің өзіндік себептері бар еді. Мәселен, шоқындыру арқылы орыстандыруды қарқынды дамыту үшін Қазан қаласында «Рухани академия» құрылып, оның ішінен «Противомусульманская кафедра» ашылады. Ол жердегі миссионерлер ислам дінін жоймайынша, саяси әрекеттері жүзеге аспайтынын түсініп, бұл үшін ең бірінші, араб жазуын қолданыстан шығарып тастау қажет деп табады. Алайда, ұзақ ғасырлар бойы күллі түркі халықтары пайдаланып келген араб әліпбиін жою оңайға соқпайды. Сондықтан бірден орыс әрпіне көшірсе жәдидшілдердің қолдауымен жаппай халық арасында көтеріліс болып кетуінен қауіптеніп, 1929 жылы зорлықпен латын әліпбиін қабылдаттырады да, он жылдан кейін жаппай түркі халықтарын орыс жазуына көшіріп, өз ойларын іске асырады. Жалпы түркі халықтарын орыс жазуына көшіру үшін орыс миссионерлері барынша атсалысып, ол үшін орысша оқыған қазақтарды өз мақсаттарына пайдалануға тырысып баққан болатын. Бұған Н.И.Ильминскийдің: «Орыс мектептерінде тәрбие алған қазақ жастары арасында сөз жоқ мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавитін қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді», - деген мәлімдемесі нақты дәлел бола алады [1]. Тіпті 1876 жылы 29 сәуірде Қазан университетінің жанындағы тарих, этнография қоғамының мәжілісінде «араб жазуына қарағанда, орыс әліпбиі осы қалпында қазақ тіліне жарайды» деген тұжырым да шығарылған болатын.

Қазақ зиялылары тарапынан араб жазуының кемшіліктері туралы ұсыныс-пікірлер 1890 жылдардан бермен қарай айтыла бастаған болатын. Мәселен, «Дала уалаяты» газетінің 1896 жылғы 31 санындағы Д.Сұлтанғазин «Қазақ тілінше жазу турадан» деген мақаласында: «Қазақтар көп заманнан бері араб хари́фтеріменен жазады, алай болса да қазақ сөздерінде һәр түрлі жұмсақ әуездер көп болған себебінен араб хари́фтері жазуға анық толымды болмайды» дей отырып, орыс білімділерінің орыс жазуын ендіру үшін талпынғандарын да айта кетеді: «Бағзы бір білімді адамдар, мәселен Григорьев, Ильминский дегендер қазақ сөздерін араб хари́фтері менен жазғаннан орыс хари́фтеріменен жазса келісімді болар еді деп жаһад қылғандар еді». Ал Р.Дүйсенбаев «Дала уалаяты» газетінің 1897 жылғы 10 санында «Қазақ алфавиті туралы мәселе» деген атпен мақала жариялап қолданыстағы араб жазуын толықтырып, жаңа әліпби жасау қажеттілігін көтереді.

Негізінен қазақ зиялылары басқа әліпбиге көшуден гөрі, қолданыстағы араб әліпбиіне өзгерістер енгізу қажеттілігін көбірек көтерген еді. Бұл көзқарастағылардың негізгі ұстанымы «қазақ білмейтін бір бөтен алифби шығарғанша, бұрынғысын түзеткені жақсы», яғни

«қазақтардың не заманнан бері ғадет алып үйренген» араб жазуын тілімізге икемдеу ұтымды болмақ дегенге саяды (Дала уалаяты, 1899, №22, 23). Осындай принципті басшылыққа алған зиялылар қауымының көшбасында А.Байтұрсынұлы тұрды, Ахаң араб әліпбиін өзгерту мәселесін тек сөз жүзінде ғана айтып қоймай, «мен хәріфтерді өзгерткенде, халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім» деп нақты іс жүзінде көрсете отырып, өзінің әліпби жүйесін «Жазу тәртібі» деген атпен, «Айқаптың» 1912 жылғы 4 және 5 сандарында жариялап, халық талқысына ұсынады. Осыдан кейін, баспасөз беттерінде, жиындарда жаппай «әліпби айтысы» басталып кетеді. Бұл орайда Ахаңның жазу жүйесін даттағандар да, жақтағандар да, ақтағандар да баршылық еді. Тіпті жөнсіз сынаушылар да, дәлелсіз мін тағушылар да, қисынсыз дау айтушылар да табылады. Осылай қарсы шыққандарға Ахаң «Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырмен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп, я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ қой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына хәріп белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген», - деп, босқа даурықпауға шақырады, «осы күні һәркім һәр түрлі жазып жүр, бір жөнменен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанмыздың қата, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған хәріфтер жоқ. Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады», - деп, әліпбиді еріккеннен өзгертпегенін түсіндіреді (Айқап, 1912, №9,10).

Жөнсіз дауласушыларға қатысты Міржақып Дулатұлы да өз пікірін білдіреді. Ол: «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. Оқушылар сынасын дегенде әркім басына келгенін жазатұғын болса, ешуақытта ойды бір жерге қорытып болмайды, орынды, орынсыз сын айта беру мақсат емес», - дей отырып, Ахаңның жазу тәртібінің дұрыс екендігін алға тартады [2, 111 б.]. Және М.Дулатұлы Ахаңның әліпби жасау шеберлігін былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен» [3, 77 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің құрастырған әліпби жүйесіне қатысты қоғамда орын алған екі түрлі көзқарастың екеуіне де дәлелді, әрі ғылыми негіздегі тұжырымдарын айтумен болды. Оның **біріншісі**, араб әліпбиіне өзгеріс ендірмей қолдана беруді жақтаушыларға ғалым қазақ балаларының тез сауаттануы үшін ұлттық әліпби мәселесін дұрыс шешу керектігін, араб графикасында қазақ тілі үшін қажетсіз таңбалардың көп екендігін алға тартса, **екіншісі** араб жазуын мүлде тастап латынға көшуді қолдайтындарға мәдени-рухани дүниеміздің қайнар көзі болып табылатын араб жазуының ислам дінімен біте қайнасқандығын, әрі өзі реформалаған жазу жүйесінің қазақ халқының барлық мұқтажын өтеуге қауқарлы екендігін, осындай алфавит бола тұра, басқасына көшеміз деудің еш қисыны жоқтығын алға тартқан еді. Алайда, астыртын саяси идеологияның ықпалынан араб жазуын тастап, латынға көшу мәселесі күн сайын күшейе берді. Тіпті араб жазуын жақтаушыларға діншілдер, исламшылдар т.б. деген қара күйе жағылып, ашықтан ашық айыптала бастады. Көп жиындар мен баспасөз беттерінде латынға көшуге үгіттеп, насихаттау белең алды. Мәселен әліпби мәселесіне қатысты өткен жиындардың бірінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Менің алдымдағы баяндаманың ғылымдық пішіні болмады, үгіт пішінді баяндама болды. Бұл ғылымдық мәселе болғандықтан бұған ғылым мұнарасынан қарауымыз тиіс. Араб әрпінің орнына латын әрпін алу деген мәселе тұрмыс жүзінде өте керек болғандықтан туып отырған мәселе емес. Мұнда өте керектік түгіл, әншейін керектік те жоқ. Тұтынып отырған әрпіміз қай жағынан да болса, басқалардың әрпінен артық болмаса кем емес», - деп, латынға деген мұқтаждықтың жоқтығын айтады және әліпби өзгертудің зияны мен қиындығын: «Түркі халқының араб әрпі негізінде жүргізген жазу мәдениеті бар. Жазу мәдениеті бар жұрттарға бір әріптен екінші әріпке көшу оңай жұмыс емес. Жайлап көшуге көп қаржы, уақыт, көп күш керек, өйткені екі әріппен іс жүргізуге екі есе қаржы, екі есе күш керек болады. Ондай қуат түркі жұртының бірінде де жоқ. ... Өнерлі

жұрттың ортақ әрпі екен деп орыстар алмай отырғанда, ортақтығынан дәмелі болып біз аламыз деуге болмас», - деп ескертеді (Еңбекші қазақ. 1926, №282. 19 желтоқсан). А.Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандағы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы **біріншіден**, рухани-мәдени дүниесінен айрылатындығын, **екіншіден**, оқулық шығару, баспа ісі т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын қатты ескертумен болады.

Сол кезеңдегі жазуға қатысты пікірталастар «Әліппе айтысы» деген атпен 1927 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шығады. Бұнда А.Байтұрсынұлының пікірін М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, А.Байтасұлы, І.Ахметұлы т.б. қолдап, сөз сөйлейді. Мәселен І.Ахметұлы: «Қазақстаннан шыққан Ахмет бұрынғы араб әліппесін өзгертіп, қазақ әліппесін жазды. Неше жылдай қазақ елін шоқындырмақ болған миссионерлер, қазақ еліне үлгі көрсетіп, әліппе жасап бермек болған орыс білімпаздарының қолынан келмеген нәрселер Ахаңның ғана қолынан келді. Ахаңның дәйекшесін орыс білімпаздары да ілім жолындағы үлкен табыстың біріне қосып отыр» - дейді.

Бұл «Әліппе айтысында» латынды жақтаушылар А.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, Ә.Ермеқұлы т.б. өз пікірлерін дәлелдеуге тырысып бағады. Алайда, бұлардың қай қайсысы да А.Байтұрсынұлы жазуын жоғары бағалайтындығын өз сөздерінде білдіре отырып, латынға көшудің қажеттіліктері туралы айтады. Мәселен, Т.Шонанұлы: «Бізде Ахаң еңбегімен, білім ордасының жігерімен жасалған жақсы емле бар. Емлеміз жақсы дегенге қосыламыз. Бірақ таңбамыз, әліппеміз, әрпіміз жақсы дегенге қосылғым келмейді» десе, Ә.Ермеқұлы: «Ахаң емлені түзеп, қазақ тілінің негізін орнатқанына біз түгіл орыстар да қарсы емес. Емлеміздің дұрыс шешілгендігі, басқа елдердің көбінікінен артық екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан біз Ахаң мәселенің қиынын шешті дейміз. Ендігі талас әріптеріміздің таңбасы туралы» деп, латын мен араб таңбаларының айырмашылықтарын сөз етеді. Латынды қолдаушылардың «Әліппе айтысында» айтқан негізгі уәждері латын әрпімен газет, журнал, кітап шығарғанда шығынның аз болатынды, араб жазуымен шығарса шығынның көп кететіндігі.

«Байтұрсынұлы жазуы» ең оңтайлы әліпби болып табылғанымен, құл халыққа істелген озбыр саясат өз дегеніне жетіп, латынға негізделген жаңа әліпті қолданысқа ендірді. 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің IV сессиясында бұл жаңа әліп «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылданып, барлық мекемелер мен ұйымдарды жаппай латын жазуына көшуге міндеттейді. Тіпті, латын әрпінен бас тартқысы келгендер заң алдында жауап беретін дәрежеге жетеді. Бұған жоғарғы үкімет атынан ресми түрде халыққа таратылған хабарлама дәлел болады. Онда «Жарияланып отырған жиырма күннің ішінде бүкіл кеңсе ісі жаңа әліпке көшірілетін болсын. Жаңа әріпті білмеймін деген қызметкерлер жаңа әліптің жасырын жауы деп саналып, сотқа тартылсын», - деп көрсетілген [4].

Бұл жазуды насихаттау бағытында 1929 жылдың қаңтар айынан бастап «Жаршы» журналын шығарса, 1935 жылдан бастап «Төте оқу» газеті шыға бастайды. Бұл газет 1939 жылдан бастап атын «Сауатты болуға көмекші» деп өзгертеді. Бір әріпті тастап, екінші әріпке дереу көшу саяси-экономикалық жақтан да, мәдени-әлеуметтік жақтан да өте тиімсіз болса да, қызыл империяның негізгі мақсаты түркі халықтарының рухани дамуын тежеп, бағындыру және осы арқылы орыс жазуына көшіру болатын. «Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жан-тәнімен қорғап, шырылдаған зиялылар қауымы арабшылдар, ескішілдер, қадымшылар, керітартпалар, ұлтшылдар, діншілдер, молданың шашбауын көтерушілер деп айыпталды. Өзі құрастырған жазу жүйесін барынша қорғаштаған А.Байтұрсынұлы Кеңес үкіметінің араб жазуынан айыру арқылы тұтас бір халыққа өткенін ұмыттырып, ұлттық игіліктерді саналарынан өшіру әрекетін жасап отырғанын жақсы түсінді.

Ал латын жазуынан орыс жазуына көшу мәселесі алаш көсемдерінің, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың көзін біржола құртқаннан кейін, яғни 1937 жылдары қайта көтеріле бастайды. Бұл кезде ұлт болашағы үшін жанын берген азаматтардың барлығының көзі

жойылғандықтан қарсылық көрсетер зиялы қауымның болмауы себепті, орыс жазуын халықтың сұрауы бойынша деген сылтаумен еш қиындықсыз қабылдата салады. 1940 жылы 13 қарашада «Латындырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданады. Онда «Қазақ елінің өтініштері негізінде орыс графикасына көшірілу қанағаттандырылсын» деген мазмұнда көрсетіліп, ешқандай зорлықсыз, керісінше, халық қалауы бойынша орыс әліпбиін қабылдады деген тұрпатта көрсетіледі:

«Идя навстречу желанию трудящихся Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый алфавит на основе русской графики и учитывая огромное политическое и культурное значение нового алфавита, являющего средством дальнейшего подъема культуры, развития казахского литературного языка и еще большего укрепления нерушимой дружбы народов СССР. Пятая Сессия Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Удовлетворить просьбу широких масс колхозников, рабочих и интеллигенции Казахской ССР о переводе казахской письменности с латинизированного на новый казахский алфавит на основе русской графики.

2. Утвердить внесенный Совнаркомом Казахской ССР проект нового казахского алфавита в количестве 41 буквы, из них 32 буквы русского алфавита с теми функциями, с какими они употребляются в русской письменности и 9 дополнительных букв, выражающих специфические звуки казахского языка.

3. Установить следующие сроки перехода на новый алфавит:

а) государственных учреждений и общественных организаций – с февраля 1941 года;

б) начальных школ (1-4 классы) – с 1 сентября 1941 года;

в) газет и журналов (частично) с 1 февраля 1941 года;

г) неполных средних и средних школ и других учебных заведений – с 1 сентября 1942 года;

д) школ грамоты – с марта 1941 года.

4. Организовать при Совнаркоме Казахской ССР правительственную комиссию для практического руководства и проведения в жизнь намечаемых мероприятий по переходу на новый алфавит [5, 180 б.].

Қорыта айтқанда, сол кезеңдердегі қазақ қоғамында әліпбиге қатысты екі түрлі бағыттың талас тартысқа түскендігін көруге болады: біріншісі, **миссионерлік** бағыт, екіншісі **ұлттық** бағыт. Миссионерлік бағыттың мақсаты «араб жазуы жарамсыз» деген желеумен орыс жазуын қолданысқа енгізу болса, ұлттық бағыттың мақсаты мәдени-рухани құндылықтардан ажырамау үшін араб жазуын қолданыста қалдыру еді.

Пайдаланылған әдебиеттер;

1. Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. –Казань, 1883 С. -20.
2. Айқап. Құраст.: Сұбханбердина Ү., Дәуітов С. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1995, -366 б.
3. Мәжітаева Ш. Әліппе айтысы. –Қарағанды: ҚарМУ баспаханасы, 1990. –106 б.
4. Еңбекші қазақ. 1931, 25 мамыр.
5. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы). Сборник документов. –Алматы: Қазақ университеті. 1997, -325 с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН (алфавитін) ЖАСАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Мамырбекова Гүлфар Мәжитқызы
филология ғылымдарының кандидаты

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлының ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау барысында ғалым қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдаған зерттеуші. Ең алғашқы «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Екіншіден, А.Байтұрсынұлы - өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударып, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері. Үшіншіден, ол өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеуші ғалым.

Өз заманында-ақ «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған біртуар тұлға Кеңестік Қызыл империяның солақай саясатының кесірінен адам қолынан құрбан болғандығы бүгінгі ұрпаққа белгілі. Ахаңның есімі мен еңбектерін ұзақ уақыт бойы айтуға тыйым салып тұмшалап келгенімен, айтулы тұлға еңбегі халқы үшін мәңгілік өшпейтіндігін мойындатты. 1988 жылы 4 қарашада Ахмет Байтұрсынұлы ресми түрде ақталды. Содан бастап, тек қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының көсемі болған Ахаңмен халық қайта қауышып, оның ұлты үшін еткен ерен еңбектері жас ұрпаққа ашық түрде насихаттала бастады, оның еңбектері мен зерттеулерінің тарихилығы мен маңыздылығы ғалымдар тарапынан нақты дәлелденді.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрыстыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады.

Жазу дегеніміз, шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Себебі, сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Бұған дейінгі қолданылып жүрген араб жазу жүйесінің қандай кемшіліктері бар, оны реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында:

біріншіден, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын,

екіншіден, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын,

үшіншіден, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды,

төртіншіден, мұсылманша сауат ашу әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттатумен ұзақ уақыт кететін,

бесіншіден, ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, ескі тілдің сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, азғана топтың мүддесіне қызмет ететін.

Аталмыш жазудың осындай кемшіліктері халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып,

жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді. Алайда, 24 таңбадан тұратын үйренуге де, оқуға да жеңіл әрі оңай Ахаңның әліпбиі ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде бекітілген болатын. Одан әрі солақай саясаттың кесірінен көп ұзамай бұл жазу жүйесі қолданыстан шығарылып, 1929 жылы 24 қаңтарда латын әліпбиіне көштік.

А.Байтұрсынұлы бір халықтың әліпбиі (алфавит) жүйесін екінші бір халық қабылдағанда, оны өз тіліне икемдеп, үйлестіру қажеттігін, олай етпеген жағдайда әріп мәселесінің дұрыс шешім таппайтынын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» ашық түрде айтқан еді. Ғалым сиезде сөйлеген сөзінде: «Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден алған әліпбиі. Европа жұрттарының тұтынған әліпбиінің түбі көне семит әліпбиі. Көне семит әліпбиін өз тіліне үйлестіріп финикий жұрты алған, онан грек алған, гректен латын, Европа жұрттары алған. Түркі әліпбиінің түбі де көне семит әліпбиі, олардан куфалықтар алған. Куфалықтардан араб өз тіліне үйлестіріп алған. Арабтан Иран, Түрік және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбиін бірі алғанда тұрған қалпында алмаған. Өз тілдерінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіп алған. Тіліне әліпбидің артығы болса алып тастаған, кемтігі болса әріп қосып толықтырған», - дейді [1, 55 б.]. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлының жазу жүйесіндегі ең басты ерекшелік ежелеусіз төте оқу болды, яғни әліпбидің ерекшелігі қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына икемделуі еді. Ал бұған дейінгі жазу-сызудың жай-күйі Ахаңның өз сөзімен айтсақ, мынадай болды: «Әуелі әліфті (*алфавитті*) тегіс жатқа оқытады және де оқытқанда әрбір харіфтің өз үнімен оқытпай, әліфбиде қалай аталса, сол атымен әліп, би, ти, си, мим, ха, дал дегізіп оқытады. Соны оқып болған соң астын, үстін, үтірін оқытады. Мұны оқытқанда да харіфтің өз дауысын оқытпай ... бисын ба, тисын та, сисын са дегізген соң харфтің анық дауысы қалай екенін білмей баланың басы қатады» [2, 52 б.]. Яғни, мұсылманша оқу деп қазақ арасында аталып кеткен бұлайша сауат ашу кезінде араб әліпби жүйесі, таза сол тілдің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес үйретілетін. Ал араб тілі мен қазақ тілінің арасында жер мен көктей айырмашылықтың барын ескерсек, бұл қазақ баласына жазу-сызу үйретуге айтарлықтай кедергі келтіретін. Сондықтан да, А.Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін төл әліпби құрастырып шығарды, бұл **бір. Екіншіден**, Ахаң оқу жүйесіне де түбегейлі реформа жасады, себебі бұған дейінгі оқу жүйесі көбіне құран сүрелерін жаттатқызып, діни білімге негізделген болатын. Ахаңның өзі бұл туралы: «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп хат жаза білуге жеткенше, русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керегі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз», - деп қазақша оқу мен мұсылманша оқудың екі түрлі екендігін ескерткен (Айқап, 1912, №4-5).

Жалпы қазақ қоғамында ұзақ ғасырлар бойы қолданған араб жазу жүйесі үш сатыда қызмет етті: **қадим, жәдид, төте жазу**. Осылардың ішінде, соңғысы, яғни Ахаңның әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы осы төте жазу жүйесімен «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабы жарыққа шықты. Бұл қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болды. Өйткені қазақ балаларына өз ана тілінде хат танып, ана тілінде жазуға жол ашылды. Бұл туралы ғалымның өзі: «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу

үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды», - деген болатын [3, 1 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы күллі қазақ балаларын жазуға үйрету, хат таныту мәселелерін үнемі көтеріп, қазақ халқын сауаттандыру жолында қыруар қызмет атқарды. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы, 11 санында жарияланған «Оқу жайы» деген мақаласында, Ахаң қазақ қоғамындағы оқыту жүйесінің тым нашарлағанына күйзеледі: «Қазақша оқу әлі белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримуғалимун жоқ», - дей отырып, сондықтан да халықты жаппай сауаттандыру мәселесінің де, оқу жүйесінің де алға баспай жатқандығына қынжылады: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу ауытқымай түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмаған жағдайда оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі азған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай, қалт-қалт етіп оқытқан оқу білім үйретіп жарытпайды. Жоғарыда айтылған оқу жұмысының үш тіреуі де біздің қазақта бұл күнде сай емес. Бірақ бірте-бірте жөнделер деп үміттенеміз». Міне, Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең бірінші кезекке қойғаны – оқу, жазу, әліпби мәселелері болды.

Ахаң Айқап журналының, 1911 жылғы, 2 санында жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жазудың адам өміріндегі маңыздылығын, сауатсыз, қараңғы халықтың ғылым мен мәдениет өркендеуінен артта қалатындығын, сондықтан оқу-білімі жоқ, жазу-сызуы жоқ қоғамның надандық құрсауында болатындығын ашына жазып, «олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», - деп өз халқын ағартушылыққа шақырады. Ағартушылыққа шақыра отырып, қазақ қоғамын қараңғылықтан оятуды сауаттандыру ісінен бастайды, ал сауатсыздықты жою үшін әліпби, әріп, жазу, оқу мәселелеріне түбегейлі өзгерістер енгізеді. Өйткені, жоғарыда айтылғандай сол кезеңдегі оқу, жазу жүйесі **біріншіден**, «араб тілінің фонетикалық ерекшеліктерін үйретіп, діни білімді» ғана насихаттаса, **екіншіден** бұған дейінгі жазба тіл халықтың сөйлеу тілінен мүлде алшақ жатқан еді, яғни қалың көпшіліктің сөйлеу тілі бір басқа да, жазу тілі бір басқа болатын. Былайша айтқанда, бұл жазу жүйесінде ескі сөздер тобы мен араб, парсы элементтері және басқа түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері басым қолданылып, қарапайым халықтың ұғынуына қиын тиетін. Бұлайша жазу сонау ортағасырлардан бері сақталып, жалғасып келе жатқан жазба дәстүр, үрдіс болғандықтан, ескі жазу жүйесін меңгерген сауаттылар қауымына бұл жазу түрі түсінікті болғанымен, кез-келген қарапайым адамға, әсіресе балаларға емін-еркін ұғынып, меңгеруіне ауыр болатын. Сондықтан бұл жазудың ауызша тілден айтарлықтай айырмашылығы барын, жаппай халықтың қолдануына қолайлы болмайтындығын түсінген Ахаң, жазуды реформалағанда қазақ тілінің тазалығын басты назарда ұстап, жазуды бұқара халықтың тез сауаттануына қарай ыңғайлайды. Яғни Ахаңның алдына қойған принципі ауызекі сөйлеу тілінің жазба тілдегі формасын жасап шығару болды да, осының негізінде қарапайым сөйлеу тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай ұлттық әліпби құрастырды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын өзгерткенде мына мәселелерді басты назарда ұстады:

біріншіден, араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қосымша таңбалар ендіру;

екіншіден, араб әліпбиіндегі (алфавитіндегі) қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді қолданыстан шығару;

үшіншіден, араб жазу заңдылығына тән харакат, ташдид, сукун, тануин сияқты диакритикалық белгілерді қолданбау;

төртіншіден, үш дауыстыға ғана негізделген араб әліпбиіндегі дауыстылар жүйесін қазақ тілінің үндестік заңына сәйкестендіріп дәйекше арқылы беру;

бесіншіден, ұзақ ғасырлар бойы ескі тілде қызмет етіп, бөтендік сипатта болған жазу жүйесін барша қазақтың түсінікті сөйлеу тіліне бейімдеп, негіздеу.

Осылайша қазақ балаларының өз ана тілінде сауаттарын ашып, хат тануына көп күш жұмсаған Ахаң 1912 жылы «Айқап» журналының 4-5 сандарында өзі құрастырған ұлттық әліпби жобасын «Жазу тәртібі» деген атпен мақала түрінде жариялап, көпшілік талқысына ұсынады. Онда ғалым: «Оқу керек. Оқу керек емес деп ешкім айтпайды. Сондықтан даулы нәрселер турасында жұрт бір иттифаққа келіп жеткенше, оқуды тәртіпті жолға түсіру жайындағы ойымызды жұрт алдына салалық», - дейді. Одан әрі қарай Ахаң араб жазуын не үшін реформалағанын, артық таңбаларды не үшін алып тастағанының себебін: «Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ, бір белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз... Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп жөнге салу керек. Сонан соң сол жөнменен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді», - дей отырып, араб жазуында дауыссыз дыбыстардың бір емес бірнеше таңбасы барлығын, олардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін, ал қазақ тілінде дауыссыз емес, дауысты дыбыстардың ғана жуан, жіңішке болатынын, сондықтан артық таңбаларды алып тастағанын нақты мысалдар арқылы дәлелдей келе: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты», - дейді. Ахаң бұл мақаласында бұған дейін қолданып келген араб жазуында бір әріппен бірнеше дыбысты немесе бірнеше әріппен бір ғана дыбысты жазып келгенімізді, сондықтан оларды бір жүйеге салу қажеттігін, жіңішке дыбысталатын сөздерге «дәйекше белгісі» арналғанын айтып, қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес құрылған жазу тәртібін қарапайым тілмен, ұғындыруға тырысқан. Ахаңның жазу жүйесі бойынша сөздің бас жағында дәйекші белгісі тұрса ол сөз тұтастай жіңішке оқылады.

Ахаңның бұл жазу жүйесі тек қазақ халқының ғана емес, татар, өзбек, башқұрт т.б. түркі халықтарының да игілігіне айналды. Тіпті орыс тіл біліміндегі Н.Ф.Яковлевтің еңбегінде (Математическая формула построения алфавита. Опыт практического приложения лингвистической теории. 1928 г.) әліпби жасаудағы математикалық формулаға А.Байтұрсынұлының ғылыми тұжырымдары негізге алынған. Ахаңның әліпби жүйесін өте жоғары бағалаған профессор Е.Д.Поливанов өзінің «Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография» деген мақаласында былай дейді: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в поправлении и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение-создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» [4, 36 б.]. «Байтұрсынов жазуы» деп аталуының негізгі себебінің бірі, араб алфавитін өзгертуге, оны қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына икемдеуге қосқан Ахаңның орасан зор еңбегімен байланысты және әр жылдарда шыққан еңбектерінде ғалым өзі түзген әліпби жүйесіне өзгерістер енгізіп, оны жетілдіріп, үздіксіз дамытып отырған.

«Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге таралған, сінген. Дінменен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Ал харфтердің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек?», - деген Ахаң, өзі түзген әліпби құрамына 24 таңбаны қалдырған, оның 17-сі дауыссыз, 5-еуі дауысты, 2-еуі жарты дауыстылар.

Дауысты дыбыстар а (ا), о (و), ұ (ۇ), ы (ي), е (ه).

Дауыссыз дыбыстар б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (ش), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ғ (غ), к (ق), қ (ك), г (گ), н (ن), л (ل), м (م), ң (ن).

Жарты дауысты дыбыстар: шалақ у (و), һәм шалақ й (ي)» [5, 324-329 б.].

Яғни А.Байтұрсынұлы жасаған ұлттық әліпбиіндегі әріптер саны 24 таңбадан және 1 дәйекшеден тұрады. Осы дәйекше арқылы сөздің жуан не жіңішке екендігі ажыратылады – сөздің басына дәйекше белгісі қойылса ол сөз жіңішке оқылады, дәйекше белгісі қойылмаса ол сөз жуан оқылады. Ал әліпби қатарынан шығарып тастаған араб таңбалары 13. Олар: ش, ث, ج, ح, ذ, ض, ص, ظ, ط, ع, ف, ه, ز.

А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі әріптердің 18-і араб таңбалары, 3-еуі парсы таңбасы (پ, چ, گ - п, ч, г), екеуі түркі таңбасы (ه (не), و (ве), біреуі өзі өзгерткен әріп (ۇ (у)). Оны не үшін

өзгерткен себебін ғалымның өзі: «О дан айыру үшін үстіне (ʹ) қоямыз. Себебі о менен ұ-ның жазылуы ұқсас болғанымен, айтылуы ұқсас емес», – деп түсініктеме береді. Ал **Ы** дыбысы үшін араб әліпбиіндегі нүктесіз **ع** белгісін алған. А.Байтұрсынұлы дауыстылар таңбасын беруде **ұ** дыбысы үшін **و** таңбасына өз тарапынан өзгеріс енгізген.

Осылайша Ахаңның дауыстылар таңбасы өте аз деп есептелетін араб әліпбиін еш қиындықсыз төл тілімізге икемдегені орасан зор жетістік болды және араб әліпби жүйесіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін бере алмайтын басы артық таңбаларды әліпби құрамынан мүлде шығарып тастауы ешбір түркі халықтарының жазу тарихында болмаған жайт еді. Тек қазақтың ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш рет араб жазуын қазақ тілінің дыбысына сәйкестендіріп қазақ әліппесін жасап шығарды.

1912 жылдан бастап қолданысқа еніп кеткен Ахмет Байтұрсынұлының алфавиті тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен сиезде ғана ресми түрде бекітіледі. Бірақ, бұл қазақ білімпаздарының сиезі жай ғана жиылыс емес, ұлт тағдырын шешуге арналған үлкен мәні бар жиын екенін ескерсек, Ахаңның жазуының ресми түрде қабылдануы халық үшін істелген игі істің биік шыңы болып табылады. Және сол кезеңдегі баспасөз беттерінде де «Бұл жиылыс – еріккеннің ермегі емес, топалаң уақытындағы той емес, мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерде іс қазақ тіліне көшіп жатқан дәуірде, үлкен сапырылыс болып пікір, өрнек, жазу-сызу, програмдар, жобалар майданы ашылған дәуірде, өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы», - деп сиездің маңыздылығы туралы алдын ала халықты құлақтандырады (Еңбекші қазақ. 1924, 23 мамыр). Қазақ білімпаздар тобы бұл сиезде «қазақ емлесін бірөңкейлеу, қаріп жайын қарастыру, халық әдебиетінің халін һәм оқытылатын пәндерді жоспарлау, оқу һәм білім кітаптарын көбейту, қазақ пән сөздерінің бір болуы» сияқты мәселелерді қарастырғандықтан, бұл жиында араб әрпін тастап латынға көшу қажеттілігі туралы да ұсыныстар айтылады. Латын әліпбиін қабылдау мәселесін көтеріп, баяндама жасаған Нәзір Төрекұлұлы болады (Еңбекші қазақ. 1924, 23 мамыр). Алайда, А.Байтұрсынұлы араб жазуынан бас тартып, әріп өзгертудің қажет еместігін дәлелдеуге тырысады. Ғалым баяндамасында: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ», - деп латын әріптеріне қызықпауға шақырады және «орыстар аяқ баспай тұрғанда бізге не жорық, алу қиын болғандықтан алмай отыр. Аз күшімізді керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін», - деген ой айтады. Бұл тұрғыдан Ахаңды жақтаушылар тіпті «латын қарпін қабылдау соншалықты қажет болып бара жатса, бірінші орыстардың өзі қабылдасын» деген ұсыныстарын ашық білдіреді. Бұл сиезде латынды қолдаған Нәзірді де, арабты қолдаған Ахметті де жақтағандар өз пікірлерін білдіріп, ақыр аяғында араб жазуын қалдыру немесе латын әрпіне көшу мәселесі дауысқа салынады. Дауыстың қорытындысы бойынша Нәзір Төрекұлұлына 9 дауыс, Ахмет Байтұрсынұлына 8 дауыс беріледі де, нақты шешім шығара алмай бұл істі оқу комиссариатына тапсырады.

Жалпы Ахаң ұсынған жазу жүйесімен «Қазақ» газетінің (1913-19 ж.ж.) шығып тұруы және көптеген көркем әдебиет шығармаларының баспадан шығуы бұл емленің халық арасында үлкен қолдауға ие болғандығын көрсетеді. Бұны «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 93 санында жариялаған М.Дулатұлының мақаласы айғақтай түседі: «Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ емлесін» мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла мұнан кейін артпаса кемімес деген үміт зор» деген еді. Өкінішке орай, отарлаушы халықтың саясаты алаштың ұлы азаматының бұл үмітінің ақталуына жол бермеді.

Ахаң өз әліпбиінің балалардың ана тілінде сауат ашуына лайықталған ұлттық жазу екендігін Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде де (1924, Орынбор), Түркітанушылардың құрылтайында да (1926, Баку) жасаған баяндамаларында ғылыми жақтан негіздеп, нақты мысалдар арқылы толықтай дәлелдеген болатын. Сондықтан да Ахаң түзген әліпби халықтың мәдени-рухани деңгейінің көтерілуіне, халықтың тез әрі оңай сауаттануына, баспа ісінің жандануына ерекше зор ықпал етті.

Жалпы сол кезеңдердегі оқу-ағарту саласындағы сауат ашуға арналған әліппелер екі түрлі бағытта жазылған еді:

Бірінші, медреселер мен қазақ мектептері үшін араб әліпбиі

Екіншіден, қазақтардың орысша сауатын ашуға арналған орыс әліпбиі.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864), «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (Орынбор, 1871) орыс әліпбиіне негізделген еді. Ал миссионерлер болса, қазақтың орысша оқығандарын қару ретінде пайдалана отырып, араб жазуының кемшін тұстарын жиі айтқыштап, орыс жазуына көшуге уағыздады. Мәселен, қазақ сөздерін кириллицамен таңбалап, орыс әліпбиімен берудің ережесін көрсеткен Н.И.Ильминскийдің 1874 жылы жарық көрген «Самоучитель русской грамоты для киргизов» атты еңбегінде қазақ мақалын орыс таңбасымен былайша береді:

Кси боларъ баланынь кси менен иси баръ

Кси болмасъ баланынь кси менень неси баръ [6, 1-5 б.].

Бұдан біз автордың араб әліпбиінің қалай да болса қолданыстан шығуын мақсат еткенін көреміз. Бірақ Н.Ильминскийдің ұсынған жазу жүйесі сәтті болған жоқ. Мұны В.В.Григорьевтің Н.Ильминскийге жазған хатынан аңғаруға болады: «В «Материалах» для изучения киргизского языка, напечатанных вами в прошлом году в «Записках» и Казанского университета и еще прежде того, в статье «О распределении кусков мяса у киргизов», помещенной в «Известиях». Археологического общества, употребили вы, для транскрипции звуков киргизского языка, буквы русской азбуки. Сделали вы это на том основании, что арабско-татарский алфавит, принятый к киргизами, «не выражает точно киргизских звуков, особенно гласных». Вам известно, как горячо желал бы я, чтобы русская азбука заменила у киргизов употребительную теперь между ними общемуслманскую, как много надежд соединяю я с этою заменою, по мнению моему, и киргизам и России. Но справедливость прежде всего, даже и в отношении к арабской азбуке: зачем обижать ее, а вы я нахожу, обидели ее, унижав паче меры. Потом, чтобы русская азбука могла войти в употребление между киргизами, надо одна из двух: чтобы она оставалось как есть, или – приноровлена была к выражению звуков киргизского языка самым простым образом, с помощью самых незначительных прибавок, и которая бы притом не резала глаз новостью своею и необычайностью; вы же извините, испестрили русскую азбуку, безо всякой в том нужды, латинскими буквами: и довели ее этим и другими тонкостями до современного неудобства в практике. Сочиняя свой русско-киргизский алфавит, вы действовали как кабинетный ученый, который заботится о том только, чтобы угодить на свою ученую братию, удовлетворить лишь ее требованиям. В этом отношении вы достигли цели: ваш алфавит отчетлив в высшей степени, ученая братия должна признать его безупречными. Но если вы полагаете, что он годен к употреблению в дело киргизами, вы очень ошибаетесь: усвоить его себе будет для них столь же трудно, как трудно было бы для якутов и осетин воспользоваться прекрасными учеными азбуками, придуманными для них Бетлингом и Шегреном» [7, 12 с.].

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мәселен, «Оқу құрал» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Бұл еңбегі 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылып, қазақ қоғамында ұзақ қолданыста болды. Сондай-ақ «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) 2 кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) 3 кітабы 1913-1921 жылдар аралығында 2 рет жарық көреді. Ал ғалымның тек оқушыларға ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Оқу құралы»

1921 жылы, «Сауаташқыш» 1924 басылып шықты. Ал методикалық құрал «Баяншы» 1920 жылы жарыққа шыққан. Сонымен қатар «Әліппе астары» 1924 жылы, ал «Жаңа әліп-би» атты жаңа оқулықты 1926 жылы ұсынады. «Тіл жұмсардың» бірінші бөлімі 1928 жылы, екінші бөлімі 1929 жылы жарық көрді.

Ал ғалымның «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінде бұрын болмаған тың дүние болды. Себебі бұл кітап – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбектің басы еді. «Тіл – құралдың» фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көріп, 1927 жылға дейін 7 рет басылып шығады. Бұл кітаптың морфология саласына арналған II бөлімі 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да 1927 жылға дейін 8 рет басылып шығады. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1923 жылы жарыққа шығып, 1928 жылға дейін 6 рет қайтадан басылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор. 1925 ж.
2. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл құрал. –Орынбор: Хұсайынов баспаханасы, 1914. –30 б.
4. Бюллетень Среднеазиатского Госуниверситета. –Ташкент, 1924. Вып. 8.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. –448 б.
6. Ильминский Н.И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. –Казань: Университетской типографий, 1874. –115 с.
7. Григорьев В.В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. Письмо к Н.И.Ильминскому. –Оренбург, 1862. –12 с.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТІЛ ҚИСЫНЫ(СТИЛЬ), СӨЗ МӘДЕНИЕТІ,СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мұратбек Б.Қ.

филология ғылымдарының кандидаты,доцент

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
baglash@mail.ru*

Профессор Р.Сыздықтың пікірінше, «Ахмет Байтұрсынов - біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А.Байтұрсыновтың әліпбиімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді».

Қазақ тіл білімінің ғылым саласы ретінде қалыптасу кезеңі, А.Байтұрсынұлы заманынан қаз тұра бастағаны белгілі [1,7].Сол кездің өзінде-ақ, «Қазақ»газеті және өзге де басылымдар бетінде жобалы оқу жүйесін жасау міндет екені баса айтылды.Кейін қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері қажетті оқу құралдары мен оқулықтар шығарып,алфавитке қатысты ірі шараларды ңске асыруға,емлені реттеуге ат салысты.А.Байтұрсынұлы мәселе етіп көтерген жобалы оқудың қазақ әдеби тілі және оның нормаларымен кіндіктестігі сезіліп тұрады.Ал одан сәл беріректегі қазақ ғалымдарыныңаса көрнекті шоғыры қазақ тіл білімі салаларын ғылыми тұрғыдан тұңғыш әрі арнайы зерттеу бақытына ие болды. Осы шоғырдың өкілдері С. Аманжолов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев,т.б.ғалымдар қазақ әдеби тілінің теориялық негізінің қалануына ұйтқы болды [1,7-8].

Сөз өнеріне жұмсалатын зат - сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл иә лұғат деп аталады.Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі, 2) әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл - ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөз' айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида жалаңаш болып

шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебі делініп, соңғысы жалаң иә (көсе) лебіз делініп айтылады.

«Сөз өнері» деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады, сөз өнерінің ғылымы туады. Шығарманың екі жағы бар: 1) ішкі пікір жағы, 2) тысқы тіл жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді:

1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы [2,92-94].

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңымен шығатын тіл өнерінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы, шығарманың тіл өңі жағынан тіл иә лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді. Әр саласы айрылып, бөлек-бөлек сөз болмақшы [2,94].

Тіл қисыны (Яки, «лұғат қисыны»). Тілші- ғалым С.Хасанова өз зерттеулерінде А.Байтұрсынов қазіргі тіл білімінде қолданып жүрген «стиль» терминінің қазақша баламасын «тіл қисыны» деп атағанын дәл көрсетеді [3, 35].

«Тіл қисыны» дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі- өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету. Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат - топырақ болса, оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті алып, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай міланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ. Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат- сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөздер бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы, - балшықтан, кірпіштен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіш жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман оолса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман (болса, дыбысының қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ түзуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ. А.Байтұрсынұлының ғылымы қолданбалы сипатын осылай түсінікті етіп нақтылайды. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатып заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білу тиіс: оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білу тиіс. Сөз мәдениетінің теориясына сай сапалық (коммуникативтік) белгілері: сөздің дәлдігі, тіл тазалығы, сөз қисыны мен тіл байлығы. Сөз өнерінің ғылымы сөз анықтығы мен сөз дәлдігіне негізделеді, сондай сөзде мәнер бар деп те ескертеді.

Сөз талғау мәселесіне келсек, шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі ақын тілі деп, екіншісі әншейін тіл деп аталады. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе *сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін*

талғайды. Ақын тілі *сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді* болу жағын да талғайды.

Шығарма сөз өнді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады, Олай болу үшін керек:

- 1) Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.
- 2) Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.
- 3) Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

2.Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дейтініміз - ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а) Ескірген сөздерге жоламаған.

б) Жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

г) Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

д) Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған. Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін есім жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік) [3,41].

Бүгінгі таңда ұлтымыздың арыстарының еңбектерін жалпақ жұртқа жайып, кеңінен насихаттауымызда көптеген олқылықтар, әттеген-айлар бар. «Әдебиет танытқышқа» үңіле отырып, А.Байтұрсынұлының сірә, өз еңбегі болса керек, «Нұсқаулық» атты кітапқа да жиі-жиі сілтеме жасайды. Бұл қандай, қашан жарық көрген, кімнің еңбегі? Осы сілтемесінен ұққанымыз - «Әдебиет хрестоматиясы» сынды шығарма. Қолжазба дейін десең, беттерін көрсете отырып, сілтейді. Бізге бір пендеуі ой келді: мүмкін бұл біз іздеу салып жүрген «Нұсқаушы» кітабы шығар! А.Байтұрсынов «Әліппеге» («Оқу құралына») көмекші ретінде «Әліппе астары» мен «Баяншы» кітаптарын, «Тіл-құралға» демесін ретінде «Тіл-жұмсарды», кейіннен методист Т. Шонановпен бірлесе отырып, қалың «Оқу құралы» хрестоматияларын жазғаны белгілі. Мүмкін, жоғарыдағы «Нұсқаулық» (хрестоматия) пен «Нұсқаушы» аты да, заты да бір еңбек болып шықса ше?.. Онда әдебиеттанушылар үшін тағы бір «ашылмаған аралдың» төбесі қылтиып тұрса керек...

«Қазақ - жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы». Бұл сөзді Ахмет Байтұрсынұлы бұдан тура 100 жыл бұрын айтыпты. Бүгінде біз жоқшы, қуғыншы емеспіз, төрт құбыламыз түгенделді деуге тағы ауымыз бармайды. «Іздеген жетер мұратқа», шүкір, ертеректе қолымызға А.Байтұрсынұлының Семейде «Алашорда» баспасында басылған «Әліппесі» мен «Азамат» серіктігінің қос тілде тасқа басылған «Жарғы- Уставы» тиіп еді. Күні кеше алаштың тағы бір ардақты арысы профессор Құдайберген Жұбановтың екі бірдей аударма кітапшасы да табылды [2,118-120].

«Тіл-құрал» жинағына енген 3 тіл танытқыш кітап та («Фонетика», «Морфология» және «Синтаксис»), «Әдебиет танытқышы» ғұламаның дара еңбектері, филологиялық жағынан тілге қатысты, әдебиет пен тілдің іліктестігі туралы тұстарын мол. Сол себепті де егіз негіз - тіл мен әдебиет, ал әдебиеттің жаны - тіл екенін есте ұстай отырып, «Әдебиет танытқышты» да «Тіл-құрал» сынды филологиялық зерттеу еңбек.

Кез келген сөз мәтіндерінен, ауызша әрі жазбаша сөз формаларының түзілу барысынан айтушының кім екендігін, мінез-құлқын, болмысын, интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік ерекшеліктерін толық танып-білуге болады. Шынайы өмірде де адамның сөйлеген сөзінен жеке қасиеттерін, білімін, тәрбиесін, мәдениетін, өмірлік ұстанымдарын білуге болады. Сөз мәдениеті белгілі тәртіпке түскен, жүйеленген тілдік нормаларға негізделеді,

тілдің табиғи заңдылықтарына, арнайы қабылданған ережелерге бағынатындықтан, айтушының осы ұстанымдарды межеге алуы талап етіледі.

Кез келген ұлт тілінің әдеби тіл нормасы міндеттілік категориясына негізделіп қана қоймайды, соның басты талап-мүдделері мен заңдылықтарын басшылыққа алады. Норманың тілге ғана қатысты емес түрлері өте көп, атап айтқанда, қоғамдық тәртіп, құқықтық норма талаптары, сондықтан социум мүшелері оны орындап отыруы белгілі заңмен талап етіледі. Ал тілдік норма заңдылықтарын бұзу, өкінішке орай, ешқандай жауапкершілікке алынбайды, жазаға тартылмайды. Бірақ ана тілінде сөз сөйлеушілердің бірінің сөз мәдениетін жоғары немесе төмен деп бағалауға болмайды, қазақ тілінің зор табыстарының негізгі арнасы ұлттық мәдениет құндылықтарының биік те беделді жетістіктерімен сараланады. Біз сөйлегенде, жазғанда тек тыңдаушы мен оқырманға ғана ықпал етіп қоймаймыз. Болашақ ұлт өкілдерінің, жалпы адамзат баласының рухани жағынан дамуына, өсіп-толысуына, керісінше мешеулік пен азғындауына алып келеміз. Қазіргі уақытта А.Байтұрсыновтан бастау алған деуге болады, «сөз анықтығы», «сөз бедері» мен мәнерін» нысан еткен сөз мәдениетінің мәселелері және жалпы «сөзтану» ғылымының жаңа бағыттары жеке пән ретінде оқытылуы әлеумет тарапынан сұраныс тудыруда. Олардың қатарына сөз экологиясы, тілдік ситуация, тіл саясаты мәселелері жатады, оларды сөзтану, сөз мәдениеті ғылымдарымен біртұтас жүйеде қарастыру арқылы жетістіктерін бағамдауға болады.

Қазақ тілі мәдениетінің мәселелеріне тіл (сөз) мәдениетін қалыптастыратын коммуникативтік-сапалық белгілері, сөзтану мәселелері, сөз өнерінің ғылымы А.Байтұрсынұлынан басталып, кейін қазақ тіл білімінде профессор М.Балақаев пен М.Серғалиев (Қазақ тілінің мәдениеті, 1995. Мектеп, 152 бет), академик Р.Сыздық (Сөз сазы, Сөз құдіреті), тілші-ғалым Н.Уәлиев «Сөз мәдениеті», «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» (докт. дисс., 2007), кейін «Сөз мәдениеті» (Алматы, 2011 ж.) зерттеуін арнайы жазған ғалым Д.Әлкебаева, А.Қобланованың зерттеулері жалғастырды.

Жалпы филологияда сөз (тіл) мәдениетінің мәселелері, сөзді өнер деп қарау, сөз өнерінің ғылымы деп тануды негіздеген әдебиетші, мәдениеттанушы ғалымдардың қалыптасқан тұжырым, ой-пікірлері, ұстанымдары мен көзқарастары да бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы: Оқулық.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-283 бет
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2013.-641 бет
3. Хасанова С, Жексембаева Ғ. Қазақ тілінің стилистикасы: жаттығулар жинағының алғысөзі. Алматы: РБК, 1999.-215 бет

А.БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу- өткен мен бүгінгі, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше, жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне

элеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни XIX ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады [1.3]. Сол тұста Н.И.Ильминский бастаған миссионерлік топтар жазу мәселесін элеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған еді. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары да қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті [2.273]. Ал бұл көзқарастардың элеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынов «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды», - деп жазды [3.437]. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, «1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды» [4.283]. Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек; т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба – дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді [5.79]. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсыновтың еңбегін жоғары бағалаған еді [6.581]. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсыновский алфавит» дей отырып, «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады [4.283]. Қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығын, тіліміздің табиғаты үндестік заңдылығымен астасып жатқанын, соған сай А.Байтұрсыновтың да ғылыми еңбектері сингармонизмге негізделгенін ғалым Ө.Жүнісбеков өзінің зерттеулерінде ғылыми түрде дәлелдеп келеді [7]. Ал бұл жазудың нағыз ғылыми бағасын танытып, Байтұрсыновтың ұсынған жазуы мен әліпбиінің құдіреттілігі мен тылсым сырын ашып, оның жазуы әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық болғанын еліміз егемендік алғаннан кейін қорғаған докторлық диссертациясында Ташкенттік ғалым Махамбет Жүсіпұлы жан-жақты дәлелдеп бергені ғылыми қауымға белгілі жай [8]. Сонымен, А.Байтұрсыновты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. А.Байтұрсынов жасаған алфавиттің элеуметтік лингвистикалық жетістігі қандай десек, ғалым М. Жүсіпұлы анықтап, ғылыми тұрғыда дәлелдеген төмендегі мәселелерді атап көрсету қажеттігі туындайды:

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» –ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г»,

«е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді [3.324]. А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

Дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгіледі. Дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын білдіреді;

Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан – жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан- жіңішке болатындығын анықтаған;

Араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген.

Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынов осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады [5. 47].

А.Байтұрсынов фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп алфавиті мен орфографиясында жеке әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық бірліктерді белгілеген [5. 49].

А.Байтұрсынов төмендегідей проблемалық сауалдарға жауап берген: 1/. Неге бір түрлі фонетикалық жағдайда дыбыстар әр түрлі дыбысталадыны /сыз –сіз/; 2/. Неге алфавитке сөйлесім процесінде қолданылатын дыбыстардың барлығын жеке әріптермен таңбалау мүмкін еместігі; 3/ Неге алфавиттегі әріп таңбасы әр дыбыстың емес, акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас дыбыстар тобының, дыбыстық типтің, белгісі болатыны: Н – н- нь (тон- төн); 4/ бір бірімен акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас әрі толық ұқсас емес дыбыстар тобы мен адамның ойлауындағы дыбыстардың психологиялық бейнесі арасындағы байланыста қарым қатынас бар ма? [5.63]. Осы сұрақтарға жауап іздеу, зерделеу барысында өзінің «төте жазуын» мінсіз құрастырып шыққан.

Егер А.Байтұрсынов қазақ тілі сингармофонемасын жуан- жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациялардан тұрады деп анықтамаған жағдайда, өзінің сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясын әлем ғалымдары жоғары бағаланғандай биік деңгейде жасай алмайтын еді [5. 57];

А.Байтұрсынов позициялық принципті, фонеманың позициялық түрлері және фонема дыбыстар қоры ұғымдарын жалпы тіл білмі әлемінде бірінші болып зерттеп, анықтаған [5.59];

Байтұрсынов қазақ тілі дыбыс жүйесінде сингарможуан /к, ғ/ және сингарможіңішке /к, г, е/ дыбыстарды ажыратып, оларға жеке таңба арнады. Яғни, түркі тіл әлемінде тұңғыш болып жуан-жіңішке сингармокорреляцияны анықтады, жұпталған сингармокорреляттік дыбыстар санын нақты белгілеген [5.23].

А.Байтұрсыновтың қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ерекше деп білеміз. Ол терминдерді қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау жағына ерекше көңіл бөлген (бастауыш, баяндауыш, басқарма, хабарлама, т.б.)

Өкінішке орай, А.Байтұрсыновтың идеяларын 1937-1938 жылдары әкімшілік- әміршілік жүйе тұншықтырып, тілімізді, жазуымызды орыстандыру бағыты толық үстемдік құрып келді. Қазіргі таңда қазақ жазуы сол кезеңдегі кемшіліктерден арыла бастады. Жазу, терминология, т.б. төл тіліміздің табиғатына сай зерттеліп келеді.

Ғалым А.Байтұрсынов басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. Мысалы: орыста «h» дыбысы жоқ, сондықтан оны олар «г» дыбысымен айтатынын білеміз. Сондықтан өз тіліміздің табиғатына назар аударған жөн. Осы орайда ғалым. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалды» деп тұжырым жасаған еді.

Ғалым өзінің құрастырған алфавитіне «х, һ» дыбыстарын енгізбеген. Себебі «һ» дыбысын одағай сөздерде ғана (ah, uһіley) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетіні көрінеді», - дейді [5.88]; Ал «х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал, арам – харам), сондықтан оны сақтау керек дейді [5.385]. Қазіргі жазуымызда «х» дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (хабар-қабар, қош-хош) жазуда қиындық келтіруде.

А.Байтұрсынов «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» дыбыстарды қазақ тілінің сингормофонемалар құрамына ендірген, оларға арнайы таңба арналмаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен [5.30].

А.Байтұрсынов сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты-жөні, жер-су аттары т.б.

Ғалым «и, у» жарты дауысты деп көрсеткен еді. Қазіргі кезде де бұл дыбыстар статусы жөнінде кейінгі кезге дейін бірізділік болмауы салдарынан жазуда қиындық келтіріп жүргені белгілі (тиын- ты+йын, су – сұу).

А.Байтұрсынов араб жазуынан безіп, латын графикасына көшудің бір артықшылығы, қажеттілігі болып тұрмағынын айтып, «латынға алмастырғанынан енетін пайда көп болса немесе латын әріпін алу машақаты, шығыны араб әріпін түзуден аз болып шығатын болса, латынмен болуды жөн дер едік. Ол жоқ.», - деп, бүкіл түркі халқына ортақ болған араб графикасы негізіндегі жазуды жақтайды [3.410]. Шындығында да, бір графикадан екіншісіне асығыс көшу салдары бірқатар қиындықтар келтіргені аян. Мысалы: түрік халқы алғашқы президенті Ататүрік кезінде араб жазуын тастап, латын графикасына көшті. Сол кезде қ,к дыбыстарын таңбалау үшін латынның бір «к» әрпі ғана алынған еді. Қазір бір ғасырға жуық уақыт өткен кездегі ұрпақ жуан «қ» дыбысын да, жіңішке «к» дыбысын да, «к» таңбасы арқылы жіңішке айтатын болған. Сондай - ақ, «ә» дыбысын латынның «е» таңбасымен белгіленуі салдарынан «ә, е, э» дыбыстары дұрыс оқылмайтын дәрежеге жеткен. Ал азербайжанда «ң» дыбысы болғанмен алфавитте таңбаланбауы да осындай кемшілікке жол берген. Өзбектердің «ң» дыбысын «нг» деп екі таңбамен белгілеуі салдарынан енді оны екі дыбыс етіп оқу қалыптасқан. Қазақ татарлары, қырғыздар мен түркімендер де «к-к, ғ-ғ» дыбыстарын жіңішке бір әріппен таңбалап жүр. Демек, қазақ жазуының негізін қалаған А.Байтұрсынов әліппіінде мұндай кемшілікке жол берілмегенін қазіргі жазу мәдениетімізден де байқаймыз.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [3.142]. Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт – шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз [3.399]. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990. – 106 б.
- 2.Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999.- 268- 281 б.
- 3.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ана тілі; 1992. –448 б

4. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999. - 281-288 б.
5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.-581 б
7. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980. –78 с
8. Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим (на материале казахского и русского языков) АДД. – Алматы, 1992. – 38 с.

ТІЛШІ-ҒАЛЫМ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

Саткенова Ж.Б.
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан Республикасы әлемнің білім беру кеңістігінде өз мақсат-мұраттарын анықтап алған, бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде танылуы үшін оқыту, білім беру жүйесінде көптеген талап-міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Жаңа сапалық білімді қалыптастыру да оқыту үрдісіндегі ғылыми-әдістемелік жетістіктермен байланысты болмақ. Оқыту үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы білімдік тұрғыдан жан-жақты қаруланған, өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыра алатын дербес интеллект иесін, әлеуметтік тұлғаны қалыптастыру да келелі мәселелердің бірі.

Жаңа технология – оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін және оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін, адамның дербес қабілеті мен берілетін материалдың танымдық бірлігін іске асыратын, білім алушының шығармашылық мүмкіндігін дамытуға бағытталған, жүйелі білім беруге негізделген сапалы оқыту тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Тілдік талдау жүйесіндегі жаңа технология негізделген лингвистикалық талдаудың бірі – *сатылы-кешенді талдау технологиясы*.

Сатылай-кешенді талдау технологиясы – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын талдау түрі. Жалпы ғылымда талдау ұғымы күрделі мәселені жекелерге, аса қарапайым кіші мәселелерге бөлуден тұратын зерттеу рәсімі ретінде таныс. Ал *тілдік талдау* немесе лингвистикалық талдау – тіл бірліктерінің сипаттамаларын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралау. Тілдік талдау технологиясы тілдік бірліктерді талдаудың жолдарын оңтайландыру барысында анықталатын тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығының жобасы болғандықтан, оның әдістемелік қыры тікелей әдіскердің шеберлігі нәтижесінде көрініс табады.

Қазақ тіл білімінде тілдің өзекті мәселелеріне ерекше назар аударып, оның теориялық және тәжірибелік, әдістемелік негізін орнатуды мақсат еткен тіл жанашырлары баршылық. Қазақ тілінің теориясын түсіндірумен шектеліп қана қоймай, оны тәжірибелік негізде алғаш талдап дәлелдеген қазақ халқының рухани көсемі, тілші-ғалым – А.Байтұрсынов. Әдіскер ғалым Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» [1] деген еңбегінде А.Байтұрсыновтың тіл біліміндегі көптеген мәселелерді сөз етіп, зерттеу нысанына айналдырғаны және «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» сияқты оқулықтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшелігі өз алдына арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселе екендігі айтылған. Ф.Оразбаева: «Кез келген әдіскер мұғалім тілшінің еңбектерін оқу арқылы тілдік материалдармен танысып қана қоймайды, сонымен қатар оқулықтарда берілген тақырыптарды оқытудың әдістемелерін де үйренеді» [1] деген тұжырымға келеді. Сондықтан

әдістемелік оқу құралдарының ерекшелігі – оқытуда едәуір тиімді болатын әдіс-тәсілдерді ұсыну. Бірақ мұндай әдістемелік еңбекті жазу зерттеушінің бойынан теория мен практиканы ұштастырудан бөлек көптеген факторларды назарға алуын көздейді, әсіресе, білімді игеруде үйренушіге неғұрлым тиімді және түсінуіне жеңіл боларлық құралын, кілтін табуда қажырлы еңбек пен ізденісті қажет етеді. Осындай талаптың үдесінен шыға білген ғалым А. Байтұрсынұлының 3 бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» [2] атты кітабы қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасынан тұңғыш ғылыми пікір мен тұжырымдарын ұсынған, жаңа терминдік атауларды тіл білімінде қалыптастыруға зор үлес қосқан құнды еңбектердің бірі. Аталған еңбекте ғалым А. Байтұрсынұлы дыбыс, әріп, буыннан бастап, сөз тұлғалары – түбір мен қосымшадан сөз таптарына дейінгі теориялық-тәжірибелік мәселелерді кешенді қарастырады. Тілдік бірліктердің синтаксистік сипатын да назардан тыс қалдырмаған. «Тіл – құралда» біріншіден, қазақ тіл білімінің негізгі салалары бойынша теориялық мәліметті жан-жақты түсіндіреді. Оны практикалық жақтан ұғындыруда «дағдыландыру» сатысын ұсынады. Бұл сатыда мәтінмен, жаттығулармен жұмыс түрлері қамтылады. «Дағдыландыру» сатысы келесі «сынау» сатысында өз жалғасын табады. «Сынау» сатысында алынған білімді толық бекіту жұмысы қарастырылған. «Сынау» деген атау беруде де өзіндік мән-мағына бар. Себебі үйренуші тілдік фактілерді талдау арқылы өзін-өзі сынауға үйренеді. Эмперикалық білім мазмұнынан рефлексияға дейінгі кезеңді қалыптастыру міндеті көзделген. Рефлексия кезеңі шәкірттердің сезімдері мен ойларының көрініс табуын меңзейді. Бұл – шәкірттің, үйренушінің өздігінен білім алып, ізденіске деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған бірден-бір шарттарының бірі болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тіл бірліктерінің теориялық мәселелерін сатылы құрылым арқылы үйрететін тұңғыш төл технологияның негізі А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қаланғанын көруге болады. Ғалымның бұл әдістемелік көзқарасы бүгінгі қазақ тіліндегі төл технологияның дүниеге келуіне себепкер болған.

Тілдік талдауды зерттеу объектісіне айналдырып, оның үлгілері мен жүргізілу ретін барынша толық сипаттайтын, теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырған еңбектер қазақ тіл білімінде аздық етеді. Заманның жаңа талабына сәйкес бұл мәселенің өзектілігін назарға алып, алғаш тілдік талдауды технологияландыруды педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.А.Оразахынова [3] ұсынады. Әдіскер-ғалымның тілдік-кешенді талдауды жетілдірудегі «Сатылай-кешенді талдау технологиясы» қазақтың рухани көсемі, алғашқы әдіскер ғалым А. Байтұрсынұлының идеясынан бастау алған. Тілдік талдауға қатысты ғалым А. Байтұрсынұлының әдістемелік көзқарастары қазақ тілін оқыту жүйесінде тіл біліміндегі алғашқы баспалдақ болып, көптеген зерттеуші-ғалымдардың негізгі сүйенетін объектісіне, құралына айналды. Тілші-ғалым С.Исаев орындалу тәсіліне қарай тілдік талдаудың *ауызша* және *жазбаша* формасын ұсынды. «*Ауызша талдау* – көбінесе сыныпта, дәрісханада жүргізіледі, жазбаша талдау негізінен үйге тапсырма ретінде беріледі де, сыныпта ауызша әңгімеленеді. Ауызша талдау көбіне білім алушының білімі әбден жетілген кезде, дағдысы қалыптасқан кезде жүргізіледі» [4]. С.Исаев, М.Достанов талдау барысында *қарама-қарсы қою әдісін* қолданады. Сонымен қатар М.Достанов тілдік фактілерді фонетика-лексикалық және грамматикалық жағынан *қатар талдау* әдістерін ұсынады [5]. Ал әдіскер Ә.Ермеков те қатар талдаудың қажеттілігін меңзеп, оны «*шендестіре талдау*» деп атайды. Зерттеушілер фонетикалық талдаудың кейбір мәселелерін емлемен және морфологиямен орайластыра, солармен шендестіре жүргізу қажеттігін дұрыс деп санайды. Оқытуда бұндай тәсілдің екі жақты пайдасы болады: біріншіден, білім алушы емленің әр алуан ерекшеліктеріне жетіле түседі, екіншіден, олар кейбір грамматикалық категориялардың сырын біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2000.
2. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Алматы, 1991.
3. Оразахынова Н. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу. – Алматы, 1997.
4. Исаева С.М. Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері. – Алматы, 1985.

5. Достанов М.Д. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері. – Алматы, 1991. – 169 бет

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ҒАЛЫМ

Турабаева Л.К.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әбдікерімова Г.А.

филология ғылымдарының кандидаты

Сайлаубеков А.Н.

магистр

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бір қалыпты жүріп жататын үдеріс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылық байқалмайды. Оның өзіндік себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол елде үстемдік етуші тіл саясаты. Ғылым жақсы дамыған тұста көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, олар тілден өзінің таңбаланушысын табуды қажет етеді. Мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің тіл саясаты белгілейтіндігіне өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының даму жолдары дәлел бола алады.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту бағытында елімізде терминологияны ретке келтіру, жетілдіру мақсатында мемлекет тарапынан қарымды қадамдар жасалды. Термин шығармашылығы біршама жанданып, арнаулы салаларда жаңа атаулар жасалып, олар біртіндеп тілімізге ене бастады. Соның бірі – лингвистикалық терминдер жүйесі. Ұлттық әдеби тілдің ғылым нысанына айналып, әр түрлі қырынан зерттелуі оның грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, орфографиялық нормаларының қалыптасуына зор әсерін тигізді. Тілдің даму бағытын бағдарлап жаңа сөз жасау, термин қабылдау, заман талабына сай даму жолындағы ғылыми техникамыздың түрлі саласындағы терминдерді қалыптастыруда төл тіліміздің ерекшеліктерін негізге алып отыру, оны назардан тыс қалдырмау – өткен ғасырдың бас кезінен бері жалғасып келе жатқан дәстүр. Бұл дәстүр бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Ал қазақ тілтанымында соңғы кездердегі зерттеу еңбектерінде универсалий, реалий, кониотация, сигнификат, денотат, пресуппозиция тағы сол сияқты басқа тілден енген және сөзтұлға-сөзпішін, тұлғаным (форма), үндестік-үндесім (сингармонизм), бейүндесім-бейүндестік (аккомодация) тәрізді түрліше қолданылып жүрген атаулар сала мамандарының өздеріне де кей тұстарда елеулі қиындық келтіретіні белгілі. Сондықтан қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдерді құрылымдық, мағыналық, қолданыстық жағынан біріздендіруде, қалыптастыруда қазақ тілтану ғылымының негізін салушы, ұлы тұлға А.Байтұрсыновтың ғылыми мұраларының маңызы ерекше.

Қазақ тіл білімі терминологиясында оның ішінде лингвистикалық терминдердің қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда ұлы ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өту мүмкін емес. Оның себебі – ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың ғалым еңбектерінен басталатындығында.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясының негізін қалаушы. Ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету үшін, ең алдымен сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларын меңгереміз. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылып тұрған «Тіл құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Сондай-ақ ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, - бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» -деген болатын [1, 87].

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады [2, 16].

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Алашординцы» атты кітабында «Книга А.Байтұрсынова «Тіл құрал» (Пособия по языку) содержит множество разделов, посвященных фонетике, морфологии, синтаксису и орфографии, заметим, каждый из этих терминов дан на казахском языке, автор, кроме того, воссоздал несуществовавшие до него понятия – такие, как «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» и др. Ученый снабжает термины четкими, емкими и образными определениями, и в то же время, определения эти имеют строго научный характер» - деп жазады. Әрине, «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» сынды ұғымдар лингвистикада Ахаңа дейін де белгілі болған, алайда қазақ тіліндегі осы дыбыстар мен сөйлем құрылысының табиғатын анықтап, олардың қазақша баламалары мен анықтамаларын дәл де айқын бергенін академик ғалым өте орынды атап көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы ғұламалардың бірі. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды»

(Өуезов М.О. Ақаңның 50 жылдық тойы// «Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан) деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп әділ көрсетеді. Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған [3, 19].

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді. А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек. Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың: «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі А.Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек» деген пікірі назар аударарды [4, 33]. Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен қатар қазақ оқығандарының өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы ғылыми-ағартушылық саладағы жетекшілік рөлін, ықпалын, ұлттық және түркілік терминқор жасау, ғылым тілін қалыптастыру мәселелерінде туыстас халықтардан біршама озық тұрғанын да аңғаруға болады.

Қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда, сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген. Тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда, қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 1984. – С.101.
2. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасырдағы қазақ терминологиясы; 1910-1930 жылдары): монография. –А.:«Ел-шежіре» ҚҚК, 2008. –240 б.
3. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. -12-13 бб.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -33б.

БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ – ҰЛТ ТІЛІНДЕ

Түсіпқалиева Роза Қуанқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Біздің сөз еткелі отырғанымыз – қазақ қоғамы үшін бүгінде көкейкесті мәселеге айналып отырған үштілділікке оқыту мен осыдан келіп шығатын түйткілді жәйттер.

Бәрімізге белгілі, Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» /1/ деп, республикамыздағы білім беру саласының алдына мектеп оқушыларын үш тілде оқытуды міндет етіп қойып, қазір мектептер мен мектепке дейінгі оқыту мекемелері осыған кірісіп те кетті. Қазақстан халқының ертеңгі болашағын айқындайтын, қай бағытта дамитынын көрсетіп беруге тиіс осы аса ауқымды істен бүкіл қоғам шет қала алмайтыны белгілі. Өйткені, бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің ендігі санаулы жылдарда сол білім ордаларынан жан-жақты әрі тыңғылықты білім алып шыққан азаматтар болуы Елбасының тағы бір идеясы - «Мәңгілік ел» идеясының болашақ тағдырымен тығыз байланысты екендігі тағы аян.

Мұндай биік мақсаттарды бағындыруға қадам баса отырып, ұстаз бен шәкіртке, барша ата-анаға артар жүгі мол ұзақ сапарға аттанған тұста өткенімізге де бар қарап, ана тіліміздің тауқыметті тарихына бір сәт көз жүгірткен артық болмас еді. Үштілді қоғамға айналатын ортада бәрінен де ұлттық тіл – қазақ тіліне ауыр тиетіні белгілі. Ағылшын тілі мен орыс тілі білім мен ғылымның, әлемдік өркениет пен ғаламдық технологияларға жол ашатын тілдер болғанымен, ұрпағымызға ұлттық тәрбие, рухани азық беретін тілдер бола алмасы анық, бұл – қазақ тілінің ғана еншісіндегі міндет. Ана тіліміздің қазіргі оқытылуы мен қолданылуының төмен жағдайы кім-кімге де аян, ал онымен қатар оқытылып, қатар қолданылуы тиіс екі тілдің тарихы ұзақ әрі әлемдік өркениеттегі орны әлдеқайда биік.

Осы орайда қазақ тілінің тағдыры әр ғасырдың бас кезінде қыл үстінде тұрғаны амалсыз қынжылтады. Қазақтың қазақ болып қалуы ең әуелі оның тілінің, ділінің аман қалуына байланысты екендігін ұлт зиялылары, серке-көсемдері әрқашан ашық айтып, сол үшін күрескен. XX ғасырдың бас кезінде Алаш қайраткерлері халық ағарту ісін мектеп тәрбиесімен, ұлт тілінде оқытумен тығыз байланыстырды. Бұл жолда, әсіресе, ұлтымыздың тұңғыш ғалым-ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі шексіз.

Ағарту мен білім беру мектептен, бала тәрбиесінен басталатынына шүбәсіз сенген А. Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, сонан соң ғана өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті түрде талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынұлының осыдан 100 жыл бұрын байқап-түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелермен үндес. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл - надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан атқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп, бейнелі түрдегі тілмен білдіреді /2/.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтының мешеу халына таусыла өкініп отырмастан, оны жарқын болашаққа жетектеп, жанкешті еңбек етті, қараңғы түнекке шырақ жағып, жалғыздан-жалғыз тыңнан түрен салды. Ол қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса, қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының

негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көпғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырған, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі қазақ зиялылары жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген А. Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кеңінен пайдаланылды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихында А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралының» орны айрықша. А. Байтұрсынұлының тағы бір зор еңбегі - қазақ тілі ғылымының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы - Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенінің дәлелі - олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ұлтын шексіз сүйген үлкен жүректі ғалымның бар ғұмырын осылайша ана тілінің жоғын жоқтауға бағыштап, өмірін сарп етуі, түптеп келгенде, өз ұрпағының дұрыс тәрбие алуын көздеуінен туған. «Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек»- деген еді ол бір еңбегінде. Қазақтың үлкен-кішісінің қазақ тілін игермегені – қасірет, кемшіліктің ең үлкені сол дейтін А. Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегін ұмытпайық, үлгі-өнегесін қазіргі жаңа заманға ұстанайық. Ахмет Байтұрсынұлының мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахмет Байтұрсынұлының ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! «Егемен Қазақстан» газеті, 2011 жылғы 29 қаңтар
2. Байтұрсынов А.Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері)- Алматы, «Ана тілі», 1992 ж.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІ

Шыныбекова А.К.

филология ғылымдарының

кандидаты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы, қазақ рухани-мәдени тарихының көрнекті өкілі, ғалым-педагог, тілші, әдіскер, аудармашы, ақын қазақ тілі мен әдебиеті теориясының негізін

салушы. А. Байтұрсынұлы тілтанымдық ғылыми мұрасы – тарихи талаптарға сәйкес әр қырынан қарастырылып келеді. Ғалымның ғылыми, ғылыми-оқыту еңбектерінің жазылуында ғылымды жекелеуге, белгілі бір ұлтқа тән құбылыс деп қарастыруға болмайтынын басты назарда ұстағанын көреміз.

Лингвист-ғалымдар Вильгельм фон Гумбольд, Фердинанд де Соссюр, Л.В. Щерба қолданып, терминдер қатарына енгізген *erdon – energeja* – тіл және тілдесім ұғымдарын А. Байтұрсынұлы тіл, сөйлеу, сөйлесу, тілдесім деп қалыптастырғанымен олардың тегі жақын болса да қолданылу аясы алшақ ұғымдар екенін дәлелдеді. XX ғасырдың басында қолданыла бастаған тілдік терминдер прагматикалық деңгейде күрделі тұлға болып келді, бұның өзі терминжасамның қысқалық талабына сай емес.

Қысқалық әрі дәлдік тұрғысынан алғанда А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясында жол салушы (родоначальник), негізін қалаушы (основоположник), көшбасшы (лидер). А. Байтұрсынұлы терминжасамдық еңбегінде екі түрлі бағытты көрсете отырып, терминжасамның жолдарын нақты көрсеткен. Термин – ұғымды атайтын сөзден жасалады, яғни ол ұғым атауы, затты атайтын сөзден тұрады. Термин – жалпылама (абстрактылы) ойлау қабілетінің ұғымдық сипатқа ие болуынан туындайды. А. Байтұрсынұлы метатіл, метатілдесім, объект тіл, дериватология терминдерін қолданбай-ақ тілтанымдық тұрғыдан әлемдік тәжірибеге қажетті талаптарды қолдана отырып терминжасамдық теорияны қалыптастырады, имплициттік түрде ұғымдарды атап өтпей-ақ теорияға енгізіп, практикаға қолданған.

«Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдік танытуының сыры неде?» деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан қараған. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахмет Байтұрсыновтың зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен тең дәрежеде өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаспаған еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е. Омарұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрекүлұлы сынды Алаш арыстарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады.

А. Байтұрсынов еңбегінің өзектілігін көрнекті тілші ғалым Мәулен Балақаев жақсы айтқан. Оның мына төмендегі пікірінде шындық бар. Ол былай деп жазады: «Тіл – құрал» кезінде «алашордашылардың, ұлтшылдардың» кітабы болғандықтан, оны пайдалануға тыйым салынса, жаңа грамматика авторы да «халық жауы» атанып, кітабы қолданудан қалып қойды. Енді қайту керек? Тірі қалғандарымыз мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін еңбектенгенде, алдымен грамматикалық атауларды қалай атаймыз деген проблема туды. Біз бұрыннан үйреншікті болған Ахмет терминдерін қазақ тілінің, қазақша айтылған бұрынғы сөздері деп танып, солай атай бердік. Себебі, басқаша жазу мүмкін емес, әдеби нормаға айналып, қалыптасып кеткен еді. Ахмет Байтұрсынов шығарған терминдер екенін білсек те, қазақ тілінің сөз байлығы деп танығанбыз» [1, 129 б.].

А. Байтұрсынов төл сөзіміздің терминге айналуы турасында «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» [2, 19 б.], – деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В. Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» дейтін болса, А. Байтұрсынов Қазақстан ғылымында дәл осындай құрметке лайық [3, 33 б.].

А. Байтұрсыновтың 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші,

жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А. Байтұрсынов бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахмет Байтұрсыновтың қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Р. Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» [4, 105 б.], – деп әділ көрсетеді.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты «пән сөздерді» алғашқы мақалаларынан бастаған А. Байтұрсыновтың ең басты ұстанымы – «пән сөздерді» жүйелеуде ұлттық тіліміздің өз сөздік қорына иек артып, оны мүмкіндігінше пайдалану. «Пән сөздерді» қалыптастыру барысында ғалым мынадай талаптарды қоя білді: 1. ескірген сөздерді яғни архаизм сөздерді ретіне қарай қолдану; 2. өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан яғни шет сөздерден қашу; 3. қазақ тілінің бай мүмкіндігін пайдалана отырып, ұғымның мәнін ашатын «жаңа пән сөздер» ойлап табу керек. «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерінің ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [5, 190 б.], – деген талабын өзі нақты іске асыра білді [6, 190 б.].

Ахмет Байтұрсынов – қайраткер, ғалым, ұстаз, қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Зерттеу жұмысымызда бұлардың бәріне емес, тек соңғысына баға беріледі.

Жалпы кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол салада қолданатын арнаулы ұғым атауларыңыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А. Байтұрсынов осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға атау беру үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ол жүйенің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуын қарастыру керек. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға, яғни, қабылдауға мәжбүр етеді.

Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт ұстазы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ахмет Байтұрсынов 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Бұлардың терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – Ахмет Байтұрсынов бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы

табиғи құбылыс. А. Байтұрсынов қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі өткен ғасыр басында-ақ мойындалды. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған баяндамасында Мұхтар Әуезов: «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», – деп көрсетеді [7, 279 б.].

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін ондаған әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән ғылыми анықтамасын берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқындаумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады», – дейді «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ұлт ұстазы [2, 101 б.].

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін бағамдаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдардың микрожүйесінің өзіндік табиғатын ашқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты да көптеген терминдерге де жол салғандардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады. Бұлармен қоса Ахаң тарих, этнография терминдерін де жасаған. Олай дейтініміз, Мұхтар Әуезов 1923 жылы ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан еді [7, 289 б.].

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Байтұрсынов қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – А. Байтұрсыновтың терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым.

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше,

дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов «ұлтшылдық», «пуристік» бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, А. Байтұрсынов еңбегінің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары да аз емес. Сондай-ақ оның қаламынан туындаған терминдер арасында авторы өзі екендігі ұмытылып кеткендері де бар. Ұлы тұлғаның термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдерінен А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген жан екенін дәлелдейді.

А. Байтұрсынов жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. А. Байтұрсыновтан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері оған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914, 1915 жылдары және одан кейін бірнеше дүркін қайта басылған «Тіл – құрал» еңбегінде -уыш, уіш, -ша, ше, -лық, -лік жұрнақтары арқылы жасалған *сызықша, есімше, көсемше, бастауыш, баяндауыш, сұраулық* терминдерінің үлгісі 1927 жылы Мәскеуде басылған Ж. Күдериннің “Өсімдіктану” оқулығында *сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық*, ал Е. Омарұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген “Пішіндемесінде” (геометрия) *тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік* түрінде жалғасын тапқанын көруге болады. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Ахмет Байтұрсынов XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазақстан оқу кемесериятінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы А. Байтұрсыновтың рөлі атап көрсетіледі. «1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. Кемесиенің қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы Қазақ елінің, әсіресе, тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» [8, 3 б.].

Барлығы 5-6 адамнан тұратын комиссия үлкен іске мұрындық болып, көп іс тындырып, бастамашы бола білді. Оқу комиссариатының орынбасары атап көрсеткеніндей, сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады. Қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланылып, терминжасам тәжірибесі, дәстүрі қалыптаса бастады. Алаш арысы А. Байтұрсынов төрағалық еткен осы комиссия қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың негізін салды, іргетасын қалады. Бұл істің ілгері

басуына көрнекті көшбасшы, тіл, терминология жайын терең білетін ірі тілші ғалым, тарихи тұлға А.Байтұрсыновтың жеке үлесінің зор болғанын айрықша атап айтқан абзал.

«Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» дегеніне келсек, А. Байтұрсынов басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар жұмыс жасады. «Байтұрсынов кезеңінде» қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының атқарған үлкен ісі, солардың қажырлы еңбегінің, мақсатты жұмыстарының нәтижесі. 1924 жылғы маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда Е. Омарұлы баяндамасына негізделген терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съезд қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түркологтардың Бүкілодақтық бірінші құрылтайында» терминология жөнінде жасаған баяндамасында А. Байтұрсынов қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Оның ұсыныстары ғалымдар тарапынан қолдау тауып, құрылтай қарарына енді.

Сонымен, А. Байтұрсынов қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым.

А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы»: «... әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөздерді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық, қазақы жүйесін жасап бергендігін» [4, 36 б.], – деп Р. Нұрғали жоғары бағалайды.

Осы мәселеге байланысты Ш. Құрманбайұлы ойын былай сабақтайды: «XX ғасыр басында басшылыққа алынған термин жасау қағидаттарын ескіріп қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан, сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы рас» [3, 46 б.].

Ш. Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» атты монографиясы қазақ терминологиясының XX ғасырдың 1910-30-жылдарына арналып, аталмыш саланың даму, қалыптасу кезеңдері, негізгі ерекшеліктері, сипаты, басшылыққа алынған ғылыми қағидаттар жан-жақты зерттелінген [3].

А. Байтұрсынов XX ғасырдың 20-30 жылдарында термин шығармашылығында метатіл, метатілдесім немесе объект-тіл туралы арнайы білімі болмаса да өз тарапынан қазақ терминологиясына өміршең, сәтті терминдерді алып келген ғалым. Ол кезеңде терминологияда сөзжасам саласы ғылым ретінде дүние жүзінде әлі жүйеленбесе де А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын біршама жүйеге түсірді. Метатіл тілдің биік шыңы – тіркесім қабілеті мол күрделі терминдер болса, А. Байтұрсынов терминдер тіркесім жасай білді (жуан дыбыс, құрмалас сөйлем, жергілікті сөздер, азапты тартыс, ақын тілі, шешен сөз т.б.

Терминология – сөздер арқылы атауға ие болған ұғымдар жүйесі болғандықтан, ол ұғымды атайтын сөз бен затты атайтын сөзден жасалынады. Ғылымның өзі ұлт таңдамаса да, ғылыми ұғым атауы – терминдер ұлт тілінің көрінісі болады.

Терминологияны жүйелендіру ісінде лексика – терминология – концептология түсінігінің маңызы зор, өйткені, сөзден термин, терминнен концепт, концепттен тілдік сана туындайды. Тілдік сана терминологияның қолдану нысаны ғылым тілінде көрініс табады. Терминологияны жүйелендіру мен бірізділендіру ісінде терминге тән басты белгілерді назарда ұстау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1987. – 235 б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. – 354 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғ. басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре ҚҚҚ., 2008. – 240 б.
4. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 418 б.
6. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
7. Өуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.
8. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші Қазақ. – 1926, тамыз – 12.

II. А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ, ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӨГІЗ БЕН БАҚА» МЫСАЛЫ

Айтжанова Гүлмира Спанқызы

Ақтөбе облысы Алға ауданы

Тоқмансай орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ әдебиеті	Уақыты:	Класс: 5	Мұғалім:
Сабақтың атауы	А. Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа» мысалы		
Сілтеме	Әдебиет 5-сынып «Атамұра»		
Сабақтың жабдығы	Тақта,суреттер,кеспе қағаздар,интербелсенді тақта		
Жалпы мақсаттар	Оқушыларды Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерімен, аудармаларымен таныстыру және өлеңнің идеясын білуге бағыттау		
Оқыту нәтижесі:			
Күтілетін нәтиже:	-А.Байтұрсынұлы туралы толық мағлұмат алады; -Мысал өлеңдердің астарын түсіне алады; -кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстыра алады.		
Ұйымдастыру бөлімі	Шаттық шеңбері “Бағдаршам” арқылы топқа бөліну		
Қызығушылықты ояту	Ассоциация “Өгіз” “Бақа” Интербелсенді тақтадан өгіз бен бақаның суретін көрсетіп,ол туралы не білетіндерін жазғызу.		
	  Қайда мекендейді? Немен қоректенеді? Қандай класқа жатқызылады? Адамға тигізер пайдасы?		
Мағынаны тану	А.Байтұрсынов «Өгіз бен Бақа» Интерактивті тақтадан Ахметтің суреті көрсетіліп, электронды оқулықтан ақын туралы толық мағлұмат беріледі. Үй тапсырмасы бойынша А.Сейдімбеков пен жаңа тақырып А.Байтұрсынов шығармашылығын салыстыру.		
			

Топтық жұмыс	1-топ “Өгіз бен бақа” өлеңін мәнерлеп оқиды.Өлеңді қара сөзге айналдырады. Өгізге мінездеме береді. 2-топ Өлеңді өз беттерінше оқиды. Сахналық көрініс ретінде көрсетеді. 3-топ 1. Өлеңді композициялық құрылымына талдайды. -оқиғаның басталуы, - дамуы; - шиеленісуі; - шарықтау шегі. 2. Бақаға мінездеме береді. Осындай күншіл адамдар туралы қандай әңгімелер білесіңдер?							
Сергіту сәті	Музыка ырғағына қарай қимылдар жасайды.	Оқушылар денелерін жаттықтырады						
Қорытынды	“Менің қасиеттерім” Ақ парақты ортасынан бөліп, жақсы, жаман қасиеттерін жазу. <table><tr><td>Менің жақсы қасиетім</td><td>Жаман қасиетім</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> Жаман қасиеттері жазылған бөлікті жыртып алып, лақтырып тастау.		Менің жақсы қасиетім	Жаман қасиетім				
Менің жақсы қасиетім	Жаман қасиетім							
Үй тапсырмасы	« Өгіз бен Бақа» өлеңін жаттау,өздеріңе ұнаған кейіпкердің суретін салып келіңдер	Күнделіктеріне жазады						
Бағалау	Бағалау парақшаларын тарату. “Бағдаршам” арқылы кері байланыс жасалады. Егер сабақ ұнаса -жасыл түсті стикерге, ұнамаса-қызыл түске, толық түсінбесе-сары түсті стикерді толтырады.	Стикерді толтырады						
Кері байланыс								

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МОЛ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Әбдікерімова Г.А.

филология ғылымдарының кандидаты

Турабаева Л.Қ.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Бектаева С.О.

магистр

М. Әуезов атындағы ОҚМУ

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық - саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші - реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасы болды.

Өткен ғасырдың бас кезі – қазақ халқының қоғамдық санасының оянған шағы. Осы себепті халық тіршілігіне арналған әрбір туынды, ел қайғысын өзегіне арқау еткен кез-келген мақала баспасөз бен баспа бетінде жарияланып, халық арасында түрлі пікірталастарын, көзқарастарын туындатып отырды.

XX ғасыр басында ғалым түрлеген әліпбидің ұлтты сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегіндегі пайым-танымдарға үңілсек. Тура сол тұстағы қазақ оқымыстыларының алдына қойған ұлы міндеттердің бірі – ол бұдан әрі «Қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бағыт-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма?» деген өзекті мәселе тұрған еді. Осы мақсатта қыруар іс атқарған реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ әліпбиін түзіп-түрлеудегі жетістіктерін үзеңгілес замандасы, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған.

Ахмет Байтұрсынұлының есімін білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, қазіргі таңда мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде зерттеу жүргізіп, негізін қалаған, әлемге танытқан – Ахмет Байтұрсынұлы екендігінде дау жоқ. XX ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «қазақтың Ахаңы» деп дәріптеген. XX ғасыр басында ұлтына қалтқысыз қызмет еткен Ахметтей данағөйден қалған мол мұра артындағы қазақ деген ұрпағына ғұмырлық азық болудан танбай келеді. Қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – білікті де білімді, терең ойлы, түйсігі мол ұрпақ еншісіндегі тіршілік. Ұлт ұстазы жөнінде замандасы әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісі мен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысы ұлт ұстазының есімін ұлықтап, шынайы да лайықты бағасын дәл бере білген.

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы тағы да басқа Алаш зиялыларының қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің

өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы таусыла жасаған жұмыстарының нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеуден басталған. Мұны замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр.

Қорыта айтқанда, Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Жоғарыда есімдері келтірілген қазақ тілі мен әдебиетінің нағыз әдіскер-оқытушы ғалымдарының артында қалған нағыз ұлттық мұраларды – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алып, тиімді қолдана білсе барша қазақстандықтарға қазақ тілін оқытып-үйретуде жоғары нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным №2, 2001., Б. 3-13.
2. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 1998.-132 б.
3. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгіні мен болашағы. – Астана: 1998-256 б., Б. 38-41.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – БОСТАНДЫҚ ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР

Базарбекова Н.Ш.

магистр

Есболаева И.А.

аға оқытушы

Көшербаева Г.М.

магистр

М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Қазақ жазушылары мен ақындарының алдыңғы қатарлы бөлігі Абайдың ағартушылық, демократиялық дәстүрін жалғастырып, оларды отаршылдыққа қарсы күрес идеясымен байланыстыруға тырысты. Ұлттық қозғалыстың басында тұрған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың әдеби-шығармашылық, қоғамдық-саяси қызметінің революциялық-демократиялық бағытта болғаны айқын. Олар ұлт-азаттық идеясына шығармашылық қызметінде ғана емес, өздерінің қоғамдық-саяси қызметінде де ерекше мән берді.

Кеңес дәуірі тұсында А. Байтұрсынұлы мұрасының негізінде мектеп оқулықтары - қазақ тілі мен әдебиетінің жазылып әрі оқытылып келгенін анық. Алаш ардагерінің атын атауға Кеңес үкіметі тыйым салғанымен, оның «затын» қолдануға тыйым сала алмағаны белгілі. Бұған дәлел ретінде ғалым-реформатор қалыптастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атаулар, оларға қатысты анықтамалар мен қисындардың күні бүгінге дейін қолданыста болуын атасақ та жеткілікті!

А. Байтұрсынұлы - XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрес идеясымен байытқан ақын. Оның «Маса» деген поэтикалық жинағы (Орынбор, 1911) халықтың ауыр, құқықсыз жағдайына, оны отаршылдықтан азат етуге, дамудағы мешеулікке, надандыққа арналған, екінші жағынан, туынды білімге, ғылымға, мәдениетке шақыру болып табылады. Ақынның отандастарының бойында жоғары азаматтық сезімді оятуға ұмтылысы зор. А. Байтұрсынов-қазақ тілінің реформаторы. Ол араб графикасы негізінде әліпби жасады. 1912 жылы басталған бұл жұмыс 1924 жылы «Жаңа емле» ретінде ресми қабылданды.

Ахмет Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпалы болғандығы туралы Д.Міржақыпұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, С.Сейфуллин және М.Әуезов т.б. сол кездің өзінде айырықша атап, жоғары бағалады.

Ағартушы өзінің ұзақ жылдар бойғы ізденісі барысында кирилше жазудың бодандағы қазақ елі үшін тіл саясатындағы «тұсау», тіпті «бұғау» деп түсінді. Ол сол себептен де аса сақтықпен ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі исламді діл мен діннің лұғаты деп зерделегендіктен араб графикасын таңдады.

Ғалым мектеп оқулықтарын жазу ісіне кенеттен келмеген. Ол бұл жолға қазақ арасындағы ұзақ жылдардан бері артта қалып келе жатқан осы бір кенже салаға үлкен дайындықпен, кіріссе керек. Ағартушы ұстаз 1913 жылы ғылым-білім туралы: «...ғылым, өнер турасында біздің жайымыз ...жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы - кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек, һәм халық арасына көп жайыларға керек» дейді.

Тұтас буынның төл басы болған А. Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. А. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен

жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, А.Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы қазақ тіліне А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С.Я. Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар А.Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды.

А. Байтұрсынұлы халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі, морфологияға арналған бөлімі, синтаксис бөлімі жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. А.Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды.

А.Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. А. Байтұрсынұлының екінші кітабы - «Маса». Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т. б. сөз етіледі. Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі - мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері-пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте маңызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады. А.Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет

алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. А. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады. А. Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 509 бет.
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса — Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бектаева С.О.

магистр, оқытушы

Әбдікерімова Г.А.

ф.ғ.к., аға оқытушы

Мадалиева А.Б.

магистр, оқытушы

М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Ахмет Байтұрсынов – қоғам қайраткері, өз заманындағы саяси басшы, дарынды ғалым-түрколог, ол -әдебиетші. Ол Абайдың кесек тұлғасын алғаш таныған, оның әдеби мұрасын алғаш жоғары бағалаған сыншы.

Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым. Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі-«Әдебиет танытқыш». Шолу ретінде, ат үсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ.

«Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады.

«Әдебиет танытқыштың» бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады.

«Әдебиет танытқышта» қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді.

Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі»

Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиеттің пайда болуы туралы пікірлерін дамыта келіп, әдеби байланыс, әдеби ықпал орайында дәлді, нақты тұжырымдар жасайды. Мұсылман дінінің күшімен енген араб, парсы әдебиеттері әсерінен туған мазмұн, уақиға ауысуы, шығарманың жаңа түрлерінің пайда болуы, бұрынғы үлгілердің соны тақырыпқа қызмет етуі тұжырымды дәлелденеді.

«Әдебиет танытқыштың» үлкен бір тарауы жазба әдебиет мәселелеріне арналған. Ахмет Байтұрсынов негізінен «жазу әдебиет» деген терминді қолданады, кейде «жазба әдебиет» деп айтады. Жазудың қазаққа дін арқылы келгенін кеңінен ұқтыра отырып, осы істегі қожалардың, ноғай молдалардың дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлең арқылы тарату әрекеттерін көрсетеді, олардың ақын болмағандықтан, әңгіменің қисынымен қызықтырып, тамұқ азабымен қорқытып, жұмақ рахатымен үміттендіргенін ескертеді. Қожа, молдалар ішінен Шортанбай, Ақмолда секілді ірі ақындарды көрсетеді. Жазба әдебиеттің бір кезеңін діндар дәуір, екінші кезеңін әуелде, ділмар дәуір, артынан сындар дәуір деп алған, Ахмет Байтұрсынов жаңа әдеби дамуға қатысты келелі эстетикалық-теориялық ой-тұжырымдар, пікір-байламдар түйеді.

«Әдебиет танытқыш» алғаш 1926 жылы шықты, 1989 жылы «Жазушы» баспасы, 1991 жылы «Жалын» баспасы шығарды. Соңғы басылымда бұрынғы жариялануда кеткен бірталай селкеуліктер жөнделді, олар – кейбір шатасқан сөздердің, баспа кінәсінен кеткен қателіктердің бұрмаланған тексттердің түзетілуі. «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеу жүргізу керек.

«Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз

қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті”.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер.- Алматы: Атамұра, 2003-2066.
2. Байтұрсынов А. «Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер» - Алматы: Жалын, 1991. - 469б.
3. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» - Алматы, 1992.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989-319б.
5. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003-2006.

ӘОК 821.512.122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Бекназаров Б.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген ерекше сезіммен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғышынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себуген өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынов небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның бұратана елдерді билеп төстеудің айла-шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық, билік құрылымының быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас имеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі қалыптаса бастаған халықтың тұтастығының береке-бірлігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір еді.

Бүкіл елге әсер еткен бұл сұмдық оқиға көпке дейін ұмытылмайды. Ахмет онда 12-13 жас шамасында екен. Естияр баланың көз алдында болған бұл сурет оның жадында мәңгілікке қалып қояды. Сондықтан да болар, ол 1909 жылы Семей түрмесінде отырғанда жазған «Анама хат» деп аталатын өлеңінде:

... Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей
Ұялмай не бетіммен көрге барам?![1;34].

Осы бір-екі шумақ өлеңнен балаң Ахметтің бүкіл өмір бойы істеген ісін, ой-арманын, мақсат-мүддесін аңғаруға болатын сияқты.

Оқуды арман еткен зерделі жас алдымен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, одан соң Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын қырғыз (қазақ) мектебін 1895 жылы тамамдайды. Ахаңның ресми алған жүйелі білім осымен шектеледі. Алайда Ахаң көтерілген биіктен оның тағылымы мол тамаша өміріне көз жіберіп, байқасақ, білімдар ұстаз, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері т.т. болу үшін институт бітіріп, үлкен-үлкен атақ-лауазымды болу тіпті де қажет емес сияқты. Табиғат силаған дарынның арқасында Ахаң онсыз да бір адамның қолынан келер кереметтей істер тындырды. Ол істері сан салалы, сан алуан: ағартушылық, оқу-білім, ғылым, әдебиет, мәдениет, тарих, тағылым т.б.

Мұның бәріне тоқталып, саралап айту тұрмақ, санамалап шығудың өзі қиын шаруа. Дегенмен, Ахаң туралы сөз болған соң, оның өмір жолының ұрымтал тұстарын аттап өтуге болмайтын сияқты.

Ахаң өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды және ол өз мақсатын:

Адамдық диқаншысы – қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың [2;58] – деп, бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеу деп біледі.

Әрине, бұл тұста Ахаң тәрізді оқыған, білім алып, әлгіндей мектептерді бітірген, орысша сауат ашқан өзге де қазақтардың қарасы көріне бастаған-ды. Бірақ, бір ғажабы, олардың көбі халық, ел мүддесі деген, сөздерден гөрі ұлыққа жағынып, сол халықты қалай қанап, қалай пайда тапсам екен дейтіндер болатын. Олардың тілмаштыққа қолы жетіп, губернатор кеңселерін жағалап жүргенде, Ахаң ағартушылық жолына түсіп, «Қайтсем халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам» деп, күндіз-түні соның амалын қарастырады. Ұмытылмас өнеге бізге мирас.

Осы орайда, қазақтың бірен-саран да болса көзі ашық оқыған жастарын жинап елшілдік ұранын үдетіп, ел мұңы, халық қамы деген күрделі мақсаттардың іске асуын көздей бастайды. Жалғыз ағартушылық жолмен аса алысқа ұзап кете алмайтынын сезген Ахаң, біртіндеп күрескерлік жолға түседі. Жан-жақты әрекет етуге талпыну, ізденіс 1896 жылы Ахаңды Алекторовқа алып келеді. Оған барудың да өзіндік сыры бар еді. Алекторов ол кезде Омбыда отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарып тұрған болатын. Онымен қазақ даласындағы бала оқыту жайы туралы кеңеседі. Бұл кездесу оған екі түрлі әсер қалдырып, көп нәрсеге көзін аша түскендей болады. Ол жайында М. Әуезов: «Біреуі – Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсатын сезген болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған [2].

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған».

Бұл жерде Мұхтар Әуезовтің өз кезінде ашып айтуға аузы бармай, астарлап отырған бір жайы бар сияқты. Ол орыс оқымыстыларының миссионерлік мақсатының Ахаң зердесіне жетуі, содан тіксінуі. Олар қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыруды көздеген ғой. Осыдан секем алған Ахаң ширыға түседі. Қазақты өнер, білімге жетектеу өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың халық алдындағы парызы деп түйеді.

Ахметтің осындай мақсатты көздеп, саяси көзқарастарын шындай түсуі Қарқаралыда өмір сүрген 1896-1907 кезеңімен байланысты. Осы кезде Ахмет айналасына әлеумет өміріне зер сала бастаған бірен-саран көзі ашық, оқыған қазақ зиялылары топтана бастайды.

Қарқаралыда ағартушылық жұмыспен айналысып жүрген Ахметті алты жолдасымен 1907 жылы тұтқындалып, абақтыға жабылады. Ол он екі жылдай өмір сүрген Қарқаралысымен қоштасып, Семейге айдалғанда бүкіл қазақ баласының бойындағы арылмас дерт, арсыздық пен арамдық атаулыға сес білдіргендей, мынадай жолдарды түзеді:

Қош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,
Айдай бер қалса адамың қуылмаған.
Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ.
Жасырын дыбыс шықты шуылдаған.
Бүркеніп, арсыздардың шайнауына
Жем тапты пісірмеген, қуырмаған.
Шыққан соң талғамайтын доңыздарың.
Қасыңа қиын болар жуу маған [1;102].

Семейде сегіз айдай ешқандай тергеусіз, сотсыз тас қамауда жатқан Ахаң ақыры қазақ өлкесінен бір жарым жыл мерзімге Орынборға жер аударылады. Сол кеткеннен мол кетеді. Ол онда 1917 жылдың аяғына дейін тұрады. Жазалы адам ретінде айдалған Ахаңның бұл сапары оның өміріндегі ең нәтижелі де өнімді еңбек еткен жылдар еді деуге болады. Ол ғылым, білімге бұрынғыдан да тереңірек үңіліп, әділетсіздік жайлаған мына қоғамды бұрынғыдан да бетер ащы тілмен түйрей, шеней түседі. Қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі, әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрелі ойлар айтып, бастауыш мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиет үлгілерін, эпос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру ісімен айналысады. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

А. Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. Әсіресе сол кезде Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына Ахаңның туындылары, елдік істері қатты әсер етеді. Сол жастардың ұйғаруымен елден қаржы жиналады да, газет шығару мәселесі қозғалады. Ол бейресми газет «Қазақ» деп аталады да, оған редакторлыққа А. Байтұрсынұлы шақырылады. Міне, сол 1913 жылдың басынан 1918 жылға дейін бас редакторлық міндетін мүлтіксіз атқарған Ахаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді хатқа түсіріп, жария етуге мүмкіндік алады.

1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын.

Ақын қалғыған халқын тым болмаса маса боп шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай қаққы жеп, тауқымет шегерін де, тіпті өліп те кетерін білген. Бірақ біле тұра ол алған бетінен қайтпайды:

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!

Сары маса болып ызындаған өзі екенін Ахаң 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалындағы» «Малшы мен маса» деген туындысында жасырмай, ашық айтады:

Мысалы қазақ – малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен – Сармаса
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзінді

Қорқамын сармасадай етеді деп [1;12].

Өз тағдырының түбі не боларын алдын ала болжап, көрегендікпен айтып кеткен Аханның түбіне жеткен, шынында да, өзіміз емес пе едік? Халық басына төнген қатерден қорғанудың амалын тым болмаса сауат ашу арқылы үйретпек болған асылымызды ұйқылы-ояу халімізбен аяқ-қолын байлап бердік қой. Осыны бір ойлап, сабақ алсақ етті. Неге десеңіз, ұлттық сана мен ұлт мәдениеті жолындағы күресте осынау опасыздық пен алауыздық салқыны әлі де жетерлік-ау деп сезіктенесің. 50-70-80 жылдар ылаңы не ойлатпайды кісіге. Тәуелсіз ел болған қазіргі күйіміздің өзі көп жағдайда көңілге жұбаныш әкеле қоймайды. «Бірінді қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» екенін түгел ұғып біттік пе?!

Жаңадан тәй-тәй басып, Ахаң сияқты бірен-саран оқыған саналы азаматтардың арқасында оң-солын танып, енді-енді ес жиып келе жатқан қазақ елі үшін «Қазақ» газетінің атқарған қызметі ұшан-теңіз екенін тағы да айтсақ артық емес. Бес жылға таяу уақыт үзбей оқырманымен қауышқан бұл газет кезінде лайықты көкейтесті мәселелерді бірінен соң бірін жариялап, жұртшылық мағлұматын кеңейтумен болды. Жалпы қазақ халқы қазан төңкерісіне өзінің санасын ғана емес, қоғамға, әлеуметтік өмірге деген саяси көзқарастарын да недәуір қалыптастырды дер болсақ, ондай күрескерлік қасиет осы «Қазақ» газетінің арқасында айқындала түскенін айту керек. Кезінде бұл газетті ұлтшыл-буржуазияшыл орган деп тиым салып тастамағанда талай тарихи шындықтың көзін ашып, халқымыздың революцияға дейінгі рухани, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін еді. Газеттің игі мақсат-мүдделері оның бірінші санында-ақ ашық айтылған. Оның негізгі мақсатты жұрт пайдасына тиімді шаруасымен айналысу екенінен бастайды... Қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін заңдарды, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-тарап, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайын жазу («Қазақ» №1, 1913, 2 ақпан), қалың бұқараға кезінде аян болған [3].

Газет әлденеше рет жабылып, қайта тіріліп, шығынданып, сотталып жатса да көздеген мақсатын түгелімен орындады деп тұжырым жасауға болады. Тіпті кейде бұдан да шығыңқырап, әлемдік ой-пікірге азық болар мәселені де қозғап кеткен сәті бар.

Айта кететін бір жайт: осы газет және оның редакторы А. Байтұрсынұлы жайында жазылған материалдарда тіпті кейінгі уақытқа дейін «ұлтшыл, буржуазияшыл» дейтін ала таңба қалмай келеді. Бұрынғысы бір сәрі, ал Аханның ақталғанынан кейін де есімі дұрыс аталмауы, газеттің бағасы кешегі коммунистік идеология тұрғысынан қаралуы түсініксіздеу. «Газеттің олқылықтары мен кемшіліктері болып еді» деп баяғы жалтақа баспай, мәселенің ақиқатын ашық айтатын, уақыт жеткен сияқты. Өйткені Аханның о бастағы рухани өмірінің қалыптасуы осы газетке де тікелей байланысты. Сонда ғана біз Ахмет сияқты Алаш ардақтысының алыптардың ұстанған бағыт-бағдарын, оның өз халқын прогреске алып шығар дұрыс жол болғанын айқындай түсеміз.

А.Байтұрсынұлының қазан төңкерісіне дейінгі өмір жолының қайсыбір тұстары міне осындай. Бұл жолдың тіпті де оңай болмағанын баяндаған азын-аулақ деректерден-ақ байқауға болар. Қит етсе, түрмеге жабу, бостандықта жүргенінің өзін де үнемі аңдуда, тексерісте болу, тіпті басқан қадамын былай қойып, ашқан аузын, жазған сөзін бағып, қия бастырмай тұншықтыруға шыдау үшін адамға қандай күш, жігер, қайрат керек. Өстіп жүріп, тығырықта өмір кешсе де Ахаң елім, жерім, халқым деп тыныстауын бір сәтке де тоқтатпаған, ол ел мүддесіне жарарлық, халық санасын ашарлық қыруар дүниені берді. Бұл ел деп соққан үлкен жүректің ыстық махаббатынан ғана туындайтын қазына.

Халқымыздың жан саулығына өлшеусіз зор зиян келтірер осынау көр мінез бен арам пиғылдан арылмай тәуелсіздігіміздің іргесі нық болмай ма деп қорқамыз. Ол неше алуан түрге еніп құбылады. Ол біресе, қоғамшыл, біресе партияшыл, біресе ұлтшыл, халықшыл боп өрекиді.

Міне Ахмет Байтұрсынов жайында әңгіме қозғағанда осындай да ойлар мазалайды. Жалпы Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақталуы тегін емес. Ендеше ол адамзаттың асыл перзенті, қазақтың ұлы тұлғасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2003.
2. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.
3. Абдуллин С. А. Байтұрсынов творчествосы // Коммунизм таңы, 1990, 22 маусым.
4. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағлым. – Алматы: Арыс, 2002.
5. Ахметова К. Сәкен мен Ахаң // Халық кеңесі, 1994, 1 шілде.

ӘОК 81 '23

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ КРЕАТИВТІ КӨЗҚАРАСТА ТУҒАН ТӘРЖІМАЛАРЫ

Бөгенбаева Ә.Б.

*6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ
g.aika_90@mail.ru*

Мысал – қай халықтың болса да өміріне ыңғайлы ескіден келе жатқан ауызекі әңгімеде, фольклорлық дүниелерде көп кездесетін түр. Өйткені ол – өмірдің қат-қабат құбылыстарын пернелеп жеткізетін өміршең жанр.

Мысал қара сөз түрінде де, өлең формасында да жазыла береді. Әлемдік әдебиет тарихында олар қатарласа дамып, мысалшылардың талант-дарынына қарай кейде прозалық, кейде поэзиялық түрлері көркемдік биіктерге жетіп отырды [1; 1226].

Қазақ ақын-жазушыларын өзіне тартып, ерекше қызықтырған И.А.Крылов XIX ғасыр басындағы орыс әдебиетінің көрнекті өкілі еді. XIX ғасырдың басындағы әдебиетте реалистік желінің өкілі ретінде көрінген, реализм талабына толық жауап беретін шыншылдығы өте басым мысалдарымен әдеби өрісте жаңа қадам жасап, жауап берген Крылов болды. Жалпы Крылов өз мысалдарында орыс халқының өмірін, орыс адамының характері мен іс-әрекеттерін шынайы суреттей алды. Өмірдің сан қилы қиыншылықтарын қоғамдық қатынастардың жетімсіз дамуымен тікелей байланыста көрсете білді, әр түрлі әлеуметтік топтарға кіретін адамдардың мінез-құлқы арқылы типтендірілген образдар сомдады. Сонымен қатар, көптеген мысалдарында дворяндық қоғамның тұрмысы мен әлеуметтік идеологиясын, олардың өмір дамуынан артта қалған көзқарасын аяусыз сынады.

Міне, Крылов мысалдарының осы қасиеттері қазақтың ақын-жазушыларын өзіне тартты.

Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын қарастырған кезде біз оның өзіндік ерекшеліктерін тануға ден қоюымыз керек. Ахаңның Крылов мысалдарына ерекше назар аударып, жеке жинақ етіп шығаруы мысалдың ұлттық салт-дәстүрде, ауыз әдебиетінде терең із тастауында жатса керек.

Ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының наным-түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдаған, Крылов мысалдарының қат-қабат астарына терең бойлай білген бірден-бір аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жанр табиғатын терең таныды. Отарлық езгідегі бұратана халықтың ауыр өмірін, мұң-зарын суреттеумен жеткізуде, одан құтылудың жолын меңзеуде мысал таптырмайтын құрал болатын-ды. Сондықтан да, жанымен ұғып, ойымен түйсініп барып Ахаң

тудырған мысал өлеңдердің қазақ жазба әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына тигізген игі әсері айрықша.

Әрбір жазушы даралығына қарай аударатын шығармасының жанрын таңдап ала білсе, оның нәтижесі де сәтті болады. Жалпы мысал жанрына тән өзіндік ерекшеліктер қандай деген өткір сұрақ төңірегінде зерттеушілер бірнеше нақты белгілер жиынтығында ой тоқайластырады. Көбіне ең басты белгі ретінде аллегория аталады.

Қ. Жұмалиев: "Аллегория... астарлап, пернелеп сөйлегенде дерексіз ұғымдарды деректі, тұжырымды образға айналдырады. Мысалы, қулық, сұмдық, айла, әділдік, жауыздық, қастық, достық – бәрі де, жеке алғанда, дерексіз жалпы ұғымдар. Адамдардың араларында болатын қарым-қатынас, күрес-тартыстар белгілі бір жағдайда оларды деректі заттай-ақ сездіреді" [2; 124 б] деп тұжырымдайды.

Мысалдың екінші белгісі көбіне-көп жан-жануарлардың, кейде жансыз заттардың, өте сирек адамдар бейнесінің алынуы болып табылады. Жан-жануарлардың мысалдарда көбірек пайдалануын Лессинг: "Олардың мінез-құлқындағы бәрімізге белгілі нақтылығында" деп таниды.

Мысалда кейде адам образы да кездесіп қалады, мұның себебін профессор Т. Қожакеев былайша түсіндіреді: "Кейде мысал бір адамның басындағы хикая деп те жазыла береді. Бірақ мұндай адам туралы жазғанымыз мысал болу үшін оның екінші мағынасы, астарлы пікірі болу керек, ...адам туралы жазылған мысалдарда пікір дәл сол адамның өзі туралы емес, басқа біреулер, басқа типтер туралы болады. Осылайша пікірді астарлап, мысалдап айтқандықтан, олар да мысалдар деп саналады" [3; 126].

Мысалда тек аңдар мен адам бейнелері ғана емес, жансыз заттардың да орын алатыны белгілі. Мәселен, "Екі бөшке" мысалы.

Келесі бір белгі мысал шығармада сюжет болуға тиіс, яғни онда адамды еліктіретін оқиға, адамның жағынан мысал... екі бөлім, екі құрылымнан тұруға тиіс. Бірінші бөлімде, оқиға біртіндеп дамып, одан шарықтап барып, шешілуге, персонаждар тағдыры айқындалуға, айтпақ ой, жасамақ қорытындыға негіз берілуге тиіс. Екінші бөлімде алғашқы суреттелген оқиғадан, баяндалған хикаядан түйін жасауға, мораль шығарылуға қажет" [4; 13 б]. Ал мораль мысалдың негізгі ерекшелігіне жатады. Мейлі поэзиялық, мейлі прозалық мысал болсын, мораль үнемі танылып тұрады. Бірақ та прозалық мысалдағы мораль айқын, анық көрінсе, поэзиялық мысалда ол көбіне-көп астарлы түрде беріліп, көркемдік тәсілдік рөл атқарып кетіп отырады.

Міне, А. Байтұрсынұлы мысалдың осынау қасиеттерін халықты ағарту, отаршылдықты әшкерелеу ісінде өткір құрал ретінде өтімді пайдалана білді. Ол "Қырық мысал" жинағына жазған "Замандастарыма" деген кіріспесінде мысалдарды аударудағы көздеген мүдде-мақсатын айта келе, өзінің осынау қиын-қыстау күндерде атқарған ісінде ізбасарға жарарлық жаңа талаптың, жаңа таланттың табыларына сенім білдіреді:

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,
Күй қайда үздік шығар топты жарып?
Ат тұрмас аяғында желі болса,
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.
Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,
Естілсе құлағына дүбір барып.
Әйтпесе арық шауып ондыра ма,
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып [4; 476]?!

Ахмет Байтұрсынұлының 1989 жылы басылып шыққан шығармалар жинағына (дайындап шығарған С. Дәуітов) жазған алғысөзінде Ш. Сәтбаева "Қырық мысал" жинағына қырық бір мысал енгендігін айтады. "Оның қыркы И.А.Крыловтан, біреуі орыс әдебиетінде осы жанрды қалыптастырушылардың бірі И. И. Хемницердің "Ат пен Есек" мысалы [5; 18 б]. Осыған байланысты біздің айтарымыз тағы бір мысал - "Екі шыбын" Крыловтан емес, И.И.Дмитриевтен алынған.

И.А.Крылов мысалдары тоғыз кітаптан тұрады. Ұлы сыншы Белинский Крылов жөніндегі әйгілі мақаласында: "Крылов дана адам есебінде, мысалдың эстетикалық заңдарын ой-жобамен аңғарған" дей отырып, Крылов мысалдарын көркемдік қуаты мен саяси идеялық салмағына қарай басты-басты үш топқа бөледі. "Бірінші топтағы мысалдарда оқиғаны баяндап қана шығып, ақыл айтумен шектеліп отырады. Бұл ретте ол ақын-моралист ретінде көрінеді, яғни Хемницер, Дмитриев салған дәстүрден ұзай қоймайды. Екінші топтағы мысалдарда - ақыл айтуды поэзия жеңе бастайды. Ал үшінші топтағы мысалдар – нағыз сатиралық, поэзиялық шығармалар" [6; 71 б].

А. Байтұрсынұлы Белинский жіктеген осы үш топтан да мысалдар аударған. Бірінші топтан – он, екінші топтан – жиырма, үшінші топтан сегіз мысал аударған. Оның бұлай етуіне себеп те жоқ емес. Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі – әлі де болса қараңғылықтың қалың ұйқысында мүлгіген өз халқына ой тастап, білімге ұмтылуға шақыру, өзінің езгіде қалу себебін, оның басты кесепаттарын көрсету. Сондықтан ол мысалдардың қазақ ұғымына, тыныс-тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол түрлерін таңдауға тырысты. Сол арқылы тек жаттанды ақыл, құрғақ үндеумен емес, ой-сананы оятар, жұғымды да өтімді, үлгілі өлең жолдарымен әсер етуге ұмтылды. Сондықтан да мысал текстінің толық сақталуына емес, оның өлеңдік қуатына, поэтикалық әсерлігіне басты назар аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған екінші мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып білуге үндей отыра, азаттықтың жолын аңғарту, бостандық күнге ұмтылуға жөн сілтеу. "Қырық мысалдағы" бұл астарды кезінде өз замандастары да жіті аңғарған. "Қырық мысал" қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді" (7) дейді М. Әуезов. Осы тұрғыдан алғанда Ахмет Крыловтың екінші және үшінші топтағы қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелерді көтерген мысалдарына айрықша мән бергенін байқау қиын емес.

Абай аудармаларын жан-жақты терең қарастырған М.Әуезов, ақын аудармасының ерекшелігі туралы былайша ой түйеді: "Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйене отырып, өз ішінде де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Сондықтан бұл алуандас ақындық құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов. Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек" [8; 56 б]. Міне, осы бір пікір Ахмет шығармашылығын қарастырғанда да негізге алынуға тиіс. Ахмет Крыловты аударуды мақсат тұтпай, ондағы тақырыпты, ой-өзекті ғана алып өзінше еркін жырлауға, қазақ өміріне тығыз байланыстыра отырып, ой айтуға ұмтылған. Ол, әсіресе, қазақ өміріне қатысты дертті мәселелерге келгенде өзіндік бағыт ұстанып, негізгі желіні дамыта отырып, жаңғыртып, өз уақытына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат еткенін аңғару қиын емес.

"Ала қойлар" мысалының көтерер жүгі ерекше. Ахаң бұл мысалында жадағай зорлық-зомбылықты ғана емес, отаршылдық саясаттың бет-пердесін сыпырып, зұлымдық сұмдығын ашқан.

Крылов 1922 жылы жазған "Пестрые овцы" мысалы Петербург университетінің маңдайалды профессорларының қуылуына байланысты туған [7; 42 б]. Ұлы мысалшының тірісінде цензура басуға рұқсат етпегені де белгілі. А. Байтұрсынұлы Крыловтағы берілген сюжетті еркін аударма тәсілімен аударып, оған тыңнан жолдар қосып, өз мақсатына сай мағына үстейді. Крыловтың 38 жолдық мысалын 64 жолға жеткізіп аударуға Ахаң сөз көбейту, жол көбейтуді мақсат еткендіктен емес, өзінің айтар ойын оқырманның тереңірек ұғынуына жол ашу үшін барған.

"Ала қойларда" Ахаң ақ патшаның құлқын құмар саясатын, отар елдерді қандай айдалы тәсілмен қанап отырғандығын суреттейді. Онда Арыстан — орыстың ақ патшасы, Аю мен Түлкі — жақын кеңесшілері, Ала қойлар — бұратана халық кейпінде суреттеледі. "Әділ" патша "Ала қойларды" көргенде көңілі бұзылып, көзі қарауытып кететінін айтып, олардан құтылудың жолын "кеңесшілерімен" ақылдасады.

Жазықсыз қан текті деп айтпастай ғып,

Әр түрлі бұған керек амал таппақ, -
деп аярланады. Сонда "күшке мықты, ойға олақ" Аю:
Бәрін де ала қойдың қырсаң, тақсыр,
Тұқымын не бар құртып, жоймайтұғын?! [8; 77 б] —

деп, жауыздық ойын қарадүрсін жеткізеді. Оның бұл ойын Арыстан құп ала қоймайды. "Ала қойларды" аяп отырған жоқ, әрине, өзінің зымиян саясатын ың-шыңсыз жүзеге асырып, "жаманатқа" қалмай, қамқоршы ретінде танылуды көздеп отыр. Сонда саясатқа шебер, сұм Түлкі ақыл айтады. Ол қойларды шөбі шүйгін жайылымға жіберіп, қасқырға бақтыруды ұсынады. Зұлымдығы белгілі қойшы Қасқыр қойларды бағып жүріп, көздерін жойсын, жеп тауыссын. "Табылған ақылды" Арыстан тез қабыл алады. Қойларды Қасқыр бағып оңдырар ма? Ақыры "Қасқыр баққан қойдан ала түгіл, ағы да аз қалды". Бірақ қойлардың құрып бара жатқанын ешкім Арыстаннан көрмейді.

Мысалдың түйінінде Ахаң өсиет айтып, пікір білдіріп жатпайды. Ақынның ойы, сюжеттің іштей ширығуы мен кейіпкерлердің мінез-құлқынан, өзіне тән іс-әрекетінен, диалогтарынан танылады.

Бұл сөзге дегенім жоқ жылар-күлер,
Адам аз алдын болжап, анық білер.
Көкжалдар қойшы болса, кім біледі,
Береке ала қойға кірсе, кірер, —

деп мысқылды да салмақты ой тастайды. Сол кезіндегі цензураның "көрегендігін" білетін ақын бұдан түйер негізгі ойды оқырманның өзіне тастап, аң бейнесіндегі зұлымдарды танып алуды елдің ақыл-таразысына салады. Ахметті Крылов сюжетінің ең бір қатты қызықтырғаны да, назарын аударғаны да "Ала қойлар" тағдыры еді.

Крылов творчествосын зерттеушілер осы мысалдағы Арыстан бейнесін Александр І, Түлкі мен Аю бейнесін оны қоршаған Сарай қызметкерлері деп таниды. Ала қойларды академиядан қуылған орыс оқымыстылары деп біледі [2; 43 б]. А.Байтұрсынұлы Ала қойларды басқа контексте, патша тепкісін керген бұратана, оның ішінде қазақ халқы деп түсіндіруге талаптанған. Ахаң Крылов мысалын қазақ халқының тағдырындағы ділгір мәселені көтеруге пайдаланған. Ғалым Р.Нұрғалидің пікірінше: "Аудармашы негізгі түпнұсқаға орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын - әуез қосып отырады" [9; 15 б]. Ахаң сөйтіп таза қазақи төл туынды жасаған. Потебняның мысал әр кезеңде жаңғырып, "үнемі жаңа қолданыс тауып отырады" [6; 71 б] деп жазғаны белгілі.

Осындай саяси мәнге ие, өткір жазылған мысалдардың бірі — "Қасқыр мен козы". Крылов мысалы ә дегеннен моральдан басталады, оның түйіні: "У сильного всегда бессильный виноват". Ахаң оқиғаға бірден тікелей кірісіп кетіп, өсиет-түйінді соңынан береді. Осы түйінді екі шумақтың алғашқысында Крылов айтқан ойды беріп, екіншісінде өз жанынан сөз қосып, зорлықшылды анықтай түседі. Мәселен, бірінші шумақта:

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып,
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып,—
деп бір түйіп алып, екіншісінде:
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын - оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр, Бөріден артық дейміз оның несі [3; 33 б], —
деп ойын нақтылай түседі.

Ахаң аудармаларын теориялық-практикалық тұрғыдан жете зерттеп жүрген Ж. Ысмағұлов Аханның Крыловтан аударуда екі принципті ұстанғанын айта келе, екінші принципі былай деп көрсетеді: "Бұл шығармаларды Ахаң түп-түгел қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын түп-тура қазақ қауымының шындығына бейімдеп, айтар

үкімін өз тарапынан айтады. Кейде тіпті түпнұсқадағы оқиғаны қазақ ойына тиек етіп қана алады. Сондықтан мұндай еңбекті аударма деуден гөрі ұқсас сюжетке құрылған төл туынды деп айтуға болар еді".

Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ой-сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да Ахмет – ақын, Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Яғни, Крыловтық әңгімелеу, диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Екіншіден, Байтұрсынұлы өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермейді. Бұл әсіресе мысалдың басталуы мен аяқталуынан айқын көзге шалынады.

Крылов мысалдарында көбіне қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Ахмет әрбір мысалдың соңынан үнемі ой-пікірін тұжырымдап, ғибрат айтып отырады. Осы құбылысқа ойлана қарасақ, Ахмет мысалдарының екі бөлімнен тұратындығын байқаймыз. Біріншісінде оқиға бағдары, кейіпкер әрекеті баяндалса, екіншісінде қорытынды түйін, мораль беріледі. Сондықтанда әрбір мысалға ақындық катынас, шығарушының мақсаты айқындала түседі. Мұның өзі Ахмет мысалдарының бірін-бірі толықтырар, бір-бірімен сабақтас екі бөліктен тұрар толыққанды дүние екендігін танытса керек. Атақты Лафонтен де осыны жақтаған. Оның "Тело есть басня, душа — мораль" [10; 57 б] деп кесіп пікір айтуы бұған куә.

Ахаң мысалдарының Крылов мысалдарындағыдай белгілі бір әңгімелесушіге қарап айтылмай, жалпақ қауымға, жалпы елге арнап жазылуының сыры да осында. Байтұрсынұлы мысалдарындағы өлең жолдары "бөтен сөзбен былғанбаған". Онда араб, парсы, татар тілдерімен шұбарлау мүлде кездеспейді. Ахаңның ең ұлы мақсаты - ана тілінің абыройын арттырып, мерейін биікке асқақтату. Сондықтан да қай мысалды алсаңыз да онда халықтық тілдің, ұлттық поэзияның бейнелі бедері, халық даналығының ақыл-ой мәйегі, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер айтар ойдың, көркем суреттің, қажетті детальдің ажарын аша түседі. Олар мысалдардың негізгі бөлігінде де, ғибратты ой-тұжырымдарында да кездесіп отырады.

Ахаң мысалдарының тілін сөз еткенде, онда кеңінен қолданыс тапқан қазақ мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерін айтпай кетуге болмайды. Олар мысалдардың негізгі бөлімінде де, ғибрат сөздерінде де орнын тауып қолданылып, кейде тура күйінде, кейде өлең жүйесінің ыңғайына қарай мәнін сақтап, сөз орындары ауыстырылып беріліп отырады. "Әлін білмеген әлек", "Залымдар айран ішіп, аман кетіп, момындар тұтылып тұр шелек жалап", "Болады асыл таста, өнер — жаста", "Ұялған тек тұрмайды", "Біреуге күлме, келер өз басыңа", "Сыйға — сый", "Халық айтса, қалып айтпайды", "Қанағат азға, — деген, — жоққа сабыр".

Сонымен қатар, Ахаң мысалында қанатты сөзге, нақылға айналардай өзіндік тіркестер де жоқ емес, солар арқылы көп мағынаны аз сөзге сыйдырып, халық тілінің қадір-қасиетін арттырып, ұтқырлығын таныта түседі. "Кейбіреу зор бейнетке тап болады, кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп" ("Ат пен есек"), "Шығар ма тасқа егін еккенменен?" ("Маймыл"), "Болмаса қайратыңа ебің серік, опа жоқ құр айлаласыз мықтылықтан" ("Емен мен қамыс"), "Сар жезден саф алтынды айырмайтын" ("Бұлбұл мен есек"), "Досың көп тірлік пенен амандықта" ("Арыстан, күшік һәм түлкі"), "Ағайын бірі — пана, бірі — қару" ("Ағаш"), "Бақ қонса сыйлар алаш ағайын да" ("Қартайған арыстан"), "Досыңнан, надан болса, артық дұшпан" ("Кісі мен аю"), "Бұзықтық бай-жарлыға бірдей нәрсе, пиғылды түзетпейді дәулет пен бақ" ("Түлкі мен қара шекпен"), "Бетіне көрдегінің күнін ұстап, деп жүрген көріктімін қазақтар көп" ("Қаздар"), "Жақсыны жақсы деген мақтау емес, жаманды жаман десең, болмайды өсек" және "Ғылымсыз надан адам соқырға есеп" ("Есек пен үкі"), "Істеген ынтымақсыз ісің оңбас" ("Аққу, шортан һәм шаян").

Осынау мысалдардан көрініп отырғандай, тек қана қазақ халқының сөз қолданысына тән нақысты сөйлемдер мен бейнелі оралымдар Байтұрсынұлы дүниелерінің өзіндік төл туынды екендігінің тағы бір белгісі болып табылса керек.

Жалпы алғанда Ахмет Байтұрсынұы аудармаларындағы көркемдік қолданыстар, бейнелегіш тіркестер көптеп кездеседі. Дегенмен, Ахаң — өлеңінің көркемдік нұсқасына емес, сөздің салмағына, ойдың мағыналылығына назар аударған ақын. Сондықтан Ахмет поэзиясының құдіретін сыртқы формадан емес, ішкі мазмұннан, сыртқы жылтыр сөзден емес, орнын тапқан орамнан іздестіру керек. Ахмет өлеңінің құдіретіне табыну дегеніміз, өлеңінің құдіреті арқылы елге ой салуды, сол ой жеткізуде оның неғұрлым қарапайым, әркімге де түсінікті болуына назар аударғандығы. Ахметтің өлеңінің "бөтен сөзбен былғанбауына" мейлінше қатаң болуы да осы ниеттен туындаса керек.

Қалай дегенде де Ахаң поэзиясы бізге өзгеше рухы, өзіндік үні, қазақтың нағыз өзіндік өлең үлгісін әкелуімен қымбат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 223 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448б.
3. Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – 294 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 141-171 бб.
5. Байтұрсынов А. Сауат ашқыш. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 91-138 бб.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2000. – 289 б.
7. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Жалын, 1991. – 3-14 бб.
8. Сәтбаев Ш. Ахмет Байтұрсынов // Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары, өлеңдері, аудармалар. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 3-20 бб.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он томдық. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.
10. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі.- Алматы: «Ғылым», 1966.– 120б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛДАРЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ

Жаметова Жанна

*А.С.Пушкин атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы*

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу – XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаттық аңсау мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қоғамдық өмір өрінде жаңа тұлғалар шоғыры таныла бастады. Солардың ең көрнектісі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол азаматтық пен бостандықтың жолындығы заманына лайық тауып, халқына жан аямай еңбек еткен бірегей тұлға.

Абайдан кейін қазақтан елім деп, жерім деп еңірген білімді, талантты, адамдардың ішінде А.Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. Сауатты, білімі аз халқын жарыққа қарай сүйреген дарынды ақын, патшашыл үкіметтің зұлым саясатымен қажымай күрескен қаһарман ағамыздың ұлтының бүгініне, ертеңіне қалдырған мұрасы аса зор. Ол Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық – демократтық бағытты ілгері жалғастырушы төл басы болып табылады. Орыс, батыс әдебиетінен тәлім алған көрнекті ақын, орыс әдебиетіндегі туындыларға еркін аударма жасады. Ахмет Абайдай қазақ қоғамының қалпына сын көзбен қарап, Абайдың өзегін өртеген ел ішіндегі көрнекті әңгімелерді, мәселелерді ары қарай өрбіте білген азамат.

Ызындаған масадай ұшып, қараңғылық тұңғиығынан көз ашпай тұрған, қазақ халқын оятқысы келген Ахмет өлеңдері өрісті ойды демократтық бағытты жалғастырады. Ахмет – Абай атамyz салған сара жолды жалғастырушы. Өзінің өлеңдерінде жеткізе алмаған мәселелерді Абай қара сөзбен жеткізсе, Ахмет мысалдары арқылы жеткізгісі келеді. Мысал жанры арқылы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалармен әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Бұл қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі болатын. 1911 жылы «Масаны» жазып, Орынборда бастырып шығарған. Бұл қазаққа естілген екінші елшілдік ұран болатын. Ахмет Байтұрсынов төл өлеңдерінің саны онша көп емес, жалпы көлемі сегіз жүз жол шамасындағы жиырма шақты ғана өлең. Бірақ осы шағын мұраның өзін қазақ өлеңінің тарихындағы өзіндік бір белес деп бағалауға болады. Бір басында зерттеушілік, ұстаздық, ағартушылық, ақындық, даналық сияқты қасиеттер тоғысқан асыл аға бейнесі әдебиет төрінде алтындай жарқырап тұратыны бізге мақтаныш.

А.Байтұрсынұлының мұралары, оның ішінде мысал өлеңдері мен аудармалары мектеп бағдарламасында оқытылу барысында оқушылардың қызығушылығы басым. Мектеп оқушылары мысалдың айтар өнегесін өмірмен байланыстыра отырып өрнектейді. Қазіргі қоғам мәселесімен салыстыра көрсетеді. Оқырманын адамгершілікке, көркем мінезге жетелейтін Ахмет Байтұрсынұлының мысал-өлеңдері мен аудармаларының бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыруда тәрбиелік мәні зор. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 7-сыныпта оқытылатын «Екі шыбын» мысалының жаңа үлгідегі сабақ жоспарын назарларыңызға ұсынамын.

Сыныбы	Сыныбы: 7-сынып Қазақ әдебиеті	
Сабақтың тақырыбы	Ахмет Байтұрсынұлы «Екі шыбын»	
Мақсаты	Оқушылар «Екі шыбын» өлеңінің мазмұнын меңгереді, мән — мағынасын ашады. Өздігінен жұмыс істеу арқылы ой — өрісін дамытады, өз ойын еркін айтуға дағдыланады. Еңбексүйгіштікке, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиеленеді.Өзін-өзі бағалау түсініктері кеңейеді.	
Күтілетін нәтиже	Оқып-үйренуде жаңа тәсілдерді пайдалана отырып жеткені көрінеді. Ойын еркін жеткізе алатын болады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқу белсенділіктері артады.Дарынды балалар анықталады. Өзін-өзі бағалай отырып, сыныптастарын бағалап үйренеді.	
Түйінді идеялар:	Оқушылардың өмірдегі ұстанымын, болашағын анықтауына жаңа тәсілдер арқылы ықпал ете отырып, адамның қайталанбас тұлға екендігін түсіндіру. Сыни ойлауын дамыту.	
Керекті жабдықтар	Белсенді тақта; Презентация; Үлестірме парақтар, қорапша,	
Сабақ барысы		
Сабақ кезендері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Тренинг тақырыбы: «Қарым-қатынас» Тренингке қатысып тұрған оқушы сол жағында тұрған оқушыға қолын беріп, «сенімен қарым-қатынаста болғанымға өте қуаныштымын» деп қолынан ұстайды, ол оқушы қасында тұрған келесі оқушыға осы сөзді айтып әрі қарай жалғаса береді де бүкіл оқушылар қол ұстасып шеңбер құрады, содан соң бәрі де бір дауыспен «бір-	Оқушылар амандасады, топқа бөлінеді.Үй тапсырмаларын орындайды, сұрақтарға жауап береді.

	бірімізбен қарым-қатынаста болуға өте қуаныштымыз» деп айтады. Топқа бөлу үш түсті қағаз қиындысын ұұрастыру арқылы /3 топқа бөлінеді /. Топ ережесі: Уақытты тиімді пайдалану, Тыныштық сақтау, Сөзді бөлмеу, кезектесіп сөйлеу, т.б. Топ басшысы сайланады; Үй жұмысын тексеру А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы «Ақын ініме» өлеңі	Үйге берілген тапсырмаларға жауап береді.
Тұсаукесер	Қызығушылықты ояту «Бес арыс» деп кімдерді айтамыз?	Топтар қойылған сұрақтар бойынша топта жұмыстанады. Сабақтың тақырыбын, мақсатын айтады
Негізгі бөлім	I топ. Аудармалары - Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды. Крыловтан Абай – 14, Ахмет Байтұрсынов – 40, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. II топ. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, мысалдары аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Мысалдарда қазақ тұрмысына таныс суреттер тамаша үлгілі ойларға ұласады. Ақынның өз жанынан қосқан түйінді ойлары көпшілікке түсінікті әрі нақты ғибрат береді. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына	1.Әр оқушы өзіне берілген тапсырма бойынша жауап береді; 2.Топта оқушылар рөлдерде ойнайды; Нәтижесін басқа топ түйіндеп айтады Топта көшбасшыны, белсенді оқушыны, ұсынысты дайындап барлық оқушылар алдында айта отырып

	жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіне айналдырып жіберген. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі «Елшілдік ұран», «Қырық мысал», «Маса» , «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын істер болатын...» Мұхтар Әуезов III топ. Мысал - оқиғалы, адамға сабақ боларлық өсиеті бар шығарма. Мысалда әрбір кейіпкер белгілі бір қасиеттің немесе бейненің ретінде алынады. Мысалы: есек-топас, қасқыр- жауыз, қой- момын, түлкі-қу бейнесін көрсетеді. Осындай астарлы, тұспалдау арқылы суреттеуді әдебиетте аллегория деп атайды. Мысал дегеніміз- тәрбиелік мәндегі шағын аллегориялық шығарма. 2. Берілген өлеңді оқып, бір- біріне түсіндіреді, түсінігі бойынша негізгі тақырыбын ашып айтады, берілген өлең мәтіні бойынша рөлге бөлініп, қойылым көрсетеді. (басқа топ мүшелері бағалап, тақырыбын айтады) 3. Сатылай кешенді талдау. Тақырыбы- Екі шыбын Жанр түрі- Мысал жанры Шумақ саны- 5 Тармақ саны- 20 Ұйқас түрі- қара өлең Буын саны -11-12 Бунақ саны- 3 Мысал идеясы- адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, жаман әдеттерден аулақ болуды дәріптейді. Мысал кейіпкерлері- екі шыбын, өгіз. Мұрнын көкке көтеру- өзімшіл, менсінбеу Өз әдін өзі білген адам- өз шамасын Біреудің шылауында жүру- жетегінде болу	формативті бағаларын береді; Сатылай кешенді талдау жасайды 3. Оқулықпен жұмыс жасалады. Әр топ осы мысал оқиғасына сай мақал-мәтелдерді айтады. Айтылып кеткен мақал-мәтелдер қайталанбауы керек.
--	--	---

Бекіту	«Сыр сандық» сұрақтары: 1. «Екі шыбын» өлеңінде өгіз қайдан келе жатты? 2. Шыбынға кім кездесті? 3. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары оның қай кітабына енгізілген? 4. Оның қандай мысалын оқыдық? 5. Мысалда қандай мінезді адамдар сыналады? 6. Өмірден қандай мысал келтіруге болады? 7. Мысалдан қандай әсер алдыңдар? 8. Мысалдағы шыбынның әрекетіне өгіздің көзімен пікір айтып көр. 9. Қара шыбын неге шаршап келді? 10. Мысалдағы өзекті ойдың мәнісі қандай? 11. Мысал мазмұны қандай мінезді меңзейді?	Адам бойындағы қасиеттерді тапқызып, екі шыбынның мінез — құлықтарын ашқызу. Адам бойындағы қасиеттермен, өмірмен байланыстыра айтқызу.
Қорытынды	Кері байланыс Проблемалық жағдаят: Сенің досың Қара шыбын бейнесінде болса сен не істер едің? Сабакты пысықтау үшін, топтар бірін-бірі формативті түрде қол белгілері арқылы бағалайды. марапаттайды. Үй жұмысы. Автордың «Екі шыбын» мысалын жаттау.	Проблемалық жағдаятқа жауап береді. Сабакты пысықтау үшін, топтар бірін-бірі формативті түрде қол белгілері арқылы бағалайды. марапаттайды.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАСЫ АРҚЫЛЫ ӨЛЕҢНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ИДЕЯСЫН МЕНҒЕРТУ

***Матенова Газиза Жаймухамбетовна**
Ақтөбе қаласындағы №24 лингвистикалық мектеп-гимназия
Жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Сабақ тақырыбы	<i>А. Байтұрсынұлы. «Ақын ініме». 7-класс Қазақ әдебиеті</i>
Жалпы мақсат:	<i>Ахмет Байтұрсынұлының өмірімен таныстыра отыра, өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту.</i>
Сілтеме:	<i>Мұғалімдерге арналған нұсқаулық Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту әдістемесі 7-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы Үлестірме материалдары</i>
Оқу нәтижесі:	<i>А Байтұрсынұлының шығармаларынан мәлімет бере отырып, өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын ашу</i>

Сабақта қолданылатын материалдар:	Ақынның өмір жолы, шығармашылығына құрылған презентация, ақынның кітабы
Оқыту әдістері:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті

I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті																
	Оқушылар назарына «Күн нұры» видеоролигін ұсынады. Түстер арқылы топтастырады.	Орындарында отырып видеоролик тамашалайды Ортаға шығып берілген түстерді таңдап, сол бойынша топқа бөлінеді.																
II.Қызығушылықты ояту	«Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының ар-ожданы» Н.Ә.Назарбаев. 	Талдау, жинақтау, қорыту																
III. Жаңа тақырып	Ахмет Байтұрсынұлының өмірімен қысқаша таныстыру. Ақын туралы видеоролик көрсету. «Ақын ініме» атты өлеңін оқып, талдау, түсіндіру. Хронологиялық кесте <table><tr><th>Болған уақыт</th><th>Басты оқиғалар</th></tr><tr><td>1873 ж 28 қаңтар</td><td>Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген</td></tr><tr><td>1886-1891 жылдары</td><td>Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқыды</td></tr><tr><td>1907 жылы</td><td>Ақтөбе, Қостанай, Қарақаралыда екі сыныптық училищеде бала оқытады</td></tr><tr><td>1920 жыл</td><td>Насихат жұмысы жүргізгені үшін Семей абақтысына 8 бойы қамалады</td></tr><tr><td>1926-1928 жылдары</td><td>«Қырық мысал» және «Маса» өлеңдер жинағы шығады</td></tr><tr><td>1921 жыл</td><td>Қазақстан кеңестерінің I съезінде Қазақстан Үкіметіне мүше болып сайланады</td></tr><tr><td>1937 жыл 8 қазан</td><td>Халық ағарту комиссиараты жанындағы ғылыми әдеби комиссияның төрағалығына тағайындалады. Қара тізімге ілініп тұтқынға алынады Азапты қуғын-сүргіннен оралады Қайта ұсталып 8 желтоқсанда ату жазасына ілінеді</td></tr></table>		Болған уақыт	Басты оқиғалар	1873 ж 28 қаңтар	Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген	1886-1891 жылдары	Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқыды	1907 жылы	Ақтөбе, Қостанай, Қарақаралыда екі сыныптық училищеде бала оқытады	1920 жыл	Насихат жұмысы жүргізгені үшін Семей абақтысына 8 бойы қамалады	1926-1928 жылдары	«Қырық мысал» және «Маса» өлеңдер жинағы шығады	1921 жыл	Қазақстан кеңестерінің I съезінде Қазақстан Үкіметіне мүше болып сайланады	1937 жыл 8 қазан	Халық ағарту комиссиараты жанындағы ғылыми әдеби комиссияның төрағалығына тағайындалады. Қара тізімге ілініп тұтқынға алынады Азапты қуғын-сүргіннен оралады Қайта ұсталып 8 желтоқсанда ату жазасына ілінеді
Болған уақыт	Басты оқиғалар																	
1873 ж 28 қаңтар	Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген																	
1886-1891 жылдары	Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқыды																	
1907 жылы	Ақтөбе, Қостанай, Қарақаралыда екі сыныптық училищеде бала оқытады																	
1920 жыл	Насихат жұмысы жүргізгені үшін Семей абақтысына 8 бойы қамалады																	
1926-1928 жылдары	«Қырық мысал» және «Маса» өлеңдер жинағы шығады																	
1921 жыл	Қазақстан кеңестерінің I съезінде Қазақстан Үкіметіне мүше болып сайланады																	
1937 жыл 8 қазан	Халық ағарту комиссиараты жанындағы ғылыми әдеби комиссияның төрағалығына тағайындалады. Қара тізімге ілініп тұтқынға алынады Азапты қуғын-сүргіннен оралады Қайта ұсталып 8 желтоқсанда ату жазасына ілінеді																	



Өлең қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлына арналған.

Өлеңде ақын інісіне кекесінмен айтқан ақылдарында ирониялық сарын басым.

Ақын ініме

Аз сөзге құлағың сал, ақын інім!
Ой, пікір, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.
Өзімді ағаңмын деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім?
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғафу, інім.
Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді қапыл, інім.
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы пақыр інім,
Доңыздай талғамай жеп семіргендер
Саналып ақылдыға жатыр інім.
Сүйікті миллатыңа болам десең,
Нашардың көбірек же хақын, інім.
Сыйласың десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып, момындарға ақыр інім.
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп жоқты сөйлеп лапыр, інім.
Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім.
Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ, шақыр, інім.
Аузымен орақ орып бәрін де істер,
Қымызды шара-шара сапыр інім.
Ет пенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр інім.
Ақылың Аплатондай болса-дағы,
Еті мен қымызы жоқ — тақыр, інім.

Сұрақ-жауап

Ақын өлеңде адам мінездеріндегі қандай қасиеттерді сынайды?
Одан қандай жақсы қасиеттерді уағыздайтынын байқауға болады?
Өлеңде ақынның халық алдындағы парызы, міндеті қандай болу керек екенін Ахан қалай аңғартуға тырысады?
Өлеңнің соңғы шумағынан ақынның айтқысы келген өзекті ойын қалай байқауға болады?

2. Сөздікпен жұмыс

Ғапу (ету) – кешірім ет

Ғапыл (қалды) – қапы қалды, қапыда қалды, аңдамай қалды.

Пақыр – халі мүшкіл, байғұс, сорлы.

Милләтіңе – арабша ұлт деген мағынада. Тарихи сөз

Хақын – ақы, еңбек

Лапыр — лап – бұрынғы уақытта тізгін босап, аттан, тұра шап, деген мағынада айтылған жарлық сөз.

Лепір – бөсу, есу.

	Қақыр – тамақты қырнай жөткірініп, қақырық шығару. Рух – 1.Күш-қуат, батылдық
IV.Шығармашылық жұмыс	Өлеңге сатылай кешенді талдау жүргізу 1.Авторы – А.Байтұрсынов. Қазақтың тұңғыш тіл білімі негізін қалаушы ғалым, публицист,аудармашы, мысалшы,саясаткер. 3.Жанр түрі- поэзия (өлең) Өлең дегеніміз- белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырылып,үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі. 4.Идеясы- атқамінер шонжарлардың мінез-құлқын әшкерелеу. Халқына пайдасы тиетін, адал қызмет ететін адам болып қалыптасуға үндейді. Идея дегеніміз- автор тақырып арқылы өмір шындығын суреттегенде оны өз көзқарасы ,өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өзінің арман-мақсатын,қиялын білдіреді. А-зы-рақ құ-ла-ғың сал, а-қын і-нім, 11 буын, 3 бунақ, а О-йы-мыз, ру-хы-мыз жа-қын і-нім. 10 буын, 3 бунақ, а А-ға-лық пра-во-сын қо-лы-ма а-лып,11 буын, 3 бунақ, ә Ке-ле-мін ай-та-йын деп а-қыл, і-нім! 11 буын, 3 бунақ, а 1 шумақты, 4 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты, кара өлең ұйқасы Ө-зім-ді а-ғаң-мын деп үл-кей-те-мін, 11 буын 3 бунақ,а О-ным-ды кө-ре-мі-сің ма-құл, і-нім? 11 буын,3 бунақ б А-дас-қан а-ға-ңыз-дың же-рі бол-са, 11 буын, 3 бунақ в Ті-лей-мін е-те гөр деп ға-фу, і-нім. 11 буын,3 бунақ а 1 шумақты, 4 тармақты,11 буынды,3 бунақты кезекті ұйқас Жай жат-саң жа-ңыл-май-сың, а-дас-пай-сың, 11 буынды, 3 бунақ а Кү-рес-те кім кет-пей-ді қа-пыл, і-нім. 11 буынды,3 бунақ б Ат қой-ған аз-кө-бі-не қа-ра-мас-тан, 11 буынды, 3 бунақ а А-қыл-ға біз-дер жар-лы па-қыр і-нім, 11 буынды,3 бунақ б 1 шумақты, 4 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты, шалыс ұйқасы До-ңыз-дай тал-ға-май жеп се-мір-ген-дер 11 буын,3 бунақ а Са-на-лып а-қыл-ды-ға жа-тыр і-нім. 11 буын.3 бунақ б Сү-йік-ті мил-ла-ты-ңа бо-лам де-сең, 11 буын,3 бунақ в На-шар-дың кө-бі-рек же ха-қын, і-нім. 11 буын, 3 бунақ б 1 шумақты, 4 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты, кезекті ұйқасы Сый-ла-сын де-сен жұр-тың қа-дір тұ-тып, 11 буын,3 бунақ а Ай-ғыр-сып, мо-мын-дар-ға а-қыр і-нім. 11 буын,3 бунақ б Бі-лім-ді ел і-шін-де бо-лам де-сең, 11 буын,3 бунақ в Ше-шен-сіп жоқ-ты сөй-леп ла-пыр, і-нім. 11буын,3 бунақ а 1 шумақты, 4 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты, кезекті ұйқасы Қо-лың-нан мұ-ның бі-рі кел-мес бол-са, 11 буын,3 бунақ а Кі-сім-сіп ең бол-ма-са қа-қыр, і-нім. 11 буын,3 бунақ б Сө-зің-ді тың-да-та-йын де-сең жұрт-қа, 11 буын,3 бунақ а Ет а-сып та-бақ-та-бақ, ша-қыр, і-нім. 11 буын,3 бунақ б 1 шумақты, 6 тармақты, 11-12 буынды, 3 бунақты, ұйқасы Шумақ-аяқталған синтаксистік біртұтас ой. 8 шумақты Тармақ-өлеңнің әр жолы. 30 тармақты

	Бунақ- белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 3 бунақты Буын саны- дауысты дыбысқа байланысты. 11 буынды. Ұйқас түрі- қара өлең ұйқасы, кезектес ұйқас, шалыс ұйқас. Ұйқас-өлең мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беретін өле тармақтарындағы сөздер үндестігі. Әдеби-теориялық ұғымдар. Теңеу: доңыздай, балдай, Аплатондай Эпитет: ақылға жарлы, сүйікті милләт Эпитет (грек. epitheton – қосымша) – заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз. Мысалы, қазақ поэзиясында “алтын” сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан: түсті (алтын күз); әдемілікті (алтын қасықтай); құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ); атақ-дәрежені (алтын жаға); қазына-байлықты (алтын сандық); жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын адам, алтын кісі) білдіреді.	
V. Қорытындылау	1. Ақын өлеңде адам мінездеріндегі қандай қасиеттерді сынайды? 2. Өлеңнің соңғы шумағынан ақынның айтқысы келген өзекті ойын қалай байқауға болады?	Білу, түсіну, қолдану. Әр топтың спикері шығып қорғайды
VI. Үйге тапсырмасын беру	Өлеңді жаттау. «Ел келешегі жастардың қолында» деген тақырыпта ой толғау жазып келу	Үй тапсырмасын білу, түртіп алу
VII. Бағалау	Формативті бағалау	Топтардың бірін-бірі бағалауы
VIII. Рефлексия	Сабактан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы қысқаша жаздыру	«Екі жұлдыз, бір тілек»

Сабактың тақырыбы	Ахмет Байтұрсынұлы «Екі шыбын» өлеңі 7-класс Қазақ әдебиеті
Мақсаты	Оқушылар «Екі шыбын» өлеңінің мазмұнын меңгереді, мән-мағынасын ашады. Өздігінен жұмыс істеу арқылы ой - өрісін дамытады, өз ойын еркін айтуға дағдыланады. Еңбексүйгіштікке, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиеленеді. Өзін-өзі бағалау түсініктері кеңейеді.
Күтілетін нәтиже	Оқып-үйренуде жаңа тәсілдерді пайдалана отырып жеткені көрінеді. Ойын еркін жеткізе алатын болады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқу белсенділіктері артады. Дарынды балалар анықталады. Өзін-өзі бағалай отырып, сыныптастарын бағалап үйренеді.
Түйінді идеялар:	Оқушылардың өмірдегі ұстанымын, болашағын анықтауына жаңа тәсілдер арқылы ықпал ете отырып, адамның қайталанбас тұлға екендігін түсіндіру. Сыни ойлауын дамыту.
Керекті жабдықтар	Белсенді тақта; Презентация; Үлестірме парақтар, қорапша, фасоль салынған қапшық

Сабақ барысы		
Сабақ кезендері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Тренинг тақырыбы: «Қарым-қатынас» Тренингке қатысып тұрған оқушы сол жағында тұрған оқушыға қолын беріп, «сенімен қарым-қатынаста болғаным өте қуаныштымын» деп қолынан ұстайды, ол оқушы қасында тұрған келесі оқушыға осы сөзді айтып әрі қарай жалғаса береді де бүкіл оқушылар қол ұстасып шеңбер құрады, содан соң бәрі де бір дауыспен «бір-бірімізбен қарым-қатынаста болуға өте қуаныштымыз» деп айтады. Топқа бөлу үш түсті қағаз қиындысын құрастыру арқылы /3 топқа бөлінеді /, Топ ережесі: Уақытты тиімді пайдалану, Тыныштық сақтау, Сөзді бөлмеу, кезектесіп сөйлеу, т.б топ басшысы сайланады; Үй жұмысын тексеру /Қорапшадағы сұрақтар / 1. Ұлы ақын А.Құнанбаевтың тікелей мұрагері, дарынды шәкірті кім? 2. Ахметтің әкесі Байтұрсын қандай адам болған? 3. Ақын жастарды адам мінезіндегі қандай кемшіліктерден аулақ болуға шақырады? 4. «Ахмет- ақын» деген ұғымға тағы да қандай қасиеттерді енгізер едіңдер? 5. 1912-1922 жылдар аралығында Ахметтің жинақтары қай қалаларда басылып шыққан еді? 6. «Ақын ініме» деген өлеңінде ақын адам мінезіндегі қандай қасиеттерді сынайды? 7. Ұлы Абай ақынның неше қарасөзі бар, олар қандай мәселелер жөнінде ой қозғайды? 8. «Жастарға» деген өлең кімнің туындысы, онда автор жастарды кімнен үлгі алуға шақырады?	Оқушылар амандасады, топқа бөлінеді. Үй тапсырмаларын орындайды, сұрақтарға жауап береді
Тұсаукесер	Қызығушылықты ояту «Бес арыс» деп кімдерді айтамыз?	Топтар қойылған сұрақтар бойынша топта жұмыстанады. Сабақтың тақырыбын, мақсатын айтады

Негізгі бөлім	1. (І топқа): А.Байтұрсынұлының шығармашылығы жөнінде 4 сұрақтан тұратын сұхбаттасудың үлгісін көрсету (мәнді,ұтымды сұрақтар мен толық, дұрыс жауаптар бағаланады) 2. (ІІ топқа):берілген өлеңді оқып, бір- біріне түсіндіреді, түсінігі бойынша негізгі тақырыбын ашып айтады, берілген өлең мәтіні бойынша рөлге бөлініп, қойылым көрсетеді.(басқа топ мүшелері бағалап, тақырыбын айтады) 3. (ІІІ топқа): Ғаламтордан орыстың мысалшы ақыны И.А.Крылов туралы мәліметтер табу. Мысал өлеңдер дегеніміз не? Мысал келтіре отырып түсіндіру (постерда қорғау)	1.Әр оқушы өзіне берілген тапсырма бойынша жауап береді; 2.Топта оқушылар рөлдерде ойнайды; Нәтижесін басқа топ түйіндеп айтады Топта көшбасшыны, белсенді оқушыны, ұсынысты дайындап барлық оқушылар алдында айта отырып формативті бағаларын береді;				
Бекіту	«Фасоль салынған қапшықтағы» сұрақтар: 1. «Екі шыбын» өлеңінде өгіз қайдан келе жатты? 2. Шыбынға кім кездесті? 3. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары оның қай кітабына енгізілген? 4. Оның қандай мысалын оқыдық? 5. Мысалда қандай мінезді адамдар сыналады? 6. Өмірден қандай мысал келтіруге болады? 7.Мысалдан қандай әсер алдыңдар? 8. Мысалдағы шыбынның әрекетіне өгіздің көзімен пікір айтып көр. 9. Қара шыбын неге шаршап келді? 10. Мысалдағы өзекті ойдың мәнісі қандай? 11. Мысал мазмұны қандай мінезді меңзейді? 12. — Мысал орысша қалай аталады? Кестемен жұмыс. <table><tr><td>1- шыбын қандай?</td><td>2 - шыбын қандай?</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>	1- шыбын қандай?	2 - шыбын қандай?			Тау бойындағы, бұлт бойындағы қасиеттерді тапқызып, таудың, бұлттың мінез — құлықтарын ашқызу. Адам бойындағы қасиеттермен, өмірмен байланыстыра айтқызу.
1- шыбын қандай?	2 - шыбын қандай?					
Қорытынды	Кері байланыс «Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан» тақырыбында бүгінгі сабақта алған білім туралы эссе жазу (2-3 балаға оқыту)Бағалау. Сабақты пысықтау үшін, топтар бірін-бірі формативті түрде қол белгілері арқылы бағалайды. марапаттайды. Үй жұмысы. Автордың «Екі шыбын» мысалын жаттау.	топ басшысы бағалау парағына қорытынды бағасын қойып, таныстырып өтеді				

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫ

Мұқашев Темірбай

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті

А. Байтұрсынұлы қазақ халқының өткенін терең бағамдап, өз заманына әділ бағасын берген, келешегіне алаңдаған терең ойшылдардың бірі болды. Шағын көлемдегі өлеңдерінен бастап кең құлашты туындыларында ақын халықтың тағдырына алаңдаушылық білдіріп, күн тәртібіне аса күрделі мәселелерді қоя білді. Әсіресе ақынның публицистикалық шығармаларында сол кезеңдегі халықтың тұрмысымен қатар, келешекте шешілуі тиіс мәселелер ашық түрде айтылып отырған. Байқауымызша А. Байтұрсынұлы XX ғасыр басында Ресей тарапынан жүргізіліп отырған отарлау саясатына, осы арқылы ел ішін кең жайлаған батыстық жаһандану процесіне қатты соққы берген бірегей тұлға болды. А.Байтұрсынұлы бұл мәселеге қатысты еңбектерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Біріншіден, көшпенді халықтың өмір сүруінің негізгі көзі жерді сақтау мәселесі; екіншіден, қараңғылық құрсауында ұйқыда жатқан халықтың білім мен ғылымға ден қоюы; үшіншіден, қазақ оқымыстыларының мемлекеттік саясатпен араласуына жағдай жасау, сол арқылы қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту; төртіншіден, ұлттық салт-дәстүр, тіл, рухани құндылықтарымыздың сақталуы мен ел ішінде насихатталуын жолға қою сияқты күрделі мәселелерді мақсатты түрде көтеріп отырды.

Орыс патшасы тарапынан үш ғасырға жуық үзілместен жүргізіліп келген отарлау саясаты XX ғасырдың басында өз жемісін бере бастаған болатын. Бұл жөнінде танымал ғалым М.Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды...» атты архив деректеріне сүйеніп жазылған кітабында айтылған болатын.

А.Байтұрсынұлы «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу туралы низам», «Жер жалдау жайынан», «Көшпелі һәм отырықшы норма» т.б. атты мақалаларында елдің басын әбігерге салған жер мәселесі жөнінде құнды ойларын айтып кетіпті. Бұл мәселе бір жылдың болмаса бір күннің арқалайтын жүгі емес. Қазақ қазақ болғалы небір ойшылдардың ойын сан саққа жүгірткен күрделі ұғым екендігін бір мысал төңірегінде айтуға болмас. Әйгілі абыз жырау Асан қайғы заманынан бері ұлт тағдырының шешуші мәніне ие болған жер мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен емес. Асан жыраудың:

Ай, Жәнібек, ойласаң,

Қилы-қилы заман болмай ма,

Суда жүрген ақ шортан,

Қарағай басын шалмай ма,

Мұны неге білмейсің? – деп орыс патшасының шортан кейіптегі бейнесі мен әрекетін жырлайтын тұсы бар.

Бірнеше ғасырдан кейін Абылай хан Бұхар жыраудан «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» сөзінің мәнін сұрағанда, Бұхар жырау:

Қарағай судан қашып,

Шөлге біткен бір дарақ.

Шортан суға шыдамсыз,

Балықтан шыққан бір қарақ.

Ойлама шортан ұшпас деп,

Қарағайға шықпас деп.

Күн батыстан бір дұшпан,

Ақырда шығар со тұстан, - деп Асан Қайғының толғауына байланысты өз байламын айтады. Сондағы қос ойшылдың айтып отырған жұмбағының астары орыс патшасының отарлау саясатын меңзесе, халықты сақтандыруының түп төркінінде жерді қорғау жатқандығын ұғыну қиынға соқпайды. Сол сияқты XIX ғасырда өмір сүрген зар заман ақындарында да жер, оны қорғау мәселесі терең жырланып келгендігі мәлім. Демек, А.Байтұрсынұлы және сол кезеңдегі басқа да ұлт жанашырлары атадан балаға мирас болған

ата қоныс жерді сақтауды өздеріне парыз санаған. А.Байтұрсыновта жерді сақтаудың екі жолы қарастырылады. Біріншісі, жер сақтау үшін 1909 жылы шыққан бұйрықты халық ішінде түсінік жұмыстарын жүргізу арқылы жер бөліс барысында шенеуніктер тарапынан заңды бұрмалаушылыққа жол бермеуі. Екіншісі, жер мәселесіне келгенде әр адам жеке дара күрес жүргізбей тұтас халық болып жұмылып әрекет ету [1]. Демек, А.Байтұрсынұлы жердің оңды-солды қолды болмауына заман талабына сай өркениетті ел қатарлы әрекет етуді ұсынып отырған. Бұл сияқты мәселе Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхановтың еңбектерінде де батыл айтылады. Оқып көрелік. Ә.Бөкейханов «Жер комитеті» атты мақаласында: «Біреудің әуел баста жері жоқ. Бұл мұжық. Біреуде жер бар. Бұлар орыс дворяндары мен қазақ. Осы болып тұрған бостандықтан бұрын біздің мемлекетті дворян биледі: билік өз қолында болғандықтан мұжыққа өз жерін бермей, қашыртпа қылып мұжықты сауырға бір сипап қазақ жеріне айдады, жайды. Тамағы үшін күшін жалдаған қазақ жерін алушылар қазақ жұртына талай қисынсыз іс қылды: қазақты қорасынан, пішенінен, егінінен, суатынан көшірді», - деп жерді жаулаудағы сорақылықты ашып салады [2, 238].

А.Байтұрсыновтың жерді сақтап қалуды бейбітшілік жолмен шешуді ұсынуының өзіндік себебі болды. Қазақтың арғы-бергі тарихының терең білгірі ретінде ол жер үшін қолына қару алып ашық шайқасқа шыққан аға буын өкілдерінің тағдырын білген. Қан жоса болып жаншылған жүздеген көтеріліс барысында мыңдаған қазақ жампоздарының тағдырын ол қалаған жоқ. Ресей сияқты алып империямен ашық күреске шығу өліммен пара-пар екендігін түсінді. Сондықтан ол осындай ымырагершілік жолды ұсынған болатын.

А. Байтұрсынұлы қазақтың ұлт болып сақталып қалуы үшін білім мен ғылымды меңгеру қажеттілігін бірінші орынға қойды. Ол: «Бұл күнде орудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз», - деп жаңа заман талап етіп отырған басты мәселеге жұрттың назарын аудара білді.

Көшпелі өркениеттің дәурені артта қалып, отырықшы өркениеттің талабы билік ете бастаған тұста А. Байтұрсынұлы, бір жағы, ағартушы ойшыл ретінде заманның бағыт-бағдарын дұрыс аңғарған болатын. Абайдың, Абаймен тұстас ағартушылардың жазып қалдырған еңбектерімен сусындап өскен А. Байтұрсынұлы халқының дәуір көшінен қалғанын қалаған жоқ.

Ағартушы ғалым, әсіресе, қазақ балаларының ана тілінде білім есігін ашуын басты назарда ұстапты. Мысалы: «Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіптен тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату өз міндетіміз», - деп ұлттық мектептің ертеңіне алаңдаушылық білдіріп, қазақ зиялыларына салмақ сала тіл қатыпты. Бүгінгі таңда тәуелсіз ел болсақ та жан-жағымызға жалтақтап, өз тілімізді өзекке теуіп, өзге тілді төбемізге көтергеніміз А. Байтұрсынұлының әруағын силамағандығымыздай көрінеді. Қайткен күнде де А. Байтұрсынұлының «тілі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген тағдырлық мәні бар сөзі қай кезде де жадымыздан шықпаса екен деп тілеймін.

XX ғасыр басы қазақ қоғамының жаңа белеске көтеріліп, зиялы азаматтарымыздың ел тәуелсіздігі жолындағы саяси күреске жұмыла шығып, қара халықтың тұрмыс-тіршілігіне өзгерістер енген күрделі кезең болды. Әсіресе алаш алыптары өзгемен тереземіз тең болу үшін жоғары билікке қол жеткізуді бірінші кезекке қойды. Әрине ол үшін қазақ халқының тағдырына тікелей әсер ететін заң жүйесін жасау қажеттілігі туындады. Сондықтан А. Байтұрсынұлы пен оның серіктері Мемлекеттік Думаға депутат сайлауды қолға алды. Сол тұстағы «Дала уалаяты», «Қазақ» сияқты газет беттері арқылы бұл мәселе жөнінде халық арасында насихат жұмыстарын жүргізіп, саяси күрес жолында біршама жеңіске жеткенін білеміз. Алайда қарапайым халық үшін алдындағы төрт түлік мал мен ішер асы басты уайым болғандығы алаш ардақтыларын қатты алаңдатты. Сондықтан Ә.Бөкейханов: «Қазақ-ай! Түзуің бірігіп жұрт үшін қам ойлайтын кезек келген жоқ па?», - деп іштегі шерін сыртқа шығарыпты.

А. Байтұрсынұлы заман ауанын сезе білген қаламгер. Ұлттық мәселеге келгенде қажетті істерді тез арада қолға алып, қарманып қалмаса кеш қалатынын анық түсінді. Өзінің «Маса» атты саяси мәні бар жинағынан бастап түрлі тақырыптағы публицистикалық шығармаларында ол халықтың ертеңіне алаңдаушылық білдіріп, не істемек керек деген сауалға жауап іздеп арпалысты.

А. Байтұрсынұлының осындай қажырлы еңбегін жоғары бағалаған халқымыздың хас батыры Б.Момышұлы оны «бірінші классик» атапты. Әсіре суреттеу емес. Сол сияқты бір естелігінде Б.Момышұлы алаш қайраткерлерін мадақтай отырып: «Мұхтар мен Сәбит екеуі де ол дәуірді (алаш дәуірін-автор) әділ жаза алмайды. Оған адалдықтары мен ерліктері жетпейді. Екеуі де жалтақтайды», - деп үзеңгілес ағаларын қатты сынға алатын тұсы бар. Батырдың бұл сынына келіспеске болмайды. Шындығында солай. Тек қана А. Байтұрсынұлы ғана емес бірде бір алаш алыптары жайлы сол кезеңдегі кеңес әдебиеті мен тарихына еңбек етіп жүрген ғалымдар тарапынан ақиқатты еңбек жазылған емес. Батыр осыны меңзеп тұр.

Қалай болғанда да тарих әйтеуір бір қайталанары. Болмаса тарих тек әділеттілікті қалайды. Мүмкін жалғандық белгілі бір уақытта үстемдік етуі мүмкін. Бірақ уақыт өте келе тарих өзі әділдік орнататын көрінеді. Кеңестік дәуірде жұрттың бәрі жамырап А. Байтұрсынұлы мен оның серіктерін жарға итеріп құлатса, тарих өзі араға уақыт сап, сол жардан олардың әруақтарын шығарып алды. Әрине, өкінішті сәттер көп-ақ. Алайда соларды жарға құлатқандар қайда қазір? Олардың аты аталмайды да. Міне, әділдік дегеніміз осы. Яғни халқының тағдыры үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жанкешті еңбек еткен А. Байтұрсынұлының келешегі әлі алда деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994

Б. МОМЫШҰЛЫНЫҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мұқашева Алиягүл

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы

Б. Момышұлы әр кезде алаш әдебиетінің намысын жыртып, оның қазақ халқының ортасына оралуын құптаған бірден-бір қаламгер. Өз ойын ашық айта жүріп, үнемі алаш әдебиетінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан игі әсерін мысал етіп отырған. Оның ойында құпия еш нәрсе жоқ. Керісінше батыр алашорда өкіметі тұсындағы ақиқат болмысты орнатуды өкімет басында отырған адамдарға ескертуді өзіне парыз санаған. Мысалы, Ілияс Омаровпен болған әңгімеде: «Мен оларға бұрын кеткендердің істерін қайта қарап, ағын ақ, қарасын қара ететін мезгіл жеткенін келе аңғартқаным: Алашорданы да ақтара тексеру керек. Олардың кейбіреулері ғылыми еңбектер істеген еді. Соларды аршып алу керек. Бейімбет, Сәкен, Ілияс Жансүгіров, тағы басқалардың халық жауы болғанына күмәндімін, солардың істерін қайта қарап, егер ақталса, олардың бірнеше шығармалары әдебиет байлығына қайтадан қосылған болар еді дегенді қайттым», - дегенді айтады [1.53]. Бұл тұста қазақтың социалистік әдебиеттің негізін қалаушы атанған Сәкен мен Бейімбеттің, Ілиястың ақталмаған тұсы болса керек. Өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің дамуына белсенді үлес қосқан қаламгерлердің өміріне, тағдарына алаңдаушылық білдірген Б.Момышұлының пікірі мұнымен толастамайды. Қай кезде де шындыққа, ұлттық тағдырға болысып өткен батырдың арман-мүддесі қай кезде де қазақпен бірге. Сондықтан алаш әдебиеті дегенде, ол бірінші кезекте қазақ ұлтының тәуелсіздігін және оның келешек дербес тағдырын айтқандығы байқалады.

XX ғасыр басында Алашорда партиясының бірінші мақсаты қазақ ұлтының тәуелсіз өмір сүріп, өз мүддесі тұрғысында даму болатын. Бірақ көршілес күшті мемлекеттер қазақ елінің бұл ойының жүзеге асуына үзілді-кесілді қарсы болғандығын тарих біледі. Қандай

мінбеде сөйлемесін батырдың ой еркіндігі мен сана еркіндігі алаш қайраткерлерімен үндесіп жатқандығын аңғару қиын емес. С.Мұқановпен арада болған әңгімеде: «... яғни 1-классик Ахмет Байтұрсынов. Тіпті Мағжанның өзі осыған қол берген, - дедім. 2-ші ақын кім соны айтыңыз?

- Мағжан, - деді.

- 3-ші ақын – Бейімбет, - деді.

- Дұрыс емес, - деп тастадым.

- Қазақтың поэзиясында Мағжаннан соң ақын Жүсіпбек Аймауытов болады. Ол кісінің «Тән жүйесі, жан жүйесі» деген кітабын оқығандардың бірімін. Жүсіпбек – философ, психолог. Біздің қазақтың тарихындағы ұлы педагог, ақын кісі болған... Оған документальный дәлелім бар. Ол кісі қазақтың 1-ші гимнінің авторы, гимн дегенді түсіне беріңіз, Сәке...», - деп тебірене сөйлеуінде ерекше бір сыр бар тәрізді [1.20].

Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды. Ең маңыздысы, халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің басында Алаш қайраткерлері тұрды.

Өткенге көз салу оның бүгінмен, болашақпен байланыстыру – оқу мен мәдениеті өскен елдің белгісін білдіреді.

«Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси-әлеуметтік, экономикалық құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Олардың қазақ ұлтын ұйымдастырудағы, оятудағы бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерінде жоғарыда аталған қажеттіліктер көрініп жатады. Мемлекеттің іргесін қалау мәселелері Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Шоқайдың, Х.Досмұхамедовтың, М.Дулатовтың және Алаш зиялылары жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғарылып келеді.

Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде қазақ комитеттерінің пайда болуы, күзіне қарай Түркістан автономиясы және Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болды.

1917 жылдың ақпан айында патшаның тақтан құлауы Ресей империясы құрамында болып келген халықтардың ұлттық қозғалыстарының өрлеуіне орасан зор ықпал етті. Қазақ халқының көшбасшысы болған зиялылар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шықты. Сол жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. Сондай-ақ қазақ съездері Орынбор, Орал, Семей, Омбы қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізуге ұлт зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасаов, Р.Мәрсеков, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, т.б. белсене кірісті.

Өткен тарихтың аса білгірі ретінде Б.Момышұлы қазақ ұлтының өткен тарихыны терең бағамдап, елінің даму тарихына ерекше үлес қосқан алаш қайраткерлерінің еңбегін ашық түрде айтып отырған. «Қазақ тарихындағы бір үлкен асқар бел, - дейді ол, - Алашорданың құрылуынан бастап, оның құлағанына дейін. Ең үлкен саяси айтыс пен тартыс сол дәуірде болған еді. Сол дәуірдің адамдарына (қасы бар дұшпаны бар) әділ, ғылыми билік айта жазылған еңбектер әлі жоқ. Сол тақырып – өте үлкен тақырып екендігін айттым» [1.53]. Не деген батырлық!

Өткен тарихпен өз тұсын салыстырып барып ой қорыту Б.Момышұлына тән қасиет. Алашорда үкіметінің тұсындағы саяси тартыстың ортасында болмаса да оның қайраткерлерін жетік таныған батыр сол дәуірге ерекше сүйінішпен қарайды. Тіпті елдің келешегі қыл үстінде тұрған тұста солқылдақтық танытқан қазақ аматтарын аяусыз сынға алады. Тіпті өзі сол кезеңде болмағанын өкінетін де сияқты. М.Әуезовті қанша құрметтегенімен, күн тәртібінде ұлт мәселесі тұрғанда батыр соншалықты аяусыз сыншы. Оқып көрелік: «Мұхтар мен Сәбит екеуі де ол дәуірді әділ жаза алмайды. Оған адалдықтары мен ерліктері жетпейді. Екеуі де жалтақтайды. Осы проблеманың қайта қолға алынуын Орталық Комитет шешуі керек болар деген пікірлер айтып тілдестік», - дейді батыр І.Омаровпен тілдескенде [1.53].

Өткен ғасыр тарихи айтыс-тартысқа мол ғасыр есебінде тарихта қалады. XX ғасырдың басының өзі қым-қуыт тартысқа мол. Жиырма жылдың ішінде қаншама адам тарих сахнасына келіп, асығыс түрде тарих сахнасынан кетіп жатты. Бір сағаттың секундқа татымайтын кезеңде Алашорда партиясы да бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде тарихтан кетіп тынды. Тынды емес, кетуге мәжбүр етті. Әлемді уысына ұстауды масқасат еткен қызыл диктатура «үй ішінен үй тігумен» келіспеді. Нәтижесінде Алаш деген партияны таратып, алашорда деген үкіметті жермен жексен етті. Көсемдерін атты, асты, итжеккенге айдады. Тарихи ақиқат осындай. Ақыры ол партияның да, үкіметтің де сұраушысы қалмады. Тек Б.Момышұлы сынды дара тұлғалар тарихи ақиқатты қалпына келтіруге жанын сала кірісті. Бірақ сол тұстағы тегеуірінді кері күштер батырдың пәрменді істеріне қарсы тұрды.

Алаш ардақтыларын жақтауда Б.Момышұлы аяусыз күрескер, аяусыз сыншы. Тіпті сол кездегі қазақ әдебиетінің классиктері саналған тұлғалардың өзін қатты сынға алады. Көңілге қарамайды. Бұл тек батыр тұлғалы Б.Момышұлына ғана тән қасиет екендігі даусыз. Мысалы: «Тот самый Муканов в своем произведении «Өмір мектебі», «Есейген жылдар» самым бессовестным образом облял наших государственных, партийных, культурных деятелей. При том необоснованно, с позиции конъюнктурщика», - деуі С.Мұқанов сынды қазақ әдебиеті қайраткерлерінің шындықты айтудан қорқып, саясаттың ықпалында кеткенін ашық сынының белгісі дер едік [1.70]. Батырдың бұл жерде қорғаштап отырғаны алаш ардақтылары екендігі сөзіз. Себебі С.Мұқанов үш кітаптан тұратын мемуарлық романында Алашорда үкіметінің негізін қалауға ат салысқан, сөйтіп жаңа тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылыс жасаған қайраткерлерімізді қатты сынайтын тұсы бар. Батыр осыны меңзеп отыр. Б.Момышұлы алаш азаматтарын қолдамастан, олардың еңбектерін пайдаланып, өзінің өмір баспалдаған азаматтарды да қатты сынның тезіне алады. Алаш зиялыларының еңбектерін пайдалану ол тұста қалыпты жағдай сияқты көрінетін. Әрине бұл жөнінде көп айтылған емес, айтылмайды да. Тарихта болған осындай әділетсіздіктің болғандығын тек Б.Момышұлының естеліктерінен байқаймыз. Мысалы: «Ол кісі (Академик Кеңесбаев - автор) өзін ғалым деп санайды. Ол кісі Байтұрсыновты ұрлап ғалым болған. Мен ешкімді ұрлап Б.Момышұлы болған емеспін», - дейді [1.71]. Ашты да болса шындық.

Қазақ әдебиеттануы нақты мәселелерді зерттеуде әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын, жанрлардың ерекшеліктері мен туу, қалыптасу жолдарын анықтауға батыл қадам жасап отыр. Әдебиетімізде зерттеліп жүрген проза, поэзия, драматургия жанрлары сияқты әдебиет сынының да тарихы мен қалыптасу процестері, өзіне тән шығармашылық ғылыми мәселелері арнай зерттеуді талап етеді.

Бұл мәселе тек ғылымдық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан айрықша қажеттілікке айналып отыр. Сондықтан әдебиеттің басқа жанрларының ішкі түрі, нақыштары тарамдала зерттеліп жатқан уақытта сол игі істі жүзеге асырып отырған сын жанрының өзі тасада қалып қоюы орынсыз болар еді. Оның да басқа жанрлар сияқты өзіне тән творчестволық, ғылыми проблемалары, тарихы бар.

Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихы белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының тууы дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процес 1917 – 1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының өсіп - өркендеу және әдебиеттану

ғылымының қалыптасу дәуірі 1938 – 1985 жылдар аралығы [2.3]. Ал, Б.Момышұлы дәл осы үшінші қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеген шағында ғұмыр кешіп өз ойларын айта білді. Сондықтан да оның айтқан сыни ойлары мен әдеби көзқарастары қазақ әдебиеті үшін аса құнды дүниелер.

Б.Момышұлы бейбіт өмір орнаған соң да батырлық танытқан кісі. Мысалы, көп адамдар қазақтың небір жақсылары мен жайсаңдары «халық жауы» деп атылып кеткенін білді, бірақ үндемеді. Ал, Бауыржан Момышұлы айтатын жерде тайсалмаған. Өткен ғасырдың басында «Оян, қазақ!» деп ұран тастаған Алаш қозғалысының ардақтысы атақты Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар апай былай дейді: «Мен әрдайым Бауыржан Момышұлын ерекше жылы сезіммен еске аламын. Басқалар әкемнің атын айтуға қорқып жүргенде Бауыржан ағамыз жұрттың көзінше менің әкемнің сөздерін дауыстап оқитын. Мен мұндай кездерде Бауыржан аға үшін қорқып тұратынмын. Ал, ол болса дауысын қаттырақ шығарып: «Сенің әкең мақтаныш етуге тұратын тұлға!» – дейтін. Дәл осындай шындықты тайсалмай айтуды батырлық демегенде не деуге болады? Қайсар рухты батыр Б.Момышұлы соғыста фашизммен ал соғыстан соң өтірікпен жан аямай соғысып өтті.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының саяси-идеологиялық бағдарламасында жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруді ұлттық дәстүрлерге сай жетілдіру өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазіргі кезге дейін жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектерін талдау барысында жас ұрпаққа Бауыржан Момышұлының шығармалары негізінде патриоттық тәрбие беру проблемасының арнайы зерттеу нысаны болмағандығын көрсетіп отыр. Осыған орай ұлттық дәстүрімізді дәріптеген батырдың әдеби мұраларын терең зерделеп, түсініп, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісі де бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Оған қоса Б.Момышұлының оқыған лекциялары, сөйлеген сөздері мен естеліктеріндегі әдеби танымдық көзқарастарды саралай келіп ондағы ұлттық патриотизммен ұлттық дәстүрімізді насихаттайтын мұралардың да маңызы ерекше екендігін атап өткеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Момышұлы Бауыржан. Көз алдымда бәріңсің.-Тараз, 2007.-195 бет.
- 2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу құралы).- Алматы, «Санат», 1994.- 448 бет.

ӘОЖ 821.512.122(091)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК КҮРЕС БАҒЫТЫ

Оспанова Ақнұр

аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

: aknur.ospanova@mail.ru

XIX ғасырдың соңында аса айқын бағыт алған отаршылдық езгіге қарсы азаттық күрес әрекетіндегі ағартушылық мұраттар – қазақтың аса көрнекті қайраткер тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы азаматтық күрес жолындағы айқын бір арнасы – поэзиялық туындылары.

1909 жылы жарық көрген «Қырық мысал», 1911 жылғы «Маса» жинағында Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық мұраттарды саяси, рухани күрес кеңістігіне шығарудың өзіндік жолдарын ұстанды.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын саяси-әлеуметтік дүрбелеңдер мен сілкіністер ауқымындағы қалпында ала отырып, оған тарихи талдау жасап келіп баға берудің дер кезіндегі өзіндік үрдісін қалыптастырудың негізді ой-пайымдауларын жасауда аса зеректік танытқан қайраткер тұлғаның бірі Сәбит Мұқанов болды.

Ел өміріндегі сан-тарап өзгерістер, жеке тұлғаның тарихи бір кезеңдегі азаматтық, елдік ұстаным бағыты, замана барысын пайымдауы бағаланып, сараланып отыруының үрдіс-

бастауы әсіресе Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде айқын көрініс тапты деуімізге болады.

Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармалары, саяси күрес жолын кең толғап, тоқтамдар жасайды. Уақыт таңбасы айқын түскен аталған еңбектің астар-қатпарындағы ақиқаттар әлі де зерттеп, зерделеп отыруға зәру.

Саяси күрес жолына үзілді-кесілді баға берген Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармашылығын талдауда талай жайды меңзеп отырған, өзің ойла, өзің таны, ұғын дейтін емеуріні де байқалып қалып отыратын тұстары аз емес.

«Қырық мысалды» сөз етуінде ең алдымен Ахмет Байтұрсынұлы И.А.Крыловтың шығармаларын не себепті аударды деген мәселеге назар аудартып алып, қоғамдық, саяси тұрғыда бір шоғыр ой-тоқтамдар айтады.

Соның ішінде негіздеп, тарқата тоқталатын жайының бірі – отаршылдық саясатқа қарсылық бағыт, ұстаным туралы ой-пайымдаулары.

«Ахметті 1905 жылға шейін, негізінде, ақсүйекшіл болды дегенімізбен, ол орыс ақсүйектерінің екінші қатардағылары сияқты, қазақ аталықтарының бойындағы кемшілігін көрумен ғана қойған жоқ. Оларды мәдениетке шақырды. Бұл, бір.

Екінші, Ахметте 1905 жылға шейін ашық ұлтшылдық программа болмағанмен, онда ұлтшылдық белгісі жоқ еді деу және дұрыс емес. Ахметте орысқа қарсылық, «Қазаққа» жаны ашушылық деген пікір 1905 жылдың ар жағында, айта берсең есін білгелі туды. Әкесін айдатқан орыс отаршылдарының үкіметін ол бала күннен сүйген жоқ. Оның үстіне «Сары орыстың бәрі орыс» деген, қазақ елінің орысқа отар болған кезіндегі мақалын ол да қолданды. Отаршылдық саясаттан соққы көрген қазақ елінің «Ай, бәлем, әй, қылдың-ау!» деген орысқа тымырсық өшпенділігі Ахметте де болды. Ахмет 1905 жылға шейін ашық ұлтшыл бола алмады дейтін себебіміз: бұл жылға шейін ол қазақ елін орыс отарынан бөлуді, бөлек ел қылуды жырлаған жоқ. Жырлар еді, ондай ірі программаны ол кезде жасаған жоқ» [1, 83].

Сәбит Мұқанов «Қырық мысалдағы» өлеңдерді «1.Бірлік», «2.Ескішілдік», «3.Тағдырға үндеу», «4.Патшаға қарсы» деген жүйеге бөліп қарастырған. Сонда Ахметтің Крыловтан айырмасы дегенге мән береді.

«Ахмет Крыловтың кейбір мысалдарын қазақтың ол кездегі отар күніне мысалдады. Сол мысалдар арқылы астарлап, отаршыл үкіметтің қазақ еліне істеген қорлығын айтты. Ол өлеңдер мыналар:

«Қасқыр мен қозы»: Суатта су ішіп жатқан қозыны қасқыр ұстап алады да, суымды неге лайлайсың деп пәле салады. Қозы қасқыр ішкен жерден алыстығын дәлелдегесін қасқыр «Былыр сөккесің» деп жала жабады. Қозы одан «былыр қайдан сөгем, өзім биыл тудым» дейді. Қасқыр одан жеңілгесін ол сенің жақының еді деп, одан да жеңілгесін айыбың: жегім кеп тұр» деп шынын айтады. Ахмет өлеңді:

«Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр.
Бөріден артық дейміз оның несі?».

Бұл арадағы «нашар» деп отырғаны, әрине, кедей емес, қазақ.

«Қайырымды түлкі». Ағаштың басында, шешесі өліп жетім қап, зарлап отырған балапандарды түлкі аяған боп сөздер сөйлегесін, балапандар мынау қайырымды зат екен деп жерге түссе, түлкі балапандарды жеп қояды. Ахмет ол өлеңді былай деп аяқтайды:

«Пана боп өзің сақта, құдіретім,
Кімде-кім балапандай қалса жетім!
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың
Ете гөр жетімдерден аулақ бетін!».

Бұндағы жетімдер де ауылдағы әкесіздер емес, қазақ. Өйткені отарға айналған қазақты Ахмет «жетім» деген атпен атаған. Оған «Масадағы»:

«Қара балуан Жәнібек,
Тұлға болып артыңа,
Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған халқыңа
Кім тиянақ қазық ед!» –

деген өлеңі куә.

[...]

«Үлесте» бірнеше кісі ақшаларын үлесе алмай отырғанда өрт шығады. Өрт шықты дегенге олар қарамай, жанжалды молайтып, ақырында бәрі де ақшаларымен отқа күйеді. Өлеңді Ахмет былай қорытады:

«Ойласақ, уақиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын?
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман,
Байқасам ел белгісі – оңбайтұғын.
Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына,
Қатерден қапері жоқ келер сырттан».

Ахметтің «Қырық мысалында», қазақты патша үкіметіне бұдан күшті қайрап салған өлеңі болған жоқ» [1, 89].

Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағының автордың белгілі бір саяси бағытқа түскен шақтағы шығармаларынан түзілгеніне айрықша мән беріп атап айтып, ден қойған. Көпшілік шығармаларының мазмұнын тарқата айтып отырады.

«Өзі үшін емес, «қазақ үшін» істейтіндігіне Ахмет «Қазақ қалпы» деген өлеңін дәлел қылады. Бұл өлеңде қазақтың ескі хандық өмірін айта келеді де, отарланған күніне тоқтап:

Алаштың адамының бәрі мәлім,
Кім қалды таразыға тартылмаған,
Дегендер мен жақсымын – толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.
Бұл бір сөз қасірет етіп, хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға мал, оқығанға шен мақсұт боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Қазақ жұртында жұрт қамын ойларлық кісі жоқ, сондықтан мен жұрт үшін істеймін деген ойға түскен. Ахмет бұдан былай өзінің тілегін белгілі программаға қойып сөйлей бастайды. Ол программасы, қысқаша айтқанда, қазақ елін отарға қарсы қою: ояту, өнерлендіру, жеке ел қылу» [1, 91].

Замана дүрбелеңі жалғаса түсіп отырған уақытта белгілі бір тұлғаның шығармашылығын саралап, саяси мән беру дегеннің қаншалықты қауіпті болғандығын бағамдап бола қойған жоқпыз.

Сәбит Мұқановтың аталған еңбекте қазақ елдігінің тарихында, әдебиет, мәдениет өрісінде азаттық күрес бағытын ұстанып шыққан шығармашылық тұлғалар туралы егжей-тегжейлі тұтастықта ой саралауы – айрықша бағалануы тиіс жанкешті құлшыныс, құштарлық.

Түбегейлі, түпкілікті мәселенің барлығын зерек зердемен барлаған Сәбит Мұқанов, алай да былай да айтқан болып отырып, не дегенде де саясатқа жығып бермейді.

Тұтас бір ұлт тарихындағы қаралы, қасіретті күйді ашқан (оң мағынасындағы, тура мағынасындағы – А.О.) тұтас бір ұлтшыл шоғырдың қайраткерлік, қаламгерлік ұстанымын бұлтақсыз айғақтайды.

«Жиған-терген» деген өлеңінде Ахмет, қазақтың орысқа қалай бағынғанын айтады да, отарланып болған күйіне көшіп, қазақ ішіндегі алдыңғы қатардағыларды сынайды.

Салынып дауға,
Сатылып жауға,
Болыстықты алысты.
Мақтады ұлық, болды мәз
Оқытты жасын
Өсірді шашын,
Мал табуға салынды.
Басында сәлде,
Аузында алла
Молдаларда не заман.
Көздерін сүзіп,
Түстерін бұзып
Алдап жұртты жимақ мал.
Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Қауым үшін қайғы аз.
Жан-жақты бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтайтын түрі бар.
Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып.

Ахметтің «Масадағы» өлеңдерінің көпшілігі осы «Жиған-терген» өлеңімен қазықтас. Осындай екпінді ұлтшылдық тілекте жүрген Ахмет 1909 жылы Тәттімбет жандармның көрсетуімен абақтыға түседі. Жалпы қазақты соңына ертем деп жүрген Ахмет артынан мынадай аңдушы шыққасын назаланады. Сөз түрлеріне қарағанда, Ахмет абақтыда «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскен жанның сөзі» деген үш өлең жазуға тиіс» [1, 92].

Академик Серік Қирабаев «Ахмет Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы» атты зерттеуінде қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік мұраттардың жырлану үрдісіне тарихи негізде шолу жасап отырып, мәселенің түпкілікті маңызды қырларына бойлауда өзіндік айқындамалар жасаған.

«Қазақ поэзиясының ұлттық сипат алып дами бастаған тұсынан бергі тарихына көз салсақ, оған желі болып тартылған тұтас бір ұлттық идеяны көреміз. Ол – ұлттық тәуелсіздік идеясы. Арғы заманда «көшерін жел біліп, қонарын сай біліп» жүрген көшпелі ел сыртқы

жаудан қорғану, ешкімге тәуелді болып қалмау қамы үшін халықты ерлікке, күреске үгіттеген жауынгер жыр тудырса, бергі заманда орыс отаршылдығының езгісіне күңіреніп, зар-заман поэзиясын тудырды» [2, 241].

Серік Қирабаев отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрес батырларына, Абай мен Ыбырайдың ұлт тәуелсіздігі жолындағы ұстанымдарына тоқталып өтіп, XX ғасыр басындағы ұлт тағдырының тар жол, тайғақ кешуіндегі азаттық мұраттар жолындағы күрескерлікке ойысады.

«XX ғасыр осы бір ұлттық идеяға жаңа сипаттар қосты. Империализм жағдайында реакцияның күшеюі мен ұлттық езгінің тереңдеуі бұл тұста әлеуметтік революциялар мен ұлт-азаттық қозғалысын туғызды. Бұрын «бұратана» саналып келген халықтардың ұлттық сана-сезімі оянып, оның көрнекті өкілдері туған халқының тағдыры мен келешегі, қоғамның даму жағдайлары жайлы ойлана бастады. Қазақ поэзиясы ұлттық ой-пікірдің басы болып, осы кезде ұлт-азаттық идеясын жаңа сапаға көтере жырлады. Оның жаңа дәуірдегі бастаушысы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов туған халқының патша отаршылдығынан босап, елінің егеменді болуын, қазақ қоғамының экономикалық және мәдени дамуда жаңа жолға түсуін ұлттық идеяға айналдырды. Ахмет пен Міржақып бастаған революцияшыл демократтық қозғалыстың қазақтық жолы осылай туды» [2, 241].

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы, «Қырық мысал» кітабы – қазақ поэзиясындағы ұлттық мұраттар бағытындағы шығармашылықтың озық, озат үлгілері болып қалды.

Жұртының қамын қаршадайдан ойлауға тағдыр өзі жетектеп әкелген Ахмет Байтұрсынов сынды заманауи тұлғаның елін ояту, саналы ғұмырға бағыттау жолындағы сан-салалы өлшеусіз еңбегінің бір арнасы болған поэзиялық туындылардың басты сипат, даралық ерекшеліктерін Міржақып Дулатұлы алғашқылардың бірі болып бағамдап, бағалайды.

«Маса» жинағы (1911) Ахметтің әлеуметтік шындықтың ақыны екенін анықтай түсті. Жинақ туралы М.Дулатов «өз өлеңдерінде Ахмет Байтұрсынұлы ғашықтық туралы, әйел туралы, табиғат туралы жырламайды, онда қанатты көпірме сөздерге құрылған өлең үлгісі де жоқ. Ол қарапайым, нағыз қазақ тілінде бостандық, ұлт туралы – қазақ халқының қанауда, артта қалғаны жайлы жырлап, оны оқуға, еңбекке және ұйқыдан оянуға шақырады, әрбір қазақтың бойындағы азаматтық сезімді оятуға ұмтылады» дейді», деп атап көрсетеді Серік Қирабаев.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
- 2 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 8-т. – 448 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМА ТІЛІ

Рамазанова Ш.Ә.

филология ғылымдарының кандидаты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

shaigul69@mail.ru

Тіл – ұлттық болмыс-бітімнің бастау бұлағы, қайнар көзі. Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның жарқын болашаққа бастар тірек-тиянағы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын. Шынында да, ана тіліміз – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес қазына.

Ана тіліміз туралы қалам тартпаған, оның болашағына алаңдамаған ұлт перзенттері некен-саяқ. Сондай алып тұлғалардың бірі де бірегейі аса көрнекті әдебиет зерттеушісі, ақын, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов.

Сонау қиын-қыстау кезеңнің өзінде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауымыз керек» [1] деп толғанған үлкен жүректі ғалымның тіл туралы және оның тазалығы жөнінде айтқандары бүгінгі ұрпаққа таптырмас үлгі-өнеге.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын және қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазған ғалым Ахмет Байтұрсынов сөз өнері туралы, оның ішінде шығарманың тілі туралы да жаңаша түсініктер қалыптастырып, тиянақты ойлар айтқан. Қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу бағытында зерделі зерттеушінің «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Ғалымның ғылыми көзқарастарына негізделген толымды туындысы Ташкентте 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” кітабы. Бұл білгір қалам қайраткерінің эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу. Аталмыш еңбекте жалпы сөз өнері, шығарманың тілі, тіл тазалығы мен дұрыстығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі туралы ойлары тоғысқан. Аталмыш еңбегінде «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан» деп атап өткеніндей, «Әдебиет танытқыштың» алғашқы бөлімі «Сөз өнері» деп аталады. Ең алдымен тілдің міндеті жөнінде сөз саралап, өз ойын былайша кестелейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» екенін тілге тиек ете келе, ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге үлкен шеберлік керектігін баса ескертеді. (2) Оның қиындығын мысалдар келтіре отырып ғылыми тұрғыда түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, орыстың ұлы ақыны А. Пушкин кейбір өлеңдерін он үш мәрте түзеп, қайта өңдеген екен. Ал сұңғыла суреткер Л. Толстой көркем шығармаларын баспаға беріп қойғаннан кейін де қайта қарап, қайта түзетеді екен. Бұл ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын екенін көрсетеді. Осы орайда қазақ жазушыларының арасында тілге аса мән беріп, шығармасын қайта-қайта қарап, өңдеп-түзейтін қаламгерлер аз болмаған. Әсіресе олардың арасында айтулы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың есімі стилист жазушы ретінде ерекше аталады. Жазушы шығармаларынан олақ-салақ сөз-сөйлемдерді шырақ алып іздесеңіз де таба алмайсыз. Әр сөзді сынғырлатып апарып, өз орнына қоя білу – тілді жетік білумен қатар үлкен жауапкершілікті де талап етеді.

Шығарманың тілі көркем болып, айтар ойын айқын жеткізе білуі керек. Бұл жағынан да аса көрнекті суреткер Ғабит Мүсіреповтен үйренеріміз көп. Ал тілге аса тиянақты қарайтын тағы бір қаламгер – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Аталмыш қалам қайраткері де көркем тілдің құпия-сырын жетік меңгерумен бірге, оның дәлдігі мен тазалығына ерекше мән береді. Өзінің айтуынша, «Қан мен тер» романын өмір бойы түзетіп, қайта қарағанның үстінен қайта қарап, үнемі жетілдіріп келеді. Бұл кейінгі қалам ұстап жетіліп келе жатқан жас буынға таптырмас үлгі, жарқын өнеге. Әрине, тілге салдыр-салақ қарап, оның көркем бояуын, сөздің үйлесімі мен үндестігін қашырып жіберетін қаламгерлер де жоқ емес. Әр сөзді өз орнына қойып, сауатты сөйлем құрау да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сөйлем дұрыс құрылмаса, ой көмескіленіп, түсінуге ауыр болады. Осы орайда «Қазақ тілі» энциклопедиясындағы мына бір тұжырыммен келіспеуге қақымыз жоқ: «Мысалы, ойды білдірудің ең кіші тілдік бөлшегі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматикалық байланысқа түскен, мағыналары сәйкес сөздерден, ал сөздер дәл сол сияқты морфемалар мен дыбыстардан тұрады, сөйтіп сөйлем жүйелі құрылым құрайды да, ерекше коммуникативтік қызмет атқарады. Сол арқылы қате құрылған сөйлемді, орынсыз қолданылған жеке сөзді, сәйкессіз тіркестерді, кейбір дыбыстық ауытқуларды тауып, анықтай аламыз. Сонымен бірге Әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, сезіміне әсер етуге де болады, яғни оқушысын бірде күлдіріп, рахаттандырып, көңіліне нұр сеуіп, өсіреді, бірде

жылатып, көңілін күйдіріп, қайғыртады. Бұл – Әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі болып табылады». (3)

Әдебиеттану ғылымының атасы аталмыш еңбегінде «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Тіл қисыны» туралы да тұшымды ойлар айтып, салмақты пікір білдірген. Шығарма тілін екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі – ақын тілі, екіншісі – әншейін тіл. (4) Осы екі түрдің де өз орындарын айқындап, ара-жігін ажыратып береді. Ал асыл сөздің асыл болатын шарттарын, заңдарын танытатын ғылым – тіл қисынының мақсаты – сөзден шеберлер не жасағанын, не жасауға болатынын көрсететінін атап көрсетіп, сөздің шығарма жазудағы орнын айқындап, «әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, әсіресе сөздің түзілуінен, сондықтан тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек» екенін нақты мысалдармен ғылыми тұрғыда дәлелдеп-дәйектеп береді. Ал «Сөз талғау» бөлімінде сөздің дұрыстығы, тілдің тазалығы мен анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі және тіл мен сөздің әуезділігі туралы ойларды саралап, қысқа да нұсқа нақты мысалдар арқылы мейлінше ашып түсіндіреді. Осындағы ғалым айтқан ғылыми тұжырымдар мен оқшау ойлар әлі де өз маңызын жоймай келеді. Мәселен, тіл тазалығына қатысты – ана тілімізді басқа тілдермен шұбарламау, өзге тілден енген сөздерге абай болып, мән-мағынасына қарай орайластырып қолдану бүгінде күн тәртібінен түспей келе жатқан ең өзекті мәселенің бірі.

Қазіргі заман жазушыларының тілі тіптен көркемдіктен арылып, бірте-бірте телеграфтық стилге көшіп барады. Тіпті тілге аса мән берудің қажеті жоқ, шығарманың идеясына, ойына, астарына, мазмұнына баса көңіл бөлінсе жеткілікті деген де түсінік-пайымдар қалыптасып келеді. Біздіңше, бұл мүлде дұрыс емес, көркем әдебиеттің ең басты құралы – тіл. Тілді жетік білмейтін қаламгер ешуақытта сапалы туынды жаза алмайды, тілі жұтаң шығарма ешуақытта көркем болмайды. Өйткені, шығарманың көркемдік құнын арттырып тұратын оның тілі. Тілі көркем болмаса, шығарманың өзі де көркем бола алмайды. Осыны ұлы ойшыл ғалым Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдар мен көркем шығармаларды қатар тізбелей отырып, келістіре кескіндеп кеткен.

Қорыта келе айтпағымыз, шығарма тіліне сол кездің өзінде ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов қойып кеткен талап пен жауапкершілікті бүгінгі қаламгерлер ескерсе екен деген тілегіміз бар. Сонда көркем тілге байланысты бүгінгі қасаң түсініктерден арылып, тілдің көркемдігі мен тазалығына, дәлдігі мен әуезділігіне, анықтығы мен көрнекілігіне баса көңіл бөлген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана тілі», 1992 жыл.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Ташкент. 1926 жыл. 17 бет
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – IV т. – Алматы: «Алаш», 200 бет.

АҒАРТУШЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Смағұлова Светлана Оденқызы
тарих ғылымдарының докторы
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
директорының орынбасары

Биылғы Алаш қозғалысына 100 жыл толып отыр. Алаш тарихын айтқан кезде біз Әлихандай, Ахметтей, Міржақыптай азаматтардың есімдерін бірінші ауызға аламыз. Неге? Біріншіден, бұл аталған қайраткерлер XX ғасырдың басында қалыптасқан зиялы қауым өкілдерінің топ бастаушысы болып, ұлттың ұлттығын сақтауда бар күштерін салды. Екіншіден, бірнеше ғасырға созылған империялық билікке қарсы ірі идеяларымен күреске шықты. Үшіншіден, олар шығармашылықтарымен озық болды. Үшеуі де оқулық жазды, ғылыми зерттеулер жүргізді. Қарымды қаламдарымен көпшілікке ой салды.

Осы үш алыптың әрқайсысы бір төбе, олардың қазақ қоғамына тигізген еңбегі зор. Сондықтан әруақытта үшеуі қосақталып айтылып жүреді. Үш қайраткердің де қызметі бір-бірімен тығыз, біте қайнасып жатты.

Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолдарына қарап отырсақ, 1890 ж. Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін ғана бітірген. Жоғары білімі болмаса да, Ахметтей қазақ қоғамына жоғары білімділерден артық қызмет еткен, ұлт мүддесіне жегілген азаматтар некен-саяқ.

Ахмет Байтұрсынұлының қыруар еңбегінің арасынан бір ғана оқулықтар шығару мәселесіне ғана тоқталып отырмыз. Негізінде Қазақстанда мектептерге оқулық шығару мәселесі XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастау алған. Ағартушы, оқыту жүйесін жаңартуға бар күшін салған Ыбырай Алтынсарин жаңаша бағыттағы мектеп ашып қана қоймай, ана тілінде «Қазақ хрестоматиясын» жазып, оған қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, жас балаларды тазалыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтін шағын әңгіме-новеллалар мен өлеңдерді енгізген.

XX ғасырдың басында Қазақстанда оқу жүйесінің өзгеруі жаңа оқулықтары мен оқу құралдарын, сөздіктерін талап етті. Оқу-ағарту ісінде дін жолына көбірек көңіл бөлінген «қадымдық» (ескілік) жолдан жаңаша бағытта оқытудың қажеттігін насихаттау өріс алып, бұл әдісті қазақ ұлт зиялылары қолдаған. Жәдиттік қозғалыстың негізі ұстанымы діни іліммен қатар, сол заманға сай математика, жағрафия, тарих және т.б. пәндерді оқыту, өсіп келе жатқан жас буынға тәрбие бере отырып, ұлтжандылыққа баулу болды. Мұсылман медреселерінде шәкірттер татар тілімен аралас жазылған оқулықтармен оқыды.

1906 жылдан бастап бұратана мектептеріне арналып оқулықтар жазу қолға алынды. Оқулықтарды жазу мәселесі Орынбор оқу округінің қадағалауымен жүзеге асырылып, В.В. Катаринскийдің «Қырғыз (қазақ) грамматикасының» 2 басылымы, Ы Алтынсариннің хрестоматиясының 2- басылымы жарық көрді [1, 9-б.].

Қазан төңкерісіне дейін ұлт мектептерінде қазақ тіліндегі 45-і оқулық, оқу құралдары, хрестоматиялар жазылып, басылып шыққан екен [2, 206-б.].

Қазақ оқу құралдарының көпшілігі «Ағайынды Кәрімовтардың», «Шарқ матбуғасы», «Кәрімов и К°», «Тұрмыш» сияқты баспаханаларда басылды. «Ағайынды Кәрімовтардың» баспаханасынан «Қираат кітабы», «Иттикад» (Дін ілім баяндау), «Қазақ шәкірттеріне ғадие» сияқты қазақ мектебіне арналған оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрсе, Уфадағы баспаханаларда қазақ зиялысы М. Малдыбаевтың «Ең жаңа әліппе», Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» сияқты қазақ шәкірттеріне арналған кітаптары басылды [3].

XX басында мектептерге арнап М. Қалтаевтың «Насихат Қазақия», «Бар уақиға», «Тура жол», Т. Жомарбаевтың «Балаларға жеміс», Б. Ержанұлының «Оқуға махаббат», З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», М. Көбеевтің «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Хал

ахуал», А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым» сияқты және тағы басқа кітаптар жарық көрген. Бұл кітаптардың көпшілігі діни мазмұнда болғанмен де, бала тәрбиесінде маңызы зор болды.

Алғашқы әліппе оқу құралы баланы әріпке үйретуде суретті пайдалана қолданумен жасалды. Көбіне авторлар әліппе құралын жасауда біріншіден, оқушыға түсінікті бағытты қолдануды қолға алса, екіншіден, мұғалімге әдістемелік кеңес беруге тырысты. Кітаптағы тапсырмалар арқылы мұғалім шәкірттің ойлау деңгейін шыңдауға тиісті болды. Сонымен қатар ненің жақсы, ненің жаман екендігін ажырата отырып, үлкенді құрметтеуге үйретуді көздеді.

Кейбір әліппелерде қазақ татар сөздері аралас қолданылды. Себебі көпшілік мектеп-медреселердің оқытушылары татарлар болғандықтан, қазақ шәкіртіне түсінікті болуын қалады. Бұл ретте біз 1910 жылы жарық көрген М. Нұрбаевтың «Әліппе» оқулығын айтуымызға болады.

1907 жылы Қазанда қазақ зиялыларының бас қосқан бір жиынында қазақ балаларына ұғынықты жазылған әліппе кітабын жазу мәселесі айтылып, оны Закария Ерғалиұлына тапсырып, 1910 жылы ол «Қазақ әліппесі» оқулығын жазып шықты. Басқа әліппе оқулығынан ерекшелігі «Қазақ әліппесінде» әріптің жазылуымен қатар, баланың әріпті терең меңгеруіне оңтайлы оқуына арналған қарапайым жаттығулар келтірілді.

1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқу кітабы жарық көрді. Осы жылы «Ғалиядағы» қазақ шәкірттерінің көмегімен Ғұмар Қараштың «Өрнек» атты кітабы басылып шықты [4, 236-б.].

Алғашқы әліппелердің жарық көруі оқу-ағарту саласына жаңа серпіліс әкелді. Педагогикалық ой-пікірлердің дами түсуіне, алда жасалатын қазақ оқулықтарына қойылатын талаптардың күшеюіне жол ашты. Дегенмен бұл әліппелер кең тұрғыда мектеп, медреселерде қолданыла қойылған жоқ. Мектеп-медреселерде әлі де болса, татар немесе ноғай оқулығы пайланылды. Бұл ұли зиялыларына үлкен ой туғызды.

«Айқап» журналы арқылы қазақ зиялыларының бірі Мұстақым Малдыбаев Қазақстандағы мұсылман мектеп-медреселерінің оқу тілі қалай болу керек мәселесі жайында пікір алмасуға да шақырған үш сауалының бірі *«Қазақ балаларын ноғай мектептерінде оқытатұғын кітаптармен оқыту лайық па? Қазақ тілінде жазылған кітаптар пайдаланыла ма?»* деген мәселе төңірегінде өзі «мұсылман медресесінде дәріс берген мұғалімнің жауабында ағарту саласында қазақ тілінде жазылған кітаптардың жоқтығынан «Татар әдебиеті», «Татар матбұғатын» амалсыз оқытып жатқандықтарын, қазақ балалары бастапқы кезде татар тілін түсінбесе де оқи-оқи бұл кітаптарды да меңгеріп кететіндіктерін, қазақ тілінде жазылған кітаптар болса құп көретіндігін» айта келе, сол кітаптарды жазатын қазақ оқытушыларын даярлау қажеттігін көтерген еді [5, 160-161-бб.].

Мерзімді басылым осы тақырыпты одан әрі өрбітіп әкетіп, кірме сөздері жоқ, таза қазақ тіліндегі әліппе жазу қажеттігін құптай түсті. XX ғасыр басында ұлт зиялысы, «Қазақ» газетін ұйымдастырушы және шығарушы Ахмет Байтұрсыновтың әліппесі мектепке оқытуға құба-құп келді. Оның «Оқу құралы. Бірінші кітап. Балаларға арналған әліппе» деген атпен 1912 жылы жарық көріп, ұзақ жылдар бойы қазақ мектептерінде оқытылып келді. Бұл оқулық 1925 жылға дейін қолданылып, келесі жылы осы «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Бастапқы кезде 40-беттік оқулық 1913 жылы (40 б.), 1914 (96 б.), 1921 ж. (90 б.), 1922 ж. (70 б.) Орынборда, 1922 ж. (95 б.) Ташкентте, 1923 ж. (126 б.), 1925 ж. (72 б.) Орынборда 7 рет қайталанып басылған. Қарап отырсақ, әр жылдары әліппеге толықтырулар, өзгерістер енгізілген.

Қайраткердің «Оқу құралының» құндылығы сонда ол араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, 24 таңбадан тұратын жаңа жазу үлгісін жасап шығарып, қазақша жазу-оқуды оңайлатты. Қайраткердің бұл оқу құралын жұртшылық қуанышпен қарсы алды.

Әліппеден басқа «Оқу құралы. Екінші кітап: Әліпбиге жалғасы» 4 рет басылып шығарылған. Яғни 1913 ж. (54 б.) Орынборда, 1913 ж. (52 б.) Қазанда, 1923 ж. (73 б.) Орынборда, 1924 ж. (72 б.) Орынборда жарық көрген.

Оның үшінші бір оқулығы 15 беттік «Оқу құралы. Усул сотие жолымен қазақша әліппеге баяншы» деп аталады. Қазан қаласында 1913 жылы жарық көрген. Қайталанып 1921 ж. (14 б.) Ташкентте басылды.

Әліппенің алғашқы ең алғашқы бетінде 6 жолдан тұратын балаларға арналған шумағы бар:

Балалар! Бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап қарарлық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!

«Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» деп басталған бұл оқулық әріптен бастап, балаларға аса қажетті түсіндірме жұмыстарын да берілді. Мысалы, туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақ-сусындар, жаңылпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер және т.б. Сондай шағын, баланың қабілетіне лайық әңгіме, өлеңдерді қамтыған. Бұл нені береді? Біріншіден, баланың ойлау қабілетін арттырса, екіншіден, оның бойына біле түссем деген қызығушылығын арттырды.

«Қазақ» газетінде қазақ мектептерін қандай оқулықпен оқыту қажеттігі жөнінде қызу талқылау барысында А. Байтұрсыновтың «Оқу құралының» лайықтылығы айтылып, оны мектеп, медреселерде қолданудың маңыздылығы нақтыланды. «Қазақтың» 1913 жылғы 30 қарашасындағы 40-ншы нөмірінде жарияланған Абдолла Шоқаевтың «Қазақ мұғалімдері! Қазақ шәкірттері!» деп аталған шағын ғана мақаласында: «Осы күні шығып жатқан Ахмет Байтұрсыновтың жаңа емлемен жазылған «Баянышы», «Оқу құралдары» бар, мұны қаншамыз қабыл етіп жатырмыз» деген ойсаларлық пікір айта келе, нағыз мектепке қажетті оқулық екендігін дәлелдеген.

А. Байтұрсыновтың әліппеден бастап, мектепке арнап шығарған оқулықтары мен оқу құралдарына газеттің 41 нөмірде де керемет пікір айтылды. Ордалық «Ш.Б.» деген бүркеншік атпен жариялаған азамат: «Бірінші, бұл кітаптар қазақтың жалпақ тілімен жазылған, сондықтан қазақ балалары тез түсінерлік оңай. Екінші, мүмкін қадыр бір әріпке екінші әріпті қосқан уақытта бір мағыналы сөз шығарылып жазылған. Үшінші, «Баяншы» деген кітап қосқан. Бұл кітапта «Оқу құралы» мен қалай пайдалану, баланы қалай оқыту һәм жаздыру керек екендігі көрсетілген. Шу дегенде көпке бірдей жазу оңай емес. Сондықтан А.Б.-ның әліппесін ұнатпайтын да кісілер бар шығар, сонда да олардың қолдарында да осы жолмен оқытуға керек деп ұстап тұрған мінсіз кітаптары болуы қиын болар» дей тұрып, бала оқытуға лайықты оқулық ретінде бағалады [6].

Ахметтің әліппесі, және басқа оқулықтары туралы түрлі пікірлер айтылды. Басымы қазақ мектептерінде осы оқулықты оқыту қажеттігін жақтады. «Ғалия» медресенің студенттері оқулықты екі ай талқылауға салыпты, пікірлер айтылып, аяғында балаларды оқытуға осы Аханның әліпбиі ғана лайық делініп, мектеп, медреселерде оқу құралы ретінде пайдалануға болатындығын білдірді.

«Қазақ» газеті А. Байтұрсыновтың кітаптарының шыққандығы және сатылатындығын жарнамалады. Оның бірінде «Қазақша «Әліппе» – бұрынғы екі бөлімі бірге қосылып 2-нші рет басылды. 96 бет. Шығарушы Ахмет Байтұрсынов. Бағасы 25 тиын. Поштамен 30 тиын» деп келтірілсе, екіншісінде А. Байтұрсыновтың 2 кітабында не қамтылатындығы: «Оның бірі – қазақ тіліне жазылатын әріптерді үйрететін Әліпби де, екіншісі – қазақтан басқа тілдерге, мысалы, басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйретуге шығарған бірінші Әліпбиге жалғас оқылатын екінші кітап. Бұл соңғы кітапта хәріптердің бәрін білгеннен кейін балалар оқуға төселуіне ыңғайлап жазған қазақша мақалалар, жұмбақтар, баталар, өлеңдер, ұсақ-ұсақ қарасөздер бар. Бұлар тез арада басылып шығады» деп баяндалды [7].

Бұл жарнаманың газетке берілуі нені білдіреді? Біріншіден, оның оқулықтарының барлық қазақ мектептерінде оқытыла бастағанын көрсетеді. Екіншіден, халықтың қазақ әліппесімен оқытуға деген ынтасының артқандығын білдіреді.

А. Байтұрсыновтың қазақ әліппесі мен басқа да оқулықтарды жазып шығарудағы негізгі мақсаты саналы да, қазақи рухы жоғары азаматтарды қалыптастыру, ұлттың әдет-ғұрпы мен нышанын сақтай отырып жеткіншек жастарға тәлім-тәрбие берді деуге болады.

Қайраткердің жазып шығарған оқулығы кеңестік жүйе тұсында да мектептерде оқытылып, осы әліппе негізінде бүтін қазақ балалары әріп танып, сауаттанды. Осы әліппеден кейіннен қазаққа танымал болған талай азаматтар сусындап шықты.

Латын графикасына көшуге орай 1925 жылы А. Байтұрсыновтың әліппесі оқыту жүйесінен алынып тасталса да, кейінгі жасалған әліппелер қайраткердің оқулығы үлгісінде жасалынды. Кейінгі авторлар оның бала оқытуда ұстанған тұжырымдамасын үлгі ете білді. Сондықтан да бұл оқулықтардың тарихи маңызы зор.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін сауатсыздықты жою, оқу, білім беру саласында маман даярлау мәселесі қолға алынды. Халық ағарту саласына қазақ зиялыларын тарту Кеңес өкіметінің екпінді мәселелерінің біріне айналды. 1920 жылы Халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынов ағарту саласының нақты міндеттерін атап, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А. Байтұрсынов алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін баса айтып, оның екі жолын көрсетті. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау, ал екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру мәселесін де көтерді.

Қазақстан Халық ағарту комиссариаты және ҚКСР Мембаспасы алдындағы жазушылар ұйымының 1921 ж. 14 қаңтарда болған кеңесінде қазақтың I және II басқыш біріккен еңбек мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру және мектептерге арнап оқулықтар жазу жөнінде мәселе көтеріліп, осы оқулықтарды жазу мерзімі көрсетілген еді. Бұдан кейін кітап мәселесі 31 қаңтарында А. Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Халық ағарту комиссариаты мен ҚКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясының біріккен мәжілісінде тағы да көтерілді. Бұл мәжіліске Елдес Омаров, Хайретдин Болғамбаев, Смағұл Сәдуақасов, Файзолла Ғалымжанов, Бидахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейханов, Сабыр Айтқожин және тағы басқа қазақ азаматтары қатысқан еді. Кітап мәселесі бойынша баяндама жасаған А. Байтұрсынов I және II дәрежелі мектептерге қажетті қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығын, ал бар оқулықтар тек I, II және III топтарға ғана арналғандығын айта келе, орыс тілінде шыққан оқулықтарды аудару, ол үшін мамандарды тарту керектігін ұсынды. Оның баяндамасына орай мәжілісте оқу құралдарын орыс тілінен қазақшаға аудару және қажетті оқу кітаптарын жазу үшін М. Жұмабаев, М. Тұрғанбаев, Қ. Кеменгеров, Ж. Тілеулин, С. Мұстафин, Е. Омаров, Х. Болғанбаев, Ә. Бөкейханов және тағы басқаларды тарту жөнінде қаулы қабылдап, арифметика оқулығын М. Тұрғанбаевқа, геометрия оқулығын Б. Сәрсеновқа, физика оқулығын Ф. Ғалымжановқа, география оқулығын Ә. Бөкейхановқа, жалпы тарих оқулығын Х. Болғанбаевқа, мектептегі гигиена оқулығын Ж. Тілеулинге жазу жүктелінді. Мектеп мұғалімдері үшін педагогика мен дидактика кітабын жазу ісі де қарастырылып, оның біріншісі М. Жұмабаевқа, ал екінші кітап Ж. Аймауытовқа тапсырылды [4]. ҚРОММ. Р-929 -қ., 1-т., 20-г.-іс. 26, 26 қайырма-п.; ҚРОММ. 81-қ., 1-т., 258-іс. 41-п.

1921 жылдың өзінде Білім комиссиясы А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Баяншы», «Тіл-құралы» (1 және 2 бөлімдерін), Міржақып Дулатовтың «Оқу құралы», «Есеп құралы», Иса Тоқтыбаевтың «Жалпы жағырапия», «Түркістан жағырапиясы», Халел Досмұхамедовтың «Табиғат тану», «Жануарлар» (1 бөлім) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырды. Осы жылы Білім комиссиясы баспаға дайындалған Әбубәкір Диваевтың «Бекет батыр», «Мырза Едіге», «Алпамыс», «Нәрікұлы Шора», «Шора батыр», «Қобыланды», «Тарту» жинағын, Сұлтанбек Қожановтың «Арифметика» (1 бөлім), К. Жәленовтың «Арифметика» (2 бөлім), Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар» (2 бөлім), «Адамның тән тірлігі», Табынбаевтың «Педагогика», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қыз Жібек», «Кенесары – Наурызбай», Ә. Бөкейхановтың «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материалы» (орыс

тілінде), «Абай өлеңдерінің таңдамалы жинағы» (Алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

«Қазақ тілі» газеті 1921 ж. 12 қарашадағы санында Қазақстан оқу комиссариатының жанынан пән бөлімі ашылғаннан бері қазақ елінің, жерінің тарихы, осы күнгі күйі, топырақ-су, өсімдік мәселелеріне арнап кітаптар шығаруды мақсат тұтқандығын, ең бастысы бастауыш мектептерге арнап оқу құралдарын шығаруды қолға алғандығын айта келе, осы бөлімнің басшылығымен Қазақстан туралы Ю.А. Шеклакова, М.А. Михайлова, П.С. Шестовскийдің «Тарих–археология», «Этнография», «Жаратылыс жағрафия» сияқты оқу кітаптары басылып шыққандығын жазса [5], Балалар коммунасы // Қазақ тілі. – 1921. – 12 қараша. – №150. ал 1923 ж. 1 сәуірдегі нөмірінде Қазақстан Мемлекеттік баспа бөлімі ашылғаннан кейін қазақша кітаптар шығару ісін қолға алғандығын, атап айтқанда мектептерге арнап А. Байтұрсыновтың 1-ші, 2-ші жылдықтарға арналған «Оқу құралдары», «Әліппе істері», М. Дулатовтың бастауыш мектептердің 1-ші және 2-ші жылдарында оқытатын «Есеп құрал» оқулығын шығарғандығы жөнінде хабар басылды [6]. Күш білімде – білім кітап ішінде // Қазақ тілі. – 1923. – 1 апрель. – №25.

Оқу кітаптардың шығуы оқу саласындағы ірі жетістіктердің бірі болды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын кітаптарға тапсырыс та көбейіп, оны жазу және басу барысын ХАК тікелей қадағалады.

Дегенмен ұлт зиялыларының оқу кітаптары 1937-1938 жылдары олардың түрлі айыппен «халық жауы» атанып қуғындалуына байланысты мектеп бағдарламасынан алынып тасталды. Бірақ олардың құнды ой-пікірлері, идеялары еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін кәдеге асып, қайтадан мектептердің оқулықтарына енгізілді. Қазіргі таңда олардың сол кездегі оқулықтағы кейбір тәжірибелерін ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақты тәрбелеуде кең тұрғыда қолданып жүрміз. Сондықтан XX ғасыр басындағы мәдени-ағартушылық бағыттағы еңбектер халық игілігіне асты деуге де болады.

Ал тарихи оқулықтарға келсек, 1989-1990 оқу жылынан бастап, республикамыздың орта мектептерінде «Қазақстан тарихы» пәнін толық бағдарлама негізінде оқыту енгізілді. Жаңа оқу бағдарламасына жаңаша көзқараста жазылған Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелерге қатысты туындаған ой-пікірлер мен тұжырымдарды енгізу қолға алынды. Жоғары оқу орындарындағы тарих факультеттерінде деректану және тарихнама кафедрасы ашылып, тарихты оқыту барысы жаңа концепцияда жүргізіле бастады.

Жаңа тарихи тұжырымдардың жасалуы жалпы білім бетерін орта және жоғары оқу орындарында оқытылатын арнаулы тарих оқулықтарын қайта өңдеп, толықтырып жазуды талап етті. Мектеп оқулығына Қазақстан тарихында зерттеу нысанына алынбай қалған, «ақтаңдақтар» атанған көптеген мәселелермен қатар Қазақстанның әлем елдерімен арадағы байланысына қатысты тақырыптар енгізіліп, оқытыла бастады. Әрине, бүгінге дейін жарық көрген «Қазақстан тарихы» оқулықтарында кейбір саяси оқиғалар мен даталарға байланысты қарама-қайшылықтардың барлығы жасырын емес. Бір тарихи оқиғаға байланысты бірнеше тұжырым, пікірлердің болуы кей жағдайда тарихты оқытуда шатастырушылықтары тудыратындығы сөзсіз. Сондықтан осы кемшілік, олқылықтарды жойып, оқушының игеруіне, танымдық тұрғыдан қабылдауына лайықты тарих оқулығын жазу тарихшылардың аса маңызды міндеті деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отчет Переводческой комиссии (Братства Св. Гурия) за 1906 год. –Казань, 1907.
2. Кәримүллин Ә.Г. Безнең кардәшлек: Мәкаләләр. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2005. – 335 б.
3. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 171-іс. .78-79-пп.
4. Айқап. 1912. №10.
5. Айқап. 1912. №7.
6. Қазақ.- 1913.- №41. - 8 декабрь.
7. Жақын арада басылып шыққан һәм шығатын кітаптар // Қазақ. 1913. 1 март . №4.